Бауыржан Момышұлы

ҰШҚАН ҰЯ

60 лет Победы в Великой Отечественной войне
Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл



Бауыржан Момышұлы

ҰШҚАН ҰЯ

60 лет Победы
Ұлы Отан
в Великой
Отечественной
Жеңісіне
войне
60 жыл

"Санат" баспасы
Алматы 2005 ж.

84.5 Каз

ББК ~~63.3 (2) 622~~

М 67

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Момышұлы Б.

М 67 Ұшқан ұя - Алматы: «Санат», 2005. - 224 бет

ISBN 9965-664-20-X

Бұл кітапқа Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі, «Музей апа» әңгімесі мен нақылдары (2003) топтастырылған.

Онда қаһарман қолбасшы-қаламгер ата-бабасының шығу тегін, ерлік салтын, ұрпақ тәрбиесін, қарапайым ауыл адамдырының кісілік келбетін, мінез-құлқын, сол кездегі қоғамдық ортаны, өлеуметтік жағдайды, ізгі дәстүрімізді шығарма өзегіне айналдырады.

Кітап қалың оқырманға арналған.

38515

М $\frac{0503020600-04}{00(05)-05}$ 6-05 ББК 63.3 (2) 622

© Момышұлы Б. - 1975, 2003, 2005.

© ЖШС «Санат» баспасы, 2005

ISBN 9965-664-20-X

012

Северо-Казахстанская областная библиотека им. М. Жумабаева

ҰШҚАН ҰЯ

Повесть

Құрық берсем, құл болма,
Шыбық берсем, шіл болма.
Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма.

Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол Шымыр шалдың төртінші перзенті — менің әкем Момыналы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен.

Әжемнің аты Қыстумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. " Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болады да қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты" деп отыратын еді жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасына дейін салт басты, сабау қамшылы жүріпті. Әжем оған:

— Әй, қара құл, мен құдайдан саған ай көрікті ақ перизат жолықтырғай деп тілеймін. Тым болмаса, немерелерімді жиіркенбей сүйейін,— дейді екен.

Бірде көрші ауылда үлкен той өтіпті. Той ойын-сауықсыз болған ба?. Үлкен киіз үйдің ішінде жігіттер мен қыздар айтысып жатса керек. Той дегенде қу бас та домалайды. Кемпір-сампырлармен ілесіп, менің Қыстумас әжем де келген екен. Кәрі құлағы елең етіп, киіз үйден шыққан айтыс әнін есітіп қалады.

— Біздің ауыл Мыңбұлақ басын ала,
Басындағы орамал жасыл-ала.
Көңілің бізде болса, а, құдаша,
Біразырақ отыршы қасыңа ала.

Қыздың даусы жайдары естілсе де, жалтара жауап қатып отыр екен. Кәдімгі бас қосқан жердегі бастама өлеңнен ұзай қоймапты. Дегенмен сөз арасында "жақсы жігіт" дегенді жиілете берсе керек. Қыстумас әжем оны да сезіпті.

Қарашаға, ендеше, қарашаға,
Кисе киім жарасар аласаға.

Бас қосыппыз бұл тойда, жақсы жігіт,
Өлең айтсақ болмай ма тамашаға.

Бірақ жігіт жағы алғашқы екпінінен танбай, ынтық көңілін ұсына беріпті:

Мың бұлақтың сулары сылдырайды,
Сұлу қыздың бұрымы бұлдырайды.
Құдаша деп сыртыңнан құмартушы ем,
Ескергейсің ендігі біздің жайды.

"Құдашасына сонша өзеуреп отырған кім екен" деп әжем есіктен сығалап қараса:

Қара батыр, құдаша, қара батыр,
Жау қайырар жасқанбай дара батыр.
Тәңір айдап өзіңмен бас қосыппыз,
Осы кесе сіз жаққа бара жатыр,

— деп, өлеңмен бір бойжеткен қара қызға аяқты бұрып тұрған өз Момышы екен. Әжем сонда ұлына айқай салып:

— Өзің қазанның түп күйесіндейсің, күйеге күйе жұқса не болмақ, құдайым-ау!— деп баласын үйден қуып шығыпты. Анасының айтқанын ішінен ұнатпаса да, әкем оның ырқына көнеді екен.

Баласына қанша ұрсып, қатал болса да, әжем менің әкемді жақсы көріп, мақтан тұтып:

— Бұл қара құлдың түрі маған тартпаса да, ақылдылығы тартты, соған да құдайға шүкір,— деп отырар еді.

Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре отыз үш жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Ол кісі мен үш жасқа толар-толмаста қайтыс болған. Анамның қандай кісі болғанын тек әжем мен әкемнің әңгімелерінен ғана білемін.

Қайран әжем өле-өлгенше Рәзия келіннің қазасына қайғырып өтті. Мезгіл-мезгіл тоқаш қуырып, ас пісіріп, келіннің әруағына бағыштап құран оқытар еді.

— Жатқан жерің жаннат болсын, маңдайыма сыймай кеткен періштем Рәзия,— деп өзінен-өзі отырып, көзіне жас алып қайғыратын. Сөйтіп, Рәзиядан қалған немерелерінің басынан сипап, маңдайымыздан сүйетін.

Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлима — кілең қыз бала болады.

Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті.

Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй-іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен десіп, қорқып қалады. Ақыры бәрі Байтоқтыны жұлмалай, "не болып қалды, айтсаңшы" деп тақақтағанда ғана Байтоқ:

— Жеңешем ұл тапты,— депті.

Үрейден үрпиіскен жұрт енді мәз-мәйрам болып қуанышты қойындарына сыймай, Байтоққа сүйіншісін беріп аттандырыпты!

Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жекжат құтты болсынға жиналып қалған екен.

— О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!

— Ақментей бабасындай батыр болсын!

— Ақмоладағы Батырбасыдай мәрт болсын!

— Бәйдібек батырдың әруағы қолдасын!

— Домалақ-анамыз жар болсын!— десіпті. Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен:

— Төл немерең — бел немерең ғой. Бата жөні де өзіңдікі,- десіпті ақсақалдар. Соңда Имаш бабам былай деген екен:

Алатаудың қыраны мол еді,
Қырағы болсын, құлыным.
Қойнауы суға мол еді,
Бұлағы болсын, құлыным.
Елінің тілегі зор еді,
Шырағы болсын, құлыным.
Ата тілегі оң еді,
Ғұмарлы болсын, құлыным.
Бұл жер батырлар төрі еді
Сыңары болсын, құлыным.

* * *

Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.

— Атасының қолын ұзартып, қолқабыс беруге келді,— депті шешем ізетпен иіліп.

Атам еміреніп, мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем, құл болма,
Шыбық деп берсем, шіл болма.
Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма,

— деп келініне мені қайтарып берген екен.

Атасымен алғашқы дидарласуының құрметіне деп, алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп, әкем сол күні кешке мал сойып, ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты.

* * *

Мен туғанда әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді. Әкем өз бетінше талпынып жүріп, ескіше сауатын ашып алыпты.

Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп оқи беруші еді. Жас күнінде ағаш ұстасы болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт кезінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар. Ал, ол кемпірлер бір кезде уылжыған жас еді ғой.

Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын-жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді.

Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Имаш бабам шаруа билігін соның қолына беріпті. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі де:

— Момыштан сұраңдар, Момыш біледі,— деп отырады екен.

Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, дау-дамай — бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Әлдеқалай ол жол жүріп кетсе, сапардан қайтып келгенше тірлікті соған қаратып, жолын күтіп отыратын болған. Имаш бабамның көзінің тірісінің өзінде біздің шағын ауылды Момыш ауылы дейді екен.

Шаруамыз шап-шағын еді. Біздің үйдің іші қартайған Имаш бабамнан бастап, есін енді-енді біліп келе жатқан баласына дейін жеген нанын табан ақы, маңдай терімен тапқан. Ешкімді жалдамаған, ешкімге жалданбаған.

Жас кезінде әкемді әйелдер жағы "Молда бала" дейді екен, кейін "Ұста бала" дейтін болыпты. Ал әжем оны "Қара қатпа" деуші еді. Әкем орта бойлы, арық, қара кісі еді. Маңдайы жап-жазық, қасы қалың, көзі шүңгіл еді. Сол арықтығына қарамай, керемет күшті болатын. Әжем оны "Тарамыс" деп те атайтын. Сол күштілігіне бола атаса керек. Мен бірде әжеме:

—Неге "Тарамыс" дейсіз?— деппін әкемді кемсіткен екен деп.

— Не десе де шешемнің еркі, — деп күлді әкем.

— Қарай гөр, мына жаманды, әкесіне болысып жатыр-ей,— деп әжем өтірік ашуланған болды.

Әлі есімде, бір рет әкемнің Момынқұл дейтін інісі әжеме:

— Қойшы, апа!— деп дауыс көтеріп қалып еді, әжем тарс кете жаздап:

— Сен тұрмақ, Момыш маған осы күнге дейін бетіме тік қарап сөйлеген емес. Сен қайдан шықтың, иттің күшігі! Жоғал, көзіме көрінбе!— деп үйден қуып шықты.

— Не болып қалды?— деп әкем кіріп келді. Әжем оны аймалап, арқасынан қағып:

— Анау інің көргенсіздеу болып бара жатыр. Жөнге сал туысқаныңды,— деді.

— Мақұл, апа, сазайын тарттырайын. Бірақ ұрмай-ақ қояйын, мақұл ма, апа,— деді.

— Мейлің,— деп күрсінді әжем.

Момынқұл көкем сол түні қой қорада түнеп шықты. Таңертең әкем оны жақсылап сөгіп салып, басқа бір ауылға бір аптаға аттандырып жіберді. Сол екі ортада әжем енді Момынқұлды сағынып:

— Әй, әлгі тентек неме қашан келеді?— деп қайта-қайта сұрай бергені ғой, жарықтық.

* * *

Ол кезде біздің елде хат жазып, қара танитын адам некен-саяқ. Молда дейтін молдалардың өзі құранның ол жер, бұл жерінен шала-шарпы жаттап алғаны болмаса, нағыз дүмшелер. Ал Момыш болса, өз бетінше тырмысып сауатын ашқан кісі, сонымен бүкіл аймаққа әйгілі, сыйлы адам еді. Жаңадан билік құра бастаған орыс әкімдері алым-салық қағаздарын шығарып, қол қою, бармақ басу деген әдетке айналды. Шағым жазу, арыз жазу салт болды. Ал қара танымайтындар арыз жазып бер деп әкеме келеді. Әкемнің әділдігіне сенеді.

Аяздың қасында о кезде тілмаш болар еді. Тілмаш дегенің елді билеп-төстеген сұмпайының өзі. Соның аузы дуалы. Ұлыққа ол не десе — сол болады. Арызды тілмаш оязға не деп аударып жатқанын сауатсыз қазақ қайдан білсін. Әкемнің айтуына қарағанда, тілмаш дегенің пара жегіш, дауласкер, екі жақты бірдей сорушы жемқор болған. "Сенің сөзіңді сөйлеймін" дейді де, ұлыққа әңгіменің өңін айналдырып жеткізе береді.

Ел ішінде неғұрлым дау-дамай, айтыс-тартыс, жанжал көп болса, ұлық пен тілмашқа соғұрлым тиімді. Екі жақты бір-бірі-не айдап салып, шабындырып, сабылдырып, шығындатып,

арандатып, алдап ұрып ала беру сол кездегі чиновниктердің, атқамінерлердің тәсілі болған.

Ол кезде әрбір үш жылда ояз болыстар мен билердің төтенше съезін шақырар еді. Оның қарсаңында сайлау науқаны сапырылысып, екі ұдай тартыс, жік-жік айтыс, пара беру, жала жабу, бірін-бірі тірсектен қағып, орға жығу, айла-тәсіл, қулық-сұмдық, болыстыққа талас өрттей қаулай берер еді.

Сайлау тәртібі бойынша тас салуға елу түтіннен бір кісі өкілдік алады. Ал іс жүзінде бір рудың атынан бір мықты ғана сайланушы еді. Бір ру елдің еркін сыртынан сатып, сол елдің азаматтарының атынан сөйлеп, сонысы үшін пара алып жүретін пысықтар аз емес. Шынтуайттап келгенде, дауыс беріп, тас салу деген де жай сөз. Чиновник оған қарамайды, болыстыққа таласқандардың қай жағы дүниені көп берсе сол жағына қарай қағазды икемдеп жібереді, сайлау қағаздарын қалай жасаймын десе де өз қолында. Соны білген атқамінерлер ояздың чиновнигінің аузын алуға жанын салып бағады. "Ояз шықты, сияз бардың" кері келеді. Күштінің алдында байғұстар "бас изейді шыбындап". Бақталастар бірін-бірі балағаттап, қаралап бағады. Домалақ арыз ағылады-ай келіп, арызды оқып жатқан ұлық болмаса да, қайран қазекең арыз жазып қалуды парыз санайды. Ол болмаса, басы ауыратындай көрінеді, бойына ас батпайтындай көрінеді, ұйқысы шала, күлкі жоқ, есіл-дерті айбаттатып арыз жазсам дейді баяғы.

Бір жолы өңшең атқамінер пысықтар сайлау алдында жиналып алып, қатты сассын. Жандары алқымға келіп, қиналып, тығырыққа тіреліпті.

— Ойбай, қағаз тоқтап қалды! Қағаз тоқтап қалды!— дейді ғой бір-біріне қатты сасып. Асу бермес асқар белдің алдында амалы құрығандай болып тұрған кездері екен. Ішінде әкемнің нағашысы Байтана Текебай би де бар екен. Ол кісі қайта сайланудың сары уайымымен аһылап-үһілеп, берекесі кете беріпті. Оязға дер кезінде мына қағаз бармайтын болды деп қатты қайғырғаны сонша, соны көріп менің әкем Момыш:

— Не болып қалды? Неге қиналдыңыз?— деп сұрайды.

—"Жартыны" ешкім жаза алмай қойды ғой, құдай-ау,— депті би.

"Жарты" дегені 1/2 екен.

— Мен жаза аламын,— депті менің жиырма төрт жасар әкем.

— Сен жаман неме не жазып жарытамын дейсің. Екі күннің жүзі болды, ол қиын жазуды мына оқыған молдалардың өзі түсіре алмай отыр,— деп Текебай сене қоймайды.

— Мен жазып берсем, қайтесіз,— депті әкем.

Әкемді салы суға кетіп отырған молдалардың ішіне алып барады.

Сонда Момыш 1/2 деп жазып, жарты дегеннің осы екенін түсіндіріп беріпті, қанша күн басы қатып, қамалып отырғандар өңі кіріп, қайта тіріліп, қуанып, құнжыңдасып, әкеме тәнті болып қалса керек.

Текебайдың бақталасы — Талас Алатауының бөктерін жайлаған Жаңабайдан шыққан. Байзақ датқаның баласы Қабылбек деген кісі екен. Байзақ датқа заманында Қоқан ханына қарсы шығып, содан қапыда қолға түсіп, Құдияр ханның жарлығымен зеңбіректің аузына байланып, атылып кеткен. Енді міне сол Байзақтың елу жастағы ұлы Қабылбек Текебаймен тіресіп қалған кезі екен.

Қабылбек жағы Текебайды ұры деп, әділдігі жоқ парақор деп, ұлыққа жамандап жаза берсе керек. Сонда Текебайдың отыз жастағы үлкен ұлы Серкебай Қабылбек жағының әлгіндей жаласына шыдай алмай, жанына он жігіт ертіп, Қабылбектің аулына тасырлатып жетіп апарған дейді. Қабылбектің қарсы алдына отырып алып, қамшысын жерге шүиіріп тастап, бір бәлеге бастап, қалың жұрттың арасында Байзақ датқаның баласын, ой, балағаттайды келіп. Айтпағанды айтады. Елде зәре қалмайды. Қан төгілмесе неғылсын деп қалтылдаған халық. Ақ орданың сыртындағы әйелдер жағы әруақ-құдайға сыйына, сыбырласып қана сөйлеседі. Ал Серкебай ақиланып алса керек, ар-намысқа тиетін ауыр сөздер айтып айқайлап отыр. Қабылбек сонда қыбыр етпепті. Ләм деп тіс жармапты. Қабағын да қақпапты. Жаңабай жағы улап-шулап, намыс буып, кек қысып, орындарынан тұра-тұра ұмтыла бастаса, Қабылбек оларға тек қолымен белгі беріп, басып тастап отырады. Бірақ тіс жармайды. Аталас ағайын-туғаны бұған шыдамай, қаны қайнайды. Қабылбек тырс етпейді.

Оның бұл қылығына ыза болған сотқар Серкебай одан бетер одыраңдап, айтпағанды айтса керек. Ақырында атына қарғып мініп, он жігіті жанында, ауылына салып ұрып қайтып келіпті.

Серкебай кеткен соң, Жаңабай жағы жабылып, Қабылбекке наразылық айтып жатса керек:

— Ойбай-ау, неге бізді бөгедіңіз?

— Ақ орданы басындырып қойғанымыз қалай?

— Әруақ! Әруақ! Әруақтың сай-сүйегін сырқыратып қайтіп тірі жүреміз, ойбай!

— Байзақ датқаның басынан ешкім асып көрмеген! Біз не болып барамыз!

— Әлгі әупілдеген төбеттің көтінен қуып барып, қара қан құстырмасақ, жер басып тірі жүргеніміз құрысын!

— Аяғынан салбыратып ағашқа іліп қоймасақ, атымыз өшсін!

— Аттанайық! Аттан! Аттан! Байзақ! Байзақ!

Дес бермей, елеуреп, өкпелері өрекпіп, өршеленіп алған ағайындарын Қабылбек бір-ақ сөзбен қайырып салып:

— Тоқтат!— деп ақырып қалған.— Опық жейтін сол Серкебайдың өзі болады әлі,— депті.

Ағайындары амал жоқ тыйылыпты.

Ал Серкебай әкесі Текебайдың алдына барып мақтанып тұрса керек: "Екі аяғын бір етікке тықтым Байзақ әулетінің. Қаһарлы Қабылбектің өзі жұмған аузын аша алмай қалды. Былай деп боқтадым, былай деп балағаттадым". Текебай сонда баласына:

— Ақымақ!— депті.

Серкебай үйден атып шығып, өз отауына барып, екі күн қатарынан нәр татпай, өкпелеп жатып алыпты.

Ал сайлауға дайындық қыз-қыз қайнап жатса керек.

Үшінші күн дегенде Серкебай әкесіне келіп, аяғына жығылады.

— Мені құдай сыйлады. Өзімнен жиырма жас үлкен Қабылбектің бетінен алып, тілім тиді. Ел көзіне қарайтын бет қалмады.

Текебай ат-шапан айыбын дайындап, жанына жиын ертіп, Қабылбектің ордасына өзі барған екен.

Жаңабай жағы: Текебай қол жиып соғысқалы келі жатыр екен деп қалса керек, өздері де сап түзеп, сақадай сай қарсы шығады.

Қабылбектің ордасына ат шаптырым қалғанда Текебай қасына Серкебайды алып, басқалардан оқ бойы озып шығып, әкелі-балалы екеуі Қабылбек жағына келе жатады.

Қабылбек те: "Е, мынау соғысатын жерді айт деп келе жатыр ғой" деп өзі жеке шығып, Текебайға тура тартады.

Сонда Текебай сонадайдан аттан түсіп, Қабылбектің қасына келіп:

— Менің күшігім саған қарап шәуілдесе керек, Қабылбек! Айыбын көтергелі келдім алдыңа. Кешіремісің, сірә!— депті.

Мына сөзден Қабылбектің қабырғасы сөгіліп, қалбалақтап атынан аунап түседі:

— О, текті би Текебай! Сенің балаңның айыбынан менің айыбым асып кетті білем. Аға болсаң да, сені мен аттан түспей тыңдаппын-ау. Сен кешіремісің мені? Бұл әдепсіздігім бүкіл әулетімізге таңба болатын болды ғой, ой әттеген-ай.

Ат-шапан айып сенен емес, менен, ақсақал!— деп үстіндегі зерлі шекпенін шешіп Текебайдың иығына жауыпты. Сөйтіп тұрып Жаңабай жағына қарап:

— Уа, ағайын! Сайлауда Текебайға дауыс беріңдер! Мен қойдым дауысқа түскенді!— деп айқай салған.

Әлбетте, ағайын арасы аз күн араз-құразсыз болғанымен, мансап, дәреже, атаққа таласу, айқай-шу, дырду тоқталмаған. Аз күн жарық дүниеде атақ үшін, билік үшін алысып, жұлысып ғұмырын өткізген қу заман екі жақты итжығыспен, алма-кезек арандатып қойған. Дүниеден Текебай би де, Қабылбек болыс та өтті. Ал олардың аттандаулы аламан-тасыр өміріндегі бір парасатты сәт әлгі сол екеуі де аттан түсіп, бір-бірінен кешірім сұраған кез екен.

Текебай бидің тоқтап қалған қағазын "жүргізіп" жібергеннен кейін Момыш әкеме талай рет болыстың писары бол деп қолқа салса керек. Бірақ әкем көнбепті. Ұлыққа писарь болған соң, бас бостандық жоқ, басыбайлы, болыстан кіріптар болып қаламын дейді екен. Жалғыз атты кедей болса да, кісіден кіріптар болғанды қорлық санап, аз күн жарық дүниеде азаттық аңсап, қатықсыз қара су ішсе де, бай-манапқа алақанын жаймаған.

Әкемді жиырма сегіз жасында ауылдың старшыны сайлапты. Он жеті жыл старшын болып тұрып, он сегізінші жыл дегенде бұл дәрежесін өз ықтиярымен құрдасы Ереш деген кісіге берген екен. Әкем жарықтық өмірінің ақырына дейін ел арасында "Тура Момыш" атанып кетті. Қанша жыл аз ауылдың кіші-гірім әкімі болса да, бүйірі томпайып, мал біткен емес. Бар байлығы жалғыз аттан артпапты.

Әйтсе де кедейдің қолы жомарт. Әкемнің қызғаншақтық, бақталастық дейтін қу мінезі жоқ, қолы ашық кісі болған. Бары болса, кісі шақырып, той-томалақ өткізуге құмар болып тұрар еді. Дүние, мал жиюды жек көретін. Бір жолы мен ес біліп, етек жиған кезім, базар барып, азын-аулақ ақшаны жаратып қойсам керек, өгей шешеміз мұныма күңкілдеп ұрса берді.

— Әлден ұрма, ақша бітсе шашып жүреді, тұра бара не болады?!

Әкем сонда өгей шешеме жай ғана:

— Е, ақша дегеннің өзі шашуға шығарылған нәрсе де,— деп тастады.

Бала кезімде алыстағы ауылымызға арбамен бақалшылар келер еді. Өрік-мейіз, алма-алқоры, қант-науат, тәтті-мәмпәси деген соларда. Бала біткен әкемізден ақша сұрап қыңқылдаймыз келіп. Бақалшы да сұм-ақ: көзімізді қыздырып, қызыл алмасын көрсетіп, бірлі-жарымын топ ба-

ланың ортасына лақтырып жібереді. Әлгі алмаға соңда жатып келіп таласамыз-ай.

— Алма бар, өрік бар,
Алмасаң да көріп қал,

— деп бір жағынан саудагер де сұңқылдап жан қоймайды. Алма — бізге таңсық. Қайран қазақ. Сөйтсек алма дегенің біздің Мыңбұлақтың бойына өскенде де, мәуелеп қалады екен. Ол кезде бағбандықты құнттамаған елміз. Ал бақалшы айқайлап бара жатады.

Айна бар, тарақ бар,
Алмасаң да қарап қал!

Біздің апаларымыз алма-алқоры алғаннан гөрі, сол құрғыр айна-тарақ, ине, жіп алғанды пайда көреді. Тек әкем Момыш қана бала құмарлығын түсінетін еді. Әке-шешесі ақша бермей, бұртиып тұрған балалардың бәрін қаз-қатар тізіп қояды да, бақалшыға:

— Әй, сарт, өрігіннен бір қадақ, мейізіннен бір қадақ, мәмпәсиден бір қадақ тарт,— дейді. Соның бәрін тепе-тең бөрімізге бөліп береді. Тіпті сонда бала көтерген келіндер де келіп:

— Ал, атаңа бар, атаңа бар, тәтті береді,— деп тұрар еді.

Әкем базардан қайтқан күні біздің үйде кіші-гірім той сияқты жиын болатын. Қоржынның екі басы базарлыққа толып келеді. Сонда өрік-мейізге бір тойып қаламыз.

Бала біткен сондықтан әкемді жақсы көретін. Асылы істеген жақсылығыңды бала тәуір біледі. Кейбір үлкен істеген жақсылығың зая кетеді. Қолдан келсе, баланы қуанту керек. Ол қуанса, шын қуанады. Ал ересектердің арасында "сырты жылмаң, іші арамдары" кездесетінін құдайға шүкір, көріп жүрміз. Қолдан келсе, баланы қуанту керек. Әкем менің сондай кісі еді, жарықтық.

* * *

Аспанмен тілдескен ақбас шоқылар есімде. Күн шығып келе жатса керек. Ал шоқылар алаулап, көз қарығар алмастай жарқырап ала жөнелді. Күнде бұл уақытта үйде пырылдап ұйықтап жататын бала, әлдеқалай оянып кетсем керек, әлгі күннің тау шоқыға асыла шығып келе жатқанын көргенде, дүниенің бұл кереметіне түсіне алмай, тұрып қалған болармын. Тау бөктерінің таңғы самалы тіс сақылдатады. Мына күннің шығып келе жатқан суретіне қадала қарап қалған қалпымды салқын самал да бұза алмаған болар.

Ойпаңда — қаз-қатар киіз үйлер. Бөктерді жағалай қой өріп барады. Қойтас екенін, қой екенін біліп болмас, тау бөктері толы мал. Күн көтерілгенше шығыстағы шоқының ұзын көлеңкесі шатқалды көлегейлеп жатып алады. Күн көтеріле көлеңке де қысқара береді. Шатқал алтын нұрға малынып, дүниенің бір шалқыған шағы басталады.

— Ойбай-ау, мына күшіктін әлден тұрып кеткені несі,— деп киіз үйден апам шығады.— Әжемді мен апа деймін.— Кішкентай ғана құлыным менің, ерте тұрып кеткенің қалай?— деп апам мені қолымнан жетектеп алады. Мен тырмысып, үйге басқым келмейді. Әлгі бір күн шоқыдан шығып келе жатқан шақтағы ғажайып суреттен айырылғым жоқ-ақ.

— Жүр, қымыз құйып берейін, ақыр ерте тұрыпсың ғой,— дейді апам. Мен жалаң аяғымды тасқа тіреп, тыртысып бағамын. Сөйтсем кәрі апам:

— Жүрмесең мейлің, қымызды түк қалдырмай өзім ішіп қоямын,— деп үйге кіріп кетеді. Сонда барып мен бақыра жылап, апамның соңынан тұра жүгіремін.

Қайран, балалық-ай десеңші! Алыста қалған арайлы, адал таңдарым менің. Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Айнала таулар да, үйлер де, қойтастар да, жылқылар да — бәрі-бәрі үлкен болатын. Адамдардың бәрі "айналайыннан" басқа сөзі жоқ, кілең мейірімді жандар болып көрінетін... Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, қақбаулары сылдыраған қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай болармын. Солардың бәрі мені аймалап, сүю үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді.

Ол-ол ма, анау асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымыңдаған жұлдыздар, толықсып туған ай, жасыл жайлау — бәрі-бәрі тек маған ғана елжірей қарап, мені ғана аймалап, әлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби көзіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны — күмбез, желі — жібек, әдемі ертек болып тұра берсе кәне.

Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда үн-түнсіз шаруақор менің әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса, жас баланың көз жасындай, кімді аяйтынымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жаңбыр жауса, жылағым келер. Биелер шұрқырап, құлындар құтырып, ауылды айнала шауып еріксіз елеңдетеді. Алақұйын айдалаға сен де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-таң болып қарап қаласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп, шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кейде

шөгіп жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарыңды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шығар. Кейін есейе келе әлгі бұлттың су екенін, күннің қызуымен бу болып ұшатынын білу қандай қатал. Ертексіз өскен бала — рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмаса деп қорқамын. Ал менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті, Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда. Бөстекке отырып алып, басымды бауырына қысып, кәрі алақанымен арқамнан томп-томп қағып қойып:

— Балам менің кайда екен?
— Қыздарменен тауда екен.
— Тауда неғып жүр екен?
— Алма теріп жүр екен.
— Алмасынан кәнеки?..—
— Жаңа теріп жүр екен.
— Қызыл алма колында
Қыз-бозбала соңында, — деуші еді-ау.

Кейде қиястықпен қыңқылдап мазасын ала берсем, алдына алып отырып:

Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Жілігінің майы жоқ,
Жіпке тағып берейін.
Көк сиырдың сүтінен
Көже жасап берейін.
Оның тұзын кім татар,
Жыламайтын ұл татар,

—деп мәпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып, балбырап ұйықтап кетер едім.

Қайран сол балалық, қайта келермісің сен! Кей кезде сол бір алаңсыз балалығыңды аңсап, еріксіз сағынасың. Әлдеқайдан асыр салып, жол шаңын бұрқыратып, тұлымын жалбыратып, екі бетін албыратып, дүниені даңғыратып, сол балалығым шыға келетіндей, айналаңа жалтақтай беретін кездерің жиі болады. Алайда бал балалық қайдан келсін. Ойыңа сол шақтардың өрнектері ғана, үзік-үзік бөлшектері ғана, сапырылысқан ретсіз саздары ғана оралады. Сен соны тұшынасың да тамсанасың. Тамсанасың да еріксіз жымиясың. Осы сәтте бір шеттен балалық дәуірдің бір елесі де жымиып

тұрғандай сезіледі. Біздің кейде өткенді еске алсақ, тұтас тұлға іздеп, бүтін бір жүйелі оқиға іздеп, кесек-кесек кереметтер іздеп, ерекше мән беріп қарайтынымыз бар. Дәл осы өлшем балғын кезге келе бермейді. Өйткені бала жүрегі, бала көңілі, бала ойы алғашқы көргенін, алғашқы сезгенін, алғашқы тұшынғанын қаз-қалпында, тұнық күйінде болмысына ұйытып алады да, сол қалпында сақтай біледі. Бала қиялы ол көргендерінен көлемді ой түйіп жатпайды, қайта үзік-үзік үміттің өзінен рахат сезімге бөлене береді. Дәл қазір менің көз алдымда да сонау сәби кездегі қызық пен қуаныштың елестері түйдек-түйдек жаңғырып, жанымды жай таптырмай отыр. Көзге ыстық көне суреттерді қайта ұсынғандай, соның бір-екеуін келтіре кетейін.

...Міне, Үбиан әпкем үлкен үйден шықты да, қазан басына бет алды. Мен оны көре сала борсаңдап, сүріне-қабына еркелей жүгірем. Әпкем аяғымды жерге тигізбей қағып алып, аспанға көтереді. Мен сықылықтай берем. Әпкем биікке мені бой создырып мәз болады. Сонан соң ол кенет ет бауыры елжіреп, мені қамзолының омырауын ашып, қойнына жасырып алады да, жүгіре жөнеледі. Бауыр құшағы қандай ыстық еді, шіркін...

Енді бірде ортаншы әпкем Әлиман мені ойнатып жүріп, үйдің ескі-құсқысынан дөңгелек қора жасады. Сол қораға еліктіріп әкеп қамап, аузын ермен бекіткені бар. Өзі көрші қыздармен кетіпті. Содан қоршаудан шыға алмай, жалғыз өзім бақыра беріппін, бақыра беріппін. Бұл "азаптан" жеңгем келіп құтқарып: "әй, жаман қыз-ай!" деп әпкемді жазғырып, мені әлдилеп еді. Көпке дейін ортаншы әпкемді жек көріп жүрдім...

* * *

Әлі есімде... Әкемнің кенже інісі мені оң алақанына тік тұрғызып алып, алты қанат үйдің ортасында арлы-берлі жүріп алды. Мен болсам зәре-құтым қалмай қорықсам да, тіземді бүкпей, қаздиып тұра беріппін. Көкем: "Қаз! қаз!" деп өзімен-өзі. Атамның ескі түлкі тұмағына отырғызып, мені керегеге іліп қойған да сол көкем ғой. Өзі киізге жайғасып алып, ұзақ уақыт әуестікпен әурелеп еді. "Ал, кәне, балапаным? Қанаттанып қашан ұшасың?.." деп қояды. Мен қыңқылдап жылай бастағанымда: "дуана келіп қалады" деп қорқытқан... Содан бастап көкемнің көзіне түспеуге тырысатынмын...

* * *

Әкем базардан келе жатқан, үлкен әпкем мені әкемнің алдынан алып шықты. Әкем қоржынды түзулеп, ерге мені отырғызды. Жалма-жан ердің қасынан шап беріп ұстап ал-

дым. Әкем ат тізгінін жетектеп келеді. Үйге дейін отыз шақты қадам болса да, мен ердің екі жағына алма-кезек ауытқып, қоржын ішіне сырғып түсе бердім. Әкем рахаттана күліп алып, қайтадан ерге отырғызады. Әпкем болса қатарласа жүріп: "Қорықпа, қорықпа! Берік отыр!" дейді

Бұл менің ат жалына алғашқы қол артуым еді.

* * *

Тағы бір жай ойыма оралады... Киіз үйдің төрінде бір топ ауыл ақсақалдары жамбастай жайғасып, баппен қымыз ішіп отыр екен... Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да, құлағыма: "Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда" де сыбырлады, Мен қатты қызарақтап, үйден шыға жөнелдім. Сыртта біраз тұрдым да, нық басып үйге қайта кірдім. Көпшілікке қол қусырып тұрып: "Ассялам алейкум, аталар" деп әр сөзді қадап-қадап айттым. Бұған әрине бәрі күлісіп жатыр. Әйткенмен мені араз етіп алмау үшін, бәрі де бір ауыздан: "әлейкүм салам!" десті. Сонан соң әрқайсысы маңдайымнан сипап мақтайды. Жақсы сөзге мәз болып, мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: "Жарайсың, балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді" дейтін.

* * *

Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

— Кімнің баласысың?— деп сұрайтын ол.

— Мен Момыштың ұлымын.

— Момыш кімнің баласы?

— Момыш — Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.

Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сон соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.

Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген.

* * *

Әжем малдың "тілін" ұғуды үйретуші еді.

— Қозы маңырайды, бұзау мөңірейді, құлын кісінейді, бота көзі мөлдіреп аңсайды, қодық ақырады...

Әжем бұған зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын...

* * *

Кавказды аралаған кезімде үш күн қатарынан ашық аспан астында түнегенім бар.

Сонда ұзақ уақыт ұйқым келмей елес қуып, өмір өткелдерінің теңізіне жүзіп кеткен кездерім көп болды.

Сол өткелдердің көбіне аялдамай, балалық шағым мен әскери өмірімнің белестеріне қайта-қайта көтеріле бергенімді өзім де аңғармай жаттым. Қасымдағы серіктерім ұйқыда жатқанда, мен ұшып тұрып әлгі елестерімді, ойға түскен оқиғаларымды қағазға түртіп алғым да келді. Алайда оған жарық қайда. Мен тек аспанға қарай бердім. Менің шарасыз күйімді түсінгендей, жамыраған жұлдыздар жан-жақтан жымыңдап көз қысады. Әлдеқайда алыс тоғай ішінен, тау жынысының тыныштығын қорғағандай, үкінің үні құлаққа келеді. Қылаусыз ашық аспан... Жарқын күлкісі жүзін жайнатып жібергендей, биікте ай баяу жылжиды. Майда, мамық сыбдыр бар — бұл түнгі ұйқыдағы ағаштардың тынысындай сезілді... Өркеш-өркеш жота. Жоқ, бұл қаз тізілген түйелердің өркешіндей елестеді. Сонау көгілдір аспан жиегінде шөккен түйенің өркештері көз алдымнан кетпей тұрып алды... Бұл Алатаудың айғыз-айғыз шыңдарына тіпті де ұқсамайтын еді. Нағыз алып өркештер көргендей болдым. Сол сәтте тағы да бала кезім ойға оралып еді...

Онда мен бесте, әлде алты жаста шығармын. Әжеммен бірге жатушы ем. Әже құшағы қандай ыстық, қандай мейірбан десеңші. Көзім ұйқыға кеткенше, әжем айналып-толғанып, арқамнан қағып жатқаны. Еркелеп жатып қалғып кеткеніңді өзің де аңғармай қаласың. Бір күні түн жарымында оянып кеттім. Орнымнан сездірмей тұрдым да, әжемнің төсегінен алыстай бердім. Ондағы ойым қораның екінші бетіндегі әкем жатқан үйге бару еді. Екі үйдің ортасында иін тіресіп, мойыңдарын көкке созған күйі маңғаз түйелер жатыр екен. Жүндері үлпілдеп, түнгі самалға желпілдегендей сезілді. Түйелердің арасымен жүріп келе жатып, мен мамық жүнді ақ ботаның қасына еріксіз тоқтадым. Осы жерде отырып, жұлдызды аспанға телміріп ұзақ қарағаным есімде. Ай мені еркелете күлгендей сезілді. Ал қаз тізілген түйелердің өркеші тау жоталарындай көлбеңдеп көрінгендей еді. Түннің тымықтығы сонша, мен боталардың баяу демін айқын естіп тұрдым.

Мен әкеме келе жатқанымды ұмытып, осы жерде таңырқап тұра беріппін...

Ертеңіне үйдегілер мені екі ботаның ортасында ұйықтап жатқан жерімнен тауып алды. Әкем мейірлене күліп алды, ал әжем қатты ашуланды. Содан бастап әжем үйдің есігін бекітіп алатын болды...

Осы бір алыста қалған балалық шақтың бар түні сұрапыл

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

соғыс кезінде елестер деп үш ұйықтасам түсіме енген емес еді. Алайда қан майданда жүріп мен сондай түнді елестеткенім бар. Өзімді көп өркештің ортасында, тау ішінде, нұрлы айдың аясында баяғыдай кіп-кішкентай сәби сәтімде тұрғандай сезіндім...

Сөйтіп мен бес жаста едім. Ауылымыз Алатаудың Ақсай және Көксай шатқалынан төмен ауып, жаз жайлауда Мыңбұлақ ойпаңына келіп, қонып жатқан. Бұл жер шөбі шүйгін, айналасы ашық, жалпақ жазық. Сол жазыққа ауылымыз жағалай үй тіге бастады.

Ерте күздің еріншек күні қоңырқай жылуын себелейді. Ел іші көші-қоннан әлі басыла алмай, абыр-сабыр. Көз жеткен жердің бәріне мал қаптап, жағалай жайылып жатыр. Үлкендер қамқор тірліктің қамымен жүргенде, біз емін-еркін ен жазықта жалықпай ойнаушы едік-ау. Өстіп жүріп есейе бергенімізді де аңғармай қалыппыз. Даланың "дарқан бала бақшасынан" қол үзер сәт жақындай беріпті.

* * *

Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сонда шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...

Өйткені, есейе келе көрген көп ұстаздарым талай-талай тағылымға бой ұрғызғанымен, солардың бірде-бірін өзімнің әжемдей, әке-шешем мен ауылдың қадірлі ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған жоқ, молынан құлаш сермете алған жоқ десем, ардақты ұстаздарымның көңіліне келмес. Бұл сезім өзіме қанымның тартқанынан немесе жақынима сезімімнің бөлектігінен, әлде ата-анаға деген парызымның молдығынан ғана туып отырған жоқ. Өмір шындығының өзі ақиқатқа бас ұрары даусыз. Дүние тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануар болмысы жайлы алғашқы әңгімені әжемнен естігенімді, адамзат қауымының қалыптасуы туралы тұңғыш мағлұматты әжемнен алғанымды қалай ғана ұмытармын... Иә, әлемнің пайда болуы, тірлік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы, шынайы сезіммен азаматтық тұрғысындағы жан баурайтын аңыздарды айтқан; ненің жақсы, не жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен; ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да ең алдымен ата-ана, ағайын-туған еді. Әрине, ол кезде мен де өзге сәбилер сияқты әжем айтқан ертегі мен аңыздардың түпкі байыбына бара бермейтінмін, әке әңгімесінің өсиетін ұға бермейтінмін және үлкендердің талай-талай өнегесін

орындай бермейтінмін... Ол кезде мені қызықтыратыны ертегі-аңыздардың ғажайып оқиғалары еді... Енді міне есейіп, ер ағасы болғанымда ойласам, мен сол әңгімелерден адамзат өресінің өрісін тани берген екем ғой...

Менің ұстаздарым әріптен бастап буынға дейін, сонан соң ақ қағазға қаламмен өрнек жазуға дейін үйретті. Келекеле жүйелі оқып, есепті жүйрік шығаруға қол жеткіздік. Ал өмірдің өзі ше? Осынша ғұмырымның ішінде түрлі-түрлі күрделі жағдайда толқымалы тоқсан сырлы кезеңде кездесіп дидарласқан, тағдырлас болған, табақтас болған адамдар ше? Мамыражай сәттерден мазасыз майданға көшіріп, көбік шашқан өмір дариясының бір толқынынан екінші толқынына аямай лақтырған уақыт ше? Осының бәрі де менің тірлігімдегі тірек болған, жүрек болған, қол ұшын берген, қорған көрсеткен ұстаздарым деп білем. Осындай уақыт талқысы ғана, өмір өткелдері ғана, тірлік тізбегі ғана менің әжемнен үйренген "жақсы", "жаман", "мақұл, "немақұл" деген сөздердің байыбына терең бойлата алды.

Әжемнің "осылай болған екен" деген сөздері мені бірде ғасырлардың шыңырауына сапар шектірсе, бірде құс қанатындай демеп, ілгері ұмтылдырды, биікке самғатты...

Міне, енді өзім де әке болып ұл өсіріп, қыз өсіріп отырғанда, немере сүйіп мейірленген сәттерде олар да маған аңғал да адал, бірақ құштарлыққа толы шынайы сұрақтар береді. Тағы сол сәтте осы балаларымның дәл мен сияқты ғұлама әжелері азайып бара жатқанына қайта өкінем, қабырғам қайысады.

"Қаншаға келдің қарағым"... деп қай баладан сұрасаң да, өз жасын мақтанышпен айтатыны мәлім. Қазір жыл сайын баланың туған күнін тойлау дәстүрге сіңіп болған әдет. Ал менің балалық шағымда туған жылды, туған күнді емес, мүшелді кезеңдерді тойлаушы еді. Алғашқы мүшел — нәрестенің қырқынан шығатын күн. Бұл күні үй ішінде емес, ауыл-аймақта да көтеріңкі көңіл, көп шаттық үстем болатын. Екінші мүшел — баланың жеті жасқа толған күні. "Жетіге келгенше, бала жерден таяқ жейді" деп тегін айтылмаған ғой. Сол жетіге толған күні өрен аяғын жерде нық басты деп санайды. Азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы да осы жерден басталса керек. Ата-ана мен төңірекке бұл үлкен қуаныш. Ендігі мүшел — 13 жас. "Он үште отау иесі" деген мақал бар. Бұл енді оңды-солыңды тани бастадың, ер санатына іліктің, сенімен есептесер, ақыл бөлісер кезең келді деген сөз. Енді сен өзгенің жетегінен гөрі өзің тізгін ұстағанды, өзің ат жалын тартып мінгенді қалайсың. Азамат мүшелінің алды осы. Ең ақыры толықсыған жігіт шақтың мүшелі — жиырма бес жас.

Әкем маған жастайымнан қазақша жыл қайыруды, күн мен ай аттарын, жыл аттарын жаттатты. "Тышқан жылы, сиыр жылы, жылан жылы, жылқы жылы, мешін жылы, тауық жылы, доңыз жылы, қоян жылы, қой жылы, барыс жылы, ит жылы, ұлу жылы" деп жаттаушы едім. Алайда әкем сол жылдардың мәнін, неліктен осылай аталатынын түсіндірген емес.

Бірде әкеме жаттағандарымды жаңылмай айтып бердім. Ол мені мақтап арқамнан қақты. Осы мақтауға масаттанып әжем отырған үйге жүгіре жөнелдім. Сондағы ойым — білгенімді тақпақтап, олардан да құптау сөз есіту еді...

Үй іші қоңыр салқын екен. Әжем қос сабаумен тулақты кезек-кезек тарсылдатып, жүн сабап отыр. Сабау дыбысына құлақ тоссаң, әлдебір әуен сазын ойнағандай сезіледі. Екі әпкем мен жиен қызымыз біреуі жүн тасып, екіншісі тулаққа төсеп, үшіншісі ұршық иіріп, көмектесіп жүр... Мен дүниені көшіріп жіберердей ентелей келіп, әжемнің иығынан сілкілей беріппін:

— Әже, әже, тоқташы! Не үйренгенімді айтып берейінші.

— Құлыным-ау, сабыр етші. Мен жүнімді сабап болайын. Сонан соң асықпай тыңдаймын ғой,— дейді әжем еркелетіп.

Енді менің екпінім бәсеңдеп, әжемнің қасына отыра кеттім де, жүн шашып ойнай бастадым. Кіші әпкем түйдекті жұлып алып, итеріп жіберді. Қатты ызаланып, мен оны "маймылсың" деп келемеждедім. Әпкем өкпелеп, жағымнан тартып жіберді.

— Неге маймыл дейсің?

— Өйткені сен маймыл — мешін жылы туғансың.

— Ал онда сен доңызсың. Өйткені сен доңыз жылы туғансың!— деп әпкем маған тілін шығарып келеке етті.

Мен шыдап тұрайын ба, ызаға булығып, әпкеммен жұлқыса кеттім.

Әжем мейірлене күліп, екеумізді арашалап жүр.

— Құрманкүл қай жылы туған?

— Тауық жылы,— деді әжем.

Құрманкүл тұлымы желбіреген жіп-жіңішке нәзік қыз еді.

Бәріміз енді оны "жүнін жұлған тауық" деп мазақтадық.

Құрманкүл сөз таба алмай жылап жіберді...

Сонда ғой әжемнің бәрімізді отырғызып, ыстық күлше үлестіргені. Сөйтіп өзі ортаға отырып алып, әдемі аңыз айтып еді-ау.

— Балаларым, құлақ салып тыңдаңдар. Көңілге түйіп, ұғып алындар. Жаппар ием жарық дүниені, Күн мен Айды, жарық пен қараңғыны жаратарда, күнге, аптаға, айға және жылға ат қоюды ұмытып кетіпті... Жер бетіндегі тірі дүниенің бәрі, жан-жануар күн санауды, уақыт өлшеуді білмей, бей-берекет жүре

берген екен. Ақыры дүниенің сапырылысқаны сонша, тіптен кімнің үлкен, кімнің жас екенін ажыратудан қалыпты. Жасты бойға қарап өлшейтін болыпты. Кімнің бойы ұзын болса, үлкені сол деп есептеліпті. Қытымыр қыс қашан түсіп, көгілдір көктем қай кезде келерін, жадырған жаз мөлшерін, берекелі күз кезеңін ешкім де ажырата алмайды екен. Сондықтан қой мен түйенің жүні түлемей сабалақ болып жүріпті. Адамдар болса қойдың өлі жүнін, күзем жүнін қырқуды да білмепті. Жаратушы ием, осы сан-сапалақ сапырылысқан тірлікке зер сап тұрып, дүниеге көңілі толмайды. Сондықтан да адамдарды саналы тірлікке үйретпек болады. Адамдар уақытты өлшей білсін, уақытпен санаса білсін, уақытты қастерлей білсін, ол үшін айды аптаға, аптаны күндерге, ал жылды он екі айға бөлу керек деп түйіпті тәңірі. Сонда адамдар мал төлдеп, аққа ауызы жетер кезді біледі; жүн қырқып, киіз басатын уақытты біледі; жаз жайлауға шығатын шақты сезетін болар депті. Сөйтіп, тәңірі әр айды жыл мезгілімен атайтын болыпты. Ал Айға адамдардың көмекшісі бол, жүзіңді ашып-жауып тұрып, есеп жүргізуге көмектес депті. Жұлдыздар күн райының хабаршысы болады деген екен.

Осылайша адамзат ұзақ жыл өмір сүріпті. Күндердің күнінде жыл мезгілдері қайтадан ауысып кетіп, адамдар жаңылысып қалады. Бір жыл бір жылға ұқсас: көктемнен-көктемнің, қыстан қыстың айырмасын аңғара алмай, адамдар аңтарылып отырыпты. Сондықтан да олар өткені ізсіз, болашақтан бейхабар қала берген екен.

Жаратушы тәңірінің жар құлағы жастыққа тимей, күндіз-түні ойға батыпты. Ақыры жан-жануар, аң біткенді жинаған екен. Осы жиында өз ойын былайша білдіріпті. Енді есеп жүргізуді он екі айдың есебінен мүшел бойынша енгізетінін айтады. Ол үшін он екі жылдың әр жылын жануарлар атымен атайтынын баяндайды. Сондықтан жан-жануар тегіс жазық далаға шығып, таң сәулесін күтсін. Шығыстан күн көтеріліп, алғашқы алтын нұры жер бетіне төгілген сәт жыл басы болсын. Сол нұрды бұрын көргеніңнің атымен бірінші жылды атаймын. Екінші көргендердің екінші жылға ие боласыңдар. Осылайша он екі жануар он екі жылға иеленеді деген екен.

Аң біткеннің барлығы ашық алаңға жиналып, бозбала таң атқанша бір-біріне мақтана бастайды. Біреулер көзінің қырағылығына, біреулер өзінің жүйріктігіне сеніп, күн сәулесіне бәрінен ерте жететініне шүбәсіз болады. Ал түйе болса маңғаз басып, ырғала ыңыранып, ернінен көбік шұбыртып, мойнын сан құбылтып, төңірегіндегінің біреуін де көзіне ілмей жатқан екен... "Таласып таусыла беріңдер, бей-

шаралар, босқа болдырғанша, алаңсыз тыныға берейін. Мен сендер сияқты күн сәулесін күтіп шығысқа жүгірмеймін де, көз майын тауысып, төңірекке үңілмеймін де. Құба жондай бойым бар, құлаш-құлаш мойын бар. Осы жатқан күйімде мойнымды бір созсам, бәрің жер бауырлап қаласыңдар. Күн шапағы шашырарда мен мойнымды созып жіберіп, жыл басын өзім көрермін әлі. Тәңірден алғашқы жылдың атын өзім алып қайтам" деп тікенек күйсеп жата береді.

Бейшара тышқан өзінің дәрменсіздігін мойындап, жанұшыра безек қағады. Мынау жатқан алып түйенің қасында ол өзін құмырсқадай сезінгенде бар болмысы шиыршық ата шиқылдапты. Сонда да жылдан дәмелі неме емес пе, әркімге жалбарына қарап, жалына сұрақ берумен болған екен: "Мен қайтемін?! Мен қайтемін?!" дей беріпті. Тіптен түйенің қасына келіп, шыңғыра шиқылдап, одан да әлгі сұрағына жауап іздейді. Маңғаз түйе мойнын да бұрмай, аққөбік жынын тышқанға бүркіп жіберіпті де, былай депті: "Масадай болған бейшара, мазамды алмай көзіңді жоғалтшы. Сенің бойың шөптен де аласа, шөңгемен тең емессің бе? Кеудеңде жаның бар демесең, кесек құрлы мыжып кетуге жарамайтын сорлы, сен жылдан дәметпей-ақ, жайыңа жүрсең қайтеді..." деп көзін жұмып, ыңыранып түйе.

Тымық түн төңіректі әлдилеп, дүниені теп-тегіс маужыратқан кез орнапты. Сонан соң көгілдір аспанның көздеріндей болып жұлдыздар ойнақшыпты. Сар далада тек қана әлсін-әлсін алыстан шиебөрінің ұлыған үні естіліп тұрған екен. Онан өзге дыбыс та, онан өзге сыбыс та білінбепті... Айналаны торуылдаған аң біткеннің бәрі күн-шығысқа қадалған күйі көз ілмей күткен екен...

Міне таң арайы таңдайланып, алыс көкжиекті ақ сүтке шомылдыра бастапты.

Түнімен тағатсыз күткен жан-жануар безек қағып, берекесі кетеді. Біреуі мойнын созып, бірі секіріп, алғашқы сәулені алдымен көруге арпалысып жүр. Қу түлкі болса, құйрығын бұлғақтатып, әр тұстан жылт етіп бой көрсете береді...

— Е-е, осыларды қойшы... Маған не асығыс бар,— деп есінепті түйе.

Кенет оның төбе тұсынан шіңкілдеген үн естіліпті:

— Мен көрдім, мен көрдім. Алтын сәулеге шомылған ақша бұлт көтеріліп келеді.

Бұл түйенің төбесіне шығып алып бәрінен бұрын жыл басын көрген тышқан еді.

— Үнің қайдан шығып тұр, құмалақтай болған сен бәленің?— деп бұрылыпты түйе.

— Мен сенің төбеңде тұрмын. Бәрі анық, бәрі әдемі көрінеді екен. Алғаш көрген өзіммін, жыл басы да өзіммін,— деп тышқан мәз болып шиқылдапты. Ашулы түйе басын сілкіп қалғанда, байғұс тышқан атқан кесектей ұшып "мен бірінші көрдім" деп, айқайлаған күйі алысқа топ ете түскен екен.

Жыл басы тышқаннан басталатыны содан, құлындарым. "Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты" деген мақал осыдан шыққан ғой. Кейде "түйедей бойың болса да, тышқандай ақылың жоқ" деп неге ұрсады дейсің адамдар. Бұл бойыңа сенбе, ойыңа сен, мақтан сөзге ерме, мағыналы тірлікке ер дегені. Сондықтан түйеге ұқсап орынсыз түксие бермеңдер, шырақтарым. Ақылға жүгініңдер" деп күліп еді әжем.

Осы сәтте үйдің шаңырағынан бір қарлығаш ұшып кірді. Мұны сезген ұядағы қызыл шақа балапандар аузын ашып, қорек тілей бастады. Бәріміз де төбеге қараппыз. Қарлығаш төбедегі ұясының шетіне жайғасты да, балапандарын кезектеп жемдей бастады. Алғашқы шақаның аузына жем тастап жіберген қарлығаш қайта ұшты. Қарлығаштың аспанға тік атылып, қанат қақпай қайтадан төмен құйылғаны шаңырақтан айқын көрініп тұр. Көп ұзамай, ол екінші балапанға жем әкелді. Осылайша қалқып ұшып, қайта кіріп қанаты талды ма, ақырғы балапанын жемдеген қарлығаш енді ұя аузында отырып тарана бастады. Шіркіннің сүйкімдісі-ай.

— Фью-ю!— деп ысқырып жібердім де, әжемнің сабауын ала салып, қарлығашқа сілтеп үркіттім.

— Е-е! Жаман бала болмасаң етті! Бұзақының тірлігі ғой мынауың, — деп, әжем қолымнан ұстай алды.— Қарлығашқа неге тиесің? Бұл киелі құс екенін, адамның досы екенін білмеуші ме ең, сен бейбақ? Балапанын емін-еркін ұшырып, бақытын тапқанша бұл құс менің үйімнің төріндегі ең қадірлі қонағым ғой... Қонағыма қол көтергенің — мені де сыйламағаның емес пе, шұнағым,— деп ұялтып тастады.

Қыздар мені мұқатқанына мәз болып күліседі.

Сонда әжем мені бауырына тартып, маңдайымнан иіскеп былай деп еді:

— Қоя ғой, құлыным. Кел, алдыма отыршы, мен саған қарлығаштың құйрығы неге айыр болғанын, масаның тілі неге жоқ екенін айтып берейін.

Мен қуанып кеттім. Өйткені әжемнің әңгімесі ерекше бауырап, жанымызды жайлап алатын.

— Ұлы патша Сүлеймен деген өтіпті баяғыда,— деп бастайтын әжем әңгімесін. — Ақылы асқан, жер бетінде де, су астында да, аспан әлемінде де әділдігімен әйгілі екен. Патша барлық жан-жануардың, құрт-құмырсқа, бақа-шаянның,

балықтың тілін біліпті. Күндердің күнінде патшалығына жау шауып, әлек салғанда, жау бетін у себелеп қайтарған жылан екен. Бұл баға жетпес ерлікке риза болған Сүлеймен патша жыланға:

— Калауыңды айт, не тілесең соны берем,— депті.

— О, ұлы патшам,— депті жылан үш оралып жатқан күйінде басын қаздитып,— жалғыз-ақ тілегім бар. Мен және менің ұрпақтарым жер бетінде ең тәтті қанды сорып өтсе деп тілеймін...

Сүлеймен біраз ойланып қалыпты. Алайда хан сөзі қашан да біреу емес пе.

— Айтқаның болсын. Кімнің қаны тәтті екенін өзің ата,— деген екен.

— О, ұлы патшам,— деп шағыныпты жылан, кімнің қаны тәтті екенін мен қайдан білем. Мен бір құдайдың сүйкімсіз жаратылған жәндігі емеспін бе. Көргеннің бәрі жиіркене жиырылады, бар денем тастай, өн бойымда жылу жоқ, ешкімнің мейірімін көре алмай, ешкімнің құшағына ене алмай қалған жексұрын бейбақпын ғой. Қауыз-қауыз алапес денемді көргенде, тірі жанның бәрі тітіркеніп теріс айналады. Ұшарға қанат жоқ, жүрерге аяқ жоқ — бауырмен жер сызған бейшарамын. Құсам жете алмай, қашсам құтыла алмай, қор болып жүр емеспін бе? Тіптен күн сәулесінің өзі менен қашып, тайғанақтап тұрмайды. Амалсыз құмда қыздырынып, ұзақ уақыт жатқаным. Аяғы барлар алыстан қашады. Қанаты барлар қалықтап асады. Осы мүсәпір халіммен кімнің қаны тәтті екенін қайдан білейін? Басқасын былай қойғанда, аллатағала сілекейімнің өзін у етіп жаратыпты!

Әділетті Сүлеймен әбден ойланыпты. Тірі жанның қайқайсысын болса да азапты өлімнің аузына апарып беру оңай дейсің бе. Сүлеймен патша соны ойлап, көп кідіреді. Амал қанша, уәденің аты — уәде. Патша жарлығы екі айталмаған. Уәдесін қайтып ала алмайды. Неде болса орындау керек.

Содан патша ине тұмсық шаққыш жәндіктерді шақырыпты да, дүниенің төрт бұрышына жұмсапты. Ұшып жүріп, жанжануарларды шағып, қанын сорасыңдар, сонан кімнің қаны тәтті екенін анықтап қайтасыңдар деп, жарлық етіпті. Патша жарлығын бұлжытпай орындауға шабармандар ұша жөнеледі.

Содан талай күндер өтеді. Шабармандар қан татып, қара біткеннің бәріне қонады. Кеудесінде жаны бардың бәрі тегіс келер хабарды қалтырап күткен екен. Бақытсыз күн қайсысының басына орнарын білмей, жандарын қоярға жер таппапты. Жылан тілінен, жылан уынан өлуді кім тілейді дейсің.

Осындай үрейлі уақытта қарлығаш күн сайын қанаттының бәрінен бұрын аспанға ұшып шығып, хабаршылардың алдын тосумен шолғын шолады. Бір күні ол салпақтап ұшып, самарқау ызыңдап келе жатқан хабаршы масаны көріпті. Хабаршы біткеннің алды осы маса еді. Қарлығаш оны көріпті де, алдынан қарсы шығыпты. Жай білуге асығып, жайдары амандасқан болыпты.

— Аманбысың, масажан... Басыңнан бақ кетпесін. Сапарың оң болды ма? Сүлеймен патшаның карауындағы аспан мен жерде, тау мен көлде, жазық пен жапанда қандай жаңалық бар екен? Не көріп, не білдің? Не тұшынып, не түйдің?

Маса қарлығаштың сәлемін көңілді қабылдамай, әңгімеден тайқып, патша жарлығын орындап келе жатқанын, енді соны естіртуге асығыс екенін білдіріпті.

— Онда мен сенің жолсерігің болып ұшайын. Әңгімеңді де жолай естірмін,— депті қарлығаш.

Екеуі қатарласа ұшып келе жатқанда, маса қарлығашқа әңгімесін айтыпты. Сүлеймен патшаның жарлығын қалай орындағанын мақтана баяндапты.

— Сонда кімнің қаны бәрінен де тәтті екен? Есіткенше мен де құмартып барамын,— депті қарлығаш.

— Адамның қаны!— деп маңғаздана ызыңдайды маса.

— Жо-жоқ... Сен алдап келесің!— деп шошып кетеді қарлығаш.

— Ант етемін! Өтірік айтсам, алланың аспаны төбеме құлап түссін. Адамның қанынан тәттісі жоқ. Тілімнен дәмі әлі кетер емес...

— Кәне, тіліңді көрсетші!

Ақымақ маса тілін шығара бергенде, қарлығаш оның тілін көмейімен жұлып алыпты.

— Өтірік айтқанның тілі осылай кесіледі!— деп қарлығаш қуаныштан сайрап жіберген екен. Мұнан кейін ол өзге шабармандардың да алдынан шығыпты. Өзгелердің де жауабы масаның жауабындай болып шығады. Адамға жаны ашыған қарлығаш сонаның да, араның да, көк шыбынның да тілін суырып алыпты.

Хабаршылар түгел жиналып болғанда, Сүлеймен патша тағына келіп отырған екен. Ол алдымен масаға сұрақ қойыпты.

— Ал, кәне, кімнің қаны тәтті екен. Соны айтшы? Маса тіл қатпақ екен, бірақ "вззз" деп ызыңдағаннан басқаға шамасы келмепті.

— Немене, маспысың? Тілің жоқ па өзіңнің? Түсіндіріп айтшы.

Тілі жұлынған маса "вззз" деуден аса алмаған екен.

Масадан мандымды еш нәрсе шығара алмасын сезген патша әлгі сұрағын араға да, сонаға да, көк шыбынға да қойыпты. Алайда бірі "дззз", бірі "жжжжж", бірі "жжууу" деп төңіректі ызыңға толтырып жіберген екен.

— Бұларға не болған. Мына ызыңнан бірдеме ұққандарың бар ма, сірә,— деп Сүлеймен патша ашу шақырады. Сол кезде қарлығаш топ алдына ұшып шығыпты да, патшаның аяғына бас иіп, былай депті:

— Мен түсіндім. Ұлы патшам, бұлардың бәрі де бірауыздан бақаның қаны тәтті деп тұр.

Сүлеймен патша тағынан тұрыпты да, жарлығын бекітіпті.

— Айтқаның болсын! Бақаны саған бұйырттым, жылан еке.

Хан тағының етегінде жатқан жылан аласұрып жынданғаны сонша, тіптен өз уына өзі шашалыпты.

— Қарлығаш алдап тұр. Бұл жалған!— деп ысылдапты жылан.

— Айтқаның болсын,— деп қайталапты Сүлеймен патша.— Патша жарлығы екеу болмайды. Бақа қаны бұйырды саған.

Сонда айбарлы жылан қарлығашқа тап берген екен. Алайда қарлығаш қанат қағып үлгіріпті. Тек жылан тілі оның құйрығын тіліп өтіпті.

Міне қарлығаштың құйрығы содан айыр болған деседі, ел аңызы, шырақтарым. Ал маса, сона, шыбын, аранын аузынан адам қанының дәмі әлі кетпепті деседі аңыз. Сондықтан да адам сәл мызғып кетсе, әлгілер үйіріліп келіп шағып кетеді екен,— деп әжем ақжарқын кейпімен күлді де, мұрнынан шертіп қойды.— Енді түсіндің бе, ботам.

Содан бастап мен таңертең көз ашқаннан ел ұйқыға кеткенше қарлығаштың сайрауына сұқтанып, дос сезіммен қамқор болып жүретін болдым.

Әжем айтқан аңыздың тағы бірі ойыма оралып отыр... Бірақ оны кейінірек баяндармын...

* * *

Момынқұл көкем атам мен әжемнің ең кенже баласы екен. Ұзын бойлы, сұлу, сымбатты, дөңгелек қара көзді, кертпе мұрындау, астыңғы ерні дүрдіктеу, аққұба жігіт болатын.

Әжеме өз ұлының осы дүрдек ерні мен кертпіш мұрны ұнамаушы еді. Жайшылықтың өзінде жаратпай, қымсынып отырғаны. "Тәңірдің мұнысына амал бар ма. Бір биеден ала да, құла да туа береді деген осы да. Әйтпесе өзіме тартайын деп-ақ тұр екен ғой" дейтін ол. Оның есесіне көкем әжемнің

ең еркесі, ең сүйіктісі болатын. Кенженің аты кенже ғой. Әжем оның көптеген қыңыр қылықтарын, бұрыс мінездерін кешіре беретін. Кейде сондай шалдуарлығына күйіп кетіп жазаламақ болғанда, көкем іргедегі үйге зып беріп кетіп қалушы еді. Қайтып келгенше әжемнің ашуынан жұрнақ та қалмайтын. Әйтеуір көкеме келгенде әжемнің ұмытшақтығы да ұлғаяды. Қайта айналып соққанда көкемді еркелетіп отырғаны. Көкем әлденені бүлдіріп, көпе-көрнеу тайраңдап жүргенінің өзінде, әжем басын шайқап, тіл қатып отыра беретін.

— Ай, тентегім! Ай, тентегім! Кімге ғана тарттың екен?— дейтін өзіне-өзі.— Әкең жуас еді..., Құдды нағашы көкеңе, менің Серкебай іниме тартқансың ғой сен. Серкебай да төңірегін шаңдатпаса жүре алмайды.

Әжемнің ашуы одан әрі аспайтын. Мұнысы кейде ашудан гөрі сүйсінуге ұқсап тұрушы еді. Ерке баланың жөні бөлек қой, шіркін! Анасының еркесі болғанға не жетсін!

Жас кезінде көкем шынында да шектен шыққан ерке, қолды-аяққа тұрмайтын мазасыз еді. Жаяу жүрсе, екі иығын жұлып жеп, сермеген қолы айналасын адақтап жүретін. Атқа мінсе, жау шапқандай құйындатып, ай-шайға қарамай, ой-шұқырды елемей еліріп алатын. Атқа қарғып мініп, шауып келе жатқанда қарғып түсетін. Атқа да, аяққа да батыр еді.

Жаз айының мамыражай кеші еді. Алтын күн құлан тауына иек артып, төңірекпен қоштасқысы келмей, қызара қиналып тұрғандай сезілді. Батыс жақ нарттанып, күлгін шапаққа шомылып тұрған кез. Шақпақ, Жабағылы, Бұралдай жондарында сол шапақ бұлаң қаққандай сезіледі. Алатаудың құзар басынан күннің соңғы сәулелері қуат алғандай көзді ұрады. Жайлауды мамық түн баяу көмкеріп, даланың бояуын біресе қошқылдандырып, біресе бозғылдандырып жібереді. Ақ самал аңқып тұр. Ауыл іші азан-қазан. Әркім іңір қараңғылығы алдындағы қарбалас тірлігін тәмәмдауға тырмаңып жатқан кез. Әйелдер сиыр сауып болып, бұзауларын қазыққа байлап жатыр. Бір шетте қозы көгендеп жүргендері де көп. Беткейде үйір жылқы шүйгіннен бас көтермей жайылып, жүр. Осы кеште жігіттер асау қуып, аласарсаңға түсіп еді-ау. Құрық тимеген ту қашаған желмен жарысып жеткізбей-ақ бағады. Ат құлағында ойнайтын айлакер жылқышы құрығынептейлеп, соңынан қалар емес. Танауынан шыққан дем тас ұшырардай жүйткиді. Құрық тиер-тиместе шұрқыраған дауысы жайлауды басына көтергендей еді. Жылқышы сонда да ізінен қалмай жүр. Құрық қашағанның жалына жақындамай жатып асау жалт береді. Содан жігіттің екі аяғы ат бүйірін далақтай

соғып, қайтып қайырылғанша әлгі қашаған қара жердің апшысын қуырып, құрықтан алыстап үлгіреді. Ауыл адамдары мынау тосыннан басталған тамашаға түгелдей көз тігіп, өздерінше дабырласып тұр. Арқасы қозып, айқаймен айбат шегіп тұрғандары қаншама. Кейбіреудің иығы өз-өзінен құнжыңдап, анау құрықшы жігіттің қимылын құптайды.

— Енді құтқармайды,— деп айқайлайды бірі.

— Солай-солай... Енді құрық таста,— дейді екіншісі аулақтан ақыл беріп.

— Қап, әттеген-ай, алданып қалдың-ау,— деп қорланып тұрғандар да бар.

— Япырай, жаз бойы жалын сипатпай, әбден әккі болған екен мына асау,— деп өкінеді тағы бірі.

Қара тер болып ат үстінде әлегі шыққан құрықшыны құрдастары қарап тұрып-ақ мазақтайды.

— Оған жылқыны емес, сиыр ұстату керек қой дұрысы.

— Жігіт болып атқа мінген соң, жүгенге иелене алмағаны масқара ғой.

— Өзіңнің шамаңды көрер ме еді...

— Одан қайбір ілгерілеп тұр едің сен.

Осылайша ел дабырласып, екеу-екеу пікір таластырып тұрғанда, жылқышы жігіт ат басын игеруге әлі келмей тұрып еді. Енді бері бұрылып келе жатты. Жейдесі терге малынып, желкесі төмен салынып, құйысқаны далақтап, құрығы босқа салақтап жиналған жұртқа ат басын тіреді. Демін әзер алып тұр. Астындағы аты ақ-көбік боп еліріп алған екен. Әлі біраз егеске шамам бар дегендей, көздері ұшқын атып шатынайды. Осы кезде көкем жайдақ атқа қарғып мініп, қашағанның жолына кесе-көлденең қарсы құйындата жөнелгені. Төтелей тартып, төпеп шауып барады.

— Ей, мынауың желіккен бе... желбегей шыққан батыршa жөн-жосықсыз шаба жөнелгені несі! Құр асауды құрықсыз ұстамақ па,— дестi топ ішінен әлдекім. Өзгелері демін тартып, тына қалғандай еді. Өйткені көкем оқыс қимыл жасады. Қашағанмен қатарласа беріп, құйрығына жабысқаны сол еді, жерге топ ете түсті. Көз тіккен жұрт шу ете қалды. Аттан құлап, майып болды ма деген ой әркімді де бір зірк еткізген еді. Жоқ, сөйтсем көкем сол асаудың құйрығынан ұстаған күйі аяғы жерге тимей бүйірлей тартқылап барады екен. Мұнысы сілтеген тұяқты дарытпаудың амалы екенін кейін білдім. Бөксесі бұраңдаған қашағанның екпіні бәсеңдеп, осқырына ойқастап барады. Бір мезет асаудың сәл бұрылып шабысын кідіртуі мұң екен, көкем қас қағымда ат арқасына мініп үлгерді.

Сөйтті де жалға жабысып, қыбырсыз жатып алды. Асау болса жайлау жазығын жалғыз иемденіп, беталды жөңкіле берді. Ақыры дәрмені кетіп, дәмсіз шабысқа шыдамады білем, әлгі асау айдалада қалт тұрып қалды. Көз тіккен жұрт қуаныштан ду ете түсті.

Енді көкем асауды ырқына игеріп, жалынан қақпайлап бізге тақай берді.

— О, аруақ, сақтай гөр!

— Тіл-көзден аулақ, әйтеуір.

— Азамат деп осыны айт!

— Диюға да құрық тастар құдірет иесі болар.

— Не де болса епті екен, шіркін!

Жұрт осылай желпінісіп тұрғанда, асауды аяңға салып көкем де келді.

Көкем мақтауды жек көрмейтін. Сол мақтауға ілігем деп, ол от пен суға орынсыз қойып кетуден тайынбаушы еді. Ол мықтымын деп жүктің ауырын көтеретін. Күреске де даяр тұрады. Жаяу жарыстан да қалған емес. Не керек, соның бірде-бірін берік тұтынып, үдесінен шықпайтын. Осыған орай оның ел қойған аты да көп еді: "Епті", "Алаңғасар", "Қаракүш", "Таубұзар" сияқты аттың талайы көкеме үйір болатын. Шынында да ол бапкері жоқ тұлпардай, байлаудағы сұңқардай өзіне-өзі симай жүретін. Ат үстінде де, қаражаяу кезінде де қарап жүрген сәті жоқ-ты. Қашан да ел көзіне түсіп, ерекше бір қырымен екшелене беретін. Осындай мазасыз мінезі оны талай-талай тасқа да соқтырды.

Көкемнің көкпар десе, арқасы қозып тұратын және сол көкпардан бір жерін жараламай қайтқан кезі жоқ шығар. Бір рет бұғанасы шығып келді, енді бірде аяғы сынып қайтты, ал есінен танып, ел жігіттері көтеріп келгенде зәре-құтымыз қалмаған кезі де болған. Бірақ басын көтерісімен сол баяғы ала сапыран тірлігіне сүңгіп жүре беруші еді. Толғақ азабын тез ұмытқан әйел сияқты, көкем көрген тауқыметін елеу дегенді білмейтін. Сақтанып жүру санасына да кірген емес.

Жаны ауырып, жамбасы төсекке тигенде, кейде тістеніп жатып қатты ыңырситын. Сонда бәйек болған әжем шыжғөбектеніп көзіне жас алатын:

— Сен тентек, мені ажалымнан бұрын өлтіретін болдың ғой. Әр жарақатың мені жегідей жеп, белім бүкірейіп бара жатқанын аясаң етті тым болмаса! Қайтейін, шырағым, аман бол әйтеуір.

Сонан соң лезде ренішін ұмытып, әжем баяғы қамқор пейіліне көшуші еді.

— Қай жерің ауырады, құлыным? Сусын берейін бе? Жастығың жайсыз емес пе?

Расында да көкемнің әрбір аңғал қадамы әжемді қатты қайғыртатын. Ұлының қасынан бір елі кетпей, тілеуін тілеп қалтырап отырғаны. Мұндайда өзге дүние түгілі біз сияқ-ты немерелері де шет қалатын. Бар ықыласы көкеме ауып, өзге дүниені көзге ілмеуші еді. Мұндайда біз әжемізді көкемізден қызғанып, кәдімгідей қынжылатынбыз.

Әкем тулап тұрған жігітке байсалдылық қонар деп, оқуға отырғызды. Алайда көкеме кітаптың да септі-гі тие қойған жоқ. Бұдан нәтиже шықпаған соң, әкем оған қол-өнер шеберлігін, зергерлік өнерін үйретуге кірісті. Үйде жүріп мұның да үдесінен шықпайтынын білген соң, көкемді нағашыларымызға, әжемнің інісі — қатал мінезді Серкебайдың қолына бермек болып шешіпті.

Серкебай нағашымның сонда ауылға келгені әлі есім-де. Ол кезде нағашым алпысқа таяған кісі еді. Бүкіл ауыл болып аяғынан тік тұрып қарсы алғаны бүгінгідей көз ал-дымнан кетпейді. Сонау алыс көкжиектен қатар түзген төрт салт атты көрінгеннен-ақ, ауыл адамдары күтіне бастаған. Алдыңғы жорға төбелдегісі Серкебай нағашым екенін бәріміз айнытпай таныдық. Ал желе жорытқан үшеуі қасындағы қосшылары болса керек.

— Серкебай келе жатыр. Серкебай келе жатыр!— де-генде әжемнің қуанғаны сонша, жас балаша елпектеп кетті. Киіздің жаңасын, көрпенің шәйісін, жастықтың жайлысын әзірлей бастап еді.

Әкем мен көкем тысқа шығып, құрмет көрсеткен кейіп-пен қол қусырып тұрды.

Бұл екеуін көргенде, Серкебай нағашым үзеңгісін шіре-ніп, ат жүрісін аялдата бастады. Серіктері де тізгіндерін тар-тып, баяу жүріске көшті.

Үйге тақап келгенде, әжем көкемді Серкебайдың атын ұстауға жұмсады. Көкем де ебелек қағып "Салам алайкүмін" жолай айтып, ат шылауына жармасып жатыр.

— Алейкум салам!—деп Серкебай нағашым сәлемін алды да, көкемнің иығына қолын салып, аттан түсе баста-ды. Көкем сол сәтте нағашымның қолтығынан сүйей қойды. Сонан соң, Серкебай нағашым алшаң басып, менің әкеммен сәлемдесті. Серіктері де аттан түсіп жатыр еді. Әкем ауыл жігіттеріне әмір берді.

— Меймандардың атын ұстаңдар! Жігіттер жедел басып, ат тізгініне жармаса беріп еді, Серкебай нағашым қамшысын көтеріп, ақырып қалды.

— Маған көрсеткен құрметтерің аздай несіне елпектейсіңдер,— деп тоқтатып тастады.

Нағашыммен еріп келген жігіттерге осынау күрт мінез шалдың әдеті әбден сырмінез болған ба, жылмиып қарасты.

— Неменеге мәз болып тұрсыңдар!— деп тағы да зекірді нағашым.— Өзге ауыл болса, өзім мен сендер түгілі, еріп келген итіме де құрмет көрсет деп шіренер едім. Ал әпкемнің алдына келгенде, бәрің де үйдегідей қызмет көрсетіңдер.

Осынау ашуы адырайып тұрған қатал кісіден жасқанып, біздер жан-жаққа тығылып жатырмыз. Жабықтан сығалап бақылаймыз.

Әкем меймандарды үйге бастап жүрді. Есіктен ең алдымен Серкебай нағашым бас сұқты. Әжем оны балаша аймалап, еркелетіп жатыр.

Осы кезде нағашымның атқосшы жігіттері ішке қоржын көтеріп кірді.

Серкебай төрге жайғасып болған соң, әжемнің қал-жайын сұрады.

— Аманбысыз, әпке. Ауру-сырқаудан саумысыз. Көңіліңіз жайлы ма?

— Құдайға шүкір, шырағым,— дейді әжем де елжіреп.

Мұнан соң жаппай жай сұрасу басталды. Ел адамдарының есендігі, малбасының түгендігі сұралды.

Бұл кезде қоржынның аузы сөгіліп, нағашымның әкелген сыйлықтары көріне бастады. Өрік-мейіз, қант-шай, бауырсақтан басқа әжеме арналған көйлектік мата да шықты.

Серкебай асыл киімдерді қонымды етіп, сымбатты киініпті: алдымен құндыз бөркі құлпырып көз тартады. Бөркін шешкенде көк тақыр етіп қырған басында оқалы барқыт тақиясы қалды. Бешпет сыртынан буған кемер белдігінің жалпақтығы кере қарыстай еді. Сабы күміспен күптелген қамшысын сонмен қос бүктеп қасына қойыпты. Етсіз қыр мұрыны, қысыңқы өткір көзі ашаң жүзін айбарландырып жібереді екен. Қияқтай етіп бастырған мұртының ұшы екі езуін жиектеп көмкеріп тұр. Селдір ұзын сақалы кеудесіне түседі. Ол аз сөйлеп, әр сөзін нығарлап, таптап, қарсы отырған адамына қарай қамшысын немесе сұқ қолын нұқып сөзді айтады екен. Нағашым ешкімді бет қаратпайтын, айналасын айбармен меңдеп алған, өркөкіректеу көрінді. Өз қатарларының өзін менсінбейтін кісі, біз сияқты бала-шағаға көз қиығын да салған жоқ.

Бір кештің ішінде Серкебай талай рет көкемді де, қасына еріп келген жігіттерді де қыжғыртып алды. Туа біткен мінезі

ме, әлде көңілінің хошы жоқ па, әйтеуір бұл кездесуінде нағашым нақ бір ескі дәуірдің қатал әміршілеріндей елестейді.

Әжем бізге өрік-мейіз үлестіріп берді. Аузымыз томпаңдап, бәріміз мәз болып жүрміз. Мал сойылып, ошақта от маздайды. Жүрт күндегісінен көтеріңкі көңілде болатын. Бәрі де абыр-сабыр асығыс үстінде. Біз одан бетер мәзбіз. Желідегі аттардың ер-әбзеліне сүйсіне қарап қызығамыз. Күміспен көмкерілген құйысқан еріксіз көз тартады...

Қонақтар көп жатпады. Ертеңіне жолға жинала бастады. Көкемді әкетуге арнайы келген екен. Көкем бұрынғыдай емес, тіптен жуасып қалыпты. Айналсоқтап әкеме жалтақ-жалтақ қарайды. Серкебай нағашым өзі атқа нығарланып отырып алған соң, баяғы әмірлі үніне көшті. Тіптен қатуланып алған. Көкемді қамшымен екі-үш салып қалды да, ақырып жіберді.

— Жаман күшікше неменеге жалтақтап тұрсың? Ұзатылатын қыздай сызыла қалыпты ғой, қызталақ. Мен саған әлі көрсетермін. Ауылға барған соң, екі аяғыңды бір етікке тықпасам ба.— Сөйтті де әжем жаққа алара көз тастап, тістене сөйледі.— Балаңның сүйегі ғана сенікі, әпке! Қалғанын өзіме жіберіңіз бұл тентектің...

Көкем әжем жаққа соңғы рет жалынышпен қарап еді, әжем де шыдай алмай, дауысы дірілдеп кетті...

— Қайдан білейін, шырағым. Сүйек өзіндікі ғой әйтеуір. Адам етсең болғаны да.

Серкебай үзеңгіге шіреніп тұрып, бізбен қоштасты да, ат басын ауылына бұрды. Соңынан ат үстінде иығы салбырап, еріксіз адамдай көкем еріп бара жатты. Бұрынғы өжеттігінен, қайсарлығынан, жігерінен жұрнақ та қалмағанына бәріміз таңдандық. Жат қолға түскендей жабығып кете берді.

Әжем соңдарынан ұзақ қарап тұрды да, жанарына үйірілген жасты жаулығымен сүртті.

— Тәңірім жолыңды оңғара көрсін, құлыным!— деді ол ұлына арнаған тілеуін болар-болмас күбірлеп.

Бір ай өтпей жатып, әжем көкемді сағына бастады. Жатса-тұрса атын атап отыратынды шығарды. Ақыры үш айдың жүзі толар-толмаста әжем көкемнің соңынан іздеп, төркініне аттанды. Баласының қасында бір аптадай болып, мауқын басқан соң оралды. Алайда үйге келген соң қайта сағынып аһылап-үһілеп, әкеме әр жайды айта беретінді шығарды.

— Шырағым, тіптен арып, құр сүйегі сорайып қалыпты. Серкебай оны ертелі-кеш кітап оқудан бас алдырмайды екен, Бүйте берсе жас баланың қу сүйегі қалады ғой.

Әжемнің айтуынша, Серкебай көкемді матап ұстайтын көрінеді. Әр қадамы санаулы екен. Содан бір елі ауытқуға

көкемнің еркі де жоқ, шамасы да жоқ болса керек. Мен көкемдер ауылдан аттанарда Серкебай нағашым еліне барған соң, шынында да көкемнің "екі аяғын бір етікке" тығып қояды деп қиналған едім. Сөйтсем онысы қатал тәртіпте ұстаймын дегені екен ғой. Көкеме ұзын ақ шапан кигізіп, басына сәлде оратып, оқуға үңілдіріп қойыпты.

— Серкебайдың үйіне кіргенім де сол еді,— дейтін әжем,— қарасам бір бұрышта ақ шапан, ақ сәлделі жас "ғұлама" заулатып құран оқып отырғанын көрдім. Аңғарып қарасам, өзімнің Момынқұл құлыным екен, өз көзіме сенбей, аңырып тұрып қалдым...

Енді бір барғанында әжем көкемді ауылға біраз күнге алып кетейін деп Серкебайдан өтінген екен, нағашым тыйып тастапты.

— Бұл баланы қолыңа адам етіп берем, әпке. Ал, адам болмаса, итаяқ тазалайтын құл етіп қоямын.

Әжем қанша жалынса да, Серкебай айтқанынан қайтпайды. Екі жыл өткен соң ғана көкем ауылға оралды. Үстінде ақ шапан, басында сәлде, аздап едірейген тікенек мұрт қойыпты. Ауыл адамдары жас жігіттің мысық мұртына сол күні-ақ күлген.

Ертеңіне-ақ көкем сәлдені тастап, бұрынғы түлкі тұмағын киіп еді, кәдуілгі өзімізге үйреншікті қалпына келді. Содан бастап көкемді ауылдағы екінші көзі ашық білімдар адам санайтын болды.

Әжем өзінің кейбір көңілсіз сәттерінде бізді қасына отырғызып алып, аңыз-ертегілер айтушы еді. Бәлкім, осындай әңгімемен көңіліндегі көмескі, көлеңкелі сәттерді қуатын шығар. "Балаларым, құлақ салыңдар" деп бастайтын әжем.

— Бұл тәңірінің жер бетінде тірлік орнатқаннан кейін болыпты. Ол кезде жаратушы азаматты жарылқап, топан суынан да сақтаған екен,— дейтін әжем.— Адамдар "тәңір жарылқасын" деген сөзді, алғыс айтуды білмесе керек. Күннің жылуын, самалдың шипасын, айдың ақ сәулесін, жер жемісін керегінше пайдаланғанымен, бірде-бір іш жылытар ықыласты сөз айтпапты... Сондықтан қажыған Күн алла тағалаға арыз айтыпты:

— О, жаратқан ием, дамылдауды білмей, сабырлауды білмей, үйқы көрмей, күлкі көрмей, тірлік үшін қызмет етем. Дүниенің түкпір-түкпіріндегі кеудесіне жаны бардың бәрін шуағыммен қыздырам. Бір тал шөбінен бастап жер бетінің бәріне шұғыла төгем. Таң сәріден арай шашып, ғаламды түнектен арылтамын. Бәріне нұр беремін. Жарқырап көрінгенімде тірліктің бәрі жадырайды, күледі, қуанады,

жұбанады. Суықтан тоңғандар жылынады, жауыннан мес болғандар денесін құрғатады. Ал өзің өмір берген дүние бой жазып керіліп, сәулеге көміліп, гүл шашағы өріліп, мамыражай күйге енеді. Мен түн мен түнек сияқты дүниеге ауыр зіл, қоңырқай түр әкелмеймін. Мен өзіммен күлкі мен қуаныш әкелем. Мен барда қар еріп, сай-сала сылдыраған бұлаққа толады. Мен барда бұтаққа бұлбұл қонады. Бірақ осыншама баға жетпес еңбегімді елеп, бірде-бір тірлік иесі алғыс айтқан емес. Мұндай әділетсіздікке шыдар шама қалған жоқ. О, тәңірім, сондықтан мені бұл азабыңнан босат. Тыным бер, аздап тынығайын!

— Бара бер. Баяғы қызметіңнен танба,— депті аллатағала Күнге,— мен сенің баға жетпес еңбегіңнің алғысын немен өтеуді ойланайын...

Күн кеткен соң алланың алдына Ай келіпті. Жадырай күліп, жарқын сөйлепті:

— О, тірліктің тірегі, бар әлемнің жүрегі — жаратушы ием, өзіңе тілекпен келіп тұрмын...

— Неден тарықтың, неден түңілдің, түн еркесі — алтын Ай.

— Айналайын тәңірім. Сен маған көмескі нұр беріпсің, суық сәуле сыйлапсың. Күн көзі жұмылған соң, зіл қараңғы түннің бар тұңғиығын жарық етем деп мен келем! Қара аспанның қақ төрінде тұрып, төңіректі мамық сәулеге бөлеймін, адасқанға нысана боламын... Бетімнен сәукелемді бірте-бірте ысырып, күн санауға, апта мен ай санауға көмектесем. Ал жүзім толған күні аспанның ақ еркесіндей ашық кейіппен күлгенімде, торғын сәулеме тоятта май, бар әлем үнсіз рахатқа батады. Ай сәулесі түнгі ұйқыны күзетіп, бақытқа бөлейді. Мен болсам Күн сияқты шақырайып жалыныммен қарымаймын. Менің нұрым жұмсақ, сәулем саумалдай татымды. Тіптен күндіздің өзінде дамыл көрмей, күн соңынан ілесіп, жер бетіне қараумен болам. Бірақ менің бұл қимас қылығымды адамдар байқамайды. Өйткені, Күннің шақырайған сәулесі менің ұлпа нұрымды тұншықтырып тастайды. Осы уақытқа дейін менің ұзақ жылғы адал да айнымас, жайлы да жағымды еңбегімді бағалап, бір тірі жан алғыс айтқан емес. Қайта адамдар жүзіндегі дағын, маңдайындағы әжімін менен көріп, "ай бетіндей шұбарланып бітіпсің ғой" деп бір-бірін келемеждейді. Ал әбден толысқан шағымда ең сүйкімді болармын деп дәмеленсем, ол сәтімді де адамдар күлкіге айналдырды. Бір жақтырмайтын адамды көрсе, ет-жеңді кісіні кезіктірсе, "беті айтабақтай болып безерген біреу екен" деседі... Бұдан артық қорлық, бұдан артық мазақ бар ма маған. Енді шыдай алар емеспін. Бұл қызметіңнен босата гөр, тәңірім!

Осылай деп Ай бұлт арасына кіріп алып, ықылық атып жылаған екен. Сол кезде жаңбыр жауыпты...

— Күмістей таза көзіңе жас алып жабыға берме, аппақ Айым,— депті тәңірі оны жұбатып.— Онан да қызметіңнен жаңылма. Мен тілеуіңнің орайын ойланып көрейін.

Осы кезде өкпек Жел құтырынып, жан-жағына жаланып, аллатағаланың алдына жетіп келіпті. Тәңірдің тағына қонған шаң-тозаңды үрлеп жіберіпті де, аяғына оралып жатып алыпты.

— Мен дамыл көрмей тау кезем, тас кезем. Ел асам, бел асам, оларды үңгимін, орманға сүңгимін, даланы шарлаймын, теңізді барлаймын. Өлкемді төтелеймін, желкенді жетелеймін, толқынды ойнатамын. Бұлтты қуып, жерге жауын сыйлаймын, елге зәуім сыйлаймын. Егер мен болмасам, адамзат аптап ыстыққа шыдамас еді, бастарын бірге құрмас еді; ауызы сусыз кебер еді, алқынып тер төгер еді. Мен соның бәріне самал болып есемін, сағым болып көшемін. Бірақ алғыс алған күнім жоқ, сондықтан да мұңым көп. Болдырдым, тынығайын, мұрсат бер, тәңірім. Бір шеттен сылдырап Су келіпті. Алланың аяғына бас ұрып, тілегін айтқан екен.

— Менің де күнім күн емес, тәңірім. Ой-қырын кезіп даланың, дамыл көрмей ағамын. Жердің шаңын жуамын, елдің тәнін жуамын. Сусаған шөлін басады, біржұтып демін ашады. Соның бәрін, тәңірім, көтере берем қашанғы.

Сонда аллатағала ойға кеткен екен. "Иә, тіршілік біткен шынымен-ақ алғысқа сараң екен; жақсылыққа жалаң екен. Мен бұларды жазғырайын, жазалайын!" деп түйіпті. Сөйтіпті де бар мақұлық біткенді, адамзат атаулыны жинапты.

— Ей, жамағат-жарандар, бәрің бері қараңдар,— депті жаратушы жиналғандарға.— Күн мен Ай, Жел мен Су сендерге өкпелі екен. Сондықтан да бұдан былай қызмет етуден бас тартпақшы. "Еркімізге жібер, ендігі жағдайды өзімізше қарастырайық" деп тілек етеді. Тыныққысы келеді... Сендерді шақырғанымның мәнісі осы еді. Бұдан былай қалай тірлік етпексіңдер, не амал таппақсыңдар? Соны айтыңдаршы, кәне!..

Бұл жайсыз хабарды естігенде, Адам шошып кеткені сонша, өңі қуарып сала берген екен. Аузына сөз түспей, абдырап, Күн мен Айға, Жел мен Суға жығылып тағзым ете берген екен.

Жаратушы ием жиналғандарға сұрақ беріпті.

— Кімнің қандай ойы бар? — Бәрі үн қатпапты.

Жалғыз ғана жарғанат ыршып шығып, шоршып ұшып, безілдей жөнелген екен:

— Жаппар ием, жайымызға құлақ сал. Пендем десең біздің де тілегімізді тыңда. Егер Күніміз сөнсе, үніміз өшпей ме? Жарығымыз бітпей ме? Адамзат жер сипалап, аң біткен адаспай ма? Құс бағдарынан жаңылып, жарға соқпай ма? Гүл қуарып, жер суалмай ма? Ай батса ше? Жыл мезгілінен адасып, теңіз ретсіз тасымай ма, көл ретсіз көлкімей ме? Сапырылысқан тірлік орнап, саналы сәттен қол үзіп қалмаймыз ба? Су тартылса не болмақ? Бұлақтың сылдырынан айырылар едік, қанатымыз қайырылар едік. Қимылсыз сусап жатар едік, бір тамшы суға көзімізді сатар едік? Жел тынса ше? Бір жерден тұман арылмай, бір жерден тамшы табылмай, бір жерге бұлт үйіріліп, бір жерге суық шүйіліп, жылжымай жатар еді. Пенделерді аяй гөр, жаратушы ием.

Осыны айтып, жарқанат тәңірінің алдына топ ете түсіпті.

"Мынау шыбындай неме шыжғөбек болып шындықты айтып тұр ғой. Расында да өмірдің астан-кестеңі шығады екенау" деп ойлапты жаратушы. Сөйтіп қайтадан жарлық береді:

— Күн мен Ай, Жел мен Су баяғыдай қызмет етсін. Сендерді тірлікке тірек болсын деп жаратқам әуелі. Содан танбаңдар,— депті. Бұған қатты ашуланған Күн өзінің сәулесімен жарқанаттың көзін ағызып жіберіпті.

— Енді көзіме түссең, күл етіп күйдіріп жіберемін,— депті Күн.

Жел бұрқана долданып:

— Маған тап болсаң, пәрше-пәршеңді шығарып, жүнше түтемін,— дейді.

— Мен сені түншықтырып өлтіремін,— депті Су. Ал Ай өзінің жарқын күлкісін төккен күйі үнсіз қалған екен.

— Енді қайттім мен сорлы. Жазығым жоқ бейшара едім ғой. Өзім үшін емес, бүкіл тіршілік үшін тілек білдірмедім бе, тәңірім?— деп зарлапты жарқанат.

Сонда жаратушының жарқанатқа жаны ашып, жарлық беріпті:

— Күн көкжиектен көрінбей, көз байлана бастағанда; Айдың жүзі әлі де шыға қоймаған сәтте; Жел тынып, жекен жапырағы ұйыған сәтте ұшып шығасың. Ал күндіз Күн көзінен жасырынып, қуыс-қуыс жырада, тастүнек сынада, үйдің жәрегінде жатасың. Аштан өлмес үшін қос емшек беремін. Бірінде сүт, бірінде су болады. Осылай тірлік етесің енді.

Содан бастап жасқаншақ адам Күн мен Айды, Су мен Желді сыйлайтын болған деседі, төртеуіне табынатын болған деседі. Жарқанат болса адамның абыржып, үрейі қалмағанын көргені үшін, адам атаулыдан талай-талай қорлық көретін болыпты.

Адам да жарқанаттан жасқанып, қорғанып жүретінді шығарыпты.

Міне, балаларым, жақсылыққа жамандықпен жауап бермеңдер. Жақсылықтың өтеуі де жақсылық болсын.

Біз осылай үлкендерден ғибрат алып өсіп едік. Ал үлкендердің әр өсиеті — өнер мен өнегенің ең шыңы ғой.

* * *

Ауылда бас қосып, байыпты әңгіме айтар кештер көп болушы еді. Мал өрістен қайтқан соң, ымырт үйірілгенше бір төбенің басына шығып алып, үлкендер шүйіркелесер еді. Ел жаңалығы, күнделікті тірлік қамы, ертеңгі күннің еншісі — бәрі-бәрі осы басқосуда ортаға салынатын. Егер әңгіме арқауы ұзаққа созылмаса, кәриялар балуан күрес, жаяу жарыс, тартыспақ сияқты ойындар ұйымдастырып, қызығына мәз болып отырар еді. Қараңғы қоюланып, көз байланарда бәрі үйді-үйіне тарасатын.

Кейде ел ішіне ақын келіп қонар еді. Бұл ең бір сәтті күн, ең тәтті күн болатын. Барша жұрт ақын түскен үйге жиналып, иін тіресіп тұратын. Үйге сыймағандары жабықтан сығалап, ал кейбіреуі ақынның үнін алыстан естігеніне риза болатын.

Көкем келгелі ел адамдары әжемнің отауына жиналатын. Көкем әндетіп отырып халық жырларын, қиссаларды оқыр еді. Өзгелері ентелей түсіп, ұйып мүлгіп, теңселе толқып тыңдайтын. Осылай көкем жарықтық өле-өлгенінше ел ішінің ең қалаулы жыршысындай өтіп еді-ау.

Қиссалардың маржандай тізілген таза тілі, оралымды ойы, қиял жетпес теңеулері, ертіп отыратын екпіні, ұйытып тастайтын ұйқасы тыңдаушының жан сарайын жарқыратып жібергендей сезілетін. Мен осынау халық қазыналарын алғаш рет ақындардан, көкем сияқты көзі ашық білімділерден сіңіргем. Солардан дәм татып, солардан сусындағам.

Көкемді көрші ауылдар қолқалап шақырып әкетіп, түнімен жыр оқытатын. Көкем де мұндай кештерден бас тартып көрген емес. Көкеме жыр құмар жанның бәрі, қиссаның қай жерін жаттап алғысы келген ынтызарлар, жұрт отырған жерде бір жырдың кей шумақтарын жырымдап айтса да, "біледі екен" деген атқа ие болу үшін қызыққандар да келетін. Көкем болса ерінбей-жалықпай, әр толғауды бір айтып еске түсіретін. Шынында да өздері қара танымайтын жырқұмарлардың кейбіреуі келесі бір кеште өзінше жыр соғатын. Сондықтан ондай кісілердің көбі көкемді "ұстазым" десетін.

Серкебай нағашым көкемнің дін жолына түспей, сәлдесін алып тастап, ойын-сауық, ән-жыр қуып кеткеніне талай рет

ренжіді. "Ауылдың жын-шайтандарының" бәрін төңірегіне жинап алып, албасты басты ма сені" дейтін.

— Онан да ата-бабаларыңның аруағы риза болсын деп құран оқып тұрмайсың ба? "Е-е", "е-е" деп, ешкіше маңырап отырғаннан қашан арылмақсың, түге?— деп көкемді мазақтағаны да бар.

— Құранды жұма сайын оқимын ғой, нағашы,— деп көкем ақталмақ еді, ана кісі бұрынғысынан бетер ашуланды:

— Тфу, антұрған неме. Бір жұмада бір-ақ рет құран оқығаныңды да міндетсінесің-ау осы, сен шірік. Күніне неше реттен оқысаң да, аруақтардың парызын өтей алмайтыныңды ұмыттың ба?

Сонан соң нағашым өзінің бауырларының ынжық екенін, бүкіл ел намысы, ел ары өзінің мойнында екенін; ауылдың атын шығарам деп жүріп, құранға құлап отыруға мұршасы да, уақыты да жетпейтінін айтып ренжіді. Көкемді оқытқанда арнаулы ғұлама шығар, құранды соның қолына берермін деп үміттенгенін айтты. Енді сол үмітінің ақталмай, шәкіртінің селкілдек шегірткеге ұқсап кеткеніне өкінетінін білдірді.

Байқасам, нағашымның өзі де құранға құлшылық етіп отыруға мойны жар бермейді екен ғой. Жасынан дін құдіретіне иланып, дін жолына беріліп өскен соң, енді аруақтар алдындағы парызынан қорқып, ақыреттің тауқыметінен тайсалып, көкем арқылы күнәсін жумақ екен.

Бір қызығы — нағашым ұрысқанда көкем шынымен-ақ кінәлі адамдай мойнын салбыратып, үнсіз отырып алатын. Мұнысы қатал мінез Серкебайдың көңілін басу ғана еді. Нағашым ауылына аттанысымен көкем ескі әдетінше жыр айтып, қисса оқып, өз қызығына түсіп кеткен.

Есейгенде көкем елді шулатып жүріп үш рет үйленді. Үшеуінде де дау-жанжал, ұрыс-керіс, айтыс-тартыссыз тынған емес. Ат-шапан айып төлеп, құдалардың алдына жығылып жатып, ел ақсақалдары әрең дегенде бітістіруші еді. Жас күніндегі ұрыс десе, ұмтылып тұратын ұрма мінезі, жанжал десе, жанып кететін жарғышақ қылығы кейін осылай тынған болатын.

Әкемнің үлкен ағасы, Төлебай атам ұзын бойлы, кең жауырынды, тәмпіш мұрын шал еді. Ағара бастаған шоқша сақалын тараштап, тұйық отыратын. Қолынан ұзын таяғы түспейтін. Үйде байыздап отыру әдетінде жоқ еді. Базарға да шықпайтын. Малмен бірге өріп, өрістен малмен бірге қайтатын әдеті болатын. Отар соңынан қалып қойған қозылақты жинастырып жүргені. Ішім-жемі орталау, көп балалы

кісі еді. Осылай баяу тірлікпен ілбіп жүріп, сол атам бір күнде дүние салды. Ізінше үш-төрт жылдың ішінде балаларының көбі өліп, жалғыз қызы Құрмангүл атты қызы қалған болатын. Оның менен үш-төрт жас үлкендігі бар.

Ал үлкен әпкем Үбішті мен еміс-еміс қана білемін. Әкемнің айтуынша, ол ерте хат танып, кітап оқыпты. Жазу да қолынан келеді екен. Біздің аймақта алғашқы қара танып, хат жазуға қолы жеткен қыз — сол әпкемнің жалғыз өзі көрінеді. Әпкемді Байтана руынан Рысқұлбек Омаров дегенге бесікте атастырған екен. Ол сауатсыз, салауаты аздау болып өсіпті. Қыз бой түзеп, ел көзіне көріне бастағанда жұрт ішінен: "қайран ақтотыдай сайрап тұрған қыз, аузын ашпас білімсізге қор бола ма" деген сыбыстар көбейген екен. Әкем бата бұзбаймын, серттен кетпеймін, бұйрықтан аса алмаймын, арыма таңба түсірмеймін деп, 1912—13 жылдары әпкемді ұзатқан екен. Неден екені белгісіз, әйтеуір әпкем ұзатылып барған соң, бір жылға жетпей дүние салды. Ел бұған қатты қайғырды. Әкем өмір бойы қызының мезгілсіз өліміне күйініп жүруші еді. Бәлкім, өзі өкініш өртін тұтатқанын сезген шығар. Осы өкініш оның өзге қыздарына деген көзқарасын, тіптен бүкіл әйел қауымына деген ұғымын өзгертіп жіберіпті. Үнемі қамқорлықпен қараушы еді.

Ауыл жатаған кесек үйлерде қыстап шығатын да, көктемде алыс жайлауға қоныс тебетін. Шабындық пен егіндікті ат тұяғы шиырламасын деп, содан күз түскенше мал біткенді жайлаудың бір танабынан екінші танабына көшіріп жүрер еді. Ауыл адамдары егінді аз егетін. Ағаш соқамен аздаған жерді атыздап жыртып, дән сепсе болды деп жүре беретін. Тек күзде ғана егін оруға оралады.

Егінді қол орақпен орып, ат тұяғымен бастырушы едік. Мұндайда әсіресе ат тізбегін шыркөбелек қуалап, айқайшуға қарық болып қалатын да балалар, жұрттан көңілді жүретін де балалар. Ақыры тамағымыз қарлығып, әбден шаршағанымызда айдауға түскен малдарды еркіне жібереміз. Сонан соң үлкендер сабанын екшеп, дән суарар еді. Жел тұрғызу үшін, бар бала жиылып ысқыратынбыз. "Жел шақырғанға келеді" деген сөзді онда жиі еститінбіз. Астық суырып, ақ сабанынан тазалаған соң қалбырға салып елейтін. Онан соң барып бала біткен дәннің ірі тасын теруші едік. Үлкендер астықты тақиядай етіп үйетін де, шынтақтап өлшейтін. Сол арқылы қанша батпан өнім алғанын есептеп шығарады. Ауылдың ақсақалы қызыл қырманға келіп, үйілген дәннің жанына тізерлеп отырар еді. Береке сұрап, молшылық

тілеп, ырыс дәметіп алақан жайып, ақ тілеу арнайтын. Дәннің алдын қапқа сонан кейін ғана кәсіп салатын. Диқан бабаның берген ризығынан әркім нысабына қарай қаптап-дорбалап алатын. Ешкім де бір-бірінің қолын қақпайтын мұндайда. Өйткені, егін жинап-бастыру, дән тазалап, екшеу сияқты бар тірлік ортақ күшпен, асармен біткен соң, жемісі де ортақ деп білетін олар. Бала кезімде егіншінің осындай әдемі дәстүрін көріп едім. Кейін орыс диқаншыларымен іргелес қонып, отырықшылыққа үйрене бастаған ауыл адамдары бірте-бірте жерді сапалы жыртуды, егінді бабымен егуді үйрене бастады. "Аттың жалын қамыт қажап, ат сауырын қайыс соққылағанның несі жақсы" дейтін қазақтар, жерден алған жемістің дәміне түсіне келе. Сонан соң орыстармен ортақтасып егін салуды әдетке айналдырды.

Ал тақыр кедейлер байлардан күш-көлік, киім-кешек, тамақ алып, дән сепсе, өз жерінің өніміне өзі қожа бола алмай, түсімнің төрттен бірін ғана иемденіп жүрді.

Көшпелі тірліктің көлемі тарылып, ауқымы азая бастаған сайын, егіншілік ұлғая берді. Малды ауыл қыс бойы Қаратаудың ар жағын жайлап, ерте көктемде елге оралар еді. Сөйтіп, кедейлерге қос беретінді шығарды. Біздің Үсен әулетінен Нияз байдың тұқымдары жарлыларға қос беріп-ақ табысқа белшесінен батып жүрді.

Біздің үй қосқа жалдануды білмейтін. Өзінің шағын тіршілігін күйттеп, қысы-жазы елден ұзай қоймайтын. Оның есесіне Үсеннің бір бұтағы Баймен мен Тойтабайдан тарағандар коллективтендіру кезеңіне дейін жалшылықтан арылып көрген емес. Жұпыны шаруасымен жұрт қатары тірлік ететін үсендіктер, байлығы тасыған Нияз ұрпағына қарағанда, өздерін бір-біріне жақындау сезінетін. Кейін жұтқа ұрынып, жұтап қалған Нияз ұрпағының жарымы әлгі қара-байыр ағайындарының қатарына қосылып жатты.

Менің әкем үлкен үйдің иесі есебінде үсендіктердің ішіндегі құрметтісі саналатын. Диқан ауылы әкемді мүлтіксіз тыңдап, оған арқа сүйеп отырушы еді. Нияз ұрпағының екінші жартысы 1925 жылдары бір тойдың жан-жалына килігіп, мал-мүліктен жұтады да, біздің диқаншыларға қосылған болатын.

* * *

"Соғыс" деген сөзді қашан естігенім жадымда жоқ. 1916 жылдың оқиғаларын дәлме-дәл елестете алмаймын. Әйтеуір әйелдердің жас төккені, ерлердің үрейлі жүзі, күннің тұтылғаны көз алдымда.

Елге келген жолаушылар: "Жұмысшылар алып жатыр! Жұмысшы қолы керек екен! Ор қазуға жұмсайтын көрінеді! Жер қаздырады!" деген суық хабарларды қаптатып жіберген.

Әлі ауылдан ешкімді шақыртпаса да, әлгі хабарлардың өзі-ақ көзге жас, көңілге қайғы әкеле бастаған еді. Күні бұрын күңіреніп, зар илегендер де табылды: "Енді қайтем, қарағым-ау? Соғысқа сені де шақыртар күн жеткені ме шынымен... Жарығым-ау, қандай амал табайын" деп еңіреген аналардың көз жасын көргенде, жас жігіттер абыржып, еркінен айырылып қалғандай болушы еді. Күңіренген ауылда күй болар ма. Бұрынғы ән-жыр төгілетін көмейлерден зар шертілсе, ауылда не сән болар. Күндіз-түні қабақтары ашылмай, мойындарына бұршақ салып, тілеу тілеген әжелер, бебеу қаққан аналар, мұңайған жас келіншектер бар тірлікті ұмытқаны сонша, мал-мүлік тұрмақ, біз сияқты бала-шағалар да назардан тыс қалып қойып едік. Амал таппай, бастарын тау-тасқа ұрған ерлер алдымен көз көрмес жаққа көшпек болды. Онан соң әскерге адам жинаушылармен белдесіп, ұрыспаққа бекінді... Одан болмаған соң, жас жігіттерді жекжат-жұраттарына, туған-туыстарына, нағашыларына жедел жөнелтіп жатты. Бұл аласапыран бірнеше күнге созылды. Үлкендер әлде-қайда бір жиынға барып, суық хабармен оралып жүрді. Ақыры әйелдер көз жасын тыйып, белдерін бекем буып, үй басынан қаржы жинай бастады. Шөп тартып, жігіттердің бағын сынауды шығарды. Сонан соң шөп түскен жігіттерді ауыл болып улап-шулап, станцияға аттандырысатын. Кешке қарай әлгі "әскерге алынғандар" қайтып оралады. Еріп барған ел жақсылары: "жастарды бастықтан құн төлеп алып қалдық" дейтін. Қайтадан түңлік басы әскерге берер адам іздеуге көшкенде, ауылдан он жігіттің орнына жалғызбасты Қожамқұл жарлыны ғана бодау ететін. Оған жылы киім кигізіп, үй басы қаржы жинап, көп болып станцияға дейін шығарысады. Тап сол күні кешке күн тұтылып, батыс жақ үрейлі күлгін түске малынып еді.

"Күн күйді! Күн күйді!" десіп, жамандыққа жорып, зарлаған әйелдердің үні құйқа тамырыңды шымырлатады.

— Ақыр заман! Ақыр заман келеді!— десіп, ел қорқынышпен күбірлеседі.

— Бір шеттен молда шығып, азан шақыра бастады.

— Алла акбар, алла акбар! Иля и ляха илалла, ля иля-ха илалла! Мұхаммед расулла. Мұхаммед расулла! Алла акбар! Алла акбар! Ля иляха иллала!— деп күңірентіп ала жөнелді.

Азан уақытында жұрттың бәрі сілтідей тынып, іштей дұға қайырып отырды. Әкем мен көкем Қожамқұлды аттандырып

салушылармен бірге кетті. Мен әлдебір беймәлім кесепаттың келгенін жүрегіммен сезгендей шошынып, әжемнің етегінен жармасып алдым.

— Бисмилля де! Бисмилля де!— дейді әжем менің сұпсұр өңіме үңіліп.

Жұрт ес жиып, өзді-өздеріне келгенше, күн бетіндегі қара дақ қайтып та қалған еді. Мұны көргенде, бәрі шу ете түсті.

— Ә, құдай! Ә, тәңірім, жар бола гөр!

Әйелдер енді қуаныштан жылап жүр. Бәрі молдаға табынып, ақыр заманнан алып қалған нақ бір соның өзіндей, тағзым етіп жатыр. Әркім атаған құдайларын, сый-сыяпатын да молдаға төге бастады.

Сол кештен бастап ел бір апта бойы құрбандық шалып, құдайы таратумен болды. Үлкендер "құдайың қабыл болсын" деп, дәмді етке кекіре тойып жүрді. Біз болсақ солардың сарқытына мәз боп, кешегі үрейлі күнді ұмытып та кетіп едік. Ел жадырап, еркін тірлігіне қайта ауысты.

Бірнеше айдан соң, Қожамқұлдан хат алдық. Өлеңмен жазылған екен. Қожамқұл алыста жүріп, ауылды аңсағанын, жат жерде жалғыздық шеккенін көңілі қайғыға, көкірегі зар болып жабығып жүргенін жырмен шағынып айтыпты. Ауыл адамдары бас қосқан жерде сол хатты оқып, көздеріне жас алысатын. Әркім жаттап алып, елден-елге таратып жіберген еді.

Мен әлі күнге дейін Қожамқұлдың сол хатынан кейбір жыр жолдарын ұмытқам жоқ.

Кір жуып, кіндік кескен жер, аман бол,
Шортандай жүзген айдын көл аман бол!
Бір басы ер жігіттің не көрмейді,
Келгенше біздер кайтып ел аман бол!

Не келіп, не кетпейді ер басына,
Ермейді ер жігіттің ел қасына.
Келерміз төрт-бес айда елге қайтып,
Аз уақыт ойнап жүріп ор басында.

Қожамқұл хат танымайтын. Оның үстіне жыр шығарып көрген емес. Шамасы окопта жатқан қазақтар елін сағынғанда елжіреп отырып, бірігіп өлең жазса керек. Жазу білетін біреуі қалаған кісінің бәріне көшіріп берген сияқты. Ел сүйген азаматтардың осы бір шынайы жыры бала күнімнен жүрегімде қалып қойыпты.

Бүкіл ауыл болып Қожамқұлға қаржы жіберіп тұрды. Айтқандай-ақ бір жылдан соң, ол елге аман-есен оралып, баршамызды қуантқаны бар. Әр үй кезекке тұрып, Қожамқұлды таласа қонақ ететін болды. Жаз бойы біздің ауылда сыйлы

адам болып жүрді де, кейін сый-сыяпат жиып алып, өзінің қара жұмыста бірге болған тағдырлас жолдастарының еліне аттанып кетіп, содан қайтып оралған жоқ.

Алғашқы империалистік соғыс жайлы менің есімде қалғаны осы еді.

* * *

Ел "жаманшылық жылы" немесе "жылан жылы", "ашаршылық жылы" деп атаған сонау 17-18 жылдардың ауыртпалығы есімде қалып қойыпты.

Екі жыл қатарынан біздің жақта құрғақшылық болып, жерден дән өнбеді. Көктемнің өзінде-ақ көгеріс шөп қурап, айнала сартап болып, сазара бастаған еді. Малдың аузына қорек ілінбей, сар даланы кезіп жүрді. Оның үстіне қыс та құтырынып келіп еді. Қолда қоры жоқ кісіде не шара болсын. Қыстың алғашқы күнінен-ақ мал бейшара жаппай қырылды. Қора іші өлексе сасып, қаңси берді. Қорадан мал, қолдан амал кеткен. Адамдар шамасыз, шарасыз қайғыға түсті. Осылайша олар келесі көктемді құр алақан жайып қарсы алды. Біздің малдан небәрі үш ешкі аман еді. "Жуанның созылып, жіңішкенің үзілер шағы" түскенде, сол үш ешкінің шандырын тартқылап амалдадық. Аз ғана сүтке су қосып, ағарған атын көбейткен боламыз. Шалап болса да, талшығымызға жарайтын сол еді. Кейде әкем үй мүліктеріне айырбастап, бірер қадақ ұн әкелсе, быламық көже ішіп, көтеріліп қаламыз.

Сол жылы көктемде Бурное станциясына шойын жол тартылды да, бұл жер сауда-саттықтың қызу орталығына айналды. Әкем жарты пұт ұн, бірнеше қадақ құмшекер тапқан еді. Станциядан жатақ үй қарастырды да, көкем мен әжемді сонда орналастырды. Сөйтіп әлгі ұн мен шекерді әжем мен көкем базарға сатып, азын-аулақ пайда түсірмек. Әжем мені өзімен бірге ала келді. Еңселі үйлерді, ығы-жығы көшені, сапырылысқан сан халықты, ауқымды құрылысты алғаш көргенім осы еді. Бұрын есектің ақырғанынан күшті дауыс жоқ деп жүруші едім. Сөйтсем, паровоздың жай ысқырғанының өзі құлағыңды бітеп жіберердей, ащы келеді екен. Бір күнде көрген жаңалығым мен әр түрлі әсерден қатты шаршаппын. Ауыл мен станция арасы төрт шақырымдай еді. Мені шаршатқан жолдан бұрын жолай көрген қызықтарым сияқты. Әкем бізді әкеп салды да, қайтып кетті. Әжем болса бірден өз тірлігін қамдастыра бастады. Мені төсекке жатқызған соң, өзі ұн мен құмшекерді араластырып, жент жасай бастады. Әжемнің қимылына көз салып жатып, ұйықтап кетіппін.

Таңертең әкем келіпті. Көзімді ашсам, үйдегілердің бәрінің жүзі қуарып отыр екен. Үрейленіп сыбырласады. Еш нәрседен бейхабар жатқан мен: "не болды?" деп ұшып тұрыппын... Алайда әжем басымнан сипады да: "Ұйықтай бер, құлыным" деп сыбырлады.

Үй-іші дымқыл тартып күңгірттенеді. Төбеден тамшы ағып тұр. Түнде нөсер жауын жауған еді.

— Жоқ, апа,— деді аз үнсіздіктен кейін әкем,— жиналыңыз, ауылға қайтамыз. Тәуекел дейтін түк те қалған жоқ. Көк піскенше амалдап күн көрерміз.

— Мен өзім қала берейінші,— дейді көкем. Әкем ашулана тіл қатты.

— Саған сенген тәуекелің бар болсын!

Тез арада жиналып та үлгердік. Төртеуміз тысқа шықтық. Көрші үйдің, алдында, неге екені белгісіз, жұрт топталып тұр. Біз жылдамдатып өте шықтық. Жолай әжемнен ұққаным: "көрші үйде бір жапырақ нан үшін адамды тамақтап өлтіріп кетіпті",

Енді көкем үйде бадырайып отыра алмайтын болды. Жаяулатып Қаратау жақтағы әпкелеріне тартып кетеді. Мінер көлік жоқ. Алайда ол жақтан көкем құр қол салбырап қайтып келіп тұрғаны.

Ауылымыздың екінші қапталынан Ташкент — Пішпек (Фрунзе) тас жолы өтуші еді. Біз оны "Қара жол" деп атайтынбыз. Мыңбұлақтың, бір көзі — Көлбастауда почта станциясы болатын. Көкем сонда барып, ат айдаушы болып орналасты. Әжем көкеммен бірге сол "Бекетке" кетті. Үйде қалғандарымыз ақ шалап пен быламықты қанағат тұтып отыра бердік. Бір күні әкем жолаушылап барып, көгеріп кеткен екі қап бидай әкелді. Сол бидайды қайнаған сумен жуып, кептіріп, шетінен қуырып жеп, қаужалақтап қалдық.

Біраз уақыттан соң күн жылынып, жер кебе бастады. Әкем ары-бері шапқылап жүріп, өлмес ауқат тауып жүр. Бір күні ол бірнеше қадақ құмшекер, жарты пұт ұн және бір түйір шай әкелді. Мұны советтік азық-түлік комитеті көмекке беріпті. Сүт көже жасап, аздап тойынып қалдық. Күн көзі әбден жылынған соң, әкем мені ертіп "Бекетке", әжеме әкелді.

Әжем қатты сағынған екен. Бізді көргенде көзіне жас алып, босап кетті. Бәріміз де жүздесіп, жадырап отырмыз. Әкелген шай-қантымызды, ұн мен жармамызды бердік. Көкем жолға шығып кетіпті. Барлық ат айдаушылар ұзын сарайға ұқсас жатақта тұрады екен. Жағдайлары мәз емес.

Біз көкемнің келуін күттік. Көкемнің қуанышында шек жоқ

еді. Мені аймалап сүйіп, аспанға көтеріп, әпкелерімнің халжайын сұрап жатыр. Біраз шүйіркелесіп отырған соң, әкем мен көкем станция бастығына кетті. Біржола есеп айырысып, жұмыстан босап қайтып келді. Көп аялдамай, төртеуміз ауылға қуанып қайтып едік. Әжем ат айдаушылардың әйелдерімен, бала-шағаларымен көңілді қоштасты.

— Құдайға шүкір, немерем келіп ертіп барады. Тәңірім бұл қуанышқа да жеткізді. Сендер де жақсылыққа жетіңдер,— деді әжем жолға шығар алдында.

Жолай әжемнің досы — Иманқұлдың үйіне аялдадық. Әйелі бізді айранмен сусындатып, барын алдымызға тосты. Жолға шығарда Иманқұл бұзаулы кер сиырды алдымызға көлденең тартты. Әкем ақшасын төлеп, көкеме жетелетті. Иманқұл бізге бір пұт тары сыйлап, қошеметпен шығарып салып еді.

Ауылға келген соң, ақ көбейіп, аузымыз қою айранға тие бастады.

Сөйтіп жүргенде май айы да туған еді. Көкем төрт күн бойы жер аударып, оған тары септі.

Әпкелерім даладан әлдебір шөптерді теріп әкелетін. Қандай шөп екені есімде жоқ. Әжем сол шөптерді сүтке қайнатып, кейде құр суға салып, ас жасайтын. Біз соны жеп, қанағат етеміз. Бірде сондай көк сорпаны ішкен соң, бір сағат өтпей жатып шетімізден баудай түсіп құлағанымыз бар. Менің жағым қарысып, көзім тұнып кетті. Басым айналып, лоқси бердім. Әжемнің зәре-құты қалмады. Әрқайсымыздың басымызды бір сүйеп, зыр жүгіріп жүр. Жалма-жан сиырдың желініне жабысып, сүт сауып әкелді. Сол сүтті кезек-кезек біздің ернімізге тосады. Кешке келген әкем мен көкем біздің қирап жатқанымызды көргенде, көздері шарасынан шыға жаздады. Біз белгісіз шөптен уланып қалсақ керек. Содан бастап көк сорпа жасауды мүлде доғардық.

Әкемнің астына ат бітіп, ауыл-елді аралай бастады.

Көкем үйден ұзаған жоқ. Іргемізге бөтен бір бай адамы қоныс тепкен екен. Көкем сонда барып қойларын қыр-қысып, қозыларын отап, жалданып жүрді. Кейде станцияға барып жүк түсіріп, тапқанына бір бөлке нан әкелетін.

Әкем төрт қозылы қой әкеліп тастады да, қайтып жол жүріп кетті.

Бір айдан соң, үйге өгей шеше алып келді.

Осылайша қаз тұрып, қаңбақша қалтырап жүріп, екінші жылды да аяқтап едік. Көршілеріміздің көбі күн көріс қамымен жан-жаққа тарап кеткен. Солардың кейбірі үшінші жылы ғана

бас қосты. Бұл жылы ел мемлекеттен тұқымдық қор алған еді. Патша құлапты, "қызылдар" мен "ақтар" айқасып жатыр дегенді сол кезде естідік. Үлкендер: "күніміз туды, кедейлердің таңы атты" десіп жүрді. "Енді патшаның шабармандары халықты қалай алдайды. Елмен елді, адам мен адамды теңестірген заң шығыпты" дескен жұрттың қуанышында шек жоқ еді. "Қара тізім" жасалып, байлар соған тіркелді. Алты ай сайын сайлау жүретін болды. Старшындар дамылсыз ауыса берді. "Қосшы" одағының бастығы сайланатын болды. Жаңа заман, жаңа заң, жаңа тірлік жайлы, ұлы төңкерістің көсемі Ленин жайлы ел жиі айтатынды шығарды. Совдептің төтенше өкілдері келе бастады. Басшылар кедейден сайланды. Әрбір он үйден бір белсенді сайланатын еді. Сол белсенділердің ішінде көкем де жүрді. Оны талай рет ауылсоветтің председателіне де сайлады.

Жаңаша жер бөліс орнады. Бұрын кедейдің жерін иемденіп, шалқып отырған байлар жерінен айырылды. Жерді кім баптаса, сонікі болды. Жұрт иығы көтеріліп, жаңа өмірге жұмыла құлаш ұрды. Бас-аяғы бес жылдың ішінде бәрі тойынып, қабағы жадырап, қайғысы азайып еді.

Әкем мені арабша, орысша оқуға үйрете бастады. Есепті де үйретіп жүрді. Әр түрлі тірлікке араластырып, бұғанамды қатайта бастағанын сонда сездім. Ат суарып, ақырға жем салу, өгізге мініп, тас бастыру сияқты жұмыстар енді менің де қолымнан келе бастады.

* * *

Біздің Өтеулі тұқымынан Бабас дейтін кісі өткен. Бабастың Қабаш атты інісі болыпты. Қабаш жекжат-жұрат, тамыр-таныстарды аралағыш екен. Бір аттанса, үйіне айлап оралмайтын әдеті болса керек. Үйге келуін келгенмен, байыз тауып отыра алмайтын көрінеді. Ертерек ел қыдыруға шыққанша асығып жүреді екен. Осындай кезекті бір сапар алдында атын ерттеп жатқан інісіне Бабас тіл қатыпты:

— Ей, сен қайда тағы да...

Інісі де ожарлау болса керек. Ағасын қағыта сөйлепті:

— Сендер сияқты қашанғы үйкүшік болып отырайын. Ошақ түбін аңдуды саған-ақ бұйыртсын. Менің қатыным жоқ, балам жоқ. Салт басты, сабау қамшылы, арқам кең адам емеспін бе. Сен-ақ қатыныңды құшақтап жата бергін.

— Қабажан-ау, қолымызды мал қысқартып отыр ғой. Әйтпесе отау тігіп беріп, келінімнің қолынан дәм татып отырмас па едім.

Ағасының мына мөймөңке сөзіне Қабаш тағы да қияс жауап беріпті:

— Қолың ұзарғанша жолым ашық шығар. Менің қайда жүргенімді қадағалап қайтесің,— деп аттанып кетіпті...

Содан Қабаштан хабар болмай, үш айдың жүзі өтіпті. Бабас қобалжып, үй-іші үрпиісе бастаған екен. Осындай бір күпті күні Түлкібастағы Темір руының адамдары Қабаштың қолын байлап, ауылға алып келіпті.

Қашан да даушының даусы өктем шығатын әдеті емес пе. Қабаш болса, қабағы түсіп, елге қарай алмай, жер шұқылап тұр. Оны байлап әкелген жігіттер ел адамдарына қамшы үйіргендей, қара бұлтты төндіре сөйлейді.

— Мінеки, мынау сұмаяқ, суыққол туысқандарыңды Шымкент базарынан ұстап әкелдік. Ауылымыздан ат ұрлап, әкеп сатқалы тұрған жерінен тұтылды бұл бетсіз...

Бабас қатты абыржып, қалбалақтай берсе керек. "Ел арасына жік түспесін, ала жіп аттаған алаяқ атанбайық" деген намыс іші-бауырын жегідей жеген жайы бар көрінеді.

— Айналайындар-ай, амалым қанша! Қатар жатқан ел едік. Алыс-беріс, барыс-келісіміз жарасқан ауыл едік қой. Аттан түсіп, аяқ суытыңдаршы тым болмаса. Дәм үстінде, дастарқан басында отырып келісімге келелік. Айып бізден, ағайын, ауыртпалықтарынды көтеруге әзірмін,— деп Бабас қол қусырып, тізе бүгіпті.

Жоқ іздеп, ұрысын ұстаған ауылдың жігіттері ат үстінде шатқаяқтап, шамалары келгенше шіренсе керек. Бабас онан сайын шыжғөбектеніп жалынады.

— Тілегімізді қабыл етіңдер. Жерге қаратып кете көрмеңдер, айналайындар.

Айыптының жүзі төмен ғой, ауыл адамдары Темір елінен келген жігіттерді жүгіріп жүріп күтіпті. Аяғының ұшымен кіріп, қаңбақша қалқып, дамыл алмай дастарқан тасыпты. Бәрі де мал иесі қуғыншылар мен дау иесі — билердің алдына шала жүгініп, қызмет көрсетіпті. Мейлінше ағыл-тегіл шашылады.

Қуғыншыларды Әлмембет бидің баласы басқарып келген екен. "Олар да бірқауым ел ғой. Жөн-жобасын білетін кісілер бар шығар. Мына жігітті ауылына алып барыңдар. Бір жылқының дауын өздерің-ақ шешерсіңдер" деп, кіші баласы мен үш жігітті жұмсаса керек.

Бидің өзі келсе, салмағы ауыр түсетініне түсінген біздің елдің билері лайықты жөн-жоба таба алмай, қиналып отырғанда, Бабастың өзі ретін тапқан көрінеді:

— Менің алты қарам бар. Енді тағы да алты қара керек.

— Бұның қай сасқаның. Алты қара іздегенің не?— деп билердің біреуі сөзіне араласыпты.

— Е-е, ақсақалдар-ай, әйтеуір көңілден шығып, көпке түрткі болмасақ дегенім ғой. Тоғыз қара айыпқа деңіздер. Ал қалған үш қара сіздердің әділ қазылықтарыңызға төленеді.

Мұны естіген билер тапқыр шешімге тәнті болған екен.

— Дұрыс айтасың, Бабас. Әлмембет бидің келгенінен келмегені бізге ауыр тиіп тұрғанын түсініп айтқан сөзің ғой, бұл...— деп күрсінеді би.— Ал онда не отырыс бар, әлгі жетпей жатқан малыңның біреуін мен берейін.—Ой-бай, биеке! Жасыңызға құлдық,— деп Бабас қол қусырып орнынан ұшып тұрады.— Сабыр ет, Бабас. Әлі сөзімді аяқтаған жоқпын,— деп би қолын сермеп, менің бабам Имашқа қарапты.— Ал Имаш Әжібаласы не бермек.

— Біз де бір жылқы береміз ғой, биеке.

— Ақабай-ау, Имаштан сенің жолың үлкен емес пе. Сенің лебізің қалай екен,— дейді би біздің ұрпақтың үлкеніне.

— Біз де қатардан қалмаспыз, биеке. Би аз үнсіздіктен соң, бәсең үнмен төңірегіндегі билерге тіл қатыпты.

— Иә, енді міне тоғыз қара болды...— деп жер шұқылап отырады.

— Жетер осы да... Өзге билер бір жолға тілегімді аяқсыз қалдырмас деп үміттеніп отырмын. Осы жолы екі тізгін, бір шылбырды маған беріңдер, кейіннен көре жатармыз.

Өзге билер әділдікке жүгініп, әлгі уәждің алдын кеспепті.

— Сіздікі жөн, сіздікі жөн,— деп бәрі де құп алады.

Осылайша Бабастың есебінше жетпей жатқан үш қараның да орны толыпты. Айып төленіп, даушылар ауылдарына аттанады. Барын беріп, қара жерге қарап қалған Бабастың үйі ескі қоныстан көтеріле алмай, отырып қалған екен. Ел маңынан өткендер "қарақшылар қонысы", "ұрының ұясы", "алаяқтар ауылы" деп өтетін болса керек. Қара таңба әркімнің бетіне шіркеу болып, жүздері төмен жүреді.

Тіптен бас қосыла қалған жерде әлгі айғақты ат бадырайып шыға келеді екен. Бірде сейсенбі базарына барған біздің базаршыларды біреулер мұқатыпты:

— Е-е, сендер ұры ауылының жігіттері екенсіңдер ғой.

Бұл сөзге жауап қата алмай, ауыздарына құм құйылған біздің жігіттер, іздерінше ат басын ауылға бұрған екен. Базаршылардың алдынан шыққан ел құралақан жігіттерді көріп, аңтарысып қалған көрінеді.

— Неменеге тесіле қалдыңдар. Елге қарауға бетіміз күйіп, "ұры" деген атақтан қашып келіп тұрмыз,— дейді базаршылар.

Мұны естіген Бабас қайғыдан қатты күйіп, қаһарға мінген екен. Қабаштың шашын ұстарамен қырыпты. Сонан соң құйқасын мандайынан желкесіне дейін, оң самайдан сол самайына дейін тіледі. Басына жарғақ тұмақ, үстіне айналдырған тон кигізеді де, қолына таяқ ұстатады.

— Енді қайда барсаң, онда бар. Сендей арам ағайыннан адал арым артық,— деп теріс батасын беріп, ата қоныстан аластап шығарған екен. Ол заманда қарғыс ауыры "теріс бата", жазаның үлкені "қасқа" етіп әйгілеп, елден қуып, қаңғытып жіберу болыпты ғой.

Сол Бабастың кенже ұлы Орманқұл менің көкем Момынқұлмен жасты еді. Нағашымыз Текебай бидің кенжесі Құлжабай да бұлармен құрдас болатын.

Орманқұл қырықтан асқанша кедейлік қолын кесіп, үйлене алмаған. Ал Құлжабайдың атастырып қойған қалындығы өліп, оның 8—9 жастағы сіңлісінің бой жетуін күтіп, амалсыз жүрген кезі екен. Ол кезде қос бойдақтың да жастары отызды иектеп қалып еді.

Қысқы шілде кезінде құтырынған боранның құрсауынан шыға алмай, Құлжабайдың ауылда жатып қалғаны бар.

Құлжабай мінез жағынан ағасы Серкебайға мүлдем тартпаған. Ол сабырлы, биязы, өзін-өзі қай жерде болса да, қай ортада болса да, ұстай білетін байсалды, орта бойлы, қара торы жігіт еді.

Сондағы боз боранға қарамай, ол Момынқұлды ертіп алатын.

— Жүр, малтамға барып, қайтайық,— деп қымтана киініп, үйден шығып жүрді. Аздан соң қас-кірпігіне дейін қар болып, қайтып келді.

— Уһ! Астапыралла-ай, мұндай боранды кім көрген. Ұйытқып ұлып, үйіре борап тұр ғой тегі. Көз қаратар түрі жоқ. Тыныс алдырмайды. Жотаның жазы жақсы болғанмен, қысы тапа қиямет қайымның өзі ғой,— деп киімдерін шешіп, қарын сілкілейтін.

Мұндайда қысқа күннің өзі ыбылжып тұрып алатыны бар ғой. Бәріміз үйге сыймай, ермек іздейміз. Содан кешкі тамақтан соң, ертегі, жұмбақ, күлдіргі әңгімелер айтып, Құлжабай бізді еліктіріп отырушы еді.

— Ой, шырағым-ай, сен болмасаң, әсіресе мынадай қарлы күн, қараңғы түнде ішіміз пысып, жарылып кететін екенбіз ғой. Тіптен сенің айтып отырғандарың мына балаларға рақат болды-ау,— деп әжем Құлжабайға алғыс айтып отыратын.

Бір кеште ол "Сұр мергенді" айтып берді.

Екінші кеште "Сұр мергенді" асықпай қайталады. Момынқұл көкеме жаздырып отырды.

Менің екі құлағым соларда болатын. Үшінші естігенде, мен өзіне айтып бергенімде:

— Оу, Бауыржан-ау, өзің құйма құлақ екенсің ғой, шырағым,— деп Құлжабай арқамнан қақты.

— Е-е, нағашысына тартқан ғой,— деп әжем мақтанып қалды.

Оның ертеңіне әкем аспаптарын құрып, Момынқұл су жылытып, балшық иледі. Одан әкемнің айтуынша, қалыптар құйды. Мен үлкен табаншаның үстіне ағаштан күркешелеп отын жағып, көрік басып отырмын.

— Ал, апа, күн қысқарсын, бәріміз де тірлік істеп отыралық,— дейді әкем өжеме. Сөйтеді де әр жерде шоқшиып зерігіп отырған қыздарды нұсқады.— Сіз мыналарды да қарап отырғызбаңыз, апа.

Әжем орнынан тұрып, үлкен алашаны бөлменің бір босағасына жаяды.

— Сен, балам, ауызғы бөлмеден бір қап жүн алып кел,— деп қыздардың үлкені Үбианды жұмсайды. Өзі мүйіштен екі ұршықты әкеліп, алашаның төр жақтағы бұрышына қояды. Үбиан алып келген жүнді алашаның ортасына үйіп, қыздарға орын көрсете бастайды. Өзі де көрпешенің үстіне жайғасады. Әжем бәріне тиесілі жұмысын тапсырып жатыр.

— Сен, Әлиман мен Құрманкүл, екеуің жүн түтесіндер. Асықпай, үлпілдетіп жібекше түтіңдер.

Екі қыз әжемнің айтқанын екі етпей, іске кірісті. Енді әжем Үбианға бұрылды:

— Сен мына ұршықтың біреуін қолыңа ал. Екеуіміз жіп иірелік.

Жалтақтап отырған келіндеріне көзі түскен әжем оларды да құр қол қалдырған жоқ.

— Үйлеріңді сыпырып, ыдыс-аяқтарыңды жуып, күлдеріңді шығарып, қазан-ошақтарыңды реттеп, тамақ пісірудің қамына кірісіңдер. Сендерге сол да жетер.

— Әпке! Маған да бір нәрсе жүктесеңізші...

— Сен қонақсың ғой, қарағым!

— Қашанғы қонақ болып отыра бермекпін, әпке.

— Ыңылдап өлеңіңді айтып отыра берсеңші, қарағым Құлжатай,— дегенде бәріміз күліп жібердік.

— Тоба, сондай да тірлік болады-ау,— деп Құлжабай да күліп жатыр.

Жүн түтіліп, ұршық иіріле бастады. Көрік басылып, көмір

оттанып, күміс еріп қалыпқа құйылды. Қорытындының беті қарайып қатая бастағанда, оны қысқашпен алып, темір тегенедегі суға тастап жібергенде, су баж етіп шашырап, буы бұрқырайды. Суыған күміске төс үстінде балға соғылады. Осылайша әрқайсымыз өз тіршілігімізбен отырғанда байқамаппын. Қайдан алып келгенін білмеймін, Құлжабай жуандығы сұқ саусақтай, ұзындығы төрт-бес қарыстай талшыбықты бәкісімен жонып отыр екен.

Сөйтіп, біздің үйде "өндіріс цехтарының" жұмыстары қыза бастады. Біреумен біреудің ісі жоқ. Әркім өз тірлігін үделеп отырған.

Түскі тамаққа қою майлы быламық істелген екен. Сол кездерде біздің ауылда сұйық тамақты да "екеу ара", "үшеу ара" табақтасып, бір қасықпен ішегін әдет бар еді. Быламықтың түрі де көп болатын. Ең сұйығын "атала", күбіге ашытса "ашыған быламық", айран қатса "ақ быламық", сүтке пісірсе "сүт быламық", тек суға пісірсе "қара быламық, оған құрт езіп қатса "құрт быламық", май салса "майлы быламық" деуші еді.

Құлжабай тамақ үстінде быламық туралы талай күлдіргі сөздер айтып отырды...

Алыс жолдан арып келген екі жолаушы бір үйге түстенгелі ат басын тірепті. Үй иесі шайдан кейін өзге раует білдірмей, тымпиып отыра берсе керек. Қарны тойып, қабағы жадырамасын білген жолаушының біреуі тысқа шығып келген соң, серігіне "аттаналық" деп тықыр салыпты.

— Тұр, енді аттаналық. Отыра бергенмен оңала қоймаспыз,— депті.

Серігі орнынан қозғалғысы келмей, қипақтай берген екен.

— Әй, тұрсаңшы енді...

— Досым-ау, қалай тұрайын. Жай-күйім өзіңе әйгілі ғой,— деп мынадай өлең айтқан екен:

Ішсем тамақ болмайды шай антұрған,
Әйтшу десем жүрмейді тай антұрған.
Ат бер десем бермейді бай антұрған,
Шай шіркінді шығарған қай антұрған.
Шу дегенде суырылған құла мықты,
Сыныңыңды бекіткен сына мықты.
Қалай ғана құр ауыз аттанайын,
Тым болмаса қимады-ау быламықты.

Біздің елде жұқпа дейтін тамақ болады. Қамырды жұқалап жайып, ыстаған қазан түбіне кептеп жапсырып пісіреді. Қамыр жабысып, күймес үшін, қазан түбін құйрықпен майлап отырады. Жұқа піскен нанды қатырма дейді. Қатырманы суға не

сүтке салып пісіріп, былбыратады да, үстіне сары май салып, орап дастарқанға қояды.

Бір үйге қонақтар түсіпті. Үй иесі сараң бай екен. Аузынан берекелі сөз шықпай, әйеліне қайта-қайта "қонақтарға жұқпа істеңдер, жұқпа істеңдер" дей беріпті.

Пейілі тар үйден тамақ ішіп, жарымасын білген қонақтардың үлкені мұқата сөйлепті.

— Байеке, сонша "жұқпа-жұқпа" дей бердіңіз. Жұқпайтын болса, құдағиды әурелеп қайтесіз,— деп орындарынан тұрып, шығып кеткен екен...

Осы сияқты әңгімелерді көп білетін Құлжабай нағашым бізді күлкіге қарық қылып отырушы еді.

Түскі тамақтан кейін Құлжабай шыбықтарын қайтадан жонуға кірісті. Кейбіреуін істіктеп, үстіктеп жатыр. Жуандау шыбықтың екі ұшынан ұстап иді де, алға созып қарады. Кендір жіппен екі басынан байлап тартты. Ұшталған шыбықтың біреуін алып, өзі жасаған "садақпен" кірер есіктің маңдайшасын көздеп атты. "Оғы" нысанаға дәл тиді.

— Мінеки, Сұрмерген осылай "атқан" — деді.

Отырғандар күлісіп, біз сияқты балалар мәз болып жатырмыз. Әрине, садақты маған берді. Содан бастап мен ауылдағы садақшы "Сұрмерген" атандым...

Боран саябырси бастады. Үлкендер ауа райын болжалдап:

— Әй, ертең жоқ, арғы күні қойып қалар,— десіп отырды.

Айтқандай-ақ боран да басылды, күн де ашылды. Бұғаудан босанған долы арыстанша қайраттанып, Момынқұл мен Құлжабай үйдің маңдайшасына дейін басып қалған үртік қарға күрек салды. Күреген жоқ, текшелеп ойып, лақтырып есік алдынан сыртқа жол ашты. Сай-жылғаның қайда екенін аңғара алмай, аң-таңбыз. Айналаның бәрі күнге шағылысып, көз қаратпайды. Аппақ дастарқандай теп-тегіс, тып-типыл төңірек шетсіз-шексіз ұлғайып кеткендей. Үш-төрт күніміз қар басқан үйді аршып, суатқа жол салумен өтті. Бұлақ басындағы бытырап жатқан ауылдың түтінін көргеніміз болмаса, әлі қарым-қатынас жоқ.

* * *

1921 жыл еді. Ел етек-жеңін жинап, тойына бастаған кез. Жаздың белортасы болатын. Ауыл қара жол үстіндегі жайлауда. Үлкендер қыстау басында пішен шауып, егін суарып жүрген. Малшылар Ақсай бөктеріндегі жайлауда қоныс тепкен.

Мен қозы баққан балалармен бірге жүремін. Шілік ойнаймыз. Осындай ойын қызған шақ еді. Кенет қара жолдың бұйра

шаңын баяу түтіп, торқасқа мінген жолаушы келеді екен. Біз-ге жақындағанда, ат тізгінін тежеп, тіл қатты.

— Әй, балақайлар, бері келіңдер!

Біз тобымызбен жүгіріп бардық. Бір байқағанымыз жолаушының ат тұрманы, киімі ел адамдарына қарағанда өзгешелеу екен. Ширатқан қара мұрты, қырынған көк иекті, қара көз, атжақты, қырмұрын жігіт бізге қарап жымиып тұр. Жас шамасы отызды жағалап қалған сияқты. Ол кілем қоржынына қол салып бір-бір уыс өрік үлестірді. Сонан соң қамшысын шошайта сілтеп, бізге тіл қатты.

— Ана ауыл Үсен әулетінің тұрағы ма?

— Иә,— деп шу ете түстік біз.

— Дәуренбай тірі ме?

— Иә, атам әлі өлген жоқ,— деді менен екі-үш жас кіші Мырзабай.

Ат үстіндегі жігіт езуін жиып, күліп алды.

— Сен өзің кімнің баласысың?

— Мырзабаймын ғой.

Жігіт тағы да мейірлене жымиды.

— Атаңның кімі боласың?

— Атам мен апамның баласымын ғой. Егер сенбесеңіз, мына балалардан сұраңыз.

Жігіт енді қарқ-қарқ күлді.

— Неге сенбейін, айналайын. Сендім, қарағым, сендім.

— Бұл Дәуренбай атамның үлкен ұлы Ормантай көкемнің баласы,— дедім мен білгірсініп.

— Ал сен өзің кімнің баласысың?

— Момыштың баласымын.

— Әлгі молда Момыш па?

— Иә, молда атамның баласы,— деп менен бұрын Мырзабай жауап қатты.

Жолаушы бізге тағы да үш-төрт өріктен үлестіріп берді де, ауылға қарай тартты. Біз танымайтын кісінің берген базарлығына мәз болып, қозымызға қарай жүгірдік...

Әкем бір күміс білезікке мәймөңке шауып, нақыстап отыр еді. Сырттан дауыс естілді.

— Момыш! Үйдемісің?

Әлдекімнің қырылдақтау үнін естігенде, әкем орнынан ұшып тұрып, сыртқа ұмтылды.

— Ассалаумағалейкүм.

— Уағалейкүм салам.

— Үйге кіріңіз, Дәуке...

Әлгі қалтырақ үннің қарт кісінің даусы екенін енді білдім.

Дәуренбай ақсақал төрге жайғасып, бүкіл омырауын қаптаған (жас кезінде ол кісіні жеңгелері "қабасақал" дейді екен) аппақ сақалын сипады. Дәуренбай атамның әдеттегідей өзгешелеу толғанып отырғанын сезді ме, әкем мені сыртқа жұмсады.

— Әй, сен бара бер...

— Отыра берсін. Ешқандай оңашалайтын ағат сөз жоқ,— деді Дәуренбай атам.

Дәуренбай Бабастың үлкен баласы екен. Өз бетімен ауыл қыдырмайтын, шақырмаса бармайтын, ерекше сыпайы кісі десетін. Сол кезде жетпістен асқан шағы болар шамасы.

— Ал, Дәуке, екі құлағым сізде,— деді әкем аздан соң.

— Сенер-сенбесімді білмей отырмын, Момыш.

— Неге? Не болып қалды, Дәуке?

— Өлген тірілді дегенге сенесің бе?— деп үлкен қой көзімен әкеме тік қарады.

— Сен десеңіз сенейін, Дәуке,— деп әкем жымиды.— Жұмбақтамай-ақ айта берсеңізші.

— Жұмбақ па, жоқ әлде шынымен-ақ ақиқат па. Сенер-сенбесімді білмей отырмын дегенім сол ғой.

— Тәңірі-ай, енді не болса да айтсаңызшы,— деп әкем тықыршып тағы да жымиды.

— Жүр біздің үйге. Есітеріңді сонда естисің,— деп Дәуренбай орнынан тұрды...

Олар кетті. Мен аң-таң болып үйде қалдым.

Әкем түн ортасында оралыпты...

Мал өргізіп болған соң, өзі тағы да Дәуренбайдың үйіне қарай беттеді де, жұмбақ үсті жұмбақты шеше алмай мен қалдым. "Кешегі жігіт кім екен?", "Дәуренбай атам неменеге сенер-сенбесін білмей жүр екен?", "Әкем ол үйге неге қайтадан кетті?", "Өлген тірілді дегенге сенесің бе?", "Сен десеңіз сенейін..."

— Шырағым-ау, сен әлі үйде екенсің ғой. Өзге балалар өрісте қозыларының соңында жүр,— деген әжемнің даусынан селк ете қалып, орнымнан ұшып тұрдым. Жалмажан үйден жүгіре шықтым...

Екі күн өтті. Қозы қайырып жүргенбіз. Қос салт атты қара жолмен күнбатысты бетке алып, аттанып барады екен. Біреуі бұрнағы күні балаларға өрік үлестірген торқасқа атты жігіт, екіншісі көк дөненге мініпті. Бұл — Мырзабайдың әкесі Ормантай.

Үшінші күні Мырзабай да қозы қайырысуға шықты. Бәріміз жаңалық білуге құмартып, Мырзабайды ортаға алдық. Алайда жарытып ештеме айта алған жоқ.

— Қайдан білейін. Мені атамның үйіне жолатпай қойды. Әйтеуір өздері күбірлесіп сөйлеседі. Көп адамның басын да қоспады. Молда атам, Аққұл атам, Тоқмырза атамдардан бөтен ешкім де болған жоқ.

Мырзабай одан өзге ауыз тұшыр әңгіме айта алмады...

— Молдеке, анау күні Дәуренбайдың үйіне келген жігіт кім екен?— деп сұрады әкемнен бір туысымыз.

— Ормантай оралған соң, бір-ақ білерсіңдер. Әзірше сабыр ете тұрыңдар,— деді әкем оған...

Қара жолдан қос дөңгелекті үш сарт арба, бір топ аттылар көрінді. Атты топтан үш жігіт суырыла шығып, ауылға қарай құйындата шауып келді.

— Сүйінші! Сүйінші!

Дәуренбай атам көзі жасаурап, қол-аяғы дірілдеп, қызыл түлкінің терісін әлгі жігіттерге ұсынды. Менің әкем жарты уыс күміс теңге салды. Өзгелер де жамырасып, жақсы хабар әкелген жігіттерді сыйлап жатқанда естігеніміз қуанышты жалғыз сөз еді. Жұрттың бәрі:

— Жаңа туысқандар келді. Жаңа туысқандар келді,— деп елпілдей жүгірісіп жүр.

Ауыл адамдары қарсы алуға шықты. Екі жақ бір-біріне жақындағанда, бір шоқша сақалды шал атынан ырғып түсіп, елпелектей жүгірген күйі ауыл адамдарын бастап келе жатқан Дәуренбай атамның алдына:

— Әруақ! Әруақ!— деп етпетінен жығылды.

У-шу, ығы-жығы. Бұрын бейтаныс кісілер көрісіп, құшақтасып, сыңсыласып, төс түйістіріп, опыр-топыр араласып кетті...

"Өлген тірілді дегенге сенейін бе, Момыш?"

"Сен десеңіз сенемін..." деген жұмбақтың шешімі осы екен деп екі нүкте қоя тұрайық:

Сөйтсек, әлдеқашан ұмтылған Қабаш тіріліп елге, өзі қарабет болып қуылған ата-тегі, адал қонысына қайтқан екен. Оның баласы алпыстан әлдеқашан асқан Бапыш деген кісі болып шықты. Дәуренбай атамның алдына жығылған сол кісі екен. Қабаштың немерелері Ыстықұл мен Әбдіш екен. Елін іздеп келген жігіт сол Ыстықұл болып шықты. Ал шөберелері Айнаш, Оспан, Әмір, Әлиялар да келіпті. Бапыштың кемпірі мен екі келіні және бар. Қабаш тіріліп қайтты дегеннің мәні осы еді.

Қабаш елден жиырма бесінде кеткен екен. Ал оның тұңғыш баласы Бапыш ауылды алғаш рет алпыстан асқанда көріп отыр. Олар келген жылы әкем алпыстың бесінде болатын. Дәуренбай атам шамасы жетпістің бесеуінен асқан кезі

болса керек. Сонда Дәуренбай атам Қабашты он бір-он екі жасында көрсе керек.

Қабаш елден кеткен соң, Ташкентке жақын Шыршық өзенінің жағасына барып бір-ақ тоқтайды. Осында бір орта диқанға жалданып жүреді. Күріш, бау-бақша, мақта өсіруді үйренеді. Кірпіш құйып, үй тұрғызу, аяқ-киім жамау сияқты өнерлердің де дәмін татады. Осылайша ол қолынан іс келетін икемді жігіттердің санатына қосылыпты.

Сөйтіп жүріп ол екі жылдан соң, жалданған үйдегі кіші кенаимды (жеңгей)... алып қашып, ізіне су құйып, жоқ болыпты...

Бапыш Термез қаласының маңындағы өзбек ауылында туады. Бапыш жетіге келгенде Самарқанның салқын тауларының бөктеріне қоныс аударады.

— Иә, балам, біз Құли деген ел боламыз. Ата-мекеніміз Алатаудың Ақсай-Көксай деген бөктерлерінің баурайында еді. Мыңбұлақ аталатын жайсаң жер еді ғой. Жазы салқын, қысы қатал келеді...

Құлилардың ішінде біз Үсен деген тарауына жатамыз. Үсен болса Өтеулі, Батырбек, Әжі ұрпақтарына бөлінеді. Біз болсақ Өтеуліденбіз. Менің ағам Бабас дейтін кісі болған. Менен мүшел жас үлкен еді... Мен ағайыныммен араздасып, жиырма бес жасымда осы жаққа ауып кеткенмін...

Сендер менің бетімді жауып, асымды бергеннен кейін сол елді тауып, үйірлеріңе қосылу жағын ойлаңдар,— деп қарт Қабаш көз жұмған екен...

— Ол кезде мен кішкене бала кезім. Неге ренжіскендерін аңғара алмаппын. Қайдан білейін,— дейді Дәуренбай.

— Мен онда жарық дүниеге келмеппін де... Ағайын арасында бола береді ғой, Бапеке, ол жағын қазбалай беріп қайтесіз... Құдайға шүкір, үйіріңізге бала-шаға, немерелеріңізбен топтана қосылып отырсыз,— депті менің әкем.

— Әйтеуір маған бір жұмбақ,— депті Бапыш терең күрсініп.

Жаңа туысқандар ұқыпты еңбекқор екен. Біздің ауылға тез сіңісіп кетті.

Ыстықұл ауылсовет, аудандық советтерге қатысып, ел ішіндегі белгілі активтердің қатарында болып жүрді. Оның Оспан дейтін ұлы менімен түйдей жасты еді. Бірге өстік. Әбдеш те өз қатарынан қалып көрген емес...

"Жаңа туысқан" деген жанама ат бір-екі жылда-ақ ұмытылып еді.

* * *

Қабаштың басын "қасқалаған" Бабастың кенжесі Орманқұл еді. Ол Момынқұл, Құлжабайлармен құрдас екенін айттық қой. Атын атаған соң, ол кісінің де құлағын аздап шулаталық.

Орманқұл орта бойлы, атжақтау, қалың қара қасты, мұнаркөз, қыр мұрын, қара мұрт, қабасақал жігіт еді. Жалғыз аты жазатайымда мертігіп өліп, Орманқұл, біздің ауылдың тілімен айтқанда, пиязда кедейлік көшкеніне төрт-бес жылдай болған. "Атсыздың аяғы тұсаулы" дегендей, қутомар кедейдің өзі болғандықтан, ол жиын-тойдан қашқақтап, қыстауынан ұзай қоймайтын. Тұйық тірлік кешіп, көңіл көтерері жалғыз домбырасы еді. Жұрт аралап, жұғымсыз болып та көрген емес.

Біздің үйде көп жатып зеріккен Құлжабай басқа жекжаттарын аралаған соң, қайта оралды.

— Әдейі ымырт жабылғанда келді... Мына Орманқұлды біреу болмаса, біреу көріп қала ма деп қара жолдан қайырылып орағытып жеттік, әпке,— деді әжеме күлімсірей қарап.

— Жақсы боптьі, шырағым. Келгендеріңе қуаныштымыз,— деді де, апам енді Орманқұлға ойысты.— Апаң қалай, жақсы ма, қарағым?

— Шүкір, әнеу күндері аздап тұмауратып еді, енді айықты.

— Мына қақыраған қыста менің де оқта-текте түшкіріп-пысқырып қалатыным бар. Ондай-ондай бола береді. Апаңның амандығына шүкір, қарағым. Қысылмай-қымтырылмай, жайбарақат жайғасып отырғын, шырағым.

Сонан соң апам ошақ басындағы келініне тіл қатты:

— Қазанға Орманқұлдың сыбағасын атап салыңдар. Тамақ алдындағы шайды тездетіңдер. Әкемнің жай сұрасқанына Орманқұл:

— Иә, солай... Шүкір, молдеке... Ләппай... Әрине... әбден сөйтті ғой... Жүдә болмай-ақ қойды ғой... Тіптен айтпаңыз, молдеке... Сөйтті білем,— деп қысқа жауап қатып отырды.

Шай үстінде Құлжабай жүрген жерлерінің әңгімесін айтып отырды. Біраз әңгіме араласқаннан кейін бірнеше шумақ өлеңнің аяғында:

Орманқұл, сен қайдағы, мен қайдағы,
Біреудің мен де өзіңдей сұр бойдағы.
Осындай оқта-текте жолыққанда,
Өлең айт сырыңды ашып қай-қайдағы,

— деп кезек бұрды. Орманқұл төмен қарады.

— Менің өлең айтпайтынымды білмеуші ме едің? Домбыра болмаса...

— Е-е, онда домбыраңды қолыңа алғын. Маған да соның керек еді,— деп Құлжабай күлді.

— Қысылма, қарағым. Бұнда бөтен ешкім жоқ қой,— деді әжем.

"Мен ақын емеспін — әншімін" — дейді біреу
"Мен әнші емеспін — күйшімін"— дейді біреу.

Орманқұл күйші еді. Бір ғажабы: ол домбыра тартқанда, дүниені ұмытып, тілден қалатын. Домбыра көмейінен қайдағы бір зарлы мұңды төгіп отырады. Ал енді күй тартқысы келмесе, домбыра атаулыны таңдап:

— Жоқ, болмайды екен,— деп жаратпайтын.

Орманқұл әйтеуір томаға-тұйық жан еді. Ішінен күй қайтарып, іштей тынып, өзімен-өзі сырласатын саяқ жан еді. Бұл жолы да үн қатпай, домбырасын баптай береді. Тиегін түзеп, құлағын бұрап, үнін бабына келтіргеннен кейін, баяулатып тарта бастады.

Ол домбыраның құлағынан басқа ешкімге қараған жоқ. Өз тартқанын өзі шын зейінмен тыңдап отырғандай, өзге домбырашылардай оң саусағын серпи қақпайды, сол саусақтарын ербеңдете жүгіртпейді. Арқасының құрысын жазғандай жұлқынып, сілкінбейді. Тұнық, терең ой түбінде мамырлап, қалғып кеткендей.

Бір күйді аяқтаған соң, алдындағы шайын ұрттап тыныс алды. Осы кезде Құлжабай желпіне сөйледі.

— Әй, мынауың сарқырап ағып жатқан Ақсай суының сарыны емес пе?

— Әй, мынауың Шақпақтың кейде байсал, кейде ызғарлы желі шығар?

— Әй, мынауың көкпардың қиқуы мен сайыс-тартыс дүбірі ғой.

— Әй, мынауың кешегі жұмадағы алай-түлей ұйытқыған, ұлыған боранға ұқсайды, ей.

Орманқұл басын изеп, үнсіз құптады.

— Қап, өленді жазып алуға болады, әнді тыңдап, үйреніп алуға болады. Күйді жазып алуға болмайды екен-ау,— деді санын соғып Құлжабай.

— Әншінің даусы домбыраның көмейі емес. Өлеңнің жолы домбыраның пернесі емес. Күйдің үні домбыраның төл меншігі... Оны күйшінің жүрегі ғана ұға алады,— деді Орманқұл.

— Сенікі рас, Орманқұл,— деді Құлжабай ойлана отырып.

Қазақтың халық композиторларының нотадан хабары болмаған ғой. Олардың күйлері дарынды шәкірттері арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырған.

Күйді де жазып алуға болатынын тап сол кезде Орманқұл мен Құлжабай да, әжем мен әкем де, мен де білмеппіз ғой.

Енді ойлап отырсам, Орманқұл сөзсіз композитор болуы керек. Ол нота түгіл хат та танымаған. Ол кедейліктің зардабынан жалғыз еді, саяқ еді. Қолы қысқалықтан қорынып, оның ұстазы да, оның ізін қуған шәкірттері де болған емес. Оның шығармалары өзімен келіп, өзімен бірге кетті ғой, әттең...

* * *

Қыстың ұзақ кештерінде әкем бізге ертек айтып беретін. Өлең үйретіп, дауыстап кітап оқитын. Шағатай тілінен оқитын болу керек, сөйлемдері "боладур", "геладур", "бередур", "үшбу" деп келеді екен. Кейбір түсінбеген сөздерімізді әкем ежіктеп отырып мағынасын ұғындырады.

Совет өкіметінің алғашқы жылдары біздің өлкемізде бұрқырап тез өте шықты. Қым-қиғаш тартыспен, таптық күреспен, рулық айтыспен, жікшілдікпен, топ ұйымдастырып тор жаюмен, жала жауып, жарға итерумен шұғылданған бұрынғы байлар жасырын тұзақ құрып, жанталасып бақты. Олар кедей туыстарының тасасында тұрып алып, жаңа өмірге тас атқылады, адал жандарды аяқтан шалуға ұмтылды. Ауылдағы үстемдікке, болыстыққа, уездегі ықпалға ие болуға қол созды.

Әдетте мұндай қым-қиғаш талас сайлаудың алдында басталушы еді.

Байлардың мүддесін қорғап, соның сойылын соққандар мұндай тартыстарды лезде өз пайдасына жаратып, қарапайым еңбеккер халықтың назарын негізгі нысанадан ауытқытып жіберуге тырысты. Бұл сияқты жікшілдіктің салдарынан ауыл арасының бірлігі шытынай берген еді.

Елге уәкіл келгіштеп алды. Олар жаңа тәртіптің, жаңа нұсқаның мәнін, кедейлердің правосы жайлы жиналыстарда түсіндірді. Мұндай уәкілдердің көп келетіні сонша, тіптен ел олардың аты-жөнін де білуге үлгермейтін. Сондықтан өздерінше ат қойып, айдар тағып алады. Уәкілдің түр-тұрпатына, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, ақыл-ойына қарай әрқайсысы өзіне лайық атқа ие болады. Дударбас, шаш қойғанын — "шашты уәкіл", тақыриек қырма сақалдысын — "көк иек уәкіл", шошайма бас киім кигенін — "молдаторғай", тағы бірін "жаутұмақ уәкіл" деп атайтын. Енді бір уәкіл әрбір сөзін "боевой приказ" деп айта берген соң, оны "бообой пркез" деп атағаны есімде. Тағы бір уәкіл астына ат мінсе, қара сорпа етіп қамшылайтын да жүретін. Мұны көрген ел уәкілді "атсоры" деп атап кетті. Келген өкілдігінің мән-жайы-

на, жөн-жобасына қарай қойылған аттар қаншама еді: жер уәкілі, су уәкілі, салық уәкілі, ағарту уәкілі, сайлаушы уәкілі, айдаушы уәкілі дегендердің бәрі де біздің ауылға ат ізін салғандар.

Уәкілдер неге екені белгісіз, тез ауысушы еді. Ел мұны әр саққа жүгіртіп жүрді. Менің бала қиялым соның бәрін егжей-тегжей байыптай бермейтін.

Әкем бұл кезде алпысты алқымдап қалған еді. Сондықтан ауылдағы қызу өмірге белсене араласа алған жоқ. Оның есесіне көкем үй бетін көрмейтін болды. Жиналыс атаулының бәріне қатысып, сайланбаған қызметі қалмады. Сондықтан елуліктің, жүздіктің арасынан делегат болып сайланды, ауыл советтің төрағасы да болды, "Қосшы" одағының бастығы да болды, бір рет болыстық "Қосшы" одағы бастығының орынбасарына сайланғаны да бар. Дегенмен қанша талпынып, қанша құлшынғанымен көкем "әйгілі адам" бола алмады. Сайлау сайын көтерілудің орнына, қызметінен зырғып түсіп жататын. Бұған кінәлі оның қабілетінің аздығы емес еді. Көкем ауылдағы жікшілдердің жемі болып қала беретін. Серкебай нағашым көкеме кездескен сайын қыжыранып: "өз орны үшін таласа алмаған ынжықсың, нағашы бабаң Текебай биге тартпай, түп сүйегіңді қорлап жүрсің. Соның бәрі құраннан безіп, құлдық етуді ұмытқаныңның кесірі" деп кейіп отыратын.

— Ел жақсылары қара тізімге ілігіп жүргенде, алты ай қызметке ақымақ торғай да шыдайды,— деп келемеждеуші еді нағашым.— Міне мен жарықтық әкем Текебай бидің аруағына таңба түсірмей, әлі күнге дейін Серкебай би атанып жүргем жоқ па,— деп қамшысымен жер сабалайды.— Ал сен күшік болсаң, мас кісідей өр қызметтен құлаумен келесің. Намыстанып өлетін болдық қой, түге.

Көкем ақталмақ болып, жаңа тәртіп жайлы түсіндіре бастайды. Ондайда:

— Тауыққа жұмыртқасы ақыл үйретететін болған ба,— деп кекететін Серкебай нағашым.— Есердің естіге жөн үйреткені ме шынымен!

— Нағашым-ау, сіздің шалқыған дәуреніңіз өтіп барады ғой. Ендігі өмір талабы өзгешелеу.

— Сен не деп отырсың, ей ынжық,— деп Серкебай көкемнің кеудесін қамшысымен нұқиды.— Қалай деп көкисің, шірік? Не дедің сен?!

— Түк те дегенім жоқ. Жай аузымнан шығып кетті,— деп міңгірледі көкем.

— Үлкеннің бетінен алғанды саған көрсетермін мен,— деп нағашым бұлқан-талқан болады.— Кіммен бәсекелесетініңді тапқан екенсің. Қотыр бұзаудай арқандап қоюға әлі шамам келеді.

Көкем арқасын қамшы осып кетпесін деп, үнсіз отыра беретін. Оңтайлы сәті келгенде осынау адуынды шалдан аулақ жүруге тырысып, сыртқа зып беріп шығып кетеді.

Шал оның соңынан біраз ұрысып, бұрқылдап отырады.

— Япырау, заман не болып барады. Әлдилеген балаң әдептен асып, арпалыса бастаса; жақсы адам бола ма деп үміттенген адамың өзіңмен жағаласса, не дерсің. Әттең, мына тасыраңдаған жаман неме өз сүйегім ғой. Әйтпесе аяқ-қолын керіп тұрып көкпар етер едім...

Сонан соң қабағын тұнжыратып, сақалының ұшын шайнап, біраз үнсіз отырады да, әжеме тиіседі:

— Мұндай әумесер жиенді несіне тудың, әпке?

— О, не дегенің, қарағым,— деп әжем абыржи қалатын.— Алланың бергені осы болса, амалым қанша...

— Иә! Өз қолыңды өзің кесе алмайсың. Әйтпесе ғой, әйтпесе!.. Мынау өңшең шолақ белсенділер-ақ титығыма тиіп болды,— деп ашуланады Серкебай.— Ең ақыры өз жиенің бетің бар, жүзің бар демей... Сіздің дәуіріңіз өткен деп былжырайды. Бұл қартайғанда есітер сөзім бе еді.

— Сен енді, Серкешжан, балаға кешірімді бола ғой. Байқамай айтып қалған шығар,— деп әжем бәсең үнмен күбірледі.

— Байқамай қалған шығар!.. Қайдағы байқамай!.. Эх-эх!— деп Серкебай кекесінмен күлді.— Мен оған байқамағанды көрсетермін. Мен есірген белсенділерді итке тастайтын сүйекке таластырармын әлі. Аш қасқырдай арсылдатып қоярмын.

— О не дегенің, Серкеш! Өз адамдарың емес пе?— деп шошып кетті әжем.

— Әй, есек!— деп айқайлайды Серкебай.— Үйге кір. Көкем сонда ғана қайтып оралады.

— Аяғыма жығылып, кешірім сұра!— деп бұйырады шал.

Көкем не істерін білмей, дағдарып тұрып қалды.

— Момынтай-ау, оның не, кешірім сұрай ғой, жасы үлкен нағашың ғой,— деп араға әжем түседі.

Көкем өжеттігін қойып, тізе бүгеді.

Серкебай нағашым да ашуын лақ еткізіп төге салып, көкемнің тентектігін лезде кешіретін...

Біздің үйдегі тап тартысының таңбасы осылай есімде қалып қойыпты. Ал ел арасындағы таптық күресті мен жолжөнекей баяндап, өзімнің өмірге араласқан сәттеріме орай айтармын. Ауылдың қоғамдық жағдайы, ел ішінің өресі қандай болғанын өзімнің де өсу өреме сәйкес әңгімелермін. Әзірше асықпай-ақ қоялық.

* * *

"Әйелдер теңдігі", "қалыңмал жойылады", "қыздар сүйген жігітіне шығады". Революция жылдарында әйел теңдігі жөнінде алғаш есіткен сөздерім осындай. Бұл сөз көп адамды ойландырса, көп адамның көңілінде күдік те тудырады. Әйелдер не де болса, бір жақсылықтың нышанын іштей ұққандай, үнсіз қуанып еді. Әлденені асыға күтіп, тағатсыз толғанысқа түскен жайлары бар сияқты.

Әжем ғана бұл сөзге құлақ аса қойған жоқ. Атамзаманнан қалыптасқан, сүйекке сіңіп, сірі болған әдет лезде сеңдей бұзылып жүре берді дегенді бір түрлі ұғымына сыйдыра алмайтын сияқты. Бұл ойын бізге де білдіріп қояды.

— Қалыңмал деген ата-бабамыздың салып кеткен жолы ғой. Қашаннан қалыптасқан кәдеміз емес пе. Менің шешеме де қалыңмал төлеген, маған да қалыңмал төледі. Қыздарымның қалыңмалын алып, құтты орнына қондырғанмын, ұлдарыма қалыңмал төлеп, келін түсіргем. Енді немерелерім қалыңмалсыз-ақ жөндерін табады дегені несі екен?— Ол осылайша күңкілдеп қояды.— Қалыңмалсыз өзге босағаны аттаған қызда қандай қасиет бар дейсіз? Құны жоқ қызды кім сыйламақ? Ондай қызды байлары тегін алып, тегін қуып жібермей ме? Өз аяғымен келіп, өз аяғымен кетті деген сөз болмай ма? Қалыңмал алмадым дегенше — жасау жасалмайды, той өтпейді десеңші. Оның не қасиеті қалар дейсің,— деп өз-өзінен бұрқылдайды.— Жоқ, олай бола қоймас. Мен тірі тұрғанда қалыңсыз қыз бермеспін. Менің жолыммен, менің жөніммен жүресіңдер. Ал мен өлген соң, не істесеңдер де еріктерің.

Салалы, тараштап өрген сегіз бұрымы иығына төгілген апаларым түкке түсінбей, әжеме аңтарыла қарайтын. Әжемнің қатулы жүзі, түнерген қабағы, зілді даусы олардың нәзік жанын қалтыратып, өздерін абыржытып тастаушы еді.

Осынау сәби сезімнің қайғысына масаттанғандай, мен орнымнан ұшып тұрдым да, әжеме тіл қаттым:

— Ал мені қалай үйлендірмексің? — Әжем күліп алды:

— Алдымен мына шүйкебастарға құда түскендерден қалыңмал алайын. Қабырғамызға шыр байлап, әлденіп алайықшы. Сонан соң іздеп жүріп, сұлу қалыңдық тауып берем. Қалыңмалын да аямай төлеп, өзіңді де аяқтандырамын. Сонан соң үй болды деген осы. Өз отауың бар. Томпаңдаған келінімді жұмсап қойып, жылы-жұмсағын жеп, ізетін көріп, көсіліп отырмаймын ба,— деп мейірлене күліп сөзін жалғастырды.— Тек тәңірім соған жеткізсін, сол қуанышты кезге дейін тірі жүрсем деп тілеймін тәңірімнен.

Әжем күрсініп қойды. Қиялы әлдеқайда жетелеп кеткендей, өз сезіміне кенеліп отырған сияқты.

Апаларым мен жаққа ала көзбен қарап, жауығып алғандай. Өйткені әжем мен үшін, менің болашақ кербез келіншегім үшін оларды қосақтап күйеуге беретіндей көріп тұр. Мен болсам оларды табалаған жанармен тапап тастағандай, маңғазданып киіз үйден шықтым да, ойнау үшін аула жаққа жүгіре жөнелдім.

Күн ашық еді. Асқар таудың алып бейнелері айнадай таза судың түбінен көрініп тұр. Балшық илеп балалық ойынға беріліп кеткен екем. Кенет әлдебіреу өзім илеген балшығыммен өзімді төпеп, үсті-басыма жағып, бас-көзге қарамай жұмарлап, кез келген жеріме соққылап есімді кетірді. Не болғанымды білмей, шыңғырып жіберіппін. Байқасам, әрі ерке, әрі өжет, әрі намысқой, менен екі-ақ жасы үлкен ортаншы апам Әлиман екен.

Мен долданып, қуа жөнелдім. Кесекпен атқылап келем. Әлиман көйлегінің етегі далбаңдап безіп барады. Сол күйі үй төбесіне шығып, жиюлы тұрған пішенге жасырынды. Сонда отырып мені мазақтайды.

— Масқара-ай, албастыдай сауым-сауым, кір-қожалақ құбыжық ұсқынын қарай гөр. Көзінен сорасы ағып тұр. Тағы сұлу қызға үйленем дейді-ау!

Сонан соң пішен төбесінде жатқан жарты қышты ұстап түсті. Кеудесін менменси тік көтеріп:

— Есі болса, бірде-бір сұлу қыз саған тие қоймас,— деді.

— Әжеме айтып сазайыңды тартқызармын. Сені өзі ақсақ, көзі көр, тісі кетік, мұрны пұшық, кемиек, басы таз, сүмелек біреуге бергізермін,— деп дүниедегі ұсқынсыз нәрсенің бәрін асығып-үсігіп санап жатырмын.

Шыдай алмаған апам:

— Ондайыңа бара қоймаспын. Басыңа шайнап жақ!— деп қолындағы кесегін маған қарай атып жіберді.

Мен бұғып қалдым да, шегіншектей бердім. Апам маған тигізе алмағанына ызаланып, жұдырықты жаудырып жіберді. Қалай қарсыласарымды да білмей, жанталасып жатырмын.

Бұйығы әйел қауымымен алғаш рет осылай қақтығысып едім. Тұңғыш рет ортаншы апам өз ожданын қорғау үшін мен сияқты "қалыңмал иесімен" ашық айқасқа шыққанын көріп едім.

Әжемнің айтқаны болды. Менің әпкелерімнің бәрі әже жолымен ұзатылып, қалыңмалға сатылды.

* * *

Үбиан жастайынан Шегір руынан Жарылқап байдың Мамыт деген баласына атастырылған екен. Олардың елі Шақпақ тауының етегінде еді. Жарылқаптың біздің Нығмет әулетіне жақындығы да бар көрінеді. Қыз беріп, қыз алысып отырған екі ел сүйек жаңғыртпақ болып, Үбиан мен Мамытты атастырса керек. Жұт кезінде Жарылқаптар мал-мүліктен жұрдай болып, қаратаяқ кедейлерге теңескен екен. Содан көп ұзамай әкесі мен шешесі дүние салыпты да, Мамыт пен кіші інісі Нығмет байдың Сайлаубай деген үлкен баласының қолына келіпті. Мамыттың інісі менімен құрдас еді.

Нығмет ұрпағы екі анадан тарағандықтан бас қосып, екі топ болып аталатын. Бәйбішенің балалары "қара кемпірдің ұрпағы", тоқалдан туғандар "ақ кемпірдің немесе Анаргүл кемпірдің балалары" деп бөлінуші еді. Нығмет біткендер тумысынан кекеш, сақау тілді келетін. Мамыт солардың қолында жалшылық етті де, інісі байдың қозысын бақты.

Нығметтерді мен біздің жайлауға көшіп келген жаздан бастап білемін. Ел басына ауыртпалық түсіп, арып-ашқан кезде нығметтіктер ауылға жоламай, алшақ жүруші еді. Енді еңсеміз көтеріле бастағанда қайтадан іргелес бола бастапты. Байдың малы егінге, шабындыққа қырғидай тиіп, берекемізді ала берді. Алайда баяғыдан бай тізесі батып қалған кедейлер бұл басынуға бас көтере алған жоқ. Сырттай жек көріп, алыстан айбат шегумен шектеліп жүрді.

Әсіресе байдың шалық мінез, есуастау кемпірі Анаргүл шайпау еді. Ол етек-жеңі елбе-делбе болып, өрістегі мал соңынан қалмайтын. Балаларынан бастап көрінген кісінің бәрін қарғап-сілеп, шаңытып бара жатқаны. Өзім ортасында жүрмесем, малымды біреулер талап алады деп, табаны жерге тимейтін. Кеш батса түні бойы көз ілмей, қиқулап қораны айналып жүріп алады. Өз басым ол кісінің жайласып отырғанын көрмеппін. Әрдайым желе жорытып бара жатады.

Ауыл адамдары Анаргүлден аулақ жүруге тырысушы еді. Егер абайсызда ұшырасып қалсаң, бір балағат сөз естімей құтылмайсың. Елді басынғаны сонша, ол қора-қора қойларды егіндіктің үстінен айдап өтуден де тайынбайтын. Балалары оған қой деп, тоқтау айтып көрген емес. Осыған орай өздері де шетінен сараң, құнамақор. Қыруар айран ашып, күбі-күбі қымыз қыжынап кетсе де, не өздеріне қимай, не жұртқа қимай отыра беретін.

Ауыл адамдары байдың басынған қылығына ашық қарсы шыға алмайтын. Сондықтан алыстан жамандық шақырып,

ырымшыл байдың кеудесіне үрей ұялатуға тырысатын. "Ай қисайды", "Жұлдыз орнынан ауытқиды", "бұлт керуені бүлінді", демек бір жамандық жақын дейтін олар кемпірге. Сондықтан малға жұт келе ме, әлде топалаң тие ме, әйтеуір бір опат болатыны хақ дегенді айтатын. Кемпірдің суқаны қашып, әркімнен амал сұрап, бәледен құтылуға тырысатын.

— Құдай-ай, сұмдығыңнан сақтай гөр. Бұған не амал табамын,— дейтін. Сонда өзгелері:

— Мұның бәрі диқан атаның қарғысына ұшырағаннан. Егінді таптап, шөпті рәсуа еткен малға алла тағала жаппай жамандық әкеледі. Бұдан аман құтылу үшін, егінді таптаған қой мен сиырдың екі сауын сүтін елге таратып берген жөн. Сөйтіп сауабын алмаса, ел қарғысы атады,— деп шошытады екен.

Сараң кемпір бұған көнсін бе. Сондықтан жұрт өзге бір оқиға ойлап табуға кірісетін. Әйткенмен есі-дерті байлығынан айырылып қалмауға ауған кемпір екі-үш күн егіндікке жоламай, малды ойқастай қайырып жүруші еді. Сонан соң баяғы таз қалпына қайта түседі.

Ауылдың Жамақ деген адамы бар еді. Қылжақпас, жұртты әзілмен жазалауға жақын жүретін кісі болатын. Жас ет аңсап, қалайда тіске басар табу керек деп ойлапты да, ол бір күні құлық істепті. Асқабақтан бүркеншек бас киім жасапты да, көзі көретін, дем алатын, тілі шығатын тесік ойыпты. Сонан соң ескі тонды теріс айналдырып киеді де, әр жеріне сылдырмақ қоңырау іледі. Сөйтіп осынау албастыдай кейпімен бейіт арасына барып, жасырынып жатады.

Мезгіл бесін кезі болса керек. Анаргүлдің ұлы Дәулет түйе мініп, диірменнен келе жатады. Дәулет бейіт маңынан өте бергенде, Жамақ жалбыр тонын сүйретіп, қоңырауын жаңғыртып, даусын дарылдатып шыққан екен. Дәулеттің қорыққаны сонша, ес-түссіз түйеден құлап түсіпті. Жамақ жанына келеді де, жағасынан алып бірнеше рет сілкілейді. Дәулет есін жия бастағанда, күңгірлек үнмен зекіп сөйлейді.

— Мен де тілеулеріңді тілеп, әулеттеріңнің әулетті болуына ақ батамды арнап жүрген әруақтарыңның бірі едім. Бірақ сендер байыған сайын, бізді ұмытып барасыңдар. Әруаққа атайтын жанды құдайыларың кеміді, біз ашығудамыз. Бүйтіп сараңдана берсеңдер, сендерді әруақ атады. Біз сендерді қарғаймыз — малдарыңды арбаймыз, жандарынды жалмаймыз. Төбелеріңе құйын ойнатып, шаңырақтарыңды жерге түсіреміз. Ауыздарыңды асқа жеткізбей, көздеріңді жастан кеткізбей, қаңғыртып жібереміз. Осыдан үйіңе барған соң,

анау пірінен безген ата-анаң мен ағайындарыңа айт. Әруаққа атап бес мал құдайы берсін. Құран оқытып, ауылдың тайлы-тұяғына дейін тегіс шақырып, етін таратсын. Әйтпесе ажалдарың да бізден, азаптарың да бізден...

Осыны айтып Жамақ зып беріп кетіп қалады да, Дәулет күн батқанда сүйегін әрең сүйретіп үйіне келеді. Өңі құп-қу, қан-сөлсіз қалжырап тұр. Тісі-тісіне тимей қалшылдайды. Жағы қарысқандай жарытып сөз де айта алар емес. Ақыры бейіт арасынан әруаққа кездескенін әрең жеткізіпті. Жаман сөз жатсын ба, ауылдың өсекші әйелдері естігендеріне май құйып маздатып, елге жая береді. Содан құдайыға мал сойылып, талай күн ел жиылып ет жесіседі. Әрине орталарында Жамақ та жүреді. Бір күні ол мас болып отырып, өзін-өзі әшкерелеп алыпты. Кейін Жамақтың әке-шешесі дүние салған соң, балалары байға жақпай жалшы болып еді.

Анаргүлдің сол балаларға көрсеткен бір қорлығы, әсіресе, әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Жарылқасын жалшы балалардың ішіндегі ең кішісі болатын. Қозы соңында тірсектері соғылып, кеудесін әрең сүйретіп жүруші еді. Жарытып тамақ ішпей, жайғасып ұйықтамай, зар қағып жүрген бала қайсыбір оңушы еді. Әйтеуір соны көргенде аяныштан жүрегің сыздап кететін. Мойылдай қара көзі жайнап тұрады. Қасына келсең, иісі көк татып, еріндері жапырақ түстес жасылданып жүретін.

Бірде ойын балалары Анаргүлдің сұмдық қатыгездігіне тап болдық. Ол өзге қозылардан қалып қойған бір қозыны көтеріп алып, Жарылқасынды қарғап-сілеп барады екен. Жарылқасынға жетісімен, таяқпен сабай бастады.

— Қу жетімек, көзіңе шел бітті ме? Осы қозымен ұшықтап жіберейін бе. Өлігі сұраусыз сүмелек?— деп бажылдайды. Байқұс бала құтылмақ болып тырбанып жатыр. Бірақ Анаргүл жібермейді. Баланың тақыр басына таяқпен ұрған сайын ісіп шығады. Осылайша бас терісі түгелдей буылтықтанып, Жарылқасын шыр-шыр етіп жалбарынады.

— Апатай! Айналайын апажан! Аяңызшы! Өлдім-ау,— дейді үні әлсіреп. Бірақ құтырынып алған долы кемпір баланы тулақша сүйретіп, ескі құдыққа алып келді.

— Сен жүгермекті құдық ішіндегі құрт-құмырсқаның жемі етейін,— дейді Анаргүл шабаланып.

Жарылқасынның қорыққаны сонша, тіптен үні өшіп қалды. Кемпір қаршадай баланың сирағынан ұстады да, құдық аузынан төмен салбыратып тұр. Біз де шыркөбелек айналып дәрменсіз жүрміз. Жарылқасын қыр-қыр етіп тырманып,

жандәрмен далбасамен құдықтың қабырғаларынан таяныш іздейді. Тырналай-тырналай алақаны мен тырнағынан қан ағыпты. Кемпір сонда да рақымы түсер емес. Біресе көтеріп, біресе құдыққа қайта сүңгітіп баланы әлі сілкілеп тұр. Жарылқасын болса енді қармануға да шамасы келмей, есінен тана бастады. Былқ-сылқ етіп, оқта-текте қорқыраған дауысы шығады.

Біз шыдай алмай шұрқырап жылай беріппіз. Кемпір оныmызды елеген де жоқ. Қимылсыз салбырап қалған баланы көтеріп алды да, жерге зірк еткізіп тастай салды. Өзі жемтікке төнген құзғындай торуылдап, баланың қимылын бағып отыр.

Әлден соң барып Жарылқасын есі кіргенде, кемпір оны дедектетіп ауылға қарай сүйрей жөнелді. Біз жасымызды тия алмай, соңдарынан қарадық та тұрдық. Ойынымыз жайына қалды. Көз алдымыздан Жарылқасынның боп-боз болып талып жатқан кейпі кетер емес.

Кешке бұл көргенімізді әкеме айттым. Әкем түнерген күйі үнсіз киінді де, Нығметтің үйіне бет алды. Әкем барғанда Жарылқасын үйдің іргесінде сандырақтап жатыр екен. Алақанына салып көтеріп әкелді. Аузына сүт тамызып еді, Жарылқасын құса берді. Әкемнің түсі түтеп кетіпті. Баланы төсекке жатқызды да, іргенің киізін түріп қойды. "Байғұс баланы мазаламаңдар" деді де, өзі тысқа шығып кетті.

Жарылқасын қыбырсыз жатыр. Қинала дем алғаны сонша, кеудесі қыр-қыр етеді. Кейде әлденені айтып, қатты бақырып жібереді. Еріндері қансыз бозарып, еміс-еміс жыбырлайды. Біз демімізді ішке тартып, орын-орнымызда отырған күйі Жарылқасыннан көз алар емеспіз...

Әкем даладан дәрі шөп теріп әкепті. Сол шөптерді қайнатып, суын түндырып алды да, суыған соң баланың аузына қасықтап құйды. Әпкелерім Жарылқасынның маңдайына су шүберек таңып қойды. Оның қызуы көтерілгені сонша, шекесіне таңған орамал кебе берді.

Түні бойы кірпік қақпай, әл үстіндегі Жарылқасынды күзетіп отырдық. Тек таң алдында ғана бала көзін ашып, төңірегіне қарады. Қайда жатқанын аңғара алмай, баж ете түсті. Әкем маңдайынан сипап, еркелете тіл қатты. Жұбатып отыр.

— Қорықпа, қарағым, қорықпа,— дейді өзі теріс айнала беріп кемпірге сырттай кіжіне ашуланды.— Алжыған қақпастың айуандығын қарашы.

Әкем Жарылқасынды алдына отырғызып, дәрі шөптің суынан ішкізді. Сонан соң жуындырып адды. Жарылқасын

қайтадан безгек тигендей қалшылдап кеткен соң, сүт беріп, төсекке қайта жатқызды.

Бұл кезде күн шығып қалған еді. Жарылқасын тыныштала-лып, ұйықтап кетті. Бәріміз де қуанып, көз шырымын алуға қисая-қисая кетіппіз.

Осылайша Жарылқасын бір жұма төсекте жатып айыға бастады. Алайда шошынғаны сонша, тіптен есі ауған жандай елермеленіп жүрді. Біз қолымыздан келген бар жақсылығымызды аямаушы едік.

Анаргүл бүкіл ауылда әкемнен ғана именетін. Әкемнің молдалығы бар, құран біледі деп қорқады екен. Тіптен жас кезінде "оқыған бала" деген атын тергейтін болыпты. Содан ба, әйтеуір, ол Жарылқасынды іздеп келмеді.

Бір күндері Анаргүлдің баласы Сайлаубай келді. Әкемнің бетіне қарай алмай, міңгірлеп кешірім сұрады да, Жарылқасынды алып кетпек болды. Сонда әкем қатты ашуланып, былай деп еді.

— Мұның әкесі сенен де бай, сенен де басалқалы еді. Сенің де Жарылқасынның әкесі сияқты жұтқа кездеспесіңді қайдан білдің. Жарылқасын сияқты сенің балаларың да панасыз қалмасын қайдан білдің. Сенің есуас шешеңнің таяғынан өліп кетсе, бүкіл Шегір ел болып келіп, ер құнын даулар еді. Сонда күнің бір уыс болмас па, Сайлаубай?— Әкем тағы да көптеген аталы сөз айтты да, сөз соңын Анаргүлге бұрды.— Ал сенің шешеңмен өзім көзбе-көз сөйлесемін.

Бейшара Жарылқасын үйден шығып бара жатып бізге жалтақтай берді. Сайлаубай оны дарға апара жатқандай амалсыз ілесті.

Анаргүлмен әкем айтқандай жеке сөйлесті. Содан біршама уақыт кемпір тыныш жүрді де, қайтадан баяғы таз қалпына түсті.

Менің Үбиан әпкем сол Жарылқасынның ағасымен атастырылған екен. Өзінің болашақ өмірлік жолдасын ауылда алғаш көргеннен-ақ Үбиан жақтырмапты. Екеуі бір-бірінен қалау таппай алшақтай беріпті. Әкем ертеде берген уәдесін бұзбай, алысқан батадан аттағысы келмей, көпке дейін қызының қарсылығын құлағына да ілген жоқ. Осылай үш жыл жүрді. Алайда әжем немересінің күн сайын солғындап, уайымшыл болып бара жатқанын көріп, әкемді алғашқы шешімінен қайтарды. Бұл туралы Мамытқа ескертіп, әкем бұрынғы алған қалыңмалын қайтармақ болды.

* * *

Байтана руындағы ең сыйлы адамның бірі, атақты да қадірменді, ықпалы мол, әл-ауқаты мығым Нұрбай деген кісінің Зәпира атты сұлу қызының ауылымызға алғаш келгенін ұмыта алмаспын. Оның үй-ішінің бәрі таңдап тапқандай, бір-біріне сақадай сай, бірінен-бірі өткен жақсы адамдар екен. Бес ұлының бәрі де сұңғақ бойлы, сымбатты да көрікті, аздап ақсиған алдыңғы күрек тістері өздеріне жарасымды, әдемі жігіттер болатын. Жұрт іші мін тапқыш, сын айтқыш, ат қойғыш келеді ғой. Оларға да ол кезде "күрек тістер" деп ат қойып алды.

Нұрбайдың жалғыз қызы Зәпира да ағалары сияқты сымбатты, сұңғақ бойлы, толықсыған қыз еді. Оның аулымызға келін болып келіп, алғаш аттан түскені, басын тік ұстаған күйі маңғаз басып үйге кіргені әлі есімде. Ол Нығмет байдың Анаргүл деген есуас әйелінен туған бесінші ұлы — реңсіз, мыртық, кекеш Дәулетке екінші әйел болып келді. Алғашқы әйелінің қайтыс болғанына да көп уақыт өткен жоқ еді. "Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін" немесе "Құрығы ұзын қуып жүріп алады, құрығы қысқа құр қол қалады" дегендей, айдын көлдің аққуын қалыңмал Дәулетке аяқ-қолын байлап берді... Осынау теңсіздік құрығында бұлқынған қайғылы неке күні:

...Мал бергені барады алып кетіп,
Қолымды кедейшілік кесіп отыр,

— деп бір сабаз сүйгенінен айрылып, құсадан күйіп-жанып, қараша үйде қан құсқандай, өз тағдырына, тағылық заңына лағынет айтып, Зәпирасын жоқтап күңіренген де болар.

Зәпира келбетті келген жан еді. Талдырмаш сұңғақ бойына әркім-ақ сұқтана қарайтын. Оның атжақты жүзі, қыр мұрыны, үлбіреген беті шығыстың сұлуларын елестеткен. Жайнаған мөлдір көзі, қарлығаштың қанатындай қияқ қасы, шоқтай қызыл, қалыңдау ерні өзгеше бір сұлулықтың нышанын аңғартып тұрушы еді.

Өзі де айналасындағы күйкі көрініспен мойындағысы келмей, өзін қоршаған сұрықсыз тірлікті көзіне де ілмей, батыл да еркін жүретін.

Жас келіннің мінезіндегі мұншалық еркіндік ел ішінде күңкіл де туғызды. "Әдепті білмейтін, тәрбие көрмеген" деген сөздер де айтыла бастады. "Әйтпесе қазақтың қай келіні босағаны аттай салып тайраңдап еді". "Жусаннан аласа, бетегеден биік" болып иіліп жүрмеуші ме еді.

Зәпира осынау қалыптасқан қараңғы дағдыға бірден қарсы тұрды. Ол енесі Анаргүлге де, қайнағалары мен абысындарына да орынсыз бас иіп төмендемеді. Оның көз қарасынан, қимылы мен ісінен, үні мен мінезінен жәрбиген жаман күйеуіне деген, күйеуінің ағайын-туғанына деген өшпенділік оты ұшқындап тұратын.

Енесі Анаргүл мен өзінің күйеуі ерке келінді көнбіс етіп алуға, иін жұмсартып, айтқандарына көндіруге талай-талай әрекет те жасады. Бірақ қайсар да жігерлі Зәпира ұшқын атқан бір көзқарасымен ғана олардың аузына құм құйып, үндерін өшіруші еді. "Жалғыз қатынға шаманың келмесе, бай болғаның құрысын" деп Дәулетті шешесі де, ағалары да тұқырта беруші еді. Осындайда жәрбеңдеп келіп, қоқыраңдай қыр көрсетіп тиісе беретін Дәулет кербез келіншектің жүзінен жасқанып, күңкілдеп қала беретін. Соның бәріне де, өзінің тағдырына да Зәпира құлақ аспай, көкесін кейіппен жүре беретін. Қара жұмысқа қол тигізбей қолы көсеу, шашы сыпыртқыға айналмай, қыз күнінің еркелігін жоғалтқысы келмеді. Қасақана ақсаусаққа айналғандай, еркіндік атаулыға ерік беріп еді.

Нығмет әулетінің өзге түңлігіне, біздің үйге Зәпира ерекше ізет көрсетіп, барынша биязы болатын. Келін болып келген алғашқы жылдары осылай еді ол.

Біздің үйге жиі келетін. Кім білсін, бәлкім, өзі сиыспаған ортасынан аз болса да аулақ кеткенді аңсайтын шығар. Оның басын шалқайта ұстап, маржандай тізілген ақ тістерін көрсете, бұралып отырғаны әлі есімде. Ақторғын кимешектің сыртынан әсем орағаң күндігі ерекше жарасып тұрушы еді. Мен одан көз алмай қарайтынмын. Бұрын өзім аңғармаған әлдебір сезім жанымды жайлап алатын. Әлі толық ояна қоймаған ынтығу мен іштей аяныш ізін менің балғын жүзімнен оқи ма, әйтеуір Зәпира маған ерекше елжірейтін.

Күз түсісімен Нығмет әулеті Ақкөз жақтағы қыстауына көшіп, бүкіл қысты Нұрбай ауылының маңында өткізетін. Бұл кезде Зәпира перзент көріп үлгеріп еді. Тұңғыш қызы Дәулеттен аумай қалыпты. Жайынауыз, шегір көз біреу әйтеуір. Мұны көрген Зәпираның жаны түршігіп еді...

Айналасынан зәбір көріп, кеудесін қарыған қайғыға іштей ысталып, құса болып келген Зәпира күйеуін отаудан қуып шығып, ағайындарын аластап, әкесінің үйіне кете барады. Нығмет әулетінің бірде-біреуі шұрқ етіп, оның жолына тұра алмады.

Келінін қайтару үшін соңынан барғандарға Зәпира мен Нұрбай ырық бермепті. Сондықтан Нығмет әулеті менің

әкем мен бүкіл Үсен әулетіне хабар жіберілті. Алыста жүріп мұқатылғанын, келіні кетіп, күлкі болып отырғанын, бұл тек ер атына мін емес, бүкіл руға түскен сын, ақсаулы ақау екенін айтыпты. Ру намысына таңба түсірмей кек алуға, болмаса бітістіруге келсін депті.

Өзге үсендіктер Нығмет әулетімен тату болмаса да, мына хабар оларға қозғау салып еді. Ру намысын әрқайсымыздың арымыздай қорғаймыз деп, жиырма шақты жігіт атқа қонды. Оларды менің әкем басқарып, Нығметтерге жүріп кетті.

Бұл бүкіл аймақтағы үлкен бір дау болып еді. Анау-мынау кикілжіңге қарағанда, бұл жанжал екі рудың қақтығысқан қара күшіндей еді. Бірін-бірі ақырына дейін тұқыртып кетпей тынбайтын тіресқен шақ болатын. Әрқайсысы ата намысына, ауыл намысына арқа сүйеп, алыспай беріспейтін кезеңге таянған сәт сияқты.

Нұрбай қайраты мол, айтқанынан қайтпайтын, айналасына ықпалды адам еді. Оны ырыққа көндіру де оңайға түспейтін жай болатын. Би кесімі бойынша, мұндайда кейде келісіп, кейде керісіп, кейде қорқытып, кейде қол күшімен үкім айтылады.

Келін дауы екі рудың арасында қыс бойы созылды. Бірақ бітер болмады. Байланған түйін шиелене берді, шиелене берді.

Ұзақ дауға шыдамай, біздің жақтың жігіттері бірі ауылға оралып, оның орнына бірі қайтып бара жатты. Бүкіл ауылдың құлағы түріліп, осы даудың шешімін тағатсыз күтумен болды. Дүрліккен жұрт дүбірге елеңдеп, екі арада барып-келіп жүрген жігіттерден мән-жайды сұрастырып сыр тартады. Оралғандар келісім қай ауылда, кімнің үйінде жүріп жатқанын, кімдердің қалай сөйлеп, кімнің адуыны қаншалықты екенін әңгімелейді. Хабаршылардың айтуынша, менің әкем билердің айтысында асқан шешендік көрсетіп, өзін салауатты ұстай біліпті. Үсендіктердің үлкені ретінде бүтін бір рудың атынан сөйлеп, пәтуа сұрапты, тұрысар жерді нұсқапты.

Алайда қайсар Нұрбай дегенінен қайтпапты. Қызын қайтарудан бас тартып, сөз дарытпапты. Қызымды қайтара алмаймын, малға келіселік деп, отырып алған көрінеді. Нұрбайдың мұнысына біздің жақтың даушылары көнбепті. Мал-мүлік емес, адам керек екенін айтып бұлар болмайды.

Ол кезде қай қазақ шаруасын мандытқан дейсің. Көктем шықса, алақандай жерді жырту екі-үш күннің тірлігі. Бұл да әдетке сіңіп кете қоймаған жай. Елдің бәрі жер жыртып, егін салмайды. Сондықтан шаруашылыққа керекті азын-аулақ мардымсыз құрал-жабдықты да кезінде бүтіндеп алады.

Бұл ретте қыс мезгілі еріккеннің ермек іздейтін шағы сияқты. Бүкіл аймақтың еркек кіндігі кеш болса, қыдырып боза ішіп, таң атса, туысқан аралайтын әдеті еді.

Осындай ұрынарға қара таппай жүргендер аз ғана қақтығыстың өзіне желігіп шыға келетіні де сондықтан. Сыбыс шыққан ауылға сойыл сүйретіп, жетіп баруға әзір тұратыны да сондықтан. Ауыл арасын шаңдатып, атой салып өткенге мәз мұндайда. Құрысқан арқалары жазылардай құлшына кірісетіні де сондықтан. Оның үстіне әлекке түскен Нығмет әулеті Үсен әулетіне ат шаптырып, адам жіберіп отырғанда қарап қалсын ба? Ағайынға ара түскен болып, даурықпалы сапар шексе, сараң байдың соғымын төрінде шіреніп жатып жеп қайтса, еріккен жігіттердің несі кетіп барады. Бай ауылының хабарына тез құлақ түргені де осыдан болса керек.

Күн сайын жиырма-отыз адам жамбастап жатып, жақ-жақ болып айтысады да, егескен жаққа арадағы ағайын ақыл беріп, дау төресі — билер шешімін айтады. Жанжал иелеріне шешімнің әділдігін ойлануға бір-екі күн мұрсат береді де, өздері жамағайын, жекжат-жұрағаттарын аралауға кіріседі. Қайта жиналып, бітіспес дауды жалғастырады. Осылайша бұл тартыс бір-екі айға созылады.

Әркімнің аузына бір-бір жалтақтап, күйеу баладан да күй кетіп еді. Онсыз да тумысынан тұрқы келіспеген Дәулет бүріскен үстіне бүрісіп, жарғанатша жәпірейіп бітті. Жақсылық келсе, сен жақтан болар дегендей Үсен ауылының адамдары мініп келген аттардың айналасынан шықпайтынды шығарды. Күйбендеп әр аттың жалын сипап, күбірлеумен жүргені.

Амал не, Дәулеттің тілеуін бермей-ақ қойды тәңір. Нұрбай айтқанынан қайтпай отырып алды. Зәпира болса жаны сүймеген жарына, қаны сүймеген жұртына қайта барғысы келмеді. Жалғыз қызының тағдырына пышақ салып, өзі отқа итергендей болған Нұрбайдың қанында әкелік сезім қайта қайнап шыға беріп еді. Қалайда қайғы тырнағынан босатып алу үшін аянып қалған әке жоқ. Құда жақтың сан түрлі ұсынысына құлақ аспай, мүлдем қатайып алды, қайралған пышақтай бірте-бірте сөзі де алғырланып барады. Перзентінің алдындағы айбын, мейірімсіз қаталдығын біржола сәуір жаңбырындай жуып өтпек жайы бар сияқты.

Біз жақтың қуғыншылары да талабынан танбапты. Ат сабылтып, арын ту етіп келгенде арқасын жерге тигізіп қалай қайтсын. Қадалып отырып, қалайда дегеніне көндіруге түйініп алған бәрі де.

Талайдан бергі тартыс, іштей толқу мен сапырылысқан

ой ұстамды деген Нұрбайдың өзін сарсаңға салып, әбден болдыртып, ақыры дау иесі Дәулетті сайысқа шақырып еді. Күні кеше өзінің сүйікті қызының ері болған мынау сұрықсыз Дәулет бес ұлының қалағанымен жекпе-жекке шығып, жеңе алса Зәпираны әкете берсін. Ал жеңіліп қалса, Зәпира деп аузын ашпасын, ат-шапан айыбын төлеп, ауылына аттансын дейді Нұрбай.

Біздің жақ қарсы алдында қаңбақша қалтырап тұрған бір шөкім кекеш Дәулеттің кейіпінен шошып, Нұрбайдың ұсынысына келіспейді. Нұрбай екінші ұсыныс айтты.

— Ау, халайық, ауылымда ат ойнатып жатқаныңа аз болған жоқ. Сен иісі Үсен әулетінің намысын жыртып аттана шапқанда, мен үкіше үлбіреткен жалғыз қызымның жанына сая бола алмасам, несіне тірі жүргенім. Сен руыңды қорғасаң, мен бауыр еті баламды қорғаймын. Сен ата намысын айдар тұтсаң, мен баламның көз жасына тұншығудамын. Сен сағым сынбасын деп күрессең, мен құса мен күйіктің лаулаған ошағына өзім тастап, жанып жатқан жас өмірге жайбарақат қарап тұра алмадым. Ендігі өмірімде сол өртке қарлығашша су тасып сөндіріп, қызымды қанатыма қайта аламын. Аянып қалар халім жоқ. Айбат шексең, алдыңа қаймықпай кеуде тосам. Бес белестей биігім деп жүрген бес ұлым да алақанында аялаған жалғыз қарындасының қарғысына қала алмайды. Ендеше бес мың қолдай бел тұтқан бес ұлымды атқа қондырып, алтыншы болып өзім де айқасқа шығамын. Нығметтің намысын жамылған азамат арасынан алтауың қарсы шығыңдар. Әділ күресте бағымызды сынайық.

Дәулеттің дәрменсіздігінен жер шұқылап, қор болып отырған даушылар бұл жолы Нұрбайдың ұсынысынан бұрыла алмапты.

Ақыры Нығмет әулетінің алты жігіті Нұрбай тобына қарсы шығады. Қалған жұрт екі жаққа бөлініп, тілеулес болып тұрады. Әр көңілде күдік ұялаған, жанарда жас ұялаған жабырқау сәт еді бұл. Нұрбай ауылының жанындағы қырқаға жиналған жұрт екі рудың намысын көкпарша тартып, таласқа еніп еді. Бір ру мен бір үйдің таласы, ер намысы мен ана арының айқасы басталған сияқты. Сайысқа шыққандар білегіне қамшы іліп, тақымына шоқпар басып, қойнына тас тығып, бір-біріне өшіге шүйлігіп еді.

Оңтайға келсе, шоқпармен соғып, жақындаса, қамшымен жасқап, алшақ кетсе, таспен атқылап аямас, аянбас айқас бастады. Сілкілесіп-жұлқыласып, тіктесіп-тістеніп, беттесіп-белдесіп, бір сойқанның әр пұшпағынан ұстасқан жайы бар.

Үш қайтара қақтығысқанда, Нұрбайдың балалары Нығмет тұқымының қорбаңдаған қолапайсыз үш жігітін шоқпармен қаңбақша қағып түсіріп еді.

Алғашқы жеңіске желіккен Нұрбай туыстарының бір баласы қуанғаннан қырдан қиқу сала көтеріліп, айқас ортасына жетінші болып шауып кірді. Бұл сайыс шартын толық бұзғандық еді.

Онсыз да шыбын жанын шүберекке түйіп тұрған Нығметтің руластары өре тұрды. Менің қызу қанды ағайым Момынқұл өзінің жаман байталынан қарғып түсіп, әкемнің астындағы атқа келіп жармасты. Ат шылауын ұстап әкемді ер үстінен түсіреді де, өзі қарғып мініп, қарсы шабады. Ұзын бақанды қолға алып, Нұрбай тобына сыпыра тиіп, қуып жүріп үшеуін құлатады. Жеңіле бастаған әулетінің намысын жерден қайта көтеріп алады.

Тағы бір айнала соққанда, ағам төртінші етіп Нұрбайдың өзін сұлатып кетіп еді. Есінен танған Нұрбай қарт қара жерді құшып қала берді.

Айқас аяғы айқындалып қалған еді. Ағам ер үстіндегі Нұрбайдың ендігі екі баласын ауылына дейін қуалап, тозтозын шығарады.

Әкем сұлап жатқан Нұрбай шалға жүгіреді. Басын сүйеп, көтереді. Есін жиған Нұрбай кемсеңдеп:

— Сенбісің, Момыш,— дейді қалтыраған үнмен.

— Қайтейін, осыны қалаған өзің ғой, амалым не, ақсақал, бейбіт сөзге келмедің ғой,— дейді әкем оған. Нұрбай күдер үзген бәсең үнмен:

— Ендігісін өзің білесің, Момыш. Би де, билік те сенде. Әлгі есерсоқ болмағанда, бұл күйге ұшырамас едім-ау. Қайдан ғана келе қалды, сол найсап. Уәде бұзылған соң, үміт те үзілді ғой,— деп сұлқ түседі.

Әкем айқасты тоқтатуға белгі береді. Ат айылын босатып, дауласқандар екі күн ойлануға мұрсат алады.

Үшінші күні Нұрбай ауылынан шабарман келді. Біздің адамдар қайта кетті.

Ата жолын аттап өтіп, баба салтын бұзғаны үшін әкем Нұрбайға азын-аулақ ат-шапан айыбын төлетіпті. Ал байғүс Зәпира лажсыз сағы сынып, тұншыға қайтып келді.

Ағайым өмір бойы мақтанатын. Жалғыз Дәулет пен Нығмет әулетінің намысын ғана емес, бүтін аз ғана Үсен руының да арын сақтап қалдым деп, көрінген жерде күпінетін. Әкем оның бұл қылығын жақтырмаушы еді. Қарт Нұрбайға қол көтергенін кешірмейтін.

— Ұрғаныңа ұлдары да жететін еді ғой,— дейтін әкем кейісті үнмен. Ат астында аунап жатқан Нұрбайдың аянышты жүзі жүрегінде ұмытылмас бір түйткіл қалдырған-ау шамасы.

Зәпираның сол бір қайғылы оқиғасынан кейін мен оны екі жылдан соң көрдім. Баяғы батылдықтан, еркіндік пен өжеттіктен жұрнақ та қалмапты. Қатты шөгіп, ауым-сауым халге түсіпті. Шамасы бұрынғыдай бой түзеп, таранып, жинақты жүруді де ұмытқан-ау. Басындағы ақ жаулығы да бозарып бітіпті. Жүрісіндегі өзіне тән ерке қимыл суға түскен кесектей еріп кеткен сияқты. Жәудіреген мөлдір жанары бұрынғыдай нұр шашпай, жасаурап, солғындап кеткен. Айналадағының бәріне өшіге, жанымен жек көре қарайтын сияқты. Жұрт енді: ол безілдеген Анаргүлдің жыбыр-жыбырына көніп болған, тіптен күйеуі дауыс шығарып, қол көтеретін де болыпты деп жүрді.

Осылайша қалыңмалдың қара күші, ескі әдет, тырнағы у боп жабысқан ру қатынасының ұзын қолы асау Зәпираның алқымына да бұғауын мықтап салып, бұрап тастаған еді. Жанындағы жарқын нұрды өшіріп, үлкен сезімнің тамырын қиып біткен болатын. Енді жайнап тұрған гүл емес, күздің күлгін жапырағындай күн сайын солып барады екен. Зәпира да әйел басына түскен езгіні үнсіз көтеріп жүре берді...

1943 жылы ауылға демалысқа келгенде, қайтыс болған бір ағайынымның үйіне көңіл айтуға кірдім. Сырттан елдің ең соңы болып, белі бүкшиген, кір орамалы көзіне дейін түсіп кеткен бір әйел келді. Алғашында кім екенін танымай қалып, сәлем беруге орнымнан тұра бергенімде, әлгі әйел асқан бір жылы мейіріммен құшып, еркелете сөйледі. Киізге қайта жайғасқанымызда, менің хал-жайымды, ден-саулығымды, мынау қағынған соғыс кезіңдегі амадығымды сұрай бастады. Өзінің ерте келіп сәлем бере алмағанына кешірім сұрап жатыр. Сонда барып майшамның алакөленкесінде әйелдің Зәпира екенін әрең танып едім. Әбден қажып бітіпті. Шүйкедей болып шөгіп, бүріскен күйі отыра берді. Шамның күңгірт жарығы әжімдерін адырайта айқындап, тіссіз қушиған иегін де әйгілеп тұр.

Мен шыдай алмадым.

— Жеңеше-ау, қартайып кеткенің қалай?

Зәпира алғашында бұл сөзімді естімегендей бей-жай қалпы ауыр бір күрсінді. Сонан соң мұңлы жанарын маған қадап, жай ғана үн қатты:

— Е, шырағым-ай, жеңешең не көрмеп еді? Тобыңа сегіз күшік асырап қосқанда, жалғыз жанымның несі қалды дейсің?

Әйтеуір аман жүргеніме шүкірлік еткейсің, шырағым!

Бұл сөзді ол толғанып, қайғылы үнмен айтып еді.

Ошақбай қарт мына сөзді ұнатпай, бас шайқай берді:

— Асылық етпе, келін. Ауыл әйелдерінің бақыттысы өзің емессің бе?

Зәпира, есігінді соғыс сойқаны қаққан жоқ, байың да алдыңда, сегіз балаң да алдыңда. Бұдан артық не демексің аллаға...

— Бөрік кигеннің бәрі азамат атын жоғары ұстап, халқын қорғауға аттанғанда, Дәулет оған да жарамады ғой,— деп ызалы сөйледі Зәпира.— Анасы сол үшін туғандай, менің қорушым болып жәрбиып отырған жоқ па?!

Оның үнінен мен сол баяғы қарсылық кегінің, зорлық көргісі келмеген бұлқыныстың, қалыңмалға деген қарғысының ұшқыны әлі өшпегенін аңғарып едім.

* * *

Енді әпкемнің бойжетіп, жар таңдап, ұзатылған кезін баяндайын.

Мамыттан қол үзгенімізді естіген жұрт тұс-тұстан қыз айттырып, жаушы жіберуді көбейтті.

— Мамыттан кейін бар қалауды қыздың өзіне бергенбіз. Барар жерін, бақытын сеніп тапсырар азаматын өзі қаласын!— деуші еді әжеміз.

Әпкем әбден толысып, ауылдың бұрала басқан бойжеткені болды. Содан ба, оның қолын қара жұмысқа тигізбей, тек өрнек тігуге отырғызатын еді. Әпкем кестенің не түрін, алаша тоқудың сырын, кілемнің өрнегін салуды үйреніп алды. Енді ол мойны мен кеудесін алқаға толтырып, шашына шолпы тағатынды шығарды. Үкілі кәмшат бөркінің жиегіне де шетірмек тігуші еді. Саусақтары жүзікке толы. Ауылдың еркесі атанып, жиын-тойдың, айтыстың көркіне айналды. Өзі де еркін жүріп, ән-күйдің ортасында өсіп, жасының жиырмаға шығып бара жатқанын аңғармай да қалып еді. Кейбіреулер әпкеме "кәрі қыз болып отырып қалады" деген кінәрат та таға бастады. "Айттырып келгендеріді алдаусыратып сыпайы сөзбен сырғытып жібере беруші еді. Міне, жиырмаға да келіпті. Мұның артын оңғарсын" дейтіндер де табылды.

Бір күні ауылымызға екі салт атты келді. Бірі Батырбек әулетінен шыққан Балтабай деген кісі де, екіншісі мұрты енді тебіндей бастаған жиырма бестер шамасындағы бейтаныс жігіт екен. Әкем үйде жоқ. Жолаушыларға самауыр қайнатып, дастарқан жайылды. Жас жігіт басын сәл иіп үнсіз отыр. Ке-

седегі шайын баппен ұрттайды. Әпкеме айтқан екі ауыз сөзі үйлеспеді.

Олар кеткен соң, біз ортаншы әпкеміз екеуміз әлгі жігіттің сызданған түрі мен сызылған қылығын салып, сөйлеген оралымсыз сөзін қайталап мәз болыстық. Алғашында үлкен әпкем қосыла күліп еді, кенет лезде ашуланды. Біз одан сайын мазақтап күлдік. Осылай көпке дейін үлкен әпкемнің мазасын алып қоймаған соң, ақыры шапалақ жеп тындық.

Кешке әкем үйге келгенде, біз бүгінгі қонақтар жайын айттық. Үбиан үйден шығып кеткенде, ортаншы әпкем екеуміз әлгілердің қылығын жүріс-тұрысын, сөздерін салып мазақтадық. Сонан соң: "жігіт Үбианға ұнап қалса керек, біз күліп едік, қатты ашуланды" — дедік. Әкем бізді тыңдап алды да, жымиып күлді. Сөйтті де бұл оқиғаны екіншілей еске алмауды ескертті.

Сөйтіп өзі бізге нақыл болар бір жайды айтып берді.

— Баяғыда байдың ерке өскен баласы ел-елден қыз айттырған екен. Бармаған жері, көрмеген қызы қалмапты. Қасы-көзінен нұр тамған небір сұлуларды көріпті, ақылына адам бойламас әдептілерін де көріпті. Бірақ біреуін де ұнатпапты.

Енді ол алыс сапарға аттанып, жеті күншілік жердегі бөтен елге келген екен. Жүздеген ауылды аралап, тағы да ешбір қызды ұнатпаты. Осылай ел аралап жүріп ол бір алты қанат ақ үйге кезігеді. Алдынан толықсыған ару шығып: "аттан түсіп, сусын ішіңіз" депті. Жігіт атын желіге байлап, үйге кіреді. Төрде отырып қыздан көз ала алмапты. Қыз мұны елемегендей, жайбарақат мейманға дастарқан әзірлей бастайды.

Шай қайнапты. Қыз лезде дастарқан жайып, жігітті әдеппен асқа шақырады.

"Жігіт мен іздеген сұлу осындай-ақ болар. Көркіне тоқтадым. Ал ақылы соған сай ма екен, байқап көрейін" деп ойлапты ішінен.

Түрулі есіктен сыртта жатқан томарлар көрініп тұр екен. Жігіт сынар жерім осы шығар депті де, оқыстан сұрақ қойыпты.

— Құдаша, айып көрмесеңіз айта отырыңызшы, көлік ат анау томардың қаншауын тартар екен?

Жігіт қызды сүрінтер сұрақ бердім деп, ішінен масаттанып отырады. Сол сәтте қыз сәл жымиып күліп, жауап қатыпты:

— Жақсы ат болса, бір-бірден тартар, жаманы болса, екеуден тартар.

Жігіт мырс етіп күліп жіберіпті. Мұнысы мұқатқаным деге-

ні еді. Өзі іштей: "бәсе ақылмен көрік сай келуші ме еді. Мынау қыз ақылы кемдеу біреу болды" депті. "Әйтпесе жаманы екеуден тартар, жақсысы біреуден тартар дер ме еді. Жар болып жарытпас".

Осылайша жігіт ешкімге көңіл тоқтатпай аттанып кетеді.

Үйге келіп, әкесіне бар жайды айтқан екен.

— Жеті күн жол жүріп, қиындағы елдерді араладым. Өзіме тең таппадым. Бір көрікті қыз кездесіп еді, өкінішке орай, ақылы шамалылау болып шықты. Сынай сұрақ беріп едім: "жақсы ат бір-бірлеп тартар, жаманы екеуден тартар" деп жауап қайырды.

Ұлының сөзін естігенде, әкесі күйіп кетіпті.

— О, сормандайым-ай, есуастың үлкені сен екенсің ғой, балам. Қыз сөзінің байыбына бара алмаған көкми сен болдың. Шамасы, сен қомағай дастарқандағы бауырсақты қосқосынан бұралақтап, аузыңа тыққансың ғой. Қыз соныңды мінеген. Ол ақылды ғана емес, дана қыз екен.

Сонда жігіт бармағын шайнапты.

Естеріңде жүрсін, балаларым,— деп күліп еді әкем.— Бәлкім, біздің үйге келген жігіт әдет сақтап тартынған шығар.

— Шайды сыздықтатып ұрттады дейсіңдер ме?

— Иә.

— Е-е, онда мен сендерге тағы бір әңгіме айтып берейін,— деп әкем сөзін қайта жалғастырды. — Баяғыда қыз айттырған бір жігіт шаршап-шалдығып, шөлдеп бір ауылға әрең жетіпті. Қызы бар үйге бас сұғып, демін алған екен. Алдына дастарқан жайылып, шай келіпті. Шөлдеп, ерні кезеріп отырған жігіт қыз ұсынған шыны аяқты ала салып ұрттап жіберіпті. Абайсызда аузы күйіп, шайды әрең жұтады. Көзі жасаурап, қызға сездіргісі келмей, аспанға қарай беріпті. Енді тіл қатпаса, жеңілетінін біліп, жігіт шаңырақтың ағашына көзі түсіп:

— Мынау, қандай жердің ағашы болды екен?— депті. Сонда қыз күлімдеп:

— Бұл саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің жазасы — деген екен. Жігіт өзге тілге келмей, аттанып кетіпті. Біздің үйге келген жігіт әлгі айтқандай, қолайсыз жайға ұшырап қалудан сақтанған шығар.

Әкемнің бұл сөздері бізді ойлантып тастады. Кейін байқасам қыз айттырған жігіт қыз сынаймын деп отырғанда, оны ауылдың кәрі-жасы түгел барлайды екен ғой.

Арада екі апта өткен соң, Балтабай қайта соқты. Әкем екеуі оңаша әңгімелесті де, қайтып кетті. Біз сияқты балаларға

мұндай кеңестің жөнін айтпақ түгілі, үй маңына жолатпай жіберді. Бірде әкем екеуміз қыстауға барғамыз. Әкем жоңышқа шапты. Кешке ауылға жиналып жатқанбыз. Ойда жоқта Балтабай келді. Әкем мені қайраққа жұмсап жіберді. Іздеп-іздеп, таба алмадым.

Кенет атын жетектеген жігітті көрдім. Жүзі таныс сияқты. Ол мені қасына шақырып алып, атымды сұрады. Тәтті беріп, мақтап жатыр. Ішім әлденеге сезіктенгендей болды да, бағдарлай зер салдым. Алпамса денелі, ебедейсіздеу, шықшыты томпайған құс тұмсық, қоңыр жігіт екен. Саусақтары шектен тыс үлкендеу көрінді. Тәтті ұсынғанда, алақанының мүйізденіп қатып кеткенін байқап қалдым. Қағазға ораған үгітпе темекіні сорып тұр. Киімі әжептәуір екен, бірақ бөлексалтақ болып, өзіне қонымсыздау көрінді. Әкемнің қасына қайтып келгенімде, Балтабай қоштаса бастады.

— Асып жатқан атағы болмаса да, адал жігіт. Табан ақы, мандай теріне сүйенген еңбекқор ер. Қарапайым болғанмен, жаны кең. Жақында ғана әскерден оралды,— деді Балтабай.

—Жарар-жарар, Балтабай. Ақылдасалық. Қабырғамызбен кеңеселік. Аздап мұрсат бер,— деді әкем.

Сөйтсем Балтабай жігітке қыз көрсетіп, қыз ұнаған соң, екі ел арасында жаушылыққа жүрген кісі екен. Сол жаушылық парызымен Балтабай ауылға талай келді. Қалыңмал мен кәде жайына дейін әңгімелесіпті. Сөйтсем әпкеммен Аюбай жиын-тойларда, жастардың сауық кештерінде бірнеше рет "кездейсоқ" кездесіп те үлгеріпті. Енді екі жақ берік шешімге келер алдында әпкемнің ойын білуге сұрау салды. Әпкем бұл сұраққа жауап беруден жалтарып, көзін тайдыра беретін. Бар айтқаны: "мен бір байлаулы бұзау емеспін бе. Әжем мен әкем кімге жетектетем десе еркінде" деген сөз болды. Бұл сөздің келісім сөз екенін сол кездің өзінде қаршадай басыммен мен де сезгем. Екі аптадан соң, Балтабай Аюбайдың ауылынан жеті кісі ертіп келді. Ел жақсылары арнайы құда түсіп, бата алысуға келген екен.

Қалыңмал жайы сөз болды. Келісім немен біткенін қайдам, әйтеуір әкем қыз ұзату тойы ең жақын дегенде, бір жарым-екі жылдан кейін өтетінін айтып отырып алды. Құдалар жағы оған көнгісі келмеді.

Қазір ойласам, әкемнің сондағы той мерзімін ұзартуға күш салып отырғанының түрлі себептері бар екен ғой. Біріншіден, әкем дәулеті шалқып отырған бай емес еді. Сондықтан қалыңдықтың жасауын қолма-қол әзірлей қоюға

шамасы жоқ болатын. Ал біржарым-екі жылдың ішінде әкем шәрі аралап, базар барып жүріп, қыз жасауын атына сай етіп әзірлеп үлгеретініне сенген сияқты. Екіншіден, болашақ отау тігетін екі жас бірін-бірі толығырақ білсін, қалындық дәуренін қызықпен өткізсін дегені екен. Үбиан әпкем ренжімей аттансын, бойжеткен шағында көрер тамашасын қысқартпай-ақ қояйын деген қамқор көңілден шыққан шешім екен. Құдалар жағы болса, келіндерін ертерек қолына алуға асығады. Кім біледі қайтадан айнып кетіп, қыз өзге біреуді қаласа масқара ғой. Сонан соң даурығып, дауласып жүргенің. Ондайда кейде өткізген малың түгел өнбей, жырымдалып кететіні бар. Жігіт жағы соны да ойлап, қыпылдаған сияқты. Өйткені қалыңмалы төленіп, енді-енді келін болып түседі деп жүрген кейбір қыздар Октябрь берген жаңа заманды арқа тұтқанына, сөйтіп өзінің сүйгеніне қашып кеткенін естіп те, көріп те жүр еді олар. Дегенмен құда түсіп, бата алысқан бұғауды көп ару бұза алмай, көнбіс әдетпен кетіп жатқан.

Базар күні еді. Аюбайдың ауылынан жиырма шақты адам келді. Сөз бастары, жөн бастар, жол сілтері Аюбайдың немере ағасы Оңғарбай деген ақсақал екен. Қонақтардың құрметіне мал сойылды. Бүкіл ауыл барын құдалардың алдына тосып, аяғынан тік тұрып күтіп жүр. Барлық сыйапаттан соң, екі ауылдың игі жақсылары тізе қосып отырып, бата алысты. Қонақтар ат-шапан алып, көңілді аттанды.

Бір жұмадан соң, бізді Аюбайдың ауылы шақырыпты. Құдалар қалың малдың бір бөлігін бермек екен. Әкем бұл жолы барған жоқ. Оншақты ауыл жігіттерін қасына ертіп, көкем кеткен. Ертеңіне олар бес жылқы, екі өгіз, отыз қойды алдарына салып келді. Оның үстіне әрқайсысына жекелей сый-сыяпат көрсетіпті.

Үбиан мұңайып жүрді. Кім білсін, атастырған қыздың аяғына тұсау түскендей болатынын сезіп қынжылатын шығар. Көз алдында елі енші бөліскендей, алыс-беріске түскені де қинай ма, әйтеуір әпкем сынық мінез болып алды.

Мен әпкемнің қас-қабағын аңдып, бала көңіліммен шын қиналдым. Сөйтсем әпкемнің мұнысы сырт көзге көрсеткен мінезі екен. Әйел баласының айлалы қылығын алғаш осылай сезгенімде, мұзға отырғандай болдым. Өйткені, әпкем маған бауыр ғана емес, шешем сияқты еді. Жастайымнан көре алмай қалған ана мейірімін мен әпкемнен тапқандай болғам. Сондықтан да оны ешкімге қимайтымын, жан біткеннен қызғанып, шиыршық атушы ем. Менің ойымша, әпкем өмір бойы осылай қыз қалпында қасымнан ұзамай, қамқор

болып жүре беретін сияқты көрінген. Жоқ олай емес екен...

Көкемдер алып келген мал лезде сатылды. Көкем базаршы болып, жан-жақтан әпкеме жасау әкеле бастады. Үбиан енді жібек киіп, жүріс-тұрысы өзгеріп, кесте тігуден басқа жұмысқа қол созбайтын болды. Үйіміз ою ойып, өрнек салатын, киім пішіп, кілем тоқитын шеберханаға ұқсайды. Әжем, "табақ-аяқ, көрпе-төсек, жасау-жабдығынды түгелдеп, инежіпке дейін қалдырмаймын" деп отыратын.

Алты айдан соң, Аюбай күйеу жолдасы Оңдас екеуі іңір қараңғысын жамылып елге келіпті. Бұл болашақ жармен жүздесудің басы екен.

Күйеу бала ауыл шетіндегі топ талдың түбінде бой тасалап қалыпты да, жолдасы екі қоржын арқалап, жалғыз келіпті. Ондағы ойлары қызбен көрісіп, қалыңдық түнін бірге өткізбек екен.

Мол сыйлықты көргенде, жеңгейлер көңілденіп, көздері жайнап шыға келді. Оңаша отау әзірлеп, күйеуді құрметпен қарсы алудың қамына кірісіп кетті. Сол кезде күтпеген жерден әпкем тулап шыға келді. Күйеу баламен көрісуден бас тартып, бұлқан-талқан болып жүр. Оны жеңгелері, құрбылары қоршап алып, ақыл айтып жатыр. Бірақ бұның бәрі ем болмады. Әпкемнің өңі қуқыл тартып, дауысы қалтырап, ентігіп отырып, тіл қатты:

— Сұмдық-ай, не деген ұят еді. Бұл қай басынғаны. Сонша асығып, жау қуып бара ма екен. Алдымызда әлі жыл жатыр ғой. Неге соны ойламаған. Мұндай жеңілтектігі үшін жек көріп кететінімді ескертіңіз. Мұнысы несі, менімен санаспай, тосыннан-тосын тасырлатып жетіп келгеніне қорланып отырмын.

— О не дегенің, жарқыным. Ата жолы сол емес пе? Енді сен қалыңдықсың. Қалыңдыққа күйеу бала келер болар,— деп бір жеңгесі жұбата бастап еді, Үбиан тыйып тастады.

— Өз үйімнің оң босағасында отырғанда, сонша басынатын мен оның әйелі емеспін әлі. Егер ендігәрі қылжақтап, осылай қылтиып келе берсе, қалыңдығы болуға қарсымын. Солай айтыңдар,— деп Үбиан бетін басып отырып қалды.

Үнемі салмақты үні қатты шықпайтын байсал мінез әпкемнің дауыс көтере алатынын, қарсылық көрсете алатынын, бұлтартпай бұйыра алатынын мен тұңғыш рет сонда сездім.

Әпкем әлдебіреу күшпен жетелей жөнелетіндей тартынып, сандыққа сүйеніп тұр. Оның шырайлы өңі сұрланып, жұқа еріндері дір-дір етеді.

Бұл қақтығысқа үлкендердің араласпайтыны қандай жақсы еді.

Қыз ықыласын ала алмай, ауылына қайтып бара алмай, Аюбай ағаш түбінде түн жарымына дейін тұрыпты. Оңдас әкелген қоржындарын қалдырмақ еді. Үбиан бұған да қарсы шықты.

— Жо-жоқ айыпқа бұйырмаңыз. Басын әуреге салып, базарлығын алып қалар жөніміз қайсы. Қоржын болса келе жатар, оң күн болса көре жатар.

Үбианның бұл мінезінен құдалар жағы секем алғандай болған екен. Аюбайдың ауылынан әйелдер келгіштеп кетті. Әпкемнің жай-күйін сұрап, алыстан сыр тартатынды шығарды. Үйге келгендері жеңгелерімізбен, Үбианның өзімен сөйлесетін. Не айтқандарын біле алмай, сыртта қала берем.

Ақыл айтып, қыздың алды-артын орап алатын жеңгетайлар көбейді.

Сөйтіп жүргенде, тағы да алты ай өтіпті. Ауылымыз енді асыға бастады. Киіз басылып, киім-кешек жиі тігілді, кестелі бұйымдар молайды. Қолының ебі бар өнерлі әйелдер бар ниетін салып, аянар емес. Алынған жиһаздарды, тігілген бұйымдарды қайта-қайта ашып көріп, нақ бір көрмеде жүргендей-ақ, масайрап мәз болысады. Осындай сәттерде әркім ойын ортаға салып, жиһаздардың кем-кетігі мен олпы-солпы жерлерін түзетіседі. Қолда бар мал сынапша сусып кетіп жатты. Базар сайын сатылып, ақшасына жасау әкеледі.

Аюбай өзінің хабаршылары арқылы әпкемнен жақсы лебіз естісе керек. Бір күні кешке Оңдас қоржын көтеріп тағы келді. Бұл жолы жеңгейлер күйеу бала мен күйеу жолдасты қолпаштай күліп, жайраңдап қарсы алды. Қалжыңмен қағытып, әзілге қарық болысып жатыр. Оңаша отау тігіліп, Оңдасты базарлығымен қоса сонда алып кірді. Отаудың ішін жиһазға жайнатып қойған екен. Екі жас алғаш рет осында жүздеспек. Аюбайды бір-екі жеңгей ішке алып кірді. Екі жігітті құрметті орынға отырғызып, жеңгейлер жүгірісіп жүр. Сол кезде ауыл жастары жинала бастады. Қыз-келіншектер, қызыл-жасыл киініп құлпырып алыпты. Бәрі де күйеу баламен жүздесіп, жақын таныспақ. Мұндайда әрқайсысы өткір сөзбен, оңтайлы әзілмен, ойнақы қылықпен, жарқын күлкімен көрінгісі келеді ғой. Күйеу баланы жан-жақты сынап, биігін білгісі келгендер жағалай ұтымды сөз айтуға тырысады.

Кейбіреулер жұмбақтай сөйлеп, астарлы пікірдің жауабын күтеді.

— Ай қай жақтан туар екен?— деп күлген бір жеңгесіне

Аюбайдың тура жауап бергені бар:

— Кеш батқалы қашан, ендігі ай да шыққан шығар. Аюбайдың аңғал айтылған адал шындығына біраз келіншектер шиқылдасып күлісіп алды.

— Шолпанның тұрағы қайсы екен, ай мекені қайда екен?— деді енді біреуі.

Аюбайдың жауабы тағы да қарабайыр болды. Тағы да көңілдегі шындығын айтып салды.

— Ай мен Шолпанның тұрағын үйде отырып қалай ажыратайын.

Келіншектер қайтадан күлісті. Аюбай қызарақтап, күйеу жолдасына қарай береді. Қысылғанда көмек сұраған сыңайы бар.

— Жетіқарақшы жұлдызы қоныстасыңыз емес пе еді,— деп, бір келіншек енді Аюбайдың қалжыңға олақ қарадүрсін екенін қағыта сөйледі. Шошынған болып дауысын әдейі құбылтып тұр.— Япырай, жарық жұлдызды жақын қондырғанымыз қалай болар екен. Қолды болып жүрмегей.

Келіншектердің мысы әу бастан басып алған Аюбай енді шын мәнінде қысылып, жер шұқылай берді. Әлгі қалжыңға берген жауабы тіптен ебедейсіз шықты. Үні де араз болған баланың үніндей бір түрлі естілді:

— Жетіқарақшыңыздың мекенін аңғармаған едім. Бірақ әйтеуір ұры болған жайым жоқ.

Келіншектер тағы ду күлісті.

— Айдың жүзі толар кез қашан екен?— деді бір қу тілді жеңгей.

Аюбай тағы ұтылды.

— Жеңгей, ол жағын білмедім. Ай мен жұлдыз сырына үңілген ғұлама емес едім. Ауылымызда ондай тәуіп болған жоқ.

Күйеу баланың бұл жауабына елдің бәрі күлгені сонша, үй теңселе жаздады. Енді Аюбай тіптен жер болғандай, күреңітіп еді.

Осы кезде арашаға күйеу жолдас түсіп, жеңгелеріне ұтымды қалжың айта бастады. Оңдас тіс қаққан қу екен, келіншектерге шалдырар емес.

Дастарқан жайылып, алдымен шай келді. Әзіл-күлкімен шай ішіліп болғанда, ыстық ас әкелінді. Аюбайдың бүгінгі күні тұзы жеңіл тарта берді. Әбіржіп, қызарақтап, қиналып, әрең отыр. Маңдайы тершіп, мазасын қоса алыпты. Терін сүртем деп, қайта-қайта орамалына жармасады.

Дастарқан жиналып, ойын-сауық басталды. Мұндайда

алдымен айтыс жүретін әдет қой. Қыз-келіншектер жағынан екеуі қосылып, сызылта ән шырқады. Күйеулер жағына салмақ тастап, жауап айтып отыр. Алайда жігіттер жағы жуық арада ән айта қоймады. Аюбайдың мойны салбырап иіліп, бас көтерер емес.

Аспан ашық, ай жарық күн жылыда,
Қол созыпсың аспанның жұлдызына.
Күйеу жолы жіңішке деген сөз бар,
Ізет көрсет ауылдың ұл-қызына.

Оңдас шыдай алмады білем, Аюбайды түртпектеп отырып әнге жетеледі. Оңдастың әдемі ашық дауысы бар екен. Аюбай соның берекесін кетірді. Әдетте қолма-қол қиыстырып, жауап қайтару шарт. Аюбай Оңдастың өлеңіне үйлесе алмай, дауысы қарлығып мүдіре берді. Екеуінің сөзі екі түрлі шығып, тоқайласпай-ақ қойғаны. Қыз-келіншектердің мерейі тағы да үстем болды.

Түн жарымы болып қалғанын аңғармаппыз. Осы кештің ұйытқысы болып жүрген үлкен жеңгеміз бәрімізді үйге қайтарды да, бір-екі келіншек пен әпкемнің қимас құрбыларынан екі-үш қызды қалдырды.

Мен бұдан кейінгі оқиғалардан бейхабар едім. Өйткені мені енді ол отауға маңайлатпады. Бәрін кейін естідім. Үлкен үйде оңаша қалған Үбиан әпкем бүкіл кештің барысынан хабардар болып отырыпты. Аюбайдың момындығын, жасықтығын, қалжыңға қарымтасы жоқ екенін де біліп алыпты. Енді ел тарап, екі жасты жүздестірер сәт туғанда, әпкем қасарысып отырып алады. Жеңгелерінің айтқанына да, құрбыларының тілегіне де көнбейді.

— Япыр-ау, бикеш-ай, бізді масқара етпекпісің шынымен. Өз ықтиярың болған соң, келмеді ме ол екеуі. Енді көргенсіз ел атанбайық,— деседі жеңгелері.

Үбиан сол ызаға булығып, қасарысқан қалпынан қайтпапты.

— Немене, ерке қыз дегенге, шолжаң болғың келе ме соншаа. Ел рәсімін, бұрынғының жолынан аттап қайда бармақсың. Бүйтіп бізді қорлама. Есті қыз өйтпес болар. Біз де өзіндей қыз болғамыз,— десіп, енді жеңгелері ашуға көшеді.

Ақыры таң алдында Үбиан күйеу бала отырған отауға баруға келісіпті. Бұл кезде кеш бойы сөзден жығылып, терлеп-тепшіп қысылған екеуі әбден қалжырап, оның үстіне қалыңдық та соншама кешігіп, көңілдері қобалжып отыр екен. Осындай толқу үстінде тоқырап отырғанда Үбиандар кіріп келіпті. Адамның берекесі бір кетсе, аяғы тайғанай беретін

әдеті емес пе. Аюбайлар тағы жаңылыс басады. Қалыңдық кіргенде, күйеу жағы ізет көрсетіп, орнынан тұрып, қызды аялап қарсы алатын салтымыз ғой. Аюбайлар абыржып, оны да ұмытқан көрінеді. Әпкемдер кіріп келгенде, орнынан тұрып қарсы ала алмапты.

Оң босағада отырған қызға бұдан артық қорлық болсын ба, онсыз да ызаға булығып келген әпкем лезде тәкаппарланып кеткен екен. Жігітке қол ұсынбақ түгілі, мінін бетке басады.

— Жатыстарыңызға береке берсін. Жау қайырғандай қалжырап қалған екенсіз, мазаларынды алмайық. Қызға сөз салардан бұрын, сөз мәнісін түсінер болар еді. Сөз қадірін ұқпаған, өз қадіріне қалай жетпек. Кешіріңіздер,— деп бұрылып жүре береді.

Енді Аюбай намыстанып, ашулы аттанбақ болады. Жеңгейлер мән-жайдың тігісін жатқызып, жігіттің шымбайына батыра ақыл айтып, ашуын тоқтатып аттандырады. Оңдас кешірім сұрап, бұл оқиғаның елге жайылып кетпеуін өтініпті. Салт бойынша, күйеу жағы таң атпай, ел көзіне ілікпей, ауылдан аттануы тиіс. Екеуі лезде жүріп кетеді. Ертеңіне Үбиан әпкем тігілген киім-кешектерін лақтырып, жасауларын шашып, қатты ашуланды. Сонан соң мұңайып бір түрлі тұңғиыққа түскендей жүреді. Үй-іші басу да айтқан жоқ, ашу да айтқан жоқ.

Екі-үш күннен соң Үбиан Аюбайға бармаймын деп қиғылық салып еді, бұл жолы әкем айбаттанып кетті:

— Екінші рет бата бұзып, есектің миын жеді деймісің мені. Елге қайта-қайта қарабет болар жайым жоқ.

Бұл кезде Аюбай да ауылына барып, біраз талқыдан өткен соң ашылып, сөз қадіріне жеткендей болса керек. Екі айдан соң, ол қайтадан бағын сынап, елге ұрын келеді. Бұл жолы ауылдың қыз-келіншектері еріндерін тістеп, еркін қалжыңға ерік берген жоқ. Сөйтіп, Аюбайдың үйренген сөздері, ақылкеңесі бұл жолы кәдеге аспады.

Уақыт өте берді. Күйеу бала енді ауылға апта сайын келетінді шығарды. Үбиан әпкем бұрынғыдай емес, "пешенеге жазылған осы шығар" деді де, бәрін үнсіз мойындады. Қалыңмал қанша көбейсе де, қарамызға тұяқ қосылмай, азая берді. Бәрі жасау-жабдыққа жаратылып жатыр еді.

Ұзату тойы қоңыр күзге қарай, жиын-терін біткен соң басталмақ.

Тойға әзірлік кезінде де басымыздан тақыр кетпеді. Ауылдық, болыстық әкімдер сұраққа шақырып, әңгіртаяқ ойнатуды шығарды. "Қалыңмал алғаныңды қағазға түсіреміз,

уәкіл шақырып айдатамыз" дегенді де айтты. Алайда әкем бұған сескене қоймады. Өйткені "жығылып жатып сүрінгенге күледі" дегендей, олардың өздері де қолдарымен қоқыс шеңгелдегендер еді. Көрінгеннен пара алып, көрінгенге көз салып, алдынан өткенге алақан жайып, әбден алакөзденіп алғандар болатын. Әкем соны біліп, сескенуден аулақ жүр. Тіптен беттеріне тіке айтып салыпты:

— Бұл аймақта көзге сүйелдей көрініп отырған жалғыз мен емес. Ел істеген тірлікті мен де істедім. Сендердің де құлқындарың мәлім. Жемсауларың бүлкілдеп отырғанын да білем. Ал егер біреуіңнің тамағыңды тығындасам, екіншің ауыз ашқалы дайын тұрсыңдар. Пара үшін жиған малым жоқ. Сендерге пара берем деп, жалаңаш қалар жайым да жоқ. Өз қотырымызды өзіміз қасып, тыныш жүрейік те. Бәріміз де оңып тұрған жоқпыз. Мен қызымның көңілі үшін күнәһар атансам, сендердің күнәларың онан да асып жатыр. Сондықтан қорқа қояр, жаси қояр жайым жоқ. Онан да әрқайсың күн сайын дікектей бергенше, үлкен бастыққа хабарлаңдар. Не де болса сонын алдында жауап берейін,— деп әкем белсенділерді беттетпеді.

Ұзамай үлкен бастық та келді. (Шамасы, біздің болысқа қарайтын милиция бөлімінің бастығы болса керек). Келуін келді-ау. Бірақ сорақысы енді басталды. Не болды дейсіздер ғой. Тергеуге келген бастығымыз Үбианды көргенде, ақылесінен адасқандай телмірді де қалды. Көрген жерден көңілі кетіпті. Енді ол бастықша сөйлеуден қалып, басқаша сайрай бастады. Сұмдығы сол — ол әпкемді тоқалдыққа алуға бел байлапты. Бұл жолда қыруар қалыңмал шашып, қара басын саудаға салудан тайынбайтынын айтып кетті. Енді есігіміздің алдынан әлгі бастықтың көлігі кетпейтін болды. Келген сайып сөз салып, өзеуреп отырады да қояды. Алғашында қатты айтуға әдеп сақтап, жаймен түсіндіріп жүрген әкем бір күні морт кетті.

— Шырағым, оттап жүргенің не осы? Ел сенімінен садаға кеткір, езбесің өзің. Қатын үсті ететін, сен сияқты ақымаққа кететін қызым жоқ. Сендер әділет жолын тұтынып жүрмін дейсіңдер ме. Қой терісін жамылған қорқау неме. Сенің де зауалың табылар,— деп бетіне тіке айтты.

Бастық мұндай жауап күтпесе керек, орнынан атып тұрып, есікке беттеді. Аттанып бара жатып, әкемді қорқыта бастады.

Көп ұзамай әкем айтқандай-ақ әлгі бастық кішірейіп, бөлімшеміздің ауысты. Көршілес қырғыз ауылдарына кетіп-

— Отауыңа оң сәт тілеп, есігін аштырғалы тұрмыз, еркежан. Отауың бақытқа толсын, иелері қайғысыз болсын.

Даусы бір түрлі қалтырап шықты.

Әпкем босағадан бірінші аттады. Қалғандары соңынан еріп, ішке енген соң, әпкемді құшақтап игі тілектерін білдірді.

Байқасам, әпкем жылап тұр екен. Бұл елден кетерін сезген қыздың қимас көңілінен шыққан жас па, әлде ағайынның ықыласына деген ризашылық жасы ма, ол жағын аңғара алған жоқ едім...

Сәлден соң әйелдер үйге үлкен екі сандық алып кірді. Іші толған асыл бұйымдар мен қымбат киімдер екен. Төрдің бір бұрышына апарып, сол көйлектерді шығарып ілді. Іргеге әшекейлі ағаш төсек құралды. Оған мамық салынып, үстін майда жібекпен көмкерді. Жерге киіз, кілем төселді. Енді зер салып қараған кісіге бұл отаудың мұнтаздай жаңа, мол жиһазды үй екенін бірден білінер еді.

Жаңа отауда алғаш рет мол дастарқан жайылып, көлкөсір шай ішілді. Ер атаулыдан біз сияқты ерме балалар ғана қатысқан еді.

Шай үстінде жасаудың кем-кетігі жайлы келелі әңгіме де қозғалды. Енді немен толтыру керек екені сөз болды. Сонан соң жеңгейлер Үбианға түрлі бұйымдар қоса бастады.

— Жақсы көретін қайын сіңлім едің, бикеш. Көзімдей көріп жүрерсің,— деп әрқайсысы кесе-табақ, білезік-сақина, алқа-моншақтар сыйласты.— Құдайға шүкір, бикешжан. Мұндай жасауға әркімнің қолы жете бермейді. Әжем мен қайын ағаға ризамыз. Бүтіндей бір үйдің ине-жібіне дейін түгендеп, іргеңді берік қондырғалы отыр. Мұндай жасаумен барған жеріңде де мерейің үстем болады.

Осылайша шын тілектерін, адал көңілдерін білдіріп, әйелдер тараса бастады. Мен дастарқан қызығына беріліп, өрік-мейізбен алданып отырғанымда тыстағы жақсылықтан құр қала жаздаппын.

— Апа! Қыздың нөкер-серіктері келіп тұр,— деген көкемнің дауысын естігенде тысқа атып шықтым.

Төгілте киім киген қос келіншек, бұралған бір жас қыз және екі жігіт жол жүруге сайланып тұр екен. Әжем оларды үйге шақырды. Екі жігіт тыста қалды да, өзгелері кірді. Өйткені жаңа отауға ерлер бас сұқпауы тиіс екен. Қайшагүл келіп, Үбианды бауырына басып тұрып бақыт тіледі:

— Бақытты бол, бикеш. Сол бақыт жолының бастамасын өзіңе серік болып жүріп көргелі кеп тұрмыз,— деді ол.

Мұнан соң Үбианды киіндіре бастады. Раушан түстес

бүрме етек көйлекті кигенде, әпкемді танымай қалдым. Керемет жарасымды екен. Көйлек сыртынан қынамабел көкбарқыт бешпет киді. Құндыз бөркінің төбесінде үкі желбірейді. Қос бұрымының ұшынан күміс тамшы төгілгендей, арқасында әсем шолпы сылдырайды. Аяғында биік өкше, оюлы етік. Мойны моншаққа толы, кеудесін алқа көмкеріп тұр. Алпақ білегінде қос-қостан күміс білезік. Саусақтары сақинамен безенген. Тырнағына аздап сүрме жаққандай көрінді.

Әжем күміс сапты қамшыны немересінің қолына ұстатты да, оң сапар тіледі. Бәрі тысқа шықты.

Көкем қарагер жорғаны көлденең тартып тұр екен. Бұған Үбиан мінбек. Соңдықтан ба, ер-әбзелі ерекше. Ауыздықтан бастап сағалдырығына дейін күміспен күптелген жүген. Тоқымы мен тебінгісі барқытпен тысталыпты. Ер үстіне барқыт көпшік төселген. Өмілдірігі төгіліп тұр.

Көкем мен жігіттер әпкемдерді қолтығынан демеп, атқа отырғызды. Осы кезде топ ортасына әкем келді. Аз үнсіз тұрды да, алақанын жайды. Жиналғандар тегіс алақандарын жайысты. Әкемнің оң батасын алғаннан соң серуен тобы жолға шықты. Бүкіл ауыл тысқа шығып, Үбиандар көжиекпен астасқан алыс қырқадан асып кеткенше көз жазбай, қызықтап қарап тұрды. Сонда әшекей бұйымдар қайдан табылды дей көрмеңіздер. Әкемнің зергерлік өнері бар еді деп айтқан едім ғой. Сол өнерін қызынан аямапты. Әкеме күн сайын көкем де көмектесіп жүрді.

Үбиандар кеткен соң, ауыл енді бүтіндей той қамына кірісті. Көкем базардан базар қалдырмай аралап, қоржын толтырып қайтады.

Ауыл жігіттері білек сыбанып, қолғабыс көрсетіп жүр. Әкем зергерлік ісіне біржола беріліп алды. Мен қасында тұрып, айтқандарын қалт жібермей зыр жүгіріп орындаймын. Әкенің тапсырмасын орындағаннан артық не ғанибет бар дейсің, шіркін.

Әкем ең алдымен балшықтан өзіне қажетті ыдыс жасайтын. Оған күміс теңгелерді салады. Оның үстіне жаңқа үйеді де, тұтатады. Біртіндеп шоқтанып бара жатқан ыдысқа қарап тұрған қандай рақат. Әкем көсеумен көмірлерді аударыстырады. Мен ешкі терісінен жасалған қол көрікті басамын. Бір кезде ыдыс бетін көгілдір жалын шарпиды. Сол кезде еріген күміс сынапша толқып шыға келеді. Әкем оны аздап суытады да, алау түстес ерітіндіні суық суға салып жібереді. Су быж етіп қайнап шыға келеді. Сонан соң балқыманы қолына алып, әкем білезік соға бастайды. Өрнегін қаламмен сызып алады да, ұстараның жүзімен кертіп қондырады.

Мұндай кезде үй іші қыбыр етпейтін. Бәріміз демімізді тартып, әкемнің тесіле қараған жанарына, аздап дірілдеген саусақтарына зер салушы едік. Өрнекті қондырып болған соң, әкем енді білезікті құммен жұмырлап ысқылайды да, түтілген жүнмен тазалайды. Сонан соң үстіне ақ мүсәтір ұнтағын себеді де, аздап отқа ұстайды. Ұнтақ тұтанған кезде білезікті оттан тартып ала қояды да, тізесіне ысқылап жібереді. Сол кезде білезік жарқырап шыға келеді. Өз өнеріне деген сүйіспеншілігі шығар, әйтеуір әкем әңгіме айтқанда әшекей, өрнек жайлы, оның нақыстары жайлы көбірек сөз ететін.

Әкемнің өнері өзге ауылға да белгілі еді. Алайда өзі үшін болмаса, өзгелерден ақы алып, ер-әбзел, зергер бұйымдарын жасаған емес. Әкемнің кейін қолдан мылтық жасағаны есімде. Мылтықты әшекейлеп, өрнекті шүріппе жасады. Бірақ сынап көргенде мылтық атпады. Сонан соң әкем ызаланды ма, әйтеуір ұңғысына дәрі толтырып біздің көзімізше мылтықты талқандап тынып еді.

* * *

Үбиандар екі жұмадан соң елге оралды. Жігіттер алдарына төрт тай салып, мол сыйлық артылған түйе жетектеп қайтыпты. Бір таң қалғаным — бәрі үйдің тұсынан өтіп кетті де, ауыл шетіндегі жаңа тігілген отаудың алдына ат басын тіреді. Тұс-тұстан тағы да әйелдер жиналды. Бәрі құшақтасып көрісіп, қуанысып жатыр. Хал-жағдайын, жай-күйлерін жамырай сұрасады.

Отауға бұрқ-бұрқ етіп самауыр келді... Жиын-тойдың, бас қосқан ортаның қызығына алғашқы себепкер өзіммін дегендей иінінен демалады. Бұл отырыста негізгі әңгіменің ұйтқысы Үбианның қасындағы құрбысы болды да, қалғандары ынтыға тыңдады. Ол әдемі майда тілмен, ұтымды әзілдермен сөз арасын құлпырта отырып, қайда болғандарын, қандай кештерге қатысқанын, кімнің үйлері шақырғанын, Үбианға кімдер қандай сый көрсетіп, не тілек айтқандарын тәптіштеп баяндады. Тіптен ел қыдырып жүргенде естіген қызғылықты әңгімелері мен әсем әндерді де айтып берді. Барған ағайындардың әрқайсысының көңіл күйі мен көлгірлік пиғылдарына дейін біліп келіпті.

Әйелдер ынтыға тыңдап отыр.

Серкебай нағашым түйе жетектетіпті. Ал інісі Құлжабай тай сыйлапты, бір нағашы жеңгеміз түскиіз беріпті. Енді бір жеңгеміз барқытпен тысталған мамық сыйлаған. Әкемнің қарындасы кіші кілем мен аяққап тарту етіпті. Екінші қарындасы

жібек шапан және күміс леген беріпті. Осындай сый-сияпат мол екен. Әйелдер бәрін жайып салып, қызықтап отырысты.

Сонан соң әкелген сыйлықтарды жасауға қосты да, әйелдер үйлеріне тарасты. Үбиан әдеттегісіндей қайта киініп, әкеме сәлем беруге кетті.

Әкем қызын мейірлене қарсы алды. Шашынан сипап, маңдайынан иіскеді. Үбиан шыдай алмай жылап жіберді де, әке құшағына жасырына берді. Кеудесіне басын қойып, ұзақ жылады.

Әкем өзін-өзі әзер ұстап, кереуетке отыра кетті де, қызын алдына алып теңселіп, жас балаша әлдиледі. Ортаншы әпкем Әлиманның бұрымы селтиіп, кереуеттің басынан ұстап қатып қалыпты. Оның да екі бетін жас жуып тұр. Әрқашанда сабырлы Үбианның босағанына да таңырқадым. Содан ба, бедірейіп тұрып қалыппын. Әлиман шыдай алмаса керек. Жүгіріп кеп, жұдырығымен қойып қалды. Кемсеңдеп әрең сөйлеп тұр.

— Сен неге бедірейіп тұрсың, тасбауыр. Көзіңнен жас та шықпайды ғой...

Мен есемді жібермей, Әлиманды салып қалдым. Алайда көзімнен жас шығып кеткенін өзім де сезбей қалып едім... әкем езу тартып күлді де, үшеуміздің де ыстық жасымызды төсіне басып, бауырына тыға берді.

Ертеңіне жаңа отаудың жанына жағалай үй тігілді. Тойға келетін қонақтарға арналған үй осылай молая берді. Байқасам, кешке қарай ауыл жанынан Үбианның отауын ортаға алған жаңа ауыл орнап қалған екен...

Келесі күні барлық балаларды жақсылап киіндіріп, жаппай жасандырып қойды. Сол кеште қасына жеті жігіт ерткен Аюбайлар келді. Олар өздеріне арнап тігілген үйге түсті. Енді қалыңдықтың отауы мен күйеудің отауы арасында қызық құмар адамдар сеңдей соғылысты.

Әр үйден әсем күлкі, жарқын дауыстар естіліп, жадырасып жатыр. Желіде аттар кісінеп, ауыл іші жанданып кетті. Ошақтан көтерілген көп түтін көкке қалықтап көлбеңдеп барады...

Осылайша той да басталып кеткен еді. Біздер, ауыл балалары, назардан тыс қалып, қараңғыда топырласып, әр үйдің арасын жол етіп жүрміз. Қызық естісек деген дәмемен әр үйдің жанын сағалаймыз. Алайда есік алдындағы самауыршы жігіттер маңайлатар емес.

— Әй, балалар, аулақ жүріңдер. Сендерге бұл арада түк те жоқ!

Кейбір көңілшектері басымыздан сипап, құлағымызға сыбырлайды:

— Айналайындар, алысырақ ойнаңдар. Меймандар көрсе, ауылының балалары бейбастақ екен деп кетер. Ұят болады,— дейді.— Бара қойыңдар! Топырламаңдар!

Әйелдер жағы бізге көз қырын да салар емес. Бәрі асығып, дастарқаң көтеріп, кесе шайып, қазан басында күйбектесіп жүр. Қасына бара берсең, тезірек құтылғысы келгендей, қолымызға үн-түнсіз бауырсақ, тәтті қыстыра салады. Біз өзара күбірлей сөйлесіп кете береміз.

Таң атты. Жаңа ауылдың қазаны елден бұрын көтеріліп, ошақ түтіні елден бұрын өрледі. Ел тірлік қамына кірісіп, жаппай қарбаласқа көше бастаған кез...

Қонақтар баппен тұрып, бастау жаққа бара жатыр. Мөлдір суға кезектесіп бет жуысып сергіп қалады. Сонан соң маң-маң басып, маңғаз жүріспен өздері түскен үйге беттеді. Біз де солардың соңынан ілесіп жақындай береміз. Қонақ көзінше үлкендер ұрыспайтынын әрқайсымыз жақсы білеміз. Алайда меймандарға сездірмей, ала көзімен бізге қараған ауыл жігітінің сұсынан шошып, шегіншектей береміз.

Меймандар керіліп-созылып, үлкен сәскеде дастарқанға әрең отырысады. Шайды асықпай сораптап, бір-біріне оқта-текте еріншектене тіл қатысады. Бәрі маңғаз, бәрі кербез сияқты. Сызданып отыр. Шайдан соң қымыз келеді. Қымызды да салғырт отырып, самарқау ішіседі. Асығар жайы жоқ, уақытты үнсіз ұтқан сыңайлары бар сияқты. Кешегі даурықпа сөз, дабыра мінездің бірі де жоқ. Бәрі әлдебіреуді сарғая күтіп жатқандай. Ол кім? Ол күткендері сәті түскен кез, сапарға шығар уақыт, сағыныса көріскен жаңа қонақтар ғой. Күн ысып барады. Әркім киіз үйдің іргесін түріп жатыр. Біз енді-енді айқын көрдік. Жұқа шапанын иықтарына желбегей жауып, қаз-қатар жастыққа жантайғандар...

Күн түстен ауа бастады. Ауылдың ошақтарынан тағы да түтін шұбалып, көкке көтерілді. Әр үйдің алдында самауыр сақылдайды. Қонақтар шайды рақаттанып ұзақ ішісті. Онан соң алдарына ет келеді. Табақ тартқан жігіттер қаз тізіліп, әр үйге кіріп жатыр. Әңгіме аздап жанданған сияқты. Бірақ кешелі бері осынау бір сарынды сабылыс біз сияқты ерекше қызық күткен балаларды жалықтырып жіберіп еді.

Уақыт өтіп барады. Күннің қызуы тарап, ауа қоңыр салқын тарта бастады.

Міне, ақыры сонау алыс көкжиектен әлдекімдер көрінді. Бұлар қызыл-жасыл киінген қонақтар екен. Көрші ауылдардан келе жатқандар. Енді екінші жақтан бір топ аттылы кісілер көрінді. Тағы бір қарағанымызда ауылдың тұс-тұсынан бізге

қарай жақындап келе жатқан жарқын топ бүкіл даланы гүлге бөлеп жібергендей еді. Сол топ дөңгелене келіп, мынау ортадағы жаңа отауды алақандарына көтеріп, ауыл қызығын асқақтата түсетіндей сезілді. Біз әр жаққа бір қарап, қарық болып қалдық. Ауыл адамдары қонақтарды құрметпен қарсы алуға сақадай сай тұр. Міне екі жақ құшақ жая қауышып кетті де, күлкіге-күлкі, тілекке-тілек ұласты. Әйелдер жағы көрісіп, ерлер жағы қол берісіп, төс түиістіреді.

— Тойларың құтты болсын!

— Тойларың тойға ұлассын!

— Ауылдарыңнан той үзілмесін!

— Ниеттерің баянды болсын!

Осылайша тілек білдіріп жадырасқан меймандарға ауыл адамдары да жауап қатады:

— Өздеріңмен бірге болсын!

— Айтқандарың келсін!

— Өздерің де осындай тойға жетіңдер!

— Өмірлерің тоймен өтсін!

Сыңғырлаған шолпы үні, жүрекке жұмсақ күміс күлкі, жібек көйлектердің сусылы, бұрала басқан қыз толқыны кешкі ауылды көріктендіріп жіберді. Бізге әйелдер жағы жай сөз емес, — әуезді ән салғандай, жай ғана қара жаяу жүріспен емес, толқын үстінде жүзіп келе жатқандай сезілді.

Әйелдер жағы алдымен қалыңдықтың отауына бас сұғады.

— Бақытты бол, бағың ашылсын!

— Әр күнің бүгінгідей ашық болсын!

— Басыңнан жақсылық кетпесін!

— Босағаң берік болсын!

— Үйің қуанышқа толсын!

Әпкем бәрінің де ықыласына риза болып, шын жүректен алғыс айтады: "Жақсы сөз жан семіртеді, құлақ құрышын қандырады, үмітіңді үдетеді, жүрекке қанат бітіреді... Сендердің жарқын жүздеріңе көз тойдырар емеспін. Жақсы сөз — жарым ырыс дегендей, айтқандарың келсін. Өмір бойы ұмытпаспын сендерді".

Сонан соң әйелдер жасау көруге кіріседі.

Ерлер жағы алыстан-ақ аттан түсіп, күтуші жігіттерге тізгіндерін ұстатады.

Мен таныс жүз кездестірем бе деп, топ жігітке көз тастап едім, бәрі де бір-біріне ұқсас сияқты көрінді.

Жігіттер жағы дабырласып асыға бастады.

— Аққұл келеді! Аққұл келеді.

Аққұл құндыздай жылтыраған, қысқа жал, келте құйрық боз айғырмен келеді екен. Кәдімгі "ор текедей орғыған жүйрік" деп атайтын әйгілі сәйгүлігі. Қасына отыздағы үлкен ұлы Асылбай мен Тінәлі нағашым еріпті.

Аққұл жақындағанда, жиналғандар жапырылып жол берді. Бәрі қолдарын кеудесіне қойып, құрмет көрсетіп тұр. Аққұл ерде маңғаз отыр екен. Жиналғандардың көбін көзіне де ілген жоқ. Маңдайын ақ орамалмен шарт түйіп алыпты. Бешпетінің жеңі түрілген. Түкті білегінің тамырлары адырайып тұр. Селдірлеу ұзын сақалы кеудесіне түседі. Белін жалпақ кемер белдікпен мықтап буынған. Денесін алға ентелете тастап, ер үстінде еркін отыр. Жайдақ табан қырым етік киген екен. Үзеңгіге бос тастапты. Ол бірден ауыл ортасында бір топ кісімен тұрған әкеме тура тартты. Саусақтарының ұшымен ғана тізгінді іркіп еді, астындағы атының қос құлағы қайшыланып, кең танауы желбіреп барып кідірді. Маған ер-әбзелі ақ күміспен көмкерілген боз айғыр мен иесі ақ сақалды Аққұл екеуі осы сәтте бір тұтас құйылған сом мүсіндей сезілген еді.

— Аманбысың, Момыш!— деп Аққұл өзінің құдасына сәлем берді.

— Өзің да саумысың, Аққұл!— деп жадырады әкем.

Сонан соң тойға құтты болсын айтып, Аққұл өзінің кешігіп қалғанына кешірім сұрады. Аттан түспей жатып, ашулы жүзбен ақыл айта бастады. Денесін оқыс бұрды да, қамшысын екі бүктеп, бір шетте үйіріліп тұрған топқа сілтеді:

— Мынау өңшең әңгүдіктер шаңқай түсте көкпар дәметіп жүр-ау, шамасы. Есіл-дерті ентікпе шабысқа ауған шаламилар өңкей. Өздерін аямаса да, атты аяса қайтеді. Қапырықта қаратерге түскен жүйрікте не қасиет қалмақ. Ыстық леп кеудесін қауып, шұбалма шаң өкпесін ыстамай ма. Ат жарықтық қыз сияқты мәпелеуді күтетін мал ғой. Аялай білмесең — аяғынан қалады. Аяқтан қалған жүйрік ақырған есекке де алдырады,— деп Аққұл жастарды жазғыра сөйледі.— Жайбарақат суытып, майын сылып алудың орнына бұлар салпақтап, жапалақша жалпылдай бергенді жақсы көреді. Алаөкпе тасыраңға аңсары ауғандар ғой өңшең. Жақсы шабандоз атқа ауыр жүк емес, қайта қанатындай демеуші болар. Әйтпесе қаптаулы тезектей ерге теңселіп отырғанның несі қасиет. Аттың демі ауырлай бастағанда, тіптен өзіміз демімізді ішке тартып, тына қалмаушы ма едік. Ал бұлар болса.... Ей, қойшы... не болып кеткен бүгінгінің жасына. Жоқ, Момыш, бұларға қарабайыр сәйгүлікті қор

еткенше, есек пен өгіз міндірген артық. Сонда ғана көкпар деп езеурей берер бұл шіркіндер. Ер үстінде отырыстарын қарашы өзің. Ай, жастар-ай!

Тінәлі әкем жаққа жалбарына көз тастап, мына ардақты ақсақалдың әу бастан дау іздеген сөзіне тоқтау салуды ымдап тұр. Әкем бір күліп алды да, Аққұлдың әлгіден бергі ұзын сөзін бөліп жіберді.

— Жастар дедің-ау, Аққұл. Жастың аты жас емес пе қашанда. Жазғырмай-ақ қой. Заман басқа, адам басқа екенін неге ұмытасың. Заман жастардікі. Ойнасын-күлсін, әрі арғымаққа отыруды да үйренер, өмірлерін жайнатуды да білер. Бары мен нәрі алдағы жас емес пе.

Аққұл әкеммен қайта сөз таластырмақ еді, Тінәлінің ымдауымен алып келген көк серкені бір жігіт оның алдына көлденең тарта қойды. Әкемнен алақанын жайып бата тіледі. "Ла аумин, Ақа" дегенде, Аққұл шынымен-ақ абыржып қалған еді.

Бір сәтке сақалын тарағыштап тұрды да, алақанын жайып бата жасады.

— Тәңірім тілеулеріңді берсін, қастарыңа қыдыр ерсін. Қашан да оң жол болсын, қызықтарың мол болсын. Аткөлігің мұқалмасын, азаматтар жұқармасын, аумин!

Сол сәтте көкем аса бір ептілікпен көк серкені жыға салып, тамағын орып жіберген еді. Әкем Аққұлға қалжыңдай тіл қатты:

— Сен бүгін делебең қозып, қыза берме, Ақа. Жастарға ерік бер. Әйтпесе көкпардың пұшпағын да ұстай алмай жүрер.

— Күш атасын танымас демей ме, Момыш-ау. Жағаласып жүріп, бұлар көкпарға жармасқанына мәз ғой. Әйтпесе қалбақтай шауып дүркіремей, қайратым бар деп қара күшпен сілкілемей, еппен тартқанды білер деймісің бұлар. Шіркін, он кісінің ортасына түссең де, оңайлықпен беріспей, күшіңе айланы астар етіп сытылып шыққанға не жетсін. Қалың топ қаңтарылғандай қарап қалар еді, сен болсаң жарып өтіп, көмбеге қарай көсіле берер ең. Қайран заман-ай.

Осы кезде көкем:

— Ақа, көкпар дайын болды,— деді.

Сол-ақ екен, Аққұл айтып тұрған әңгімесін ұмытып, арқасы қозып шыға келді. Қомданған бүркіттей көзі жайнап, жүзі албырттанып қиқулап тұр:

— Ой, Момынқұл, сен де ыбылжып қалған немесің бе деймін, тәйірі. Қашанғы күтеміз. Манадан бері қарап тұрған

жоқпыз ба,— деп лезде көкпар құмарына біржола еніп алды.

Көкем Аққұлға қатарласа жүгіріп, серкені сүйреп барады. Ат үстіндегілер жаппай қиқуласып, лап қойып келеді. Ауылдан аз ұзаған соң шабандоздар сақинаша дөңгеленіп тұра қалды. Ортада серкенің сирағынан ұстаған көкем. Кенет ол серкені тік көтеріп алды да, Аққұлдан ұзай беріп лақтырып жіберді.

Сол-ақ екен, қасқырға құйылған қырандай Аққұл ілгері ұмтыла берді. Жардай үлкен шалдың жинақыланып, бір уыс болып кеткеніне таң қалдым. Денесі шиыршық атып, әлгі серкені жерге жеткізбей қағып алды.

— Пау, шіркін,— деп шу ете қалған шабандоздар дауысы сайыс аңсаған сұңқарлардың үніндей шаңқ етіп еді. Аққұл болса ортада шыр айналып, сайыс әдісін жастарға жария еткендей, өзімен-өзі егесіп, өнер көрсете бастады. Көкпарды ат бауырынан ары-бері ауыстырып, қарсыласып айламен алдағандай болады. Біресе ерден ауып түсіп, ат сауырын сағалайды. Тағы бірде ат жалына жабысып, қуғыншыдан құтылғандай болады. Бозшолағын ұршықша үйіріп, топ ортасында жас жігіттей ширақ дөңгеленіп жүрген шалдың қимылына қызықпаған жан жоқ. Тіптен көкем қасымда тұрып, қайта-қайта айқайлайды, жер тебініп құлшынады. Ол өзін де, өзгені де ұмытып, бар дүниені көкпар қызығына салып тұрғандай. Әкем алакөзімен атып, көкеме басын шайқап тұр. Көкем болса, тек Аққұлдың икемділігінен басқаны елер емес.

Аққұл ортаны тағы бір айналып шықты да, гулеген шабандоздардың қарсысына тоқтады. Көкпарды көкке көтеріп, жігіттер жаққа атып жіберді.

Алапат айқас басталды да кетті. Манадан бері жұрт жігерлерін шыңдап, жүйкелері әрең шыңдап тұр екен. Бәрі де лап қойды. Сарт-сұрт еткен үзеңгі, сабаласқан қамшы, үздік-үздік әмірлі сөз. Тек қана ат құйрығы сыртқа теуіп, сансыз бас шоғырланған сияқты. Серкеге кімнің қолы жетері белгісіз. Әйтеуір кимелескен адамда сан жоқ. Тыпыршыған көп тұяқ отау орнындай жерді дүбірлеткелі де біраз болды. Бірақ көкпар алып шыққан біреу жоқ. Кейбіреулердің додаға сұңгуінен шетке жаңқаша сытылып шығуы оңайланып қалды. Мұндайлар дода сыртын айқайға бөрліктіріп, босқа далбақтап жүр. Көкпар ондайларды менсіне ме.

Кенет осыншама мол тіректің арасынан әлдекім серкені ат сауырына салып, сытылып шыға берді.

— Япырай, не деген қайратты қол еді мынауың. Қолыңнан айналайын, күшіңнен айналайын! Ақыреттің арасынан алып

шыққанын көрмеймісің. Жарайсың, жігітім,— деп серпіліп кетті Аққұл.

Мен Аққұл атамды тек өзінен басқаны көзге ілмейтін такаппар, өзінен басқаны сүймейтін меннен, өзінен басқаны мақтамайтын сараң деп ойлайтынмын, жоқ, олай емес екен. Сайыста көзге түскенді көкке көтеруге даяр ақжүрек, әділ екенін аңғардым.

Суырыла шыққан шабандоздың соңынан қуғандар даланы аунақшытқандай іркес-тіркес ұзай берді. Қуып жеткендері көкпарға жармаспақ еді, әлгі шабандоз жалт беріп құтылып кетті. Енді тағы біреуі жетіп қалған екен, алғашқы шабандоз көкпарды көлегейлеп бұрыла берді. Нақ бір қуғыншыларды мазақтап жүргендей талай рет тақырға отырғызып та үлгерді. Аққұл сондай әр кезеңде жаны рақаттанып "әп бәрекелде, әп бәрекелде!" деп тұр.

Көкпар ілген шабандоз осылайша кең жазықта бұлаңдап қуғыншыларды жан-жаққа жамыратып жіберді де, өзі зулап ағып бізге қарай беттеді. Қас қағымда жетіп келді де, көкпарды тік көтеріп.

— Мінеки, Ақа!— деп кесекше лақтырып жіберді.

Енді ғана байқадым. Әлгінде ғана көкем атқа мініп, додаға араласқан еді. Сөйтсем, көптің арасын көк толқындай тізгілеп, жеке шыққан сол көкем екен. Тершіген жүзін шаң көміп, қарауытып кетіпті.

...Ымырт кезі. Айналаның бәрі көкпардан дүрлігіп, енді ғана басылғандай тына қалыпты. Кешкі қоңыр самал есіп тұр.

Қалыңдық пен күйеудің отау үйлерінің іргелері түрулі еді. Кереге көздерінен бәрі көрінеді.

Үбиан өз отауында отыр. Үстіне ең сәнді киім киінген. Айнала қоршаған құрбы қыздары.

Аюбай да өз отауында күйеу жолдастарымен бірге отыр. Оның үстіне жаңа ғана көкпардан қайтқан ағайындары — бір топ байтаналар кірген болатын.

Жиналған халық керемет көп. Ауыл ортасында бір топ еркек әлденеге керісіп тұр. Мен соларға жақындап келдім. Сөйтсем біздің үсендіктер мен байтаналар тойды кім бұрын бастайды деп дауласып тұр екен.

— Құдалар, бұларың болмайды. Өз ауылымызда отырып, өзіміздің ерке қызымызды ұзатып отырып, той тізгінін сендерге бере алмаспыз,— дейді біздің үсендіктер.

— О, не дегендеріңіз. Қыздың өскен жері сендер болсаңдар, өнер жері бізбіз. Олай бөлектегендеріңе біз де көнбейміз!— дейді байтаналықтар.

— Бұл сөздеріңіздің де уәжі бар. Бөлектейін деп тұрған біз де жоқ. Дегенмен қалыңдықтың ауылындағы той иесі бізбіз. Өзіміз бастайық. Сендер елдеріңе барып той жасасаңдар, соны басқарарсыңдар.

— Бұл не дегендеріңіз. Ауылымызда той өтпегендей көріп тұрсыздар ғой сонша. Біз де іргелі елміз. Шүкір, осыдан құсымызды аман-есен қолымызға қондырайықшы. Тойдың көкесін сонда көрсетерміз.

— Немене сонда, біздің тойды қомсынғандарың ба, бұл.

— Е, жоқ, ә. О не дегеніңіз. Қуаныш ортақ, қызық ортақ болған соң, алаламай-ақ ақыл қосып атқарысайық. Шөп тастайық, кімнің шөбі түссе, сол бірінші бастасын,— деді байтаналықтар.

— Шөп тастасып, ет бөлісейін деп пе едің сонша?

— Мұныңыз енді, әбестік болады. Әділ шешілсін дегенім ғой.

— Мейлі әділдік десең жүгінейік. Ал жасыр шөбіңді!— деп, Тінәлі байтаналық Оңалға әмір етті.

Екі жақ өзара күбірлесіп алған соң, шөптерін бас киімге салысты.

— Әй, Бауыржан, бері кел. Мына біздің егесімізді өзің шешіп бермесең болар емес. Бас киімге қолыңды сал да, екі шөптің бірін алып шық. Сонымыз той бастаймыз,— деді Тінәлі мені шақырып.

Мен көзімді жұмдым да, қолымды тұмаққа сүңгітіп жібердім. Екі жақ та демдерін тартып, тына қалыпты. Екі шөпті де ұстап көрдім. Қайсысы біздікі екенін біле алмай, жүрегім лүпілдеп кетті.

— Ей, болсаңшы енді,— деп Тінәлі түртіп қалғанда, қолыма іліккен бір шыбықты суырып алғанымды өзім де білмей қалдым.

Тұмақ ұстаған төреші қолымнан әлгі шөпті алып жоғары көтерді де, дауыстап сұрады.

— Мынау кімдікі?

— Менің шөбім,— деп Оңал жүгіріп кеп бас салды.

Мен ішім удай ашып өкініп тұрмын. Ауылымыздың жігіттері де үнсіз сазарып қалыпты. Шарттың атты шарт — байтаналықтар жеңіп кетті.

Енді екі жақ та Оңалдың соңынан еріп, қалыңдықтың отауына бет алды. Ішке енген соң, Үбианға қарсы отырды да, Оңал тойбастарын шырқата жөнелді. Мұнысы тойбастардан гөрі ауыл қыздарын, қалыңдықты мадақтауға ұқсаңқырап тұр еді. Әрі ел сұлуларын еліктіріп, тілге шақырып отыр.

Біз келдік айдын көлден аққу көріп,
Аққудан таңырқайтын таптым көрік.
Ауылдан құс боп ұшып шығып едік,
Бастаған бәрімізді бақ күнге еріп.

Үбиан әпкем жымиып езу тартты. Өзге қыздар беттерін алақанымен бүркесіп ұялған болады. Оңал әнін жалғай берді.

Адаспай алты ай жүрдім жете алмадым,
Аққуға жетпей қайтып кете алмадым.
Ақыры алдыңызға келіп қалдық, :
Арқалап еліміздің көп арманын.

Жиналғандар ду күлісті. Оңалдың тапқырлығына риза болысып жатыр. Өйткені осы ауылдың арасы небәрі бес шақырым еді. Оңал әнін қайта айтты. Енді тікелей Үбиан әпкеме арнап отыр.

Жол жүріп алты ай бойы көз ілмедім,
Ісімнің оңаларын сезіп едім.
Армысың, Үбианжан, бақ иесі
Сондағы іздегенім өзің едің.

Үбиан әпкем өрттей қызарып кетті. Қасындағы құрбысына басын сүйеп, сылқ-сылқ күліп алды да, орнынан тұрып, Оңалға ізет көрсетті. Құрбысы екеуі қосылып жауап айтты.

Толқумен отырған бұл кезімізде,
Құрбыжан, біз не дейік сөзіңізге.
Аққуға теңедіңіз рахмет,
Өзгелер ұқсай берсін өзіңізге.

Оңал бұл сөздің астарын түсіне қойды. Әпкем зіл тастап отыр екен. Енді Оңал жалтарып, Тінәліге тиісе бастады. Қыздарды одан қызғанатынын айтып әндетті.

Жаңылсақ елдің өзі-ақ кінәлі дер,
Таныткан жай бар ма еді шүбәлі жер.
Аққу деп әрқашан-ақ мадақтайын,
Құдалап жүрмесе егер Тінәлілер.

Жұрт тағы ду күлісті. Оңалдың қиып салма ақындығына таңырқасып жатыр.

Үбиандар орнынан тұрып үлкен шәлі орамал ұсынды.

Орамалдың шетіне екі-үш күміс сақина, бір-екі білезік, ақша түйілген екен. Оңал орамалды мақтанышпен қолына алып, тершіген маңдайын сүртіп қойды. Ал түйілген бұйымдарды қасындағы серіктері талап алды.

Жұрт "той басталды, той басталды!" десіп, гуілдесіп кетті. Кенет төбемізге өрік, тәтті, бауырсақ жауып кетті. Әркім жабыла теріп "тойдың тәберігі ғой" десіп алып жатыр.

Осылайша той басталды. Той дастарқаны жайылып, үсті алуан асқа толды. Қыз-жігіттер әр тұстан қос-қостап әріптесін

тауып айтысып жатыр. Әр үйден түн жарымына дейін ойын-күлкі арылмады. Бұл кеште бұрынғыдай біз сияқты балаларды қудалаған жоқ. Бастан-аяқ қызыққа қарық болып отырдық. Әр үйге бір кіріп, армансыз-ақ араладық.

* * *

Мені Әлиман жұлқылап оятты. Сәске болып қалған екен. Ел түгел жиналыпты. Палуан күрес басталған сәтке дөп тұрыппын. Елдің бәрі ығы-жығы жайғасып, орталарына палуандарын шығарыпты. Екі жақтың палуаны белдеріне орамал байлап, білектерін сыбанып, шарт та шұрт айқаса кетеді. Бірін-бірі сынап, бірін-бірі бағдарлап, бірін-бірі тексеріп, топ ортасында алшаңдап жүріп алды. Иыққа иық тіресіп, білектері сіресіп, сілкілесіп, біраз жүрген соң біреуі қарсыласын жерден тік көтеріп алды. Басынан асыра лақтырмақ еді, анау балтырдан шалып, қармақ жұтқан балықтай бұлқынып тұрып алды. Сонан соң екеуі де қайтадан әдіс аңдып біраз жүрісті. Жүрт гулесіп, бол-болдың астына алуда. Кейбіреуі шыдай алмай, өз палуандарына тәсіл айтып айқайлайды. Айқайға құлақ салар сәт пе. Тек күш ырқына, айла-шарыққа ғана бағынып, анау екеуі аңдысумен жүр. Ақыры біреуі жеңді-ау. Жеңген жақ палуанының аяғын жерге тигізбей дедектетіп, топ ортасына жасырып та үлгерді. Елінің ақсақалы келіп бәйгесін алды.

Бәйге де аз емес еді. Шапан киіп, ат мініп, атлас орамал алып жатыр. Палуан күресін балалар аяқтады. Осылайша қызықпен жүріп, бұл күннің де аяқталғанын сезбеппіз...

Ертеңіне таң азанмен қалыңдықтың отауынан Үбианның сыңсыған даусы естілді. Жеңгелері қыздың қызыл көйлегін шешіп, аппақ көйлек киіндіріп жатыр екен. Қыз дәуренінің соңғы нүктесі қойылғандай сезе ме, әпкем булыға жылады. Жар-жарға ұқсас бір әнді созып жылайды.

Осылайша жаңаша киіммен безеніп, Үбиан отаудан шықты. Жеңгелері қолтықтап алыпты.

— Айналайын, бикешжан, бағыңды ашсын,— дейді біреуі. Екіншісі:

— Ата жолы осындай, еркежан. Ата-енеңнің жоралғысын жасап жатырмыз, айыптама, алтыным,— деп қояды.

Бір қарасам, Үбианның үйін жығып, түйеге артып жатыр екен. Тағы бір түйеге жасау жайғасыпты. Бір жігіт Үбиан мінетін сәйгүліктің тізгінін ұстап тұр.

Әкем соның бәріне алыстан қарап тұрып, көзіне жас алды. Үбиан болса, сыңсуын үдетіп барады.

Біз Әлиман екеуміз әкеміздің жанында тұрғанбыз. Әкіріп жіберуге сәл-ақ қалып, тістене берем.

Бұл кезде жасау артылып, жұртың алды атқа қона бастаған екен. Үбианның да сәйгүлігін әкелді. Сол кезде әпкемнің дауысы бұрынғыдан да зарлы шығып еді. Ауыл әйелдері бәрі құшақтап көрісіп, жақсы тілегін жаудырып жүр.

Елдің ең соңында әкем келді. Ол қызын бауырына басып тұрып иіскеді. Даусы қалтырап батасын берді де, көз жасын көрсеткісі келмей, тез бұрылып кетті.

Сол-ақ екен Аюбайға еріп келген жетеудің ішінен екі күйеу жолдасы әпкемнің қолтығынан лып еткізіп көтерді де, атқа қондыра қойды. Ер үстінде ауытқып отырған әпкемді бірі сүйемелдеп, бірі ат тізгінін жетелей жөнелді.

Сол сәтте Әлиман да сыңсып жіберді. Әлдебір келіншек әпкемнің басына көлдей ақ сәлкешті бүркей қойды. Құдды қара күрең толқын үстіндегі ақ желкендей теңселіп әпкем ұзай берді.

Әжем, мен және сыңсыған әпкем үшеуміз жеті жігіттің жетегінде Аюбайдың ауылына қарай бет алдық.

Біраз жол жүрген соң, Үбиан жасын тыйды.

Жарым жолға келгенде, бір ауылдың тұсынан өттік. Бұл ауылдың қыз-келіншектері алдымыздан шығып, жігіттері арқан керді. Сый-сияпатын алған соң, енді ауыл келіншектері жол шетіне дастарқан жайып сусын берді. Өздері жасау-жабдықтарды қызықтасып жатыр. Көп кідірмей, бұл жерден де жүріп кеттік.

Күйеудің ауылына жақындағанымызда бір топ қыз-келіншектер ала өкпе болып жүгіріп алдымыздан шықты. Үбиан атынан түсіп, иіліп ізет көрсетті. Біз әжем екеуміз отырған күйме тікелей ауылға тартты. Бізді ауыл шетінде елдің игі жақсылары күтіп тұр екен. Орталарында елтіріден тұмақ киген, түйежүн шекпенді желбегей жамылған қарт кісі бар. Таяққа сүйеніп, еңкіш денесін әзер игеріп тұр. Мұрты қияқтанып, аппақ сақалы желбірейді. Әбден тарамыстанған салалы саусақтарымен сақалын дамылсыз тараштайды екен. Сөйлегенде иегі дірілдейді. Осыншама кәрілігіне қарамай, тістері әлі бүтін көрінеді. Денесінің сіріңке қаралығын аппақ сақал ерекше айқындап тұр. Айналасындағының бәрі "ата-аталап!" елпілдеп жүр. Бұл біздің бас құдамыз, Аюбайдың әкесі Майлыбай ақсақал екен.

Бізді үлкен үйге Майлыбайдың өзі бастап кірді. Әжем екеуі қатарласа жайғасып, маған әжемнің сол жағынан орын берді. Өзге ағайындары жасына қарай, құрметіне қарай қатарласып

отырды. Үйде бір сәтке тыныштық орнап, бәрі де бір-біріне жылы шыраймен қарасады. Әлден соң Майлыбай әжеме бұрылып амандық сұрады. Мен шалдан көз алар емеспін. Ол сөйлеген кезде тамағы бейне бір қымыз толы сабаның бүлкіліндей тербеледі екен. Әжем де амандық-есендік сұрасып жатыр.

Мұнан кейін Майлыбай бізді үйде отырған құдалармен таныстыра бастады. Үлкен ұлының сақалына да ақ кіріп қалған кісі екен. Ортаншысы қою қара сақалды, толық кісі көрінді. Одан кейінгі екеуі де жігіт ағасы болып қалғандар. Кенжесі Аюбай жездем болып шықты.

Үбиандар бөлек отауда отыр. Тап қазір ол жақта не болып жатқанынан хабарсызбын. Қасындағы әр қыз "жеңешелеп" сәлкешінің шашағын тартқылап отырған шығар.

Біз отырған үйге енді елдің қадірменді аналары, қарт кемпірлер келе бастады. Бәрі де әжеммен емірене амандасады. Майлыбай ол кісілердің жақындық жағын айтып таныстырып отыр.

— Ал қара жігіт,— деді бір аппақ кемпір жас кезіндегі әдетімен, — кемсендеген шағында кенжеңе де отау тігіп, көңілің орнықты ма. Ақ түйенің қарынын ақтаратын кезің енді келді.

— Иә, жеңеше, бұған да шүкір. Біз екеуміздің соңғы қызығымыз осы шығар, бәлкім,— деп Майлыбай кәрілігін мойындай сөйледі.

— Жо-жоқ, жаман сөзді жаман адам ауызға алады деуші еді. Айта көрме, қара жігіт. Мен әлі талай тойды көріп, талай қызыққа куә болам. Асықсаң өзің бара бер ол жағыңа,— деп күлді әлгі кемпір.

— Бес ұл, он бес немере сүйіпсің. Не арманың бар. Енді ол дүниеге ойланбай аттана берсең де болады. Әйтпесе жұмақтың төрінде жарықтық әке-шешең алаңдап отырған шығар,— деп қалжыңдады тағы бір кемпір.

— Аллаға шүкір,— дейді Майлыбай сақалын салалап,— алланың мұнысына тоба. Баладан да, бақтан да тарық-тырмапты. Асарымызды асап, жасарымызды жасап болған шақта балаларымның алдында алса тәңірге ризамын. Бірақ мынау кенже келінімнен — Момыштың қызынан бір перзент иіскегенше асықпаңдаршы тым болмаса,— деп жалбарынғандай сөйледі.

— Болды, болды! Немене сонша, бізді нақ бір жаналғыштай көріп жалынғаның. Тілеуіңе жет. Бір емес, бірнеше немере сүй, лайым.

Кейін ес білгенде аңғарсам, осынау кәриялар өлімнен қорықпай, қайта оны әзілге айналдырып, керемет ұстамдылық, батылдық жасап отыр екен ғой!..

Майлыбайдың үйі сегіз қанат екен. Кереге, уықтары сүйекше жылтырап, әбден мүйізденіп бітіпті. Басқұр, уықбаулар үзік-үзік болса да, бояуы оңа бастаған өрнектері көз тартады. Кезінде керемет шебер жасалған үй екені көрініп тұр.

Тыста абыр-сабыр үдеп барады. Біздің ауылдағыдай мұнда да әр үйдің алдында самауыр қайнап, ошақтың түтіндері аспанға будақтайды. Жұрт беташар мен некеқияр қызығын күтіп, тағатсыз торуылдайды.

Майлыбай мен әжемнің ортасында ақ сәлделі жирен молда отыр. Кірпігін сүрмелеп алыпты. Бәрі соны "тақсыр" деп тәжім етеді. Ол ауыл адамдарының кез келгенін "мұртым" деп кішірейтіп айтады. Оны жұрт пір санайды екен.

Бірақ дәл бүгін елдің бәрі өзге қызықты аңдып, өзге біреуге табынғалы отырғандай сезіледі.

Айтқандай-ақ жұрт:

— Өтеп келді, Өтеп келді,— десіп шу ете қалды. Ішке орта бойлы, тығыншықтай келбетті кісі кірді. Жұрт жабыла қолтықтап, ортадан орын ұсынып жатыр.

Ол өзгелерден ерекше, биіктеу көпшікке келіп жайғасты. Өтептің қақпақтай кең жауырыны мені көлегейлей берген соң, мен әжемнің иығына сүйеніп тұрып, қызыққа көз салдым.

Бір әйел қызыл шоқ салған таба әкеліп, Өтептің алдына қойды. Өтеп болса екі жеңін түрініп, шоққа алақанын қыздырды да, қолын созды. Сол кезде оның оң қолына оқтау ұстатты. Оқтаудың басына шеті түйілген орамал байлапты.

Өтеп иек қағып еді, үлкен үйдің есігі ашылды. Ішке екі келіншек қолтықтаған Үбиан әпкем кіріп келеді екен. Басына төгілтіп орамал бүркепті. Әлгі екі келіншек босағадан аттай бере, иіліп сәлем берді. Әпкем соны қайталады.

— Қадамның құтты болсын, қарағым! Үлкен босағадан, киелі босағадан аттадың. Атаңа құрмет көрсет,— деді отқа жақын отырған бір кемпір.

Әпкем иіліп сәлем салды. Сонан соң екі қадам жасады да, Өтептің алдына келіп тұрды. Бүркеншектің шашағы жер сызып, әпкемнің аяғына дейін көміп тұр.

Кенет Өтеп даусын бір кенеп алды да, әндете жөнелді.

— Э-э-э-эй!— дегенде үйдің іші қыбыр етпей тына қалды. Өтеп тақпақтай жөнелді.

Келін-келін келіп тұр,
Келін үйге еніп тұр.

Қайын жұрты алдында
Иіліп сәлем беріп тұр.
Келін-келін келіңіз,
Елімізді көріңіз.
Ала-құла демеңіз,
Атын айтып беріңіз.
Ақ тілеулі ағайын,
Көрімдігін беріңіз,

— дегенде жұрт шу ете түсті!

— Береміз! Береміз!— айналайын.

— Көрімдігі даяр.

— Ертерек бетін ашып көрсетсеңші. Осылайша ынтыға ентелеп, ел Өтепке қайта құлақ тосты.

Келін-келін келді ғой,
Келін үйге енді ғой.
Көрімдігін бермесе,
Көрсетпеймін, енді қой.
Алақанға алтын сал,
Етегіме күміс сал.
Ашық қолды халқым бар,
Келін, сәлем дұрыс сал.

— деп Өтеп көрімдікті алдын-ала беруін сұрады. Майлыбай ақсақал бір уыс күмісті Өтептің алдына төге салды. Солақ екен жұрт жапатармағай көрімдік бере бастады. Лезде Өтептің алды ақ күміске толып кетті. Алайда Өтеп: "көрсетер келінімнің көрімдігі көк төбе болып үйілмесе көрсетпеймін. Өйткені келіннің көрік десе, көркі бар, ақыл десе, ақылы мол" деп отырып алды.

Аз алтының сеп емес,
Аз күмісің тең емес.
Осы тұрған келінің
Ай мен күннен кем емес.
Көп болмаса көрімдік,
Көрсететін мен емес,

—дегенде, жұрт тағы да шу ете түсті.

— Ойбай, айналайын. Көрсетпеймін дегеніңді аузыңа алма. Келіннен аянып қаларымыз жоқ.

— Көрімдікке көнеміз, сөйтіп барып көреміз,— десіп ел тағы да күміс тастай бастады.

Өтеп оны да азырқанды. Өйткені "келін текті жердің қызы, батыр елдің қызы, өскен ортаның өрелі, өнегелі жаны" екенін ескертті.

Байтақ елдің гүлі бұл,
Бар ауылдың нұры бұл.
Өскен жердің қызы бұл,
Өнегенің ізі бұл,

Көрсетпеймін келінді,
Саусағыма жүзік іл,

—дегенде, әжем орнынан емірене тұрып, Өтептің маңдайынан иіскеді де, қолына алтын жүзік салды. Ел тамсанып гулеп жатыр. Үбиан риза болып, иіліп тәжім етті.

Өтеп сонда да қанағат етпеді. Елдің тағатын тауысып, шыдамын кетіріп, көрімдік сұрай берді. Әпкемді мақтап, өлеңін құрай берді.

Көздерінен нұр тамған,
Көмейінен жыр тамған,
Беті таза айнадан,
Көркі қандай жайнаған,
Көрімдікті көп алмай,
Құр қалам ба пайдадан,

— дегенде, енді ел жалына бастады:

— Айналайын Өтепжан, нысап сайын береке.

— Келінімізді алдымен көрсетші өзі, қарыздансақ та көрімдігінен құтылармыз. Сонда барып Өтеп демін терең алды да:

— Э-э-э-эй!— деп үй ішін тағы дүр сілкіндіріп алды. Енді өз елін Үбианға таныстырып сайрай жөнелді.

Бұлақтары жосылған,
Ұрандары қосылған.
Үміт күткен досынан
Біздің ауыл осы маң.

Үбиан иіліп тағзым етті. Өтеп енді термелеп, әпкеме ұзақ өсиет айта бастады:

Үлкендердің алдында
Тайраңдама, келіншек.
Жөн-жосықсыз желігіп
Сайрандама, келіншек,
От басына барғанда,
Отырып алма, келіншек,
Су басына барғанда
Сумаңдама, келіншек.
Бозбала көз салғанда,
Қунаңдама, келіншек.
Қонақ келсе қорсылдап
Баланы ұрма, келіншек.
Енелерге торсылдап,
Жала қума, келіншек.
Ұрыс-дауға үймелеп,
Үйір болма, келіншек.
Көрінгенді кимелеп,
Сүйір болма, келіншек.
Қайта-қайта қазбалап,
Шиыр болма, келіншек.
Ағайынды мазалап,
Қиыр болма, келіншек.

— Ой, айналайын-ай!

— Көмейіңнен айналдым, жезтаңдайым!

— Саған берген алтын да арзан шығар,— десіп ел ерекше серпіліп, дуылдасып кетті. Соны басқысы келгендей, Өтеп құйқылжыта берді. Сол әлгі сарыны:

Өнегенің ортасы
Тұрақ болсын, келіншек,
Жақсылығын таусылмас
Бұлақ болсын, келіншек.
Бала-шағаң басыңа
Шырақ болсын, келіншек.
Ұсақ болмай мінезің,
Ірі-ақ болсын, келіншек.
Бұл ауылға қашанда
Үлгілі бол, келіншек.
Ізет-құрмет дегеннің
Білгірі бол, келіншек.
Сыйласуға келгенде
Дүлділі бол, келіншек.
Тірлігіңде өмірден
Кемдік көрме, келіншек.
Жамандыққа ешқашан
Теңдік берме, келіншек.

Ел ұйып тыңдап, ауыздарын ашып қалыпты. Әжеме қарасам, көзін сүртіп отыр екен. Өтептің сөздеріне риза болып, тебіреніп кетсе керек.

Бұл екі арада Өтеп ел жақсыларын, ауылдың абыройлы адамдарын таныстыруға көшкен еді. Солардың атын атап, Үбианға арнайы сәлем салдырмақ.

Ең алдымен Үбианның атасы, ауылдың ең қадірменді қарты, жасы да үлкен, орны да бөлек — қуаныш иесі Майлыбайға сәлем салдырды.

Сексенің де жеңілген,
Көргені көп өмірден.
Майлыбайдай атаңа
Сәлем салшы көңілмен.

Үбиан ерекше құрмет көрсетіп иілді.

— Көп жаса, шырағым! Өркенің өссін,— деді Майлыбай дауысы тағы да қаңылтырша қалтырап.

Өтеп енді ауылдағы өз құрдастарын, Үбианның абысындары мен қайнағаларын таныстырып, кемшіліктері мен жетістіктерін жырға қосты. Ел қыран-топан күлкіге батып қалыпты. Бір абысынын Өтеп былай таныстырды.

Ызбайланып сызылған,
Бойы келген ұзыннан.
Ұрыс десе құлшынып,
Түрі лезде бұзылған.

Отырғандар ду күлісті. Әлгі келіншек қызарақтап Өтепке тиісе берді.

— Сені ме, осыдан сазайынды бермесем бе, сен заржақтың.

Өтеп бұл кезде өзгелерді өлеңге қосып жатқан.

Аулымыздың ағасы,
Аулымыздың жағасы.
Аулымыздың панасы
Аулымыздың данасы
Үлкен қайнағаңа бір сәлем.

Майлыбайдың үлкен ұлы көтеріліп қалды:

— Е, бар болғыр, бар бол,— деді Өтепке шын ризашылықпен. Ауылының бетке ұстар пысығы болса керек, Өтеп бір қияқ мұртты кісіні асыра мақтады:

Даңқы елден ары асқан,
Парқы көкпен таласқан.
Елдің көркі Ерболдай
Ағалармен жарасқан,— деді.

Ортаншы ұлы Жартыбай Өтеппен құрдас екен. Құрайдай қалқиған, арық бойы сидиып, ебедейсіз қозғалады. Жағына пышақ жанығандай, сүйектері шодырайып, ұрты үңірейіп тұр. Әр жерден үрке шыққан сирек шашы едірейіп, кірпінің түгіндей тікірейеді. Бір шөкім сақалы әйтеуір сақал бар деген атқа иеленіп, иегінің ұшында шоғырлана қалыпты. Мұрны да таңқыш екен. Өтеп бір адамның басындағы осынша мінді майда әзілмен түртпектеп, керісінше келтіріп отыр. Жұрттың күлкісін тоқтату қиын. Бірі көзін уқалап, бірі ішін басып, енді бірі аспанға қарай шалқалап, күлкіден ақтарылып жатыр. Жартыбай болса, бүріскен торғайдай әркімге бір жалтақтап, қызарақтай береді.

Жау жыққандай қаһарлы,
Жарты құлаш сақалды.
Бұйра шашы үйысқан,
Сом денесі — құрыштан.
Нар санындай білекті,
Нақ арыстан жүректі.
Нағыз қайрат кезінде,
От ойнаған көзінде.
Басқан жері ойылған,
Сақтанып жүр дойырдан.
Тасмүсіндей таймағам,
Осы сенің қайнағаң.
Бітімі де ерекше,
Сәлем салшы, бөлекше,

—дегенде Үбиан иілді. Жұрт бір-бірін шымшылап, бір-бірінің санын соққылап, әйелдер жағы беттерін шымшылап мәз.

Жартыбай судан тұншығып шыққандай енді қыбырлады. Өтепке қызарақтай қарады да:

— Ой, у жеген ит-ай, ақыры сол уыңды құсып тындың ба?.. Келіннен ұят болды-ау,— дей берді.

Тағы бір құрдасының лыпылдаған мінезін мінеп, Өтеп ащы тілмен түйреп алды.

Елпілдеген құрақтай,
Көлкілдеген сынаптай.
Ешкі ішінде шұнақтай,
Анау тұрған жылтырға
Сәлем салшы сұратпай.

Жұрт риза болып, қол соғып жатыр.

Өтеп енді екі жастың татулығын айтып, өмірде сыйласып өтіңдер деген өсиетті айтып кетті. Әрі ағалық ақылым, әрі ауылдың артқан міндеті осы деп айтты.

Қаптың аузы бос тұр деп,
Құрт ұрлама, келіншек.
Өзің жатып, байыңды
Тұр-тұрлама, келіншек.
Бір нәрсеге керісіп,
Сұңқылдама, келіншек.
Ер атағын ескермей,
Еріңе сен дес бермей,
Әрбір сөзін өш көрмей,
Ерте кетіп, кеш келмей,
Ынтымақта бол дейін,
Ата жолы сол дейін,
Өсиетті ұмытсаң,
Жарың сенің қор дейін...

Осы тұсқа келгенде жұрт ішінен бір кемпір:

— Айналайын-ай, ел көкейін тауып айтып отыр ғой, көп жасағыр,— дей берді. Өтеп термесін жалғастырып отыр:

Ал ағайын, ал дейін,
Келініңіз бал дейін.
Бет ашайын тап қазір,
Көрер көрік бар дейін.
Оған дейін, шырағым,
Маған сәлем сал дейін.

Өтеп осы тұста әпкемнің басындағы төгіліп тұрған сәлкеш орамалын, қолындағы оқтаудың ұшымен іліп алып, көтеріп тастады. Жұрт жамырап бата бере бастады. Үбиан әпкем иіліп сәлем салып тұр.

— Көп жаса, балам!

— Алдыңнан жарылқасын!

— Ізетіңе ризамыз!

— Әмісе солай бол, шырағым!
— Үлкенді сыйлаған қор болмас!
— Босағаң құтты болсын!
— Етегіңе бала жармассын!
— Еліңнің сүйіктісі бол!

Ел осылайша дүркіресіп отырғанда Өтеп алдына жиналған ақшаларды жиып алып, сытылып шығып бара жатқан. Бес-алты құрдасы қуа жөнелді.

— Ә, қу, бізді құралақан қалдырмақпысың?
— Тәбәрік болсын, бізге де бірдеме бер.
— Мынауың ырымға жаман ғой.

— Біз де саған тілеулес болып отырдық қой,— десіп сыртта Өтепті ортаға алып жатыр. Анау құтылмасын білді-ау деймін, үлестіріп тынған сияқты.

Осылайша отқа май құйылып, Үбиан да ошақ иесі болып шыға келді. Келіндерін ел оң босағаға жайғастырып, жаңадан дастарқан жая бастады.

Бұл кезде қожа енді ояна бастағандай еді. Манадан ел беташардың қызығына беріліп, ерекше көңілденіп жатқанда, ол самарқау мүлгіп отырған болатын. "Мұның маған қатысы жоқ. Өзіме тиесілі несібіме келгенде көрермін" дегендей манаурай берген. Енді аздап тіл бітіп, елдің сұрағына жауап беріп отыр. Кеседегі шайын қос қолымен бүркеп алып, оқтатекте әрең ұрттайды.

Әлден соң ол ишарат белгі берді. Сол кезде кәрлен кесеге толтырып тұнық су әкелінді. Майлыбай оған күміс теңге тастады да, қожаға ұсынды. Қожа судың бетін ақ орамалмен бүркеп, әлденені күбірлеп оқи бастады.

Бір қарасам, екі жігіт Аюбайды дедектетіп ішке алып кірген екен. Мен некеқияр басталғанын сезе қойдым. Екі жұбай үйдің екі босағасында қарама-қарсы жайғасты. Қожа әлгі екі куәгер жігітті шақырып алып, жұбайлардың аты-жөнін біліп келуді тапсырды. Әлгі екеуі Аюбай мен әпкемнің алдына кезек-кезек тақақтап барып, қайтып келді. Қожаға баяндап жатыр.

— Күйеу бала — Аюбай, Майлыбай мен Зылиханың ақ некесінен туған ұл — дінмұсылман. Жасы жиырма бесте.

— Қалыңдық — Үбиан, Момыш мен Рәзияның ақ некелі қызы, жасы жиырма бірде.

Қожа енді куәгер екі жігіттен: "бұл міндетті бұлжытпай орындауға алла алдында, халық алдында ант етесіздер ме"— деп сұрады. Аналар "ант етеміз" десті.

"Куәге жүрер алдында жуынып-шайынып, адалданып,

күнәдан арылып келдіңдер ме?"— деді қожа қайтадан. Анау екеуі "күнәдан пәк" екенін айтысты.

— Барыңдар, екеуінен де сұраңдар! Бұл неке көңілдің қалауынан, жүректің еркімен қосылып па?

Екі жігіт қолдарына ұстатқан орамалдың ұшынан тізбектесіп қосыла сайрай жөнелді.

Куәдірміз, куәдірміз,
Куәлікке жүрәдірміз.
Таңның һақ қасында,
Дәл бүгін халық қасында,
Ақ куәлік берәдүрміз,

— десіп, құс қимылмен Аюбайға жеткенше айтып та үлгерді. Аюбайдың алдына келген соң, олар тергеуге ала бастады.

— Момыштан сызған,
Рәзиядан туған,
Үбиан перизатты
Адал жар тұтуға, ризамысың?

Аюбай сәл қызарақтап отырды да, ұялғаннан "ризамын" деп мұрнының астынан сөйледі.

Куәлер енді осылайша әндетіп Үбианға да жетті.

— Майлыбайдан сызған,
Зылихадан туған,
Аюбайдай арысқа
Жар болуға ризамысың?

Үбиан қыбырсыз отыр. Қасындағы абысындары түртпектеп: "айта ғой, келінжан", "тақсырды көп тостырма" деп ақыл беріп жатыр. Үбиан батылы жетіп айта алмады. Куәлер жауап алмай кетер емес. Мен әпкем жаққа тесіліп қарап отырмын. Әлден соң әпкем төмен қарап басын изеді.

— Е-е, бу бомиду да! Өз аузынан естімесек болмиды,— деп қожа қазақ сөздерін созып, бөлекше мақаммен айтты.

Әлгі екі жігіт тақпақтай әндетіп, әпкемнің қасына қайта барды. Енді арашаға әжем түсті.

— Тақсыр-еке, үлкендердің алдында жас баланы ұялтып қайтесіз. Бас изегені бәріне ықтиярлығы емес пе? Некеңізді қия беріңіз.

— Солай болсын, тақсыр,— деді Майлыбай да.

Қожа қайтадан кеседегі суға төніп, әлденені оқыды да, бетіндегі орамалын алды. Сөйтіп куәге жүрген жігіттерге ұсынды. Олар кеседегі суды Аюбайға апарды. Ол суға ернін тигізіп қайтып берді. Сонан оң куәлар Үбианға апарды. Әпкем де ернін тигізді. Бұдан кейін куәлар неке суынан дәм татты...

Осылайша үйде отырған елдің бәрі неке суынан ішісті. Кеседегі су таусылған соң, қожа екі жақтың некесі қиылды деп жариялады.

Майлыбай бір текше ақшаны қожаның алдына қойды.

Енді қайтадан қазан көтеріліп, жас келіннің қолынан дәм тату үшін, жұрт дастарқанға қайта отырысты.

Ертеңіне Майлыбай әжеме алғыс айтып, алдынан кешірім өтініп отырды.

* * *

Үбианды барынша ырғап-жырғап Аюбайға ұзатып, Мамыттан алған қалыңмалдың қалдығын қайтарған соң, біздің үй мал-мүліктен мүлдем тақырланып, көпке дейін түзеле алмай жүрді.

Өгей шешеміз осы тарыққан сәттерімізде әкеме тиісе беретіңді шығарып алды. "Қазанында май қалмады, қатықталған шай қалмады, жайғасатын жай қалмады. Бір қызыңды ұзатам деп, аш өзек етіп ұлытып қоймақпысың" деген сөздер жиі естіле берді,

Бірбеткей әкем мұндай сөзге шыдай алмады. Әйелінің төркіндерін шақырды да, бәрінің басы қосылған соң, өкімді сөз айтты:

— Ағат кетсем, айып көрмеңіздер. Бірақ осыншама қартайған шағымда қаңқу сөз есітем деген жоқ едім. Өгей деп, өңменінен итермес, өзім деп, бауырына басар деп ем балаларымды. Адасқан екем. Кеш болса да, жөнімді табайын. Табалау табына күйгенше, жалғыздықпен жағаласып өткенім жақсы. Қыздарыңызды ала кетсеңіздер екен. Салғыласып отыра алатын жайым жоқ,— деді.

Сол-ақ екен өгей шешеміздің анасы қызына ұрысып, қуырып жеп жібере жаздады. Әкем мұндай ашық әңгіменің арасында болғысы келмей, Әлиман екеумізді әжемнің үйіне алып кетті.

Бұл оқиға әжеме, әсіресе, қатты батып еді. Көзіне жас алып, қамыға берді. Шешемізді еске түсіріп:

— Қайран ырымалды келінім-ай, Рәзияшым. Маңдайымызға сыимай кеттің-ау. Оны алғанша, мені алмадың ба, тәңірім-ау,— деп отырып алды.

— Қойыңызшы, апа. Тағдырмен тәжікелесер шама бар ма бізде. Онан да, немерелеріңіздің тілеуін тілесеңізші,— деген әкеме әжем бар ашуын төкті.

— Немене, мені жаңа туды деп пе едің! Менің тілеуім — сендердің бірліктерің мен тірліктерің емес пе?

— Қойдым, апа, қойдым,— деп әкем күле берді.

Бұл кезде екінші үйдегі кісілер де өзара кеңесіп біткен еді. Екі үй бас қосып отырып, бір-бірінен кешірім сұрасты. Шешеміз: "абайламай айтып қалыппын. Енді ондай қайталанбайды" деп уәде берді. Шешесі:

— Қарағым, Момыш, қызымды алып отырған соң, сен де баламсың. Анам десең, бір жолға тілегімді қайтарма. Татулықтарың бұзылмасын. Енді ерні қыбырлап, бейпіл сөзге үйір болса, қызымның жон терісін сыпырсаң да ризамын,— деді.

Сөйтіп бұл үйде керіс қайталанбайтын болып еді. Бәріміз соған қуандық.

* * *

Мен әпкемнің ауылына жиі баратынмын. Аюбай жездем де ат ізін суытпай келуші еді. Үйде екі-үш күн болып, біраз шаруаны тындырады. Жер жыртып, дән сеуіп беретін. Шөп жинап, қырман бастыратын. Өз туыстарына: "балдызым жас, атам шал. Үлкен ұлындай болғандықтан, үй тірлігін бітіріп берейін" дейтін.

Келесі жылы әжем ауырды. Көп жатқан жоқ. Төсекке құлаған соң, үш күннен кейін әкемді қасына шақыртты. Ентігіп жиі дем алып, денесі от боп жанып жатқандай еді. Ақ жастыққа селдірей шашылған бозғылт шашы үлбіреп тұр. Әжімдері қатпарланып, әбден қартайған өңін онан сайын қажытып жібергендей. Алайда әжем ешбір қиналмаған кісідей, дыбыс шығармай сабырлы жатыр. Қайта әлдебір сапарға дайындалғандай, көңілі біртүрлі көтеріңкі сияқты.

Әкем келіп қасына отырғанда, әжем мейірлене көз тастады:

— Момышжан!— деді әлден соң дауысы қалтырап.— Қыздарым мен немерелеріме хабаршы жібер. Жүздесіп қоштасайын.

— Қойыңызшы, апа, оныңыз не!— деп әкем шоршып түсті.

— Сен алдымен сөз тыңдап ал,— деп әжем қатал әмір етті.—Тәуіп іздеп, таусылмай-ақ қой. Әзірше молданың да керегі жоқ. Онан да Момынқұл екеуің кезектесіп қасыма келіп отырыңдар. Төңірден иманымды тілеп мінәжат етіңдер.— Аз ғана тыныс алып, әжем ойланып жатты да, сөзін жалғады.— Серкебайды шақырма, бәріңе айқайлап, әңгір-таяқ ойнатып жүрер. Ал егер өзі келіп қалса, Момынқұл көзіне түсіп, көңілін бұза бермесін...

Әкем әлдене айтпақ болып оңтайланып еді, әжем тыңдаған жоқ.

— Бар-бар, енді айтқанымды орында,— деп сабырлы әрі қатал сөйледі.

Қыс кезі еді. Бәріміз үрейленіп, аяғымыздың ұшынан басып жүрміз. Әкем мен көкем кезектесіп әжемнің қасында отырды. Бізді кіргізбей қойды.

Әйелдер әжемнің киімдерін қағып-сілкіп, жуып-шайып, әлек болып жатыр.

Үш күннің ішінде хабар алған екі қызы мен Үбиан әкпем де жиналып еді.

Сонда ғана әжем бәрімізді өзіне шақыртты. Біз кіргенде, әжем жастыққа сүйеніп, әрең бас көтеріп отыр екен.

— Ал шырақтарым, менің де аттанар сәтім жеткен сияқты,— деп барып демін алды. Сөйтті де болмашы езу тартып, сөзін жалғады.

— Кәне, маған деген "жасау-жабдықтарыңды" көрсетіңдерші.

Мұны естігенде үлкен апамыз Пияш көзіне жас алып, дауыс шығарып еді, әжем әмірлі үнмен тыйып тастады.

— Көз жасыңды көрсетпе, былай!

Әкем қинала отырып, қолы қалтырап, әжеме арналған бұйымдарды көрсете бастады.

Содан соң әжем Момынқұл көкемді қасына отырғызды да, құран жолдарын дауыстатып оқытып көрді.

Әжем тап қазір көз жұмады екен деп, үрейленген бәріміздің де зәре-құтымыз қалған жоқ. Әсіресе қолына құран ұстаған көкем біртүрлі өзін-өзі игере алмай, теңселіп кетті. Құран бетін әзер ашып отыр. Сол күйі дауысы бұзылып оқи бастап еді, әжем қолынан ұстап тоқтатты.

— Е-е, балам-ай, "бисмилла рахман рахимді" қайда тастап кеттің. Қайтадан баста.

— Бисмилла рахман рахим. Ағузибилла имене шайтан ражим...— деп көкем даусы сүрініп қайта оқыды.

Әжем көзін жұмып, біртүрлі рақаттанғандай, біраз тыңдап жатты.

Сонан соң бәрімізге тіл қатты.

— Ал енді, шырақтарым, барып демалыңдар. Тағы да өзім шақыртамын.

Біз екінші бөлмеге кеттік. Сәлден соң көкемді қалдырып, әкем де шықты.

Кенет үрейлі үн бәріміздің миымызға ине шаншығандай, дегбірімізді алып жіберді.

— Апамның жайы нашарлап барады. Алам әлсіреп барады.

Көкемнің осы дауысы бәрімізді төсектен жұлып-жұлып алды.

Әкем жүре киініп жүгіріп барады. Таң қылаң беріп келеді екен. Әлиман екеуміз әжемнің үйіне жақындағанымызда, шеткі көршіміз Айнабектің үйінен таңғы ауаны қақ тілген әйелдің ащы даусы естілді. Оған зер салуға мұрша қайда, жүгіріп ішке кірдік. Әкем аурудың бас жағында дауыстап құран оқып, дем салып отыр екен.

Әжемнің көзі жұмулы. Кірпігі болар-болмас қыбырлағандай. Көкем көзіне жас алып:

— Апа! Апатай!— деп әлдене айтпақ еді, әкем зекіріп тастады.

— Дем салып болғанша, тыныш отыр. Осы сәтте әжемнің кеудесі сәл көтерілді де, аузын ашып, дем жұтқандай болды да, сұлық түсті. Әкем жасқа булығып:

— Қош бол, анашым! Ақ сүтіңді кеше гөр!— деді де, әжемнің бетін ақ матамен бүркеді.

Көкем мен жеңешем көз жасына ерік беріп, бар зарымен дауыс салды.

Айнабек келіп, әкеме көңіл айтып, өзгелерден сабыр тіледі:

— Бүгін таңда тәңірім бір сүйікті құлын өзіне алып, біреуін бізге жіберіпті. Шүкіршілік етейік,— деді.

Біз сонда барып түсіндік. Әлгі ащы дауыс Айнабектің әйелінің толғақ үстіндегі үні екен. Жарық дүниеге жас нәресте — қыз келген екен. Кейін ол қызға әжемнің атын беріп, әжемнің қызы атанып кетіп еді. Ауыл тегіс жиналып қалды. Ауланың қары күреліп, оңаша үйге әжемнің денесі қойылды. Жиналған ағайын-туғандар күзетіп отырды.

Әр жақтан "Апам-ай!, "Апам-ай!" деп дауыс салып келген жақындарымыз мол еді.

Үйімізде қазан көтерілмей, келгендер көршілердің әкелген тамағынан дәм татысты.

Сүйекті үйде түнетіп шыққан соң, ертеңіне жаназа шығаруға қамданды. Ел өте көп жиналған екен. Ауыл-ауылға, ата-атаға арнап жыртыс жыртылды. Осылайша біз менің ең сүйікті әжеммен қоштасқан едік. Әжемді апта сайын еске алып, жұма күндері шырақ жағатынбыз, көкем құран түсіретін. "Үлкеннің өлімінің арты той" деп әншейін көңіл жұбату үшін айтылатын сөз екен. Әжеміздің жоқтығы алғашқы күннен-ақ сезіліп, көпке дейін жетімсіреп жүрдік.

* * *

Әжемді, әсіресе көкем көбірек сағынғандай еді. Үйді бір түрлі ауыр зіл меңдеп алып, еңсемізді көтертпей қойды. Бұрынғы ашық-жарқын әңгімеден тыйылып, үй іші күбірге

көшкендей. Көкем болса шалқалай жатып алып, көкке телмірумен болады. Мең-зең күйден арыла алмай, ауыр күрсінеді. Мұндай сәттерде оны әкем сейілткісі келіп, әрі-бері жұмсап, тірлікке араластырғысы келеді.

— Момынтай!— дейтін әкем баяу үнмен.— Басыңды көтерші, шырағым. Сейілсеңші. Бар, малды жайғап қайта ғой.

Көкем үн-түнсіз орнынан сүйретіліп тұрады да, ілби басып далаға шыға береді. Сыртқа шыққан соң, қой-ешкіні суарып, шөп шашады да, сонан кейін жүресінен отырып алып, бей-жай күйі қала береді.

Әкем енді оны үйге шақырады.

— Тұр енді, ішке кір, шай ішейік.

Көкем тағы да үн-түнсіз орнынан тұрып, әкемнің соңынан ілесе береді. Күннен-күнге қабағы қатып, кірпігі ілініп барады. Баяғы қуақы мінезі, содырлау қылығынан жұрнақ та қалмағандай. Бәріміз де қолбасшысынан айырылған жауынгердей жалтақтаумен жүреміз. Әжем үйге кіріп келетіндей, үнсіз күтеміз. Біз әжемнің зілсіз айғайын, мейірбан тілегін, қатал мінезін, қайырымды жүрегін, адалдығы мен ақ батасын әбден аңсадық. Әжем бардағы алаңсыз дәурен басымыздан кетіп, әрқайсымыз енді ғана тірлік қамын ойластырғандаймыз. Алайда ешқайсысы да әжем сияқты ұйытқы болар міндеттен қаймыға ма, әйтеуір әлі біреуі де бел шешіп, берік мінез көрсете алған жоқ. Түс көргендей аңтарылған сәтімізден әжем келіп құтқарар ма еді. Қайдан болсын ондай күн. Күн өткен сайын ардақты ана бізден алыстай берген екен.

Атамнан қалған ағаш төсекке енді әжем жата алмайды. Үйдің сол қанатында жиюлы күйі тұр. Бұл төсек атам мен әжемнің көзіндей қымбат қой. Қараған сайын қамыға береміз.

Түнде сол төсектің баяу сықыры, әжемнің қақырынған үні естілгендей, елендейтінді шығардық.

Сөйтіп жүргенде, әжемнің жетісі де, қырқы да өтіп кетіп еді. Ел жиылып, құран оқып, тие берсін айтысқан.

Иә, қазекем жаңа келген нәрестеге жан-тәнімен қуана да білетін, қазаға қалың жұрт болып қайғыра да білетін халық қой, шіркін.

... Бұл кезде әкем алпысқа шығып қалған еді. Мен ес білгелі оның самайында ақ бар болатын. Алайда әжемнің тірісінде ешкім де әкемді жасы ұлғайған кәрия деп елемейтін. Өйткені өле-өлгенше әжем әкемді "балапаным" деп өтті ғой. Әжем барда ол жай ғана біздің үйдің үлкені болатын. Енді

ауылдың ақсақалдары қатарына қосылыпты. Сөзі де өсиетке жақындап, бізге арғы-бергіден әңгіме айтып отыратынды шығарды.

— Біз үйміз, біз елміз, біз халықпыз. Адам туады, адам өледі. Ал халық ешқашан өлмек емес, қарақтарым,— дейтін ол.— Бір анадан екі ұл, алты қыз қалыппыз. Ал немерелері аллаға шүкір, баршылық қой. Бір еменнен отыз бір бұтақ жайыпты. Сендерден де ұрпақ тарап, өніп-өсесіңдер әлі.

Әкем өсиетін осылай шүкіршілікпен аяқтаушы еді.

* * *

Көктемде біздің үй Кузьма Гончаров деген орыс мұжығымен ортақтасатын. Ол жирен сақал, қызғылт қабақ, бет-аузын әжім басқан, жұқалтаң шал еді. Өзінің бала-шағасы көп. Үлкен ұлын — Сашке, одан кейінгісін — Некоди, үшіншісін — Тишко, төртіншісін — Керилля және менің құрдасымды — Бәсиль деп отырушы едік. Кемпірін — Мәтьке, екі келінін Сәньке және Мәньке дейтінбіз.

Қазақтар кісінің мінез-құлқына, жүріс-тұрысына, сөзі мен өзіне қарап ат қойғыш халық қой. Қызыл Жагор, Григорийді — Жүгөрі, Дмитрийді — Метрей, Луканы — Илуке, темірші Иван, тілмаш Антон болып атала беретін.

Кузьмамен ортақтасудың өз шарты болатын: жер біздікі, тұқымдық дән тең ортақ, ал көлік күші олардан. Біз жақтан көктемгі егіс кезінде және жиын-терін уақытында көкем жүреді. Дәм-тұзымыз бірігіп, айран-сүтке, бар болса, таршылық жасамаушы ек.

Гончаровтар көктемде тайлы-туяғымен түгел көшіп келетін. Екі арбаға жүгін, темір соқа, тырмасын арта жүреді. Әкем мен Кузьма шал қатар жүріп жерді өлшейді де, көп алаңдамай өңдеуге кіріседі. Көкем соқа ұстап, атқа қамыт кигізуді үйренген соң, құлшынып жер жыртады.

Екі соқа тізбектесіп, қара жердің қыртысын толқындай тіліп бара жатады. Құйқалы қыртыс дөңбекшіп барып, жалданып қалғанда, мен соқа соңынан қызықтап жүгіруші ем. Парлап жеккен төрт жирен ат соқаны қиналмай сүйрейтін. Біз Василий екеуміз атқа мініп, тырма бастырамыз.

Гончаровтың кемпірі әр түрлі жапырақтан тәтті көже жасайтын. Бәріміз соған таңырқаушы едік.

Гончаровтың үй іші, үрім-бұтағы жайлы кейінірек айтармын. Әзірше өзге жайға тоқтала тұрайын.

* * *

Қыстың бір сарынды қысқа күні мен созылған шұбалаң түндері таусылып, көктем келді. Наурыз айы ерекше бір көрікпен, ерекше сәнімен, бар мейірбан мінезбен өлкемізді жайната берді.

Шуақты күн молайып, шұғылалы сәттер елді қызықтырған кез. Жер бетіне тебіндеп шыққан шөп төңірекке жасыл кілемін жая бастады. Ағаштар бүршік атып, жапырағын жаймақ. Атам еккен жеміс ағаштарының да бұтақтары бадана бүршікке кенеліп тұр. Төңіректің бәрі бусанып, баяу балқып жатқандай. Тек Алатаудың мұз бүркеген шыңдары міз бақпай ызғар шашады. Аспанда тырна тізбегі көрініп, айналадан құс даусы естілген болды. Мал төлдеп, рақаты мол мазасыз сәттер көбейді.

...Бір күні қасқа сиыр бошалап, көкем бұзауын тартып алды. Үлбіреген танауына еппен үрледі де, төселген сабанға жатқызды.

Ұрпақ деген қандай тәтті еді, шіркін. Әлгінде қиналып жатқан сиыр орнынан тұрып, керемет қызғанышпен өз төліне төнді. Маңына жан адамды жолатар түрі жоқ. Жақындаған кісіні мүйізімен жасқап қойып, шаранасын жалай бастады. Бұжыр тілі бұзаудың тықыр жүнін жалаған сайын төлдің үсті кеуіп әлдене беретін сияқты. Енді ол мөлдір тамшыдай таза жұмсақ тұяқтарымен жер тартып, ұмтыла бастады. Осынау тірлікке келген соң, жұмыр жерді нық басқысы келгендей, денесін әрең көтереді. Сидиған әлсіз аяқтары қалтырап, ұзақ тұра алмай, қайтадан бүгіліп кетеді. Бұзау сабанға сауыры тиіп жатып қалады. Енесі болса, тұмсығымен сүйемелдеп бауырына икемдейді. Бұзау да алғашқы шарасыздыққа көнгісі келмей, ұмтыла береді, ұмтыла береді. Ақыры алғашқы қадамын да жасады. Енді ол тұмсығын әзер көтеріп, енесінің бауырына апара бастады. Уыз сүтке жетуге ұмтылады. Алайда ебедейсіз үлкен басын көтере алмай, қайта сүрінеді. Тағы да ентелей тұрып, емшек іздейді. Осы сәтте көкем жақындады да, алакөзденіп қызғаныштан шатынап тұрған сиырды айқайымен жасқап, бұзауын теліді. Ана мен баланың табысқан сәтінен тәтті нәрсе жоқ екен ғой. Әлгінде ғана бізге мүйізін қадап, қызғаныштан тыным таппай, тыпыршыған қасқа сиыр бұзаудың ерні желінге тиісімен, бір түрлі рақатқа бөленіп, көзін жұмып тұра берді. Оқтын-оқтын мейіріммен мекіренген үнінен біз мал екеш малдың да қуанышын сезінгендей едік.

Бір қарасақ, қойнына қоңыр қозыны қысқан күйі жалаң аяқ, жалаң бас, зыр жүгіріп Әлиман келеді екен. Мәз-мейрам

болып күліп келеді. Соңынан жан ұшыра маңырап, қарасаулық қалар емес. Төліне ұмтылып, Әлиманның төңірегін шыр айналады.

Сонау беткейде әлі қыстық жүні түлей қоймаған жабағылар тасыраңдай ойнақтап, көктем қызығына өз үлесін қосып жүр.

Күні кеше еңсені басқан қыстың ауыр күндерінен белгі қалмағандай, бүкіл дүние ерекше шаттыққа еніп кеткен сияқты...

* * *

Жұрт көктемгі егіске қамдана бастады. Көкем балта-балғасы қолынан түспей, соқа-саймандарын жөндеумен жүр.

Әр үйдің алдында үлкен қара қазан асылып, наурыз көженің иісі шығады. Ырыс алды, кеңшілік басы, молшылық жолы осы наурыз көжеден басталатындай, бұл күні еш әйел қазанына таршылық жасаған емес. Қайда барсаң да, қатығы мол бидай көжеге қарық боласың. Ел жаңа жылын, жарқын кезеңін осылайша ашық пейіл, ақжарқын көңілмен қарсы алады екен ғой.

Онсыз да қонақжай халқымыз, әсіресе наурыз күні қабақ шытқан емес. Қай үйге болсын қаймықпай кіріп, қалаулы қонағындай төрінен орын аласың. Ел топ-тобымен қыдырыстап, дастарқан үстінде ортақ тілектерін тоғыстырады.

— Аман-есен наурызға жеткізгеніңе шүкір алла. Көрер күніміз, есітер жырымыз бар екен де. Келесі наурызға да төрт көзіміз түгел жетейік,— десетін олар.

Келген қонақтар наурыз көжені салт бойынша түгелдей тауысып шығуы керек. Кейбір әзілқой әйелдер осындайда құрбы-құрдастарын аспен "жазалауға" тырысатын. Топ ішінде өзінің қалжыңдасып жүрген адамы болса, оған наурыз көжені үлкен шараға құйып әкеледі. Әрі салттан аса алмай, әрі санадағы діни сенімнен қаша алмай, әлгі құрдасы азаптанып отырып, шарадағы көжені әрең тауысар еді. Өзгелері күлкіге қарық болатын. Оның үстіне дастарқан иесі құрбысына тілек айтқан болып әзілдейді.

— Іше ғой, көкжалым, іше ғой. Тілегімнің зор екенін көрдің ғой. Өзгелерден артық деп, жөнің бөлек деп, сыбағаңды асырып отырмын. Бақытың алдыңдағы шарадағы дәннің санынан да артық болсын,— деп күледі.

Әлгі жігіт аз дем алып, қасыққа қайта ұмтылады.

— Ниетіңе рахмет, айналайыным. Бұл жақсылығыңды ұмытпаспын,— деп булыға міңгірлейді.

Қасындағы кісілер онан сайын күлкіге мәз.

— Тезірек алсаңшы, суып қалады ғой. Бағың суымасын десең, наурыз көжені ыстықтай ішер болар,— деп қоймайды әйел.

Жігіт көжені үнсіз ұрттай береді, ұрттай береді. Ол осылайша көжемен арпалысып отырғанда, өзгелері күлкілі әңгіме айтып, қызықты шежіре қозғап, ән салатын. Салтанат алды басталғанын сезіп, бала-шаға шексіз қуанушы ек.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.
Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен...
Түйе боздап, қой қоздап — қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып бұлаңдап ағады су.
Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Құс қатарлап байлаған қанжығаға
Қыз бұраңдап жабысып, қылады наз.

Шіркін Абай, көктем көркін, жаз алдының жарқын сәттерін сенен әрлі, сенен нәрлі етіп жырлай алған ақын бар ма екен, сірә!

Әкем көңілді кезінде бізге Абай жайлы айтушы еді.

— Балаларым, сонау "жеті өзеннің" ар жағында, бізден алыс ауылда Тобықты руынан шыққан Абай деген кісі тұрады. Бүкіл елдің арын қорғаған ақылды азамат, оған қоса асқан ақын. Оның өлеңін ел біткен жаттап, әнін бүкіл дала шырқайды екен,— дейтін.

Сөйтсем ұлы Абайды өлді деуге кимайтын халқымыз өмір бойы өз орталарынан оған орын сайлап сөйлейді екен ғой.

Көкемнің сонау бір қиын жылдары ат айдаушы болып істеген бекеті Фрунзе — Ташкент жолының бойында еді. Жұрт оны "қара жол" деп атайтын. Өйткені ауыл сыртындағы қыратты қуалап жатқан жолға алыстан көз тастасаң, шексіз қара жолаққа ұқсайтын. Мұның өзі егіндік жер мен шабындықтың шекарасы сияқты еді. Алатау жағына ел малын шығаратын да, еңістегі жерге егін егетін.

Алатаудың әр қырқасы текшеленіп, көктемі де кезектесіп шығатын сияқты. Содан ба, ел қырқа қуып, көшіп отыратын. Жеріміздің осындай құбылмалы мінезін Тоқмырза әзілге қосып отыратын.

— Алла тағала жерді жаратқанда біздің аймақты ұмытып кеткен екен. Таңертең шаршап тұрса, бір аймақ үңірейіп бос қалыпты. Ашуланған тәңірі Гималайдың мұзды шыңын сындырып, лақтыра салса, Алатау орнапты. Сөйтіп жанжағына қарағанша, әлгі мұз еріп, селденіп барады екен. Мұны көрген жаратушы түстік таулардың бірінен бөлшегін жұлып алып, арқырап аға бастаған мың бұлақтың алдына тастай салыпты. Сөйтіп мына Қаратау орнаған дейді. Ал үлкен бөгетке ұшыраған су жинала-жинала, ақыры тікелей арна сала алмай, теріс ағыпты. "Теріс" өзені солай пайда болса керек. Осылайша жеріміздің әр пұшпағы әр түрлі болып шыға келген екен. Бір жері жемісті, бір жері егісті, бір жері асқақ, бір жері тастақ, бір жері шыңды, бір жері құмды болатыны да содан деседі. Адамдары да алуан, аңы да мол. Жанға керектің бәрі бар,— деп күлетін еді Тоқмырза ақсақал.

* * *

Бір болыс елдің ортасындағы жапандағы жалғыз кірпіш үй — Бекет станциясы. Қызыл кірпішті үй алыстан мен мұндалап, оқшау дараланып, үлкен жиындар сол жерге шақырылушы еді. Ауыл адамдары әр тұстан аңдыздап кеп, аймақтағы осынау тұрқы түзу үйге көп бас қосатын. Аттылы-жаяулы келіп жатқаны. Жүздеген ат бас түйістіріп, байлаулы тұрады мұндайда.

Бүгін де ел осылай бет алды. Бұл бас қосу Садық Аблановтың келу құрметіне арналған еді. Садық бұл жолы Бірінші Май күні келді.

Аблановтар үш ағайынды болатын. Үлкені Ізбасар жұртқа жұғымы жоқ, жүгенсіз, даңғой, дарақы біреу еді. Уездегі орнына ісіп-кеуіп, өзінен-өзі тасып жүретін. Бір өзі бүтін дүниені тіреп тұрғандай екі иінінен дем алып, екіленіп кететін. Алдына келгенін ала көзімен атып, қоқиланып бітуші еді. Жұрт осысын жек көріп, жұғыса қоймайтын. Ел ішінде сыйы да шамалы кісі еді. Сонысынан тапты ма, әйтеуір қызметінде көп тұра алмапты. Мұны есіткен жұрт аяудың орнына: "өз сазайын тартқан екен" дейтін.

Ал Садық Аблановты ауыл адамдары ізетпен қарсы алып, ілтипат көрсететін. Адал, ақпейіл, турашыл, жұрт қамын ойлайтын естияр жігіт деп мақтаушы еді оны.

Ізбасардан жұрт қорқатын. Бірақ сыйламайтын, Садықты іш тартып құрметтейтін. Ағайынды екеуіне деген ара-қатынасын ел ерекше жіліктеп, жіктеп айтушы еді. Ізбасар Абланов, Садық Абланов деп арнайы аттарымен ажырататын.

Ізбасар елге даурығып, әбігер салып келетін. Жиналысқа да ол өзінің арнаулы адамдарынан басқаны қатыстырмайтын. Қатысқандардың кейбір жақпағандарын аузына келгенін айтып балағаттап, ел көзінше абыройын төгіп, қарсылық білдіргендерді қара тізімге жазып, "Сібірге айдатам" деп, сары суын сыртына шығарады екен. Ауылға қабағы түсіп, қажып, қалжырап қайтатын ондайлар. Ізбасар кетісімен, әркім оның ожар қимылын, орынсыз дөрекілігін салып, ашық күлкіге айналдыратын.

Ізбасар әскери коммунизм кезеңінің томырық, топас, солақай, ұрда-жық, көкірек қақпай жүгенсіздерінің жиынтық бейнесіндей, халық аузында қалып қойып еді.

Садық өткізген жиын, керісінше, салтанатқа ұқсайтын. Адамдар көп жиналып, ақыл-кеңес күткендей ынтыға түсетін. Онымен кездесу үшін, дидарласып сөзін тыңдау үшін ақсақалдар тұрмақ бала-шағаның өзі, тіптен қатын-қалаштар да асығатын. Жұрт Садықты абыройлы етіп, ел алдында ажарлы көрсететін оның қарапайымдылығы мен іштартымдылығы десетін.

Жайма шуақ жадыраған күн еді. Бұдан бұрын Бекетке Садықтың келетіні хабарланған болатын. Ол: "тыңдаймын деген кісілер келсін, бас қосып әңгімелесейік" депті. "Ақсақалдармен, ағайын-туғандармен, қарындастармен бас қосып, сыр шертісу үлкен ғанибет қой" депті.

Әкем мен ағайым мені де бірге ертпек болды. Мен апыл-ғұпыл киініп, ағамның артына мінгестім.

Жол бойы біз бір топ салт аттыларды қуып жеттік. Олардың ортасында ауыздықпен алысқан "Көкшолағының" тізгінін тарта Аққұл ақасақал да келеді екен. "Көкшолақ" сәйгүліктің ішіндегі мақтаулысы еді. Ал Аққұл атам болса, кәнігі саяпкер шабандоз. Аққұл әдеттегі әуенімен байсал ғана амандасты.

— Саумысың, Момыш?

— Аманбысың, Аққұл?

— Садықты тыңдауға барасың ба?

— Иә, Аққұл.

Ағамның атына мінгескен мені байқаған Аққұл таңырқай үн қатты.

— Уә, жігітім... Саған жол болсын? Абыржып қалғанымды байқаған ағайым ер үстінде бір қомданып алып, мен үшін жауап берді:

— Садық ағасын тыңдауға барамыз, Ақа!

— Иә,— деді шал даусын созып,— жақсы лебіз тындасаң,

жарым ырыс деген ғой! Сен де тыңда, балам, сен де тыңда, — деді.

Осы кезде жолаушылардың арасындағы бір жас жігіт аты арықтан қарғи бергенде, ер үстінен қопаң етіп, ауытқып барып түзелді. Мұны байқап қалған Аққұл ашумен дүрсе қоя беріп еді:

— Көлік қадірін білмейтін неме екенсің ғой. Атты аясаңшы. Бұл сенің тербетілер желбесігің емес. Ат ырғығанда кісі шалқайып отыра ма екен. Мұндайда сен сияқты қопалдардың салмағынан аттың бел омыртқасы үзіліп кетсе, қайтер ең?

— Абайламай қалған ғой, Аққұл-ау!— деді әкем әлгі жігітке ара түсіп.

— Қойшы ондайды, Момыш! Құдай үшін қоя тұршы! Ат мінген адам өзі түгіл, көлігіне де көлденең кесір жолатпауы тиіс!— деді Аққұл. Әлгі жігітке тағы бір ашулы қабақпен қарап, ендігі сөзін соған арнағандай болды.— Бүгінгі жастар не болып барады осы, Момыш, қапшық сияқты бірдеме әйтеуір. Ат үстінен ауып қалардай ебетейсіз болып барады ғой. Бейшара аттар сондай құмға толған ауыр қапшық сияқтыларды арқалап қор болды-ау!

Осылайша Аққұл ақсақал Бекетке жеткенше ешкімге сөз бермей, атқа мығым отырудың әдіс-тәсілдерін айтумен болды. Барлығы да оны ат үстінде ұйып тыңдап келеді. Астындағы жүйріктерін бірыңғай бұлкілге салып, ақсақалдан енді қайтып кекесін ескертпе есітпейін деп жіті отыр.

Мен үйден шығысымен-ақ көңілсіз күйге түсіп едім. Ағайым өзіме жеке ат ерттеуге рұқсат етпеді. Енді міне ат құймышағында отырып, оның қақпақтай жауырынына ызалана қарап келем. Алайда Аққұл атамның әлгі сөзі аздап жуасытқандай болды мені.

Біз Бекетке де келіп жеттік. Станция маңын топ-топ етіп айқастырып қойған аттар жайлап алыпты. Жұрт төбешікке жиналып, шекпендерінің етегін төсей беріп, жамбастап жайғасып жатыр. Ел мол жиналыпты: ақсақалды қарттар, егде кісілер, жігіттер мен бозбалалар да жүр. Бір шетте жақын ауылдан келген әйелдер тобы көрінеді.

Бәрі де тағатсыз күйге түсіп, станция жаққа қарайлай береді.

— Әне келе жатыр, әне келе жатыр,— деп күбірлесе бастады жиналғандар.

Қасында почта бастығы мен болыстық басқарманың бір топ жігіті бар орта бойлы, сұр шекпеннің өңірі ашық күйде, жалаң бас бір кісі келеді екен. Бәріміз де бар ықыласымызбен тесіле қарап қалыппыз.

Ол қасындағылардың біреуімен сөйлесіп, байсал басып

келе жатыр. Жұқа өңі қаны қашып сартаптау болған, маңдайы кере қарыс кісі екен. Қабағы аздап домбыққан, жанары жабырқау, сиректеу жібек мұртты кісі топ ортасына келіп те қалды.

Ол төбешікке шыққан соң, төрдегі ақсақалдардың қолын жағалай алып шықты. Қалған топпен қолын кеудесіне қойып бас иіп, ізетпен сәлемдесті.

— Армысыңдар, ардақты қауым,— деді ол аздаған қарлыққан дауыспен.— Аман-есенсіздер ме, қадірмен қариялар. Дендеріңіз сау ма? Туған-туыстарыңыз, мал-жандарыңыз аман ба?

Ол осылайша алдымен ақсақалдарға амандасты.

— Рақмет, қарағым Садық. Өзің де аман-есенсің бе?

— Денің сау ма, Садыққан?

— Балаларың өсіп жатыр ма, қарағым,— деп шалдар шетінен саулық сұрасып жатыр.

— Рақмет,— деді Садық ақ тістерін көрсете жымиып.— Әзірше аман-есенбіз... Ақа, "Көкшолағыңыз" бабында ма?— деп енді ол Аққұлға бұрылды. Ол Аққұлды бұрыннан біледі екен.

— Сенің лау мінгіш милицияларыңнан қайда жасырарымды білмей жүрмін ғой,— деп шымши сөйледі Аққұл. Жұрт ду күліп жатыр. Садық Абланов елжірей күлгендей болды.

— Сіздің "Көкшолағыңызға" ешкім тимейтін болсын, Ақа. Мен солай деп айтты деңіз. Ол байсалды жауап берді.

— Мың жаса, шырағым Садық... Әйтпесе баптап мінуді білместен, жатқан бір орыс арбасы мен біздің аттарымыздың соры болды кейбір милицияларың. Өрт шыққандай шапқылап, аттардың сілікпесін шығарушы еді...

— Садық өз шешімін айтпады ма,— деп Аққұддың сөзін әкем бөліп жіберді.

— Енді өзін тыңдайық.

Аққұл әкеме ала көзімен қарап, еріксіз жым болды. Садық Аққұлдан кешірім сұрағандай сәл иілді де, төбенің басына көтерілді. Айналасын жайлап шолып алды да, еркін көсіліп сөйлей жөнелді.

— Қадірлі ақсақалдар, сіздерден рұқсат болса, бір-екі ауыз сөз бастайын,— деді ол қарттарға қарап.

— Айта бер, Садық, айта бер!— деді қарттар бір дауыспен.

— Қадірменді қарттар, менің құрбы-құрдастарым, жас жігіттер, сендер де, боз балалар, сендер де, құрметті әйелдер, сіздер де,— деді ол баршаға сөзін арнап,— бүгін бізде көктем күні, жер бетіне қуаныш нұрын төккен күні. Бұл көктем кімді

қуантпайды? Кімді тебірентпейді? Шуақты күн жерімізге нұрын төгіп, бойымызды жадыратады. Дәл осындай табиғат түрленіп, құлпыра бастайтын көктемнің күнінде, бұдан отыз бес жыл бұрын жұмысшылар мен жер бетінің еңбеккерлері бұл күнді еңбектің, бостандықтың, достық пен туысқандықтың мерекесі деп әлемге әйгіледі...

Әңгімесін осылай бастаған Садық Бірінші Май мерекесінің мәні мен мақсатын, оның шаттығы мен шалқыған шабытын, еліміздегі жағдай мен жер бетіндегі басқа елдер халқының Май мейрамын қалай қарсы алатынын қарапайым қазақтың жалпақ тілімен жиналғандардың жүрегіне ұялата білді, халықтар достығы мен туысқандығы жайлы тебірене толғап, революцияның қазақ даласына әкелген шарапаты мен шапағатын айтты. Жұрт сілтідей тынып, үнсіз бас шұлғып қалыпты. Садық олардың бәрін жылы лебізбен ұйытып, тербете түсетін сияқты...

— Бақытты деп ерікті адамды ғана айтамыз! Біздің бар халқымызға большевиктердің тілейтіні осы бақыт, осы еркіндік,— деді ол сөз соңында.

Өз сөзін аяқтағанда ұйып отырған жұрт дүр сілкінгендей, лезде гулеп кетті.

— Дұрыс айттың, Садықжан!

— Мерекеге мерейлі мезгілді таңдаған екен!

— Ақылды шешім!

Садық жұртты тағы бір шолып өтті.

— Мен сіздерге үлкен жұмыспен келіп едім. Оны кейін айтармын. Ал бүгін Бірінші Майды мейрамдайық.

— Көкпар тартамыз!— деп дауыстап қалды Аққұл.

— Көкпар! Көкпар,— деп даурықты жастар жағы. Садық жадырай күлді де, қолын сермеді. Не дер екен дегендей, ел жым болды.

— Көкпар десеңіздер, қалауларыңыз болсын!— деп кесіп айтты Садық. Қайтадан жадырай күлді.

"Көкпар" деген жалғыз сөз топ ішін кезіп, әркімді елеңдетіп бітіп еді.

Садықтың алдында жұрттың бәрі әдеп сақтап жүр. Тіптен кейбір содырлау милиционерлердің өздері де, қыңыр сөзге қылыштай өткір, "ат өнерінің ерен жүйрігі" Аққұлдың өзі де бір сүйем шөгіп кеткендей, өздерін шектен шығармай, әдеп сақтап жүр.

Көкпарға жиналғандар қарақұм болып қаптап жүр. Ел мұны мереке құрметіне Май көкпары деп атап еді.

Қой бастаған серкедей Аққұл елден ерекше көрінеді. Он-

ың осынау тұлғасы мен тұрқы ойынды дәстүр шеңберінен шығармауға мойындататын еді.

Дүркіреген ат шоғыры құйынша құйғытып, тақтайдай тегіс жердің бұйра шаңын көтеріп, көкпарды ортаға ала жөнелді.

Аққұлдан басқа қарттар Садықты қоршап, әрі көрермен, әрі төреші болғандай тамашалап тұр. Олардың ортасында менің әкем де бар.

— Біздер, большевиктер, әркімнің көңілі шат, өмірі дарқан, қуанышты болуын қалаймыз. Жер бетінде жаман халық жоқ, сол халықтың кейбір жаман адамдары болуы мүмкін. Бірақ ондайлар ұлы теңіздің ұсақ тамшысындай-ақ. Халық деген қадірмен қауым, әлуетті қауым, әулие қауым. Біздің әрқайсымыз өлімнен қашып құтыла алмаймыз. Ал халық мәңгі жасамақ... Біздер, большевиктер, сол жасампаз халықтың даналығына сенеміз.

"Жастығымда еңбек бер, қартайғанда дәулет бер" деген сөз бар. Сол айтқандай жастарымыз еңбек пен тұрмыста жайдары өссін. Ал қарттарымыз ақ сақалды, сары тісті жасқа толып, дәулет рақатын көрсін. Әркім өз еңбегінің, өз ісінің жемісін көріп, әркім аты мен абыройына лайық жас ұрпақты тәрбиелеп өсірсе дейміз. Өз қауымының, өз ауылының, өз елінің, өз жерінің мақтаны болатын жеткіншек тәрбиелесеңіздер екен дейміз. Біз ұл-қыздарымыз бен немерелеріміз өздерінің әкелері мен бабаларының әлуетті ісіне, олардың күресі мен табысына, салып берген жолына мақтанса, соларға еліктеп өссе дейміз. Ал ата-аналарымыз сондай салауат иесі болып өсіп келе жатқан ұл-қыздарына сүйсінсе дейміз. Өздерінің жақсы ісін, жарқын дәстүрін, саналы салтын ту етіп ұстап, түзу жолмен келе жатқан мұрагерлеріне мақтанса дейміз. Біздің ұрпақ адамзаттың ізгілігі мен инабаттылығын, олардың әділдігін бағалай беретін байыпты азамат болса дейміз! Сондықтан да біз достық пен теңдіктің, туысқандықтың туын көтереміз! Адамзаттың адал еңбегін бағалай білейік!..

Біздің жауларымыз осындай адал ниетімізді көре алмай, өсек өрбітіп, қиянат қылышын жалаңдатады. Біздерге адамның бақытына балта шабушы деп жала жабады. Өкінішке орай, біздің арамызда да осындай өсекке елігіп, жалаға алданып, жау қиянатына бас шұлғитын, санасы жетпегендер кездеседі. Ондайлар түзу жолдың көшіне, Ленин салған тура жолдың даңғылына, оның жолаушыларына оралғы, кедергі болады. "Қисық арба қыңыр тартады" дегендей, тең басқан аяғымызға байлау болады. Біз осыдан сақтанып, ондай

адасқандарды ақиқат алаңына апаруға көмектесейік. Жоқ! Біз әр халықтың игі салты, жақсы дәстүрі ел мақтаны болатын елеулі ғұрпы гүлдене берсін дейміз.

Садық бұл әңгімелерді көкпарға көз алмай қызыға қарап тұрып, қарттарға жай ғана айтып беріп еді. Енді мен әкемнің атына мінгескен болатынмын. Өйткені ағайым көкпар десе арқасы қозып, жұлқынып шыға келетін. Бұл жолы да түрленіп, желігіп алды. Ауылдан шығардағы өкпем әлі тарқар емес. Жеке ат мінбей, біреудің желкесіне үңіліп отырғаным жаныма батады. Дегенмен қарттармен бірге Садық тобында болып, олардың әңгімесін есіткеніме қуанып отырмын.

Кенет тастүйіндей шоғырланған көкпаршылар додасын бұзып өтіп, біреу суырылып шыға берді. Кім екенін аңғарып үлгергенше әлгі шабандоз көрермен топ алдына құйындата келіп қалып еді. Аққұл атам көкпарды Садықтың алдына лақтырып тастады.

— Мә, Садық, саған салғаным,— деді де, лақты Садықтың алдына тастап, "Көкшолағын" кенет бұрып, ойқастата шауып, қайта оралып келіп, тізгінді ірке қалғанда, әлі қызу екпінін баса алмаған "Көкшолақ" серіппеше шиыршық атып, танауы делдиіп, бір орнында тағат таппай, аспанға ыршыды. Аққұлды өкшелеп қуған шабандоздар тобы көкпар Аблановтың алдына тасталғанда, тұмсықты жартасқа соғылған толқындай қақ жарылып екіге бөлінді.

Мен өзімнің жастығыма өкініп, осынау құрыш білек жігіттерге қызыға, қызғана көз тастаймын. Солардай болып, осылармен бірге додада ат белін талдырып жүрсем деп ойлаймын.

— Ақа, сіз көкпардың көркісіз ғой,— деді Садық Аққұл атама бұрылып.— Мен сіздің өнеріңіздің ел аузында аңызға айналып, өзіңіздің жасқа жеңдіріп, қатардан қалып қойғаныңызды қаламас ем.

— Ә, мен әзірше қарттыққа бой беретін жайым жоқ. Асықтырма, шырағым Садық,— деді Аққұл өкпелегендей үнмен.— Жо-жоқ, мені шеттетуге асықпа!

— Қазақтың салты бойынша, көкпарды шабандоз қызы бар үйге салады. Сол үйдің қызы кестелі орамал алып шығып беруші еді. Сіз, Ақа, жігітті үйге салып отырсыз. Кестелі орамалдың орнына мынаны бүгінгі ұлы мейрамның туындай көріңіз,— деп қойын қалтасынан қызыл жалауша ұсынды.

— Мынау сізге, ең шабандоз жігітке! Бірінші Май бәйгесі болсын!

Аққұлдың жүзі құбылып, толқып кетті білем. Ат тізгінін

тарта, Аққұл ер үстінен бір қарыс көтеріліп, ізет көрсетті де, әлгі сыйлықты Садықтың қолынан алды. "Көкшолақ" иесінің алған сыйына қол соққандай, аяғымен жер тарпып тұр.

— Ал енді бізбен бірге болыңыз,— деп өтінді Садық.— Ендігі көкпар қызығын жастар тамашалай берсін.

Аққұл Садықтың қасына келіп тұрды. Көкпар аяқталғанша осы топта болды. Көкпар ымырт жабылғанша созылды. Садық құйынша құйқылжыған шабандоз жігіттердің қимылынан көз айырар емес. Оның бар ынта-ықыласы осы көкпарға ауып, өзге дүниені ұмытқан сияқты. Алайда төңірегіндегі кісілердің сұрақтарына сабырлы жауап беріп, ойлы пікірлер айтқанына қарағанда, ол ел қамын ұмытпай, ауыл ақсақалдарының да көңілін жықпасам деп толқып тұрған сияқты.

— Момеке!— деді ол менің әкеме.— Қонақасы беруге қалайсыз.

— Үлеспеген еншіміз, Садықжан. Сендей шақырса да келмейтін кісілер менің үйіме қонақ болуы мен үшін үлкен абырой,— деді әкем.

Барлық жұрт біздің жаққа қызыға, қызғана көз тастаған сияқты. Мұны көріп, мен өзімнің атқа мінгесіп жүргенімді де ұмытып кетіппін. Мен Садықтың біздің үйді таңдағанына мақтанып отырмын.

Әкем ағайымды шақырып белгі беріп еді, анау аққөбік болған атын ойнатып жетіп келді. Тер мен шаңнан күреңденіп кеткен жиренін ол кілт тоқтатып тұра қалды.

— Садық біздің үйдің қонағы болады,— деді әкем ағама қарап.

Әкемнің соңғы сөзін естір-естіместе, ағам атын кілт бұрды да, ауылға қарай құйындата жөнелді.

Бұл кезде көкпар да біткен еді.

— Сіздер де Садықпен бір болып, дәм-тұзбен ортақтасыңыздар,— деді әкем жұртқа.

— Қойыңыз, Момеке, жұрттың бәрін шақырып, әбігерленіп қайтесіз,— дей берген Садықтың сөзін әкем аяқтатпады.

— Құдайға шүкір, Бақтияр әулеті аз емеспіз. Малмүлкіміз, қазан, ошағымыз бөлініп көрген емес. Қанша қонақ болса да, көтерер шамамыз бар.

Шынында да Бақтияр әулеті біраз едік. Жетпіс жаны бар он төрт отау болатын. Садық Абланов пен оның жанындағы жиырма шақты жолдастарын күтіп алу ешбір қиындыққа түспейтінін мен де сезіп тұрмын.

Садық ортада келеді. Екі жағында ентелеп аттылы кісілер қоршап алыпты. Садықтың әр лебізіне құлақ тосып, құныға тыңдайды.

Күн Құлан тауының тасасына тығылып, айналаны іңір қараңғысы тұмшалап алып еді. Мен күні бойы ат соңында мінгесіп жүргендіктен бе, шаршағанымды әрең жеңіп келемін. Ат жайлы жүрістен ауып, шоқыраққа басқанда жауыр болғанымды аңғардым.

Осынау тымық кеште ауыл ошақтарынан шыққан түтін қаздай қалқып, аспанға өрлеп барады. Қораларға жайылымнан қайтқан малдар да жайғасып үлгерген екен.

Алыста үйірін шыр айналып, жалын жалбыратып боз айғыр жүр. Ауыл жақтан тәтті астың иісі келіп, танауды қытықтайды. Балқыған бауырсақ үлкен қазандағы былқыған ет иісі сияқты. Самауырдың қошқыл түтіні де тік көтеріліп, соның арасынан ұшқындар жылтылдайды.

Қонақты қарсы алуға шыққан ауылдың ер кісілері үй сыртында топ-топ болып байсалды тұр. Әйелдер үй арасында жүгіріп, абыржып жүр.

Қонақтар жақындай бергенде, ауыл адамдары лап қойды. Әрқайсысы ат тізгінін ұстап, қонақтарды қолтығынан сүйеп түсіріп жатыр. Енді бірі аттарды жетектеп әкетіп жатыр. Күні бойы ер үстінде отырып, езіліп қалған сандарын жазу үшін, кейбіреулер аяқтарын әрең басып, ары-бері жүр.

— Қош келіпсің, Садықжан, менің түңлігім осы болады,— деп әкем қонақты үйге қарай бастады.

— Шаңырағыңыздан шаттық кетпесін, Момеке,— деді Садық ақсақалдарға жол беріп тұрып.

Алдына бес-алты ақсақалды салып, Садықтың өзі де босағадан аттады.

Оның қазақ даласында қалыптасқан ежелгі әдет-ғұрыпты ізетпен сақтағаны жиналған жұртқа ерекше әсер етіп еді. Енді бәрі де оны бауыр тартып, жанына жақын тұтып алды.

Қалған қонақтарды да үйді-үйге жайғастырды. Мен де елдің соңын ала өз үйіме жүгіріп кіріп, босағада аңырып тұрып қалыппын: қарасам үй іші танымастай өзгеріп, жайнап кетіпті. Басқа үйге кіргендей танымай да қалдым.

Ағайым маған көзін алартып:

— Әй, Бауыржан, үлкен үйге бар!— деп қақпайлай берді.

— Бұл сіздің мұрагеріңіз бе, Момеке!— деді Садық, маған жымия көз тастап.

— Иә, менің ұлым, Садықжан,— деді әкем.

— Бізбен бірге отыра берсін,— деді Садық жылы жүзбен ағайға тіл қатып.— Бұл жігітті ортамыздан қуып жібергеніміз жараспас. Оның үстіне күні бойы қасымызда жүрмеді ме?

Осылайша Садық мені ағамның қақпанынан қорғап қалды.

Мен үйді енді жақсылап көре бастадым. Құлпырған жасау көз жауын алады. Еденге көл-көсір етіп кілем төселіпті. Кілем үстінде жалт-жұлт еткен шәйі көрпелер жайылған. Жағалай жастық қойылыпты. Жарқырауық шыны аяқтар бір қанаттан орын алған екен. Киіз үйдің ортасында аспалы шам нұрын төгеді. Жап-жарық. Мен әр кілемнің нақысынан, әр заттың белгісінен қайсысының қай үйден келгенін байқап отырмын.

Намысқой ағайым бар ауылдың іліп аларын осында жинап әкеліп, үй ішін жайнатып тастаған екен. Мына жасау біздің үйді ең тұрмыстылар қатарына қосқан сияқты. Ауылдың ауызға алар бақуаттысы болып шыға келген түріміз бар.

Қонақтар көсіліп-көсіліп жайғасып жатыр.

Мақтаншақ ағайым өзінің бүгінгі тірлігіне мәз болып, әкем жақтан құптау белгісін көргісі келгендей жалтақтап қояды.

Ол ауыл жігіттерінің бәрін кісі күтуге ұйымдастырған екен. Алдымен біреуі қонақтың қолдарына су құйды; екіншісі дастарқан жайып жатыр; біреуі бауырсақ төксе, енді бірі торсықты әкелді. Тағы бірі қымыз құйған кеселерді таратып тұр. Әр жігіт өз қызметін мүлтіксіз атқарып, болғандары аяғының ұшымен басып, үнсіз шығып жатыр.

Қонақтар алдымен қымыз ішіп, сусындап алды. Қымыз үстінде бүгінгі Май мерекесі жайлы, қызықты көкпар жайлы әңгіме шертісті.

Садық Абланов өзінің ескертпелерін айта отырып, соңғы сөзін бас төреші Аққұлға берді. Аққұлдың төбесі көкке жеткендей маңғазданып алды.

Аққұл қарттың алдында менің ағам сөзге ретсіз араласып, бір-екі ескертпесін айтып еді, әкем ала көзімен ата қарады. Мұны көрген ағайым сыртқа шыға жөнелді. Біраздан кейін ол ақ қой жетектеп келіп, ақсақалдардың алдында бата сұрады.

— Аумин!

Қарттар тіксіне қалып, большевик Садыққа қысыла көз тастады. Абыржып қалған сияқты. Өйткені бұрын келген қонақтар батаны діни әдеп деп, ескінің қалдығы деп рұқсат етпейтін.

Мұны сезген Садық мұртынан күліп, алақанын жайды:

— Ақа, сіздің жолыңыз үлкен ғой. Қонақжай үйге қол жайып, жақсы тілегіңізді беріңіз. Бәріміз де естиік,— деді.

Аққұл бір сәтке ойланып қалып еді, бірақ абыржымай, алақанын жайды да, әндете жөнелді.

— О, жаратқан ием! Алдымен атыңды атап жалбарынам. Бүгінгідей ашық күн жайнай берсін көгімде. Осы күннің астында гүлдей берсін елім де!. Жүрсін лайым әміс бақыт

қана серік болып, тұрсын лайым әмісе қуанышы көрік болып! Ұлы өмірдің өзіндей жайнай берсін жасымыз; енді қайғы көрмесін ақ қыраулы басымыз! Жаңа Садық айтқандай (Садық қызарып кетті), барлық халық тең болсын; бір-бірімен қауышқан дос-туысқан ел болсын; жеріміз ырысты болсын! Өрісіміз малға бай дүбірлі болсын; келіндеріміз жанға бай үбірлі-шүбірлі болсын! Ер жігіттің ту етер ар-тұрағы болсын; қанат беріп түлетер арғымағы болсын!..

Аққұл атам осылай ұзақ шұбыртып, батасының аяғын қалай аяқтарын білмей, қысылыңқырап та қалды.

Тап осы жерде жұрт та ду күліп жіберді де, Аққұл келте қайырып, "құдай қабыл қылсын!" деп сақалын сипады.

Қойды қайта алып кетті. Аққұлдың діни әдеттерді ұстамайтынын жұрттың бәрі де білетін. Сондықтан да оның батасы әдеттегіден тыс ерекше еді.

Садық Аққұлды көтермелеп, күлкісін тия алмай, қоштау сөз айтты:

— Жақсы айттыңыз, Ақа! Ізгі тілектің бәрін білдірдіңіз-ау. Халыққа коммунистердің тілейтіні де осындай жақсылық қой.

— Сіздің осындай ақынжанды адам екеніңізге сеніп едік, Ақа,— деді біреу қалжыңдап.

— Ақындықтың рухы етек астында емес, ер үстінде болады,— деді Аққұл әлгі кісіге. Шамасы оның әйелжанды адам екенін білетін болса керек.

Бәрі ду күлді.

— Әйтсе де біздің Ақаң тек ақынжанды адам ғана емес, саясатшы да ғой,— деді Садық. Сөйтті де сөз арасында:— Біздің саясатымыздың өзі де халқымыздың қашаннан жинақтаған ізгі тілектері ғой. Туысқандық пен достық, бір-бірін құрметтеуден артық не бар.

Мәселен орыс халқын алайықшы. Қарапайым шаруа таңның атысынан күннің батысына дейін егін даласында еңбек етеді; немесе біздің өлкемізде өз қолымен темір жол салған жұмысшыны алайық. Олар да біз сияқты адамдар. Олар үшін ешкім де еңбек етпейді. Өздерінің тамағын адал еңбегімен тауып жейді.

— Сөзің рас, Садықжан, орыстар еңбекті сүйетін және еңбек ете білетін халық қой...

— Садықтың сөзін бөлмесеңдерші.

— Міне сол орыс халқы — тамаша ғой. Олар біздің ағамыз сияқты. Қазаққа қысым көрсеткендерге келсек, олар патша шонжарлары болатын. Енді жағдай мүлдем өзгеше:

сол орыс халқының өздері патшаны тағынан жұлып түсірді.

— Демек Ленин турашыл, қамқор жан екен ғой.

— Иә,— деді Садық,— біздің Ленин нағыз қамқоршымыз.

— Не сонда, Ленин патшаның орнына отыра ма? Бұрын Николай еді, енді Ленин бола ма?— деді әлдебіреу істің мәніне шын түсінбей аңырып.

Садық күлімсіреп отырып жауап берді:

— Біздің Ленин патша емес, көсем ғой. Ол жаны таза адамдардың ішіндегі ең ақылдысы.

— Енді мынаны айтшы, Садықжан. Сенің Ізбасар ағаң ауылға келсе: "алла деген жоқ нәрсе", "сендер қараңғы халықсындар" деп тұқыртып бітеді ғой. Үйге түскенде мал сойып, бата сұрасаң, қолын бір-ақ сілтеп, "қайран қараңғылық-ай, апарыңдар да, соя беріңдер қойларынды" дейді. Патшаны патша дейік (патша көп қой), тақты тақ дейік. Аллаға тіл тигізіп несі бар. Ұжданымызға тиіп несі бар? Салтымызды неге бұзады...

— Не деп тантып отырсың, ей сен. Ізбасар Садықтың туған ағасы емес пе,— деп Аққұл әлгі адамға ақырып қалды.

Садық жадырай күліп, оң қолын көтерді де, әлгі аузы батыр адамды Аққұлдың қаһарынан қорғағандай сөйледі:

— О не дегеніңіз, о не дегеніңіз, Ақа! Әділ сөзді қақпайлағаныңыз қалай?

— Ленин дінге сенер ме екен, әлде жоқ па?— деді әлгі батыл кісі.

— Мен өзім Ленинді көргенім жоқ. Ал Ленинді менен жақсы білетіндер, көсеміміз әділ де, турашыл адам дейді. Дінді қайдам, халыққа әбден сенетін кісі. Сондықтан да қалың ел соңынан ерді емес пе.

Садық аздап езу тартты да, сөзін жалғастырды:

— Ал өз ағам туралы не айтамын, ол менен үлкен кісі. Алайда Ізбасардың теріс мінезі сыналып, қызметінен босатылғанын да білесіздер ғой...

Қолайсыз тыныштықты Аққұл бұзды.

— Жарайсың, азаматым! Әділдік азамат көркі дегендей, анығын айттың-ау, Садық. Халқымызға Ленин сенсе болғаны. Ең негізгісі осы ғой.

— Халқымызға Ленин сеніп еді, сол сенімін халқымыз да ақтады,— деді әлгі батыл кісі.

Бұл әзілқой, қалжыңбас, тілі өткір, көңілді Тоқмырза деген қарт еді. Боза ішкендердің тұрақты төрағасы, жиын-тойдың сәнін кіргізіп отыратын жалғыз атты кедей болатын...

— Дұрыс айтасыз, Тоқа. Біз енді өмірді қалай жақсартамыз,

қалай тұрмысымызды түрлендіреміз? Ол үшін не істеуіміз керек? Мен сіздермен осы жайлы ақылдасқалы келіп отырмын.

— Айта бер, Садық.

— Біз саған қандай ақылшы болар екенбіз...

— Өздеріңізден артық ақылшы жоқ. Біз бүгін сіздердің ақылдарыңызбен Бірінші Майды жақсы өткіздік. Көкпар да тартпадық па...

— Тамаша бір мереке болды ғой, Садықжан,— деді Аққұл, оның сөзін бөліп, енді жыл сайын өзге халықтар сияқты, біз де Бірінші Майды мейрамдайтын боламыз.

— Немене, сен Аққұл, жыл сайын май сыйлығын алып тұрмақсың ғой?— деп қалжыңдайды Тоқмырза.

— Жоқ, мен сен сияқты сараң емеспін,— деп Аққұл Садық берген қызыл жалаушаны қойнынан алды:— Мен бұл жалаушаны келесі Май мерекесіне дейін сақтаймын. Сонда көзге түскен жігітке тапсырамын. Соған дейін балаңа ат арқасын алдырмауды үйретесің.

— Ау, әңгіменің шырқын бұзбасаңдаршы! Садық бізбен кеңесемін демеді ме. Айтарын айтып болсын да,— деп сөзге әкем араласты.

— Иә, қадірлі ақсақалдар, мен сіздерден кеңес сұрамақпын... Сіздер өмір көрген, жақсы мен жаманды білетін тәжірибелі адамсыздар. Халыққа жаңа тұрмыстың жайын жақсырақ түсіндіруге көмектессеңіздер деп едім.

— Ал сенің лау мінер милиционерлерің аттарды неге босқа зорықтырып жүр,— деп бұрқ ете қалды Аққұл.— Баскөзге қарамай жануарды қамшымен төпеп бітеді. Сенің атыңа милиционер мінді дегенше, шаруасы бітті дей бер. Тепектетіп, шоқырақтатып титығын шығарады.

— Қойшы осы, Аққұл, атың жайлы жауапты Садық әлдеқашан бермеді ме.

— Менің қай жерде қалай сөйлейтінімді үйретпе маған, Момыш... Мен Садықтың орнында болсам оларды әлдеқашан атып тастар едім...

Жұрт күлкісін әрең басты. Садық Аққұлға жауап берді:

— Ақа-ау, мен әрине милиционерді атпаймын. Өйткені, ол біздің қолқанатымыз. Олай етуге рұқсат жоқ. Алайда, кейбір ат қадірін білмейтіндерін қызметтен босатуға тура келер.

— Иә, иә, Садықжан,— деп тебіреніп кетті Аққұл,— сөйтіп аттан түсіріп, жаяу салпақтатып қойшы бір.

— Солай етейін, Ақа,— деп күлді Садық,— Ақаң да, өзгелеріңіз де жақсы айтып, құнды пікірлер беріп отырсыздар.

Біріншіден, бұдан былай Май мерекесін тойлап тұрамыз. Екіншіден, кейбір лау мінер милиционерлер халыққа зәбір көрсетеді екен — оларды ауыздықтау керек. Бүгін екі мәселені орынды шешуге жақсы кеңес бергендеріңіз үшін көп рақмет сіздерге, құрметті ақсақалдар...

— Айта бер, Садық, айта бер,— деп түйіле сөйледі Аққұл,— жақсы сөзіңді бөліп, жағаласқанымыз үшін біз сияқты кәрі мылжыңдарды кешіре гөр.

— Енді тағы да ақылдасып алар екі мәселе бар еді,— деді баяу үнмен Садық.— Бұл мәселені сіздердің көмектеріңсіз жалғыз шешуім қиынға соғып тұр...

— Айта бер, Садық...

— Менің барлығыңыздан жасым кіші, құрметті ақсақалдар. Мен сіздерге әке де, аға да емеспін. Бар болғаны інілеріңізбін. Айтайын дегенім: орыс адамдарымен ара қатынасымызды жақсартайық. Әлі күнге дейін біздің кейбір қызу қанды адамдарымыз ескі әдетпен орыстарды жек көреді. Базар болды дегенше, төбелес болды дей беріңіз...

— Немене сонда, Садық енді жаңа заманда да басынды ие бер демексің бе? Арқамды қамшысына баяғыдай қайта тілдір дейтін шығарсың?— деп ентіге сөйледі Аққұл.

— Жоқ, жарқыным, Ленин: "Барлық адамдар тең" деді екен, ендеше орысыңның әкіреңдегендеріне қамшы үйіртіп қоймаймын. Менің сақалымды сыйлай алмағандарды мен де аямаспын. Оған ара тұрма, Садықжан...

— Сен де оңып тұрған жоқсың-ау. Өзің де қазақтың қарт әкіреңбайы сияқтысың ғой,— дей беріп еді әкем.

— Сен Момыш, өз үйінде ақылшы болмай-ақ қой. Әлде менің кеткенімді қалап отырсың ба,— деп дауыстап жіберді Аққұл.

— Ақа, Ақа!— деді Садық жалбарынып.— Егер мені сыйласаңыз, отырыңыз. Келелі жайды сөз еткен екенбіз, ашуланбай, қызбаланбай әңгімелесейік те.

— Аққұл кешіре гөр, мен ретсіз сөз айтқан екем. Қой енді. Садықты тыңдайық,— деді әкем.

— Солай жөніңе көш,— деп торсылдады Аққұл,— әйтпесе бүйірден сүзбелеп біттің ғой.

— Біздер қарапайым орыс адамдарымен қатынасымызды қалайша бауырларша жақсарта аламыз? Тимофей Водопьянов сіздің досыңыз деді ғой, Ақа? Сол рас па?

— Тимошка ма?.. Ол — әділ, жақсы адам. Ал, керісінше, оның туысы жирен Иван — жаман адам.

— Ал біз Кузьма Гончаровпен бірге жер жыртып, бірге

шөп шабамыз, бір-бірімізді қонаққа шақырып тұрамыз,— деп қалды әкем,— менің інім Гончаровтардан көп шаруаның мәнжайын үйренді...

— Жагор (Егор) маған қиын-қыстау кезеңде көмектесті,— деді Тоқмырза...

— Ал менің Метрейім (Дмитрий) үй салуға көмектесті... Садық күліп қойып, осынау жылы сөздерді жымия тыңдап отыр.

— Тимошка, Кузьма, Жагор, Метрей тағы басқалар өздеріңіз айтқандай, жақсы адамдар екен. Ал Тимошканың туысы ғана жаман адам болып шықты ғой солардан,— деп күлді Садық. Сөйтті де Аққұлға бұрылып сауал берді.— Ал сонда орыстарда қанша жақсы адам бар екен, қаншауы жаман болғаны?

— Жақсыларының көп болғаны ғой. Сол жирен Иванды қойшы!— деп бұрқ етті Аққұл.

— Ал өзіміздің қазақтардың арасында сол жирен Ивандай желіккендер қанша екенін білесіздер ме?

— Несін айтасың оның,— деп сөзге араласты Тоқмырза,— бізде де есерсоқтар жетеді ғой.

— Ақылға салып көріңдерші,— деді Садық — толғанып, кеңесіп өздеріңіз ара қатынасты қалай жақсарту керек екенін айтыңыздаршы. Рас, анау айтқан шиеленіскен жағдай болмағанымен, кейбір адамдар келісті тірлігімізді бұзып жүр ғой...

Сіздермен ақылдасайын деген тағы бір жай — жер мәселесі еді. Бізде жер көп, бірақ соны пайдалануда береке жоқ. Ленин — кім жақсы пайдалана білсе, жер сонікі дейді. Ал біз ше? Біреудің жері шамадан тыс көп, енді біреуде түк те жоқ. Осы да әділдік пе? Міне осы жайлы сіздерден салауатты ақыл күтемін, ақсақалдар. Ойланып-толғанып, кеңесіп-келісіп, екі-үш күннен кейін қауым атынан жауабын берсеңіздер деймін.

— Сенің айтқаның жөн, Садықжан, сенікі жөн,— деп гулесіп кетті жұрт.— Ленин әділ бөлейік десе — бөлу керек. Бізге біраз күн мұрсат бер, кеңесейік те, өз тоқтауымызды айтайық...

Бұдан кейін Садық өзінің түрмеде болғанын, Сібірде айдауда жүргенін, 1916 жылғы қазақ көтерілісі жайлы байыппен айтып берді. Өзінің орыс жолдастары туралы жылы лебіз білдірді.

Мен әкемнің тізесіне жантайып, демімді ішке тартып, үнсіз ұйып тыңдап отырмын. Алайда бала қиялым барлық жайды толық түсінбей, әңгіменің оқиғалы жағына ойыса берді.

Мен Садықты екінші рет 1924 жылы мектепте оқып жүргенде көрдім.

Садықты үйіміздің қарсы алу мен шығарып салу сәті әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Бұл бір ең қызықты сәт еді. Осы кеште ағайым тамаша ұйымдастырушы атанып, содан бастап үй тірлігінің тауқыметі өз қолына көшіп еді.

Жиналыстан кейінгі көкпар сияқты кеш бойы, түнімен сол кездесуде Бірінші Май құрметіне ән айтылып жүріп еді. Содан бастап бұл күн біздің ауылда дәстүрлі мерекеге айналған болатын.

* * *

Көкем қыстаудағы шаруашылығына күнде барушы еді. Әлденені тындырып, түскі асқа келіп қайтатын. Бүгін де түскі тамақтан кейін аз ғана мызғып алмақ болып жатқан. Шаршап келген бе, лезде ұйықтап та кетті.

Маған қораны сыпырып қоюды тапсырып еді. Бар ынтамен жұмысқа кірістім. Әлдебір әнді ыңылдап, көңілді жүрмін. Тіптен айналадағының бәрін ұмытқандай, еш нәрсені де елер емеспін.

Оқыс шыққан айқайдан селт ете қалдым. Қарасам, Аққұл шал келтек ұстаған бір топ адамды ертіп алып, біздің үй жаққа айқайлай адымдап келеді екен.

— Ей, жаман сәуріктей болған қасиетсіз Момынқұл, шық бермен. Ар алдында әділ жазаңды тарттырайын,— деп барынша айқайлады Аққұл.

Түрі бұзылып, жауар бұлттай түнеріп алыпты. Еш нәрседен аянар түрі жоқ. Шүңірек көзі қанталап, өз ашуына өзі буынып тұр.

Мына топтың бір сұмдыққа бел буғанына шошынғаным сонша, киіз үйге сүріне-қабына сүңгіп кеттім. Даусым қалтырап, тізем дірілдеп, әрең сөйледім.

— Ағатай, көкетай! Тұрыңызшы. Аққұл атамдар сені сабауға келіпті!— деймін нені айтып, нені қойғанымды өзім де білмей.

Ұйқысынан әлі толық оянбаған көкем менің дегбірсіз сөзіме түсіне қоймапты. Орнынан ұшып тұрып.

— Не деп оттап тұрсың. Есің дұрыс па өзіңнің,— деп зекіп қалды.

Бұл кезде тыстағылардың даусы да қаты шығып еді. Жабыла даурығып, жамырай сөйлеп жатыр...

— Қалай екен, қалтырадың ба, қоян жүрек сұмырай! Шық бермен деймін, жаның барда шық бермен. Есітіп тұрмысың, ей, сен?!

— Өз шаңырағыңды бүркеніп, бұғып қалмақсың ғой! Ер болсаң, шық бермен! Әкеңнің әруағын сыйлап, үйіңді сабай алмаймын, тысқа шық.

— Ақымақ басыңның мылжа-мылжасын шығарайық. Көрінемісің көзге, өзің?

Босағадан кимелеп, зікірлеп үйге бас сұғу, отау ішінде ойран салу салтымызда жоқ нәрсе ғой. Сондықтан да Аққұл тобы ішке кірмей, жиырма-отыз қадам жерде даурығып тұр. Көкем сыртқа шықса, лезде түтіп жеп, көк ала қойдай етпек.

Оқалақ тиген малдай отауға сүйкеніп, үй ішінде ұрыс салған адамдарды бүкіл жұрт айыптайды. Әруақты қорладың, от басының ырысын шаштың, ошағымызды бұздың, ата-баба ардақтаған төрімізді сыйламадың деп кінәлайды.

"Торғай да бұтаны паналайды, ал сен болсаң үйге тығылған адамның өзін өкшелеп қоймайсың. Көргенсіздің ісі ғой мынауың" дейді ел-жұрт.

— Ер болғаныңды ұрайын! Сужүрек! Қорқақ!— деп жұлқынды жалпақ бет, жайынауыз Жақсыбай. Ол Аққұлдың үлкен баласы еді. Бет әлпеті өзгеріп, түсі бұзылып, онсыз да келісімсіз өңі адам көргісіз болып кетіпті.

Мына сөз өзге түгіл жас болсам да, жанымды жыланша шағып алды. Ішімді у өртегендей күйіп барам. Бойындағы қорқынышты жеңіп, тысқа жүгіріп шықтым. Мынау анталаған ашулы топқа:

— Көкем қорқақ емес! Ол ұйықтап жатқан болатын. Қазір киініп шығады!— дедім кіжіне сөйлеп.

— Әй, қаршадай болған жүгірмек, шіңкілдемей мұрныңның боғын сүртіп ал!— деп баж ете қалды Жақсыбай. Оның үрейлі түрінен шошынып, үйге қайта қойып кеттім.

Көкем сырттағы өзіне айтылған былапыт сөздерге әзер шыдап, асыға киініп жатыр екен.

— Қазір! Қазір! Асықпасаң салпы аузың қанға толар!— деп тістеніп алыпты.— Үй ішінен қолға ілінер нәрсе іздеп еді, көзіне еш нәрсе түспеді. Көп кідіруге шыдамай, құр қол жүгіріп шықты.

— Міне, мен де шықтым! Не боп қалды,— дей бергенше, Аққұл тобы әй-шайға қарамай, сойылды басына жаудырып жіберді. Айқайлап, шулап, бастырмалатып, төпеп жатыр.

Аққұл болса, өз тобына сүйсіне қарап, одырайып бір шетте тұра берді.

Көкем болса, жауып кеткен таяқтан басын қорғап, кез келгенін аяғымен тепкілеп жүр. Менің көмейіме тас тығылғандай ызадан булығып, өзіммен-өзім іштей арпалысып тұрмын. Болысайын десем, мына жұлқынған топтың аяғының астында тапталып қаларым анық. Оның үстіне менде қай шама бар дейсің. Көзім жасқа толып, бақырып жіберуге әзер

шыдап тұрмын. Сарт-сұрт еткен таяқ өз денеме тигендей түршігіп барамын. Сай-сүйегім сырқырайтын сияқты. Жабыла талап жатқан тобырдың әділетсіздігіне күйінемін.

Әйелдер шулап, азан-қазан болды да кетті. Жұлқысып, алысып, ырсылдаған ерлердің қырылдақ үніне, әйелдердің бажылдаған ойбайы қосылып, күңірентіп барады.

Кенет көкем қарсыласып, біреуінің таяғын тартып алды да, қоршаудан сытылып шықты. Сөйтті де кілт бұрылып, Аққұл тобына қырғидай тиді. Көкемнің бойына әлдеқайдан күш құйылғандай құлшынып шыға келді. Әлгілерді бет қаратпай шетінен сұлатып жүр. Олардың қолдарындағы қаруын қағып түсіреді де, өзі шүйлігеді. Қарсы жақтың жігіттері жауырыны қайқаң етіп, шоқиып қала береді. Ең соңында Аққұлдың ұлы Жақсыбай да жалпасынан түсті. Бәрі де топырақ қауып, тырманып жатыр. Жаңа ғана өн бойым дірілдеп, қорыққанымнан не істерімді білмей, алақтап тұр едім, енді мәз-мейрам болып қалдым.

Мына қорлыққа Аққұл шыдай алмады білем. Баласының сұлап жатқаны сүйегіне батты ма, кенет қолындағы таяғын көтеріп, көкеме қарай көрі арыстанша айбат шеге ұмтылды.

Көкем бұл жолы қорғанбады. Қолындағы келтегін лақтырып тастап, екі қолын артына ұстаған күйі ашулы шалдың алдында тұра берді. Қанша қағажу көрсе де, үлкенге қол көтермегеніне менің де ішім бір түрлі жылып сала беріп еді. Бірақ көзі қарауытып кетті ме, әйтеуір Аққұл шал әдепке тосылған жоқ. Қолындағы таяқпен көкемнің қақ маңдайынан періп жіберді.

Жарылған бастан қара қан бұрқ ете қалды. Бетін жауып кетті. Аққұл таяғын тағы сілтей беріп, кілт тоқтай қалып, мұңайып төмен қарады да, еңсесі салға кеткендей бұрылып, соңына қарамастан бүкірейіп, кібіртіктей басып өз аулына тартты.

Жеңілген жігіттер оның соңынан бөкселерін сүйретіп, бастарын салбыратып бара жатты.

Көкем қанын сорғалатқан күйі бықсып жатқан ошақ қасына келді де, текеметтің шетінен кесіп алып, жарылған жерге киіз күйдіріп басты.

Кешке әкем келді. Біз бәріміз түс-түстан дуылдап, жанжал жайын айтып жатырмыз.

Көкем ұрыстың неден шыққанын өзі де білмейтінін әкеме барынша түсіндіріп бақты. Бірақ әкем үнсіз отырып, "Әй, қайдам" дегендей басын шайқай беріп еді...

Қақтығысқа себепкер болған орынсыз күдік екен. Шөп

шабатын көп сайдың біреуінде шөбі белуардан асатын бір сай бар еді. Сол сайдың етегінде шөп жапырылып, тапталып қалған шұңқырға біреудің көзі түседі. Ауылдың бір адамы осы арадан өтіп бара жатып: "Е, мына жерге ғашық біреулер аунап-қунап, мейірлерін қандырған екен ғой" деп, көңіліне күдік секем алады. Кім болды екен, адалды арамдап жүрген қай антұрғандар екен деп әлек болады. Кенет ол жаңа келе жатқанда, осы тұстан менің көкем өткенін, көп ұзамай Жақсыбайдың әйелін алыстан көргенін есіне алады. "Демек солар ғой көзге шөп сап жүрген. Шалғынға аунап, ұрлық сезімдерін осында қосқан екен-ау. Бәсе, жайқалған шалғын бекерге жапырыла ма? Қой, бұл жүгенсіздікті көріп-біліп тұрып, айтпағаным күнә шығар. Мына адал некелерін бұзып, қос қарғыс атқанды дер кезінде жөнге салу керек екен" деп, әлгі кісі жерден жеті қоян тапқандай, Аққұлдың үйіне тура тартады. Ұялмай-қызармай, өз ойын болған істей түгел баяндап береді.

Түңлікті үйге мұнан артық масқара бар ма? Бетке шіркеудің үлкені де, жұртқа күлкінің шегі де, шаңырақ абыройын айрандай төгу де осы емес пе? Өсек ойран салды дегендей, байыбына барып болмай, Аққұл әулетінің аттан салғаны да осыдан екен.

Сол бір қақтығыстан кейін екі қатар қоныстас ауыл қырғи-қабақ болды да қалды. Ағайын болып араласып, алыс-беріс жүріп тұрған қос ауылдың арасына із түспей, құлаққа ұрған танадай тынып еді. Аққұл ауылының ер-азаматы біздің жақта қайтпас есесі кеткендей тістеніп жүр. Жайдары ауылды жабырқау зіл басты. Апта бойы екі ауылдың адамы ала көзбен атысып жүрді.

Күйеуі сілейте соққан сорлы әйел бір сырлас әріптесінің үйіне тығылыпты. Қанына қарайып алған Жақсыбай шаңыраққа кіруден бата алмайды. Сөйтіп әйелі осы үйде паналайды.

Аққұл әкеме адам жіберіпті. Мына қақтығыстың билігін өзі айтып, ұлы мен келінін ажыратып берсін, адал некені былғаған күнәһарларға үкім шығарсын деп, сәлем айтыпты.

Әкем шабарманнан қайта сәлем жолдады. "Біріншіден — інім мен сенің келініңнің арасындағы күнәнің ақиқатына көзім жетпейді. Екіншіден — аппақ сақалыңмен ақ-қараны ажыратпай жатып, зәбірлендім деп жар салған өзіңсің. Сондықтан басқа қалыс рудан би шақырып дауласу — сенің міндетің, Аққұл. Екеуміз де соның алдында жүгінейік. Ол қалыстығын айтар. Мен болсам, жауапкер ретінде алдыңа

бармақпын, сен де жауапкерлігіңді ойланып барарсың" — деп қайтарды әлгі шабарманды.

Екі аптадан соң, ел ағалары жиылып, үкім айтуға билер бас қосты. Әдетте мұндайда екі жаққа да қалыс ағайын ғана үкім айтады. Бір жағына бүйрегі бұрмай, аралық әділдігін солар білдірмек. Билікті Жарымбет ақсақал жүргізеді екен. Ұзын бойлы, ет-жеңді қарт өте жабырқау еді. Іштей езіліп, қатты қиналып отырғаны түрінен білініп-ақ тұр. Жұртқа қабағының астынан түнере, тұнжырай қарайды.

Аққұл тобы оң жаққа жайғасты да, айыптылар тобы саналған біздің жақ сол қанатқа тізе бүкті. Мұндайда айтыс арасында ақ жаулық атаулыдан бір жан қатыстырылмайды. Солардың сыртынан тон пішіп, үкімін айтатын да ерлер. Еркектердің ісіне қол сұқпайтын қатал әдет өз күшінде еді.

— Уә, халайық. Тірі пенде тірлігінде не көрмейді. Ащының да дәмін татып, ауыртпалық та арқалайды. Күнәға белшесінен батып, ары алдында азапқа да түседі. Біреудің обалына да қалып, көз жасына да ұшырайды,— деп бастады сөзін Жарымбет бәсең үнмен.— Жұмыр басты пенденің бәрі күнәһар. Бірақ соны біреу білместікпен істесе, енді біреу албырттықпен алданып қалады. Тек сол күнәңді шын жүрекпен адал мойындап, арыңа жүгінсең ғана, сол күнәнің ауыртпалығын бар болмысыңменен сезіне білсең ғана қаныңа түскен қара күйені кетіре аласың. Жауласқан жұрттың жұлынын босата аласың, ағайынның араздығын жоя аласың. Сендер екеуің де бір атаның ұлысың. Қысыл-таяң кезеңде бір арнаға бірігіп, бір рудың намысын ту ететін туыссыңдар. Бір дәннен көктеп шыққан жеміссіңдер. Біріңнің жаның қиналса, екіншің қанат астына қымтап, қамқор болар ағайын едіңдер,— деп барып тағы тоқтады Жарымбет. Ауыр күрсініп алып, сөзін қайта жалғастырды.— Менің төрімнен көрім жақын кезімде сендер мені ауыр нәрсені шеш деп шақырып отырсыңдар,— деп шал тағы бір күрсінді.— Аталас елдің атына лайықсыз, туысқанның түңлігін қаралайтын көргенсіз тірліктің үкімін айт дейсіңдер. Қиналып отырмын, қынжылып отырмын. Жүздеріңе тік қарай алмай, жүйкем құрып отыр, ағайын. Айтыңдаршы өздерің. Әділін ақтара айтыңдаршы. Қалысын айту маған да оңай соқпай отыр ғой. Алдымен сен сөйлеші, Аққұл,— деп оң қанатқа мойнын бұрды.

Аққұлдың әжімді жүзі жыбырлап, өзі құрысқандай бір уыс болып, бозарып сала берді. Қанын ішіне тартып, қатайып алыпты. Қамшысының сабымен жер тіреп, жүгініп отырып, ашынып сөйлеп кетті:

— Нені айт дейсің, мен бейбаққа, Жареке? Қартайғанда жарық дүниеге тура қарай алмай, бетім күйіп қалған жоқ па? Ақ сақалыма қара күйе жағылды, ақ басыма қара дақ таңылды. Несін айтайын, бетке шіркеу белгілі күнә емес пе, Жареке-ау,— деп Аққұл кенет қалшылдап, қамшысын көтеріп, байбаламға басты. Қалш-қалш етіп, орнында әзер отыр:— Мына жаман сәурік менің шаңырағымның арын былғады, әулетімді күлкі-мазақ қылды ғой.

— Сабыр ет, Аққұл. Егер сен оңды-солға қарамай, аузыңа келген былапытты ақтара беретін болсаң, қамшы көтеріп қайта дүрліксең, әділдік іздеп несін шақырдың. Бізді аулыңнан қуып шық та, бұдан былай да білгеніңді істей бер!— деді Жарымбет сұстанып.

Аққұл абыржып жым болды. Жарымбет оған жаны ашығандай қарап, енді жайлап үн қатты:

— Өзің ойлашы, Аққұл! Өзің де кішіге ақыл айтар, жұртқа елдікті айтар жасқа келдің. Құдайға шүкір, бір елдің ақсақалы аталып, құрмет тілейтін жасқа да жеттің. Тым болмаса, сол сияқты біздің сақалымызды сыйлап, қызбалығынды доғарсаңшы.

Аққұл үн қатпай отырып қалды.

— Сен сөйле, Момыш,— деді Жарымбет әкеме қарап.

— Жареке, бұл жай туралы жарытып сізге еш нәрсе айта алмаймын-ау. Бұл қақтығыстың басы-қасында жоқ едім. Көрмеген адам көңілмен болжағанмен, әділін айта алмай жүрсем, айып емес пе? Інімнің өзі сөйлесін. Өзін-өзі ақтауға, ақиқатын айтуға, әділдікке жүгінуге жарап қалған жоқ па. Өзі баяндасын, Жареке! Мұның өз тізгінін өзіне бердім.

— Ал сөйле, Момынқұл!— деді Жарымбет баяу үнмен, көкеме қарап.

Көкем абыржыған жоқ. Үлкендерге ізет көрсете жүгініп отырып, сөзін бастап кетті:

— Жареке! Өміріңізге құлдық. Мен Аққұл ақсақалмен айтысып, бет жыртысып жатуға ұяламын. Үлкенмен тіресіп, жарыса билік сұрау менің бойыма сыятын биіктік емес. Өйткені, Аққұл ақсақал туысқаным, ұстазым, ақылгөйім, басымды тігуге бармын. Қылша мойнымды қылышыңызға да тосар едім. Ауыртпалығыңызды аянбай көтеріп, азабыңызды мыңқ етпей арқалауға әзірмін, Ақа. Бірақ бетіме ыстық судай шашылған осы бір ұятты жала түсінбестіктен туып отыр. Бұл өсек сөздің бықсыған отына тірідей қақтаумен тең емес пе, ақсақалдар-ау. Байыбына бармай, байбалам салған Ақаңа қатты ренжулімін. Жылан тілді бір өсекшінің

әзәзіл сөзі үшін ағайынның беті күйіп, байғұс келініңіздің жүзі төмен болып отыр. Аппақ арына сасыған қоқсықты аямай төге салмадыңыздар ма? Біз ер әйелді адалдықтың айнасы, тазалықтың тұнығы деп білмеуші ме едік, Сол бейкүнә тазалықты өз қолдарыңызбен былғадыңыздар ғой.

Осы тұста:

— Өшір үнінді, күшік. Қарғыс жаусын саған,— деп ышқына айқайлады Аққұл қарт.

Жарымбет Аққұлды ала көзімен атып жібере жаздады. Шыдамай зекіп жіберді.

— Бәлкім, менің орныма өзің би болып отырарсың, Аққұл?

Аққұл тағы да жым болды. Осы үнсіздікті пайдаланып, көкем қайта сөйлеп кетті.

— Ақа, мен сізді туған ағамнан артық көріп, сүюші едім. Әлі де сол сезімдемін,— деді көкем басын таңған орамалды түзетіп қойып.— Сіз мен туралы не ойласаңыз да, еркіңізде. Алайда әзәзіл біреулер сізді ақ жолдан тайдырып отырғанын түсінсеңіз деп тілеймін. Ант етейін, алдыңызда арым таза. Мен сізге қол көтергем жоқ. Сіз таяқтады деп тағы да өкпелемеймін... Бас жарылса, бөрік ішінде демей ме, үлкен ұрса, іні шыдар. Ал қалған топтан тек қана қорғануға тура келді. Қарап тұрып өлем бе, жабылып сабағанына шыдай алмадым.

— Мен саған мына шіріктерді шетінен ұрып құлатты деп кінәламаймын,— деп Аққұл өз тобына жиіркене бір көз тастады.— Өңшең мұндай шіріктерді сен ұрмасаң, басқалар ұрып жығар еді. Шірік, шірік,— деп сұқ қолымен өз тобын сұғанақтады.

Көкем мұнан соң Жарымбеттің сұрағына жауап беріп, қақтығыстың қалай болғанын айтты.

Жарымбет көкемді зейін қойып тыңдап алды да, қырау шалған қабағын тұнжыратып, қасын қинала керді. Сонан соң Аққұлға ала көзімен қарады.

— Жайбарақат жатқан адамға жабылғаның қалай, Аққұл? Он адамға келтек беріп, бір адамға айдап салып, қарап тұрғаның қалай? Саған тағылар бірінші айып осы болмақ. Жасыңды сыйлап, басыңды сыйлап, сақалды сыйлап, қол көтермеген адамға таяқ жұмсағаның қай сасқаның, Аққұл? Үлкендігің, осы ма? Саған тағылар екінші айып осы!

Аққұлдың басы салбырап, жер шұқылап отыра берді.

Кенет шеткі отаудан әсем киінген сымбатты келіншек көрінді. Ол батыл басып, әйел бас сұқпайтын мынау даулы

ортаға қарай келе жатыр. Жұрттың бәрі аң-таң. Аққұл өз келінін көріп, шоршып түсті. Екі қолын ербеңдетіп, сасқалақтап, жалбарынған үнмен:

— Қайт, балам! Қайт, балам! Қайта ғой, шырағым, қайта ғой,— деп қалбалақтады да қалды.

Иә, оның үнінде бұйрықтан гөрі жалыныш, зекуден гөрі жалбарыну басым еді. Бірақ әйел жалынышын есітпегендей, топқа қарай қадамын соза басып келеді.

Әйел жақын келді де, үлкендерге иіліп сәлем берді. Әкесінің қасында бүрісіп отырған күйеуіне жек көре бір қарады. Қанын ішіне тартып, бозарып кетіпті. Жанары ызалы ұшқын атып, жас тығылып тұрғандай.

— Көргенсіз деп жүрмеңіз, айналайын атажан. Үстімізге баса-көктеп келді деп, көңіліңізге ауыр алмағайсыз, жарықтық!— деді ол Жарымбетке бұрылып. Үні мен қимылының батылдығы сонша, тіптен отырғандардың біреуі де "тәйт әрі" дей алмады.

— Мен де біреудің перзенті едім. Жат-жұрттық болып жаралды демесеңіз, мен де ата-анамның аялап өсірген баласы едім. Қыз болып туғаныма қорланбап едім, мына қорлық сайсүйегімді сырқыратты ғой. Сіздер де ұл-қыздың атасысыз ғой, жарықтық. Сіз үшін ұл мен қызыңыздың арасында алақұласы бар ма? Екеуінің де бақытын тілеп, әлдилеген әкенің бірі сіз емес пе едіңіз. Перзенттің бәрін бірдей көру, бәрін бірдей аялау ата-ананың парызы емес пе еді. Мені де әкешешем маңдайымнан шертпей, ұлдан кем көрмей өсірді.

"Босағамды оңғара гөр" — деп, ақ тілеумен алдарыңызға алғаш келгенде алалау көрем деп ойлаппын ба? Өзге табалдырықты аттап, өзге отаудан, өзге елден бақыт іздеп келін болып келгенде қағажу көрем, қақпай көрем деп өңімде ойлап, түсімде көрем деппін бе? Келіннің қуанышы, өзге қуаныштан кем бе еді, ата! Мен де сіздің балаңыз емес пе едім,— деп Аққұлға қарады.— Мен де осы босағаны сондай ізгі үмітпен аттап едім. Амалым қанша, алдаған екен үмітім.

Жарықтық, алдыңызға мен де бір балаңызбын деп келіп тұрмын. Амалсыздан әдепсіз көрінгендей жайым бар. Айыпқа бұйыра көрмеңіз. Келмей тұра алмадым. Кеудемді бір жалын кеулеп, запыран құсқандаймын қазір. Тыңдай көріңіз мені. Рас, мен жалғызбын, қорғансыз әйелмін. Маған ара тұрар адам жоқ. Жаман еркектің әлі жақсы әйелге жетеді дегендей, тап қазір қай еркек болса да сабап, тіптен өлтірем десе де шамасы келеді. Табанда осы жерден қуып шығамын десеңіздер де еріктеріңізде. Алайда мені тыңдауға аз ғана

көңіл бөліп, жайымды ұғуға дәтіңіз шыдай ма, жарықтық. Тыңдайды деп келіп тұрмын!

Бұл сөздің бәрін келіншек бойындағы діріліп, кеудесіндегі ызасы мен толқуын жеңіп тұрып, қолмен қойғандай, шегемен қаққандай айқын баяндады. Адал адам ғана осылай батыл сөйлей алады деп ойладым мен ішімнен. Өйткені оның сөзі жан сезімнің нұрын шашып, жалаға қарсы жалындап тұр еді. Әйелдің бүкіл бітімі, жан дүниесі, тіптен киімінің әр түймесіне дейін әділетсіздікке деген айбатын айқын танытатын сияқты. Қаны қашып, сұрланған жүзі қуқылданып көрінсе де, батыл шешімнің, ұстамдылықтың, өжеттіктің нышанын әйгілей түседі.

Жарымбет ақсақал да, өзге жұрт та келіншектің батылдығына қайран қалып, ұйып отыр. Қарт келіншектің бетіне тура қарап еді, одан сезіктенуді әлде имену нышанын аңғара алмады.

— Айта ғой, балам, айта ғой,— деді Жарымбет абыржып. Сөйтіп екі қолымен сақалын кезек-кезек сипай берді.

— Мен алдарыңызға келгенде,— деді Зәуре өзін-өзі әдепті ұстап,— сіздермен айтысайын, тартысайын, соттасайын деп келгем жоқ. Ондай күн туса, ол үшін жаңа заманның соты, Советтің әділ заңы бар. Алдымен соған жүгінем. Ол соттың алдына ерлермен бірдей өз сөзімді өзім айта алам. Маған арашалаудың керегі жоқ. Бірақ айтайын дегенім ол емес еді. Мен сіздердің алдарыңызда, мына күйеуіме өз шешімімді естірте кетейін деп келіп тұрмын. Өйткені, осының байбаламымен жұрттың бәріне күлкі болдық. Сөйтіп, тектен-тек мазақ болып, жұрт көзіне түрткі болып тұрмын. Таза жүрегім өсектің қозына көмілгендей, өне бойым ұяттан өртеніп барады. Енді бұл күйікке шыдай алмаспын. Жаңа өкімет еркіндікке, теңдікке ерік беріпті. Сол теңдігімді енді пайдаланам. Масқара болып жүре алмаймын. Сондықтан, бұл үйден біржола кетуге бел байладым. Қара ниеттің қасында қалуға енді менде шама жоқ.

Мына сөзді естігенде, отырғандар ауыр күрсініп алды.

— Келгелі өзіңізден кейіс естіп көрген жоқ едім. Қабақ шытып, көңіліме тиген жоқсыз. Мұныңызға мың да бір рақмет, ата. Алдыңыздан өтіп, қоштаса кетейін деп келдім,— деді Зәуре енді Аққұлға бұрылып.

— Не дейсің, балам, не дейсің!— деп кемсеңдей берді Аққұл. Бірақ, Зәуре бұл сөзді естімегендей, Жарымбет жаққа бұрылып:

— Жарықтық, мені төркініме жеткізіп сал деп, бір жігітке

тапсыруға жарайсыз ба? Сізге айтар тілегім осы еді,— деп Зәуре енді күйеуіне тесіле қарады да.— Ал, сенің босағаңнан тірі жүріп аттамаспын,— деді.

Ақсақалдардың алдында тағы да кешірім сұрап, келіншек бұрылып жүре берді. Жұрттың бәрі томсырайып, төмен қарап отырып қалды. Қолайсыз тыныштықты ешкім бұза алмады. Жарымбет ақсақал абыржып, алақанын уқалай берді. Ақыры қатты күрсініп:

— Байғұс бала-ай, әбден қорланған екен-ау! Төрімнен көрім жақын кезінде оған мен тоқта деп айта алмаймын. Төркініне апарып салыңдар. Біраз ата-анасының алдында жүріп ашуын басар, ойланар!.. Менің айтарым осы, көпшілік,— деп қарт орнынан тұрып, атына қарай жүріп кетті.

Қайтарда Зәуре жайлы әркім әрқалай толғанып келе жатты. Алайда бәрі де бейшара әйелге керемет қиянат жасалғанын іштей мойындап еді...

Кенет арт жақтан әжемнің даусы естілгендей болды: "Есуас болсаң да, бүгін өзіңді ақылды ұстадың" деді әлгі дауыс.

Мен бұрылып қарасам, сөйлеп келе жатқан әжем емес, әкем екен. Әкемнің үні мен даусы әжеме ұқсас еді. Қатарласып келе жатқан інісіне айтқан екен әлгі сөзді.

* * *

Ақ жауын нәсерлетіп төгіп тұр. Әулиеата көшелері лай судан көлкіп, батпағы молайып, миы шығыпты. Қалың жаңбырдан ықтап, елдің бәрі біреулері ағаш түбін, біреулері сарай, үйдің ығын паналап тұрған кезі. Осынау жауын ғана билеген тым-тырыс көшеде батпақ кешіп, ат сабылтып жападан-жалғыз біреу келеді. Басындағы қара бөркінен, үстіндегі сүр шекпенінен су сорғалап, ат жонынан аунап түсіп жатыр. Оны байқап келе жатқан ол жоқ. Табиғаттың осы бір бейжай сәтімен тақасқандай, еш нәрсені де елемей, ат үстінде жайбарақат келе жатқан сияқты. Қашаннан қамшы салдырмай үйренген "Көкшолақ" мінерінің, сырлас саяпкерінің осы сәттегі мұнды күйін сезгендей, ұзын мойнын ілгері созып, жалынан аққан жаңбыр суын жан-жағынан бүркіп, аяғын көсіле тастап келеді.

Атты кісі ешқайда бұрылған жоқ. Қала орталығындағы уездік комитеттің үйіне келіп, аттан түсіп, шылбырынан бір ағашқа байлады. Құлақшынын қолына алып, бір сілкіп тастады да, әлгі кісі ішке батыл еніп кетті. Ол бірден уездік комитет секретарының есігін ашып еді.

— Ау, Ақаңбысыз, ассалаумалейкүм, Ақа! Ақ жауынның астында сізді не айдап келді?

— Арым айдап келді, Садықжан.

— Онда жоғары шығыңыз, ағатай. Ал тыңдадым сізді, Ақа.

— Құдай да менімен бірге жылап тұр ғой, шырағым. Жылаған жан жылы орын іздемейді екен. Жауыннан жасқанатын қандай халім бар еді менің,— деп Аққұл даусы дірілдеп, дегбірсіз үн қата берді.

— О не дегеніңіз, Ақа. Не боп қалды?— деп Садық қарттың малмандай су болған шекпенін өзі шешіндіріп шегеге іліп қойды.

Аққұл үн қатқан жоқ, кірпік-қасына тұрған жаңбыр суы қыстың қырауындай жалт-жұлт етеді. Ол қаз тізілген орындықтың біреуіне сылқ етіп отыра кетті.

— Естімеп пе едің халімді, Садықжан,— деді Аққұл аз үнсіздіктен соң тұнжырай тіл қатып. — Осынша жасқа келгенде шерменде болып, алдыңа арыз айта келіп отырмын. Келінім кетті, үйім берекесіз болып қалды. Бір әзәзілдің өсегіне еріп, өз қуанышыма балта шауыппын мен бейбақ. Кінәсіз, күнәсіз келінімді халық алдында қаралап, қас масқара болыппын. Көргеңді жердің көркем қызы еді. Өсек сөз жарқынымның өзегін өртеп жіберіпті ғой. Шыдай алмады. Отауыма өсек сөз ойран салыпты. Бізді тастап, төркініне кетіп қалды. Мен жерге отырып қалдым.

Бір ақымақтың бүлдіргенін жүз ақылды түзете алмайды демеуші ме еді. Менің жайымды Жарымбет те, Момыш та түсінбеді ғой. Айтқанымды өткізе алмадым оларға да.

Ел-жұртқа беделің бар, жасың кіші болса да, талай жұртқа ақыл айтар азамат едің, шырағым Садықжан. Сенен көмек сұрай келіп отырмын. Құдаларыммен сөйлесіп, келінімді ошағымның басына қайта қайтаруға септігің тиер ме деп келіп отырмын. Келінімнің береке екенін де, мереке екенін де енді түсінбедім бе мен бейбақ. Амалым таусылып, ақылым алжып, алдыңа келген жайым бар, жарқыным. Қайғыма ортақ болғын, қарағым!

Аққұл бұдан ары сөйлей алмады. Иегі кемсеңдеп, көзінен жас парлап бара жатты. Садық осынау ел алдында өзін еркін ұстайтын, ауылының алға тұтар ақсақалы болған маңғаз Аққұлдың еңсесі түсіп, езілгенін тұңғыш рет көріп отыр. Көрі көзден шыққан жас бетінен сорғалай ағып, ақ мұрты салалы сақалынан мөлдірлей тамшылап аққанда Садық ішінен жылап жібере жаздады. Бірақ та ұстамдылық өз орнын

алды. Жүрегіндегі ақиқат лебізін, шындық сөзін айтпай отыра алмады.

— Солай ма еді, Ақа-ау! Қиын болған екен ғой. Мына жай менің де қабырғамды қайыстырып отыр, Ақа... Әйтсе де, Ақа, менің билігім Зәуреге жүрмейді. Оған сіз дұрыс түсініңіз.

Мен сіздің жүрегіңіздің шын сөзін айтып отырғаныңызды білем. Орны толмас опынуға да түскеніңізге де түсінем. Әйтсе де, құдаларыңызға бара алмаймын. Зәурешті сіздің қолыңызға қайтар дей алмаймын. Әділдік дегеннің, әділ заң дегеннің мәні де осында ғой, Ақа. Оған менің бұйрығым жүрмейді. Зәуре арқа сүйеген, Зәуре медеу тұтып, батыл шешімге келген әділдік аты сіздің айтқаныңызды қабылдай алмайды. Осыны дұрыс түсініңіз, Ақа.

Екеуі томсырайып үн қатпай, бір-бірін сынағандай, орындарынан қозғалмай отырды. Тек сырттағы жауынның тырс-тырс тиген тамшылары ғана "ей, бейшаралар" дегендей естіліп тұрды. Әлден соң Аққұл орнынан тұрып:

— Айтқан ақылыңа рақмет, қарағым Садықжан. Ақымақ бақыттың басына қонғанын білместен, ұшқанын бір-ақ сезеді деген осы екен ғой,— деп күрсінді.

— Рақмет, Ақа, түсінгеніңізге! Бұл сөзді сізден басқа болса айтпас еді, сізден басқа болса, бұлайша өкінбес те еді. Ағат жібергеніңізді аңғарып, қартайғанда ауыр кінәнің азабын бір басыңызға арқалап, ақиқатқа, әділдікке жүгінгеніңізге рақмет,— деп Садық Аққұлды киіндіріп, кебісін қойып, қолтықтап сыртқа шығарып аттандырды.

* * *

Зәуренің ісі жылға созылды. Құдасының ауылына Аққұлдар талай, талай ат салыпты, кешірім сұрап келінін қайтаруды өтінді. Бірақ Зәуре айтқанынан қайтпады. Ақыры өз қалауымен қалыңсыз-ақ ерге шығып кетті. Аққұл болса өмірінің соңғы шағына дейін Зәурені ойлап, бармағын тістеумен өтіп еді.

Бұл біздің аймақтағы жаңа заманның, жаңа өмірдің жақсылығын көрген алғашқы әйел болатын...

* * *

Ауылдың айналасындағы сай-сала шұрайлы шөпке тұнып тұратын. Ел әр сайды иемденіп, шөбін шауып алады. Шөп піскенше төңірек самал желге толқып, теңіз бетіндей тербеліп жатушы еді. Пішен шабыс келгенде сол толқынның әр шетінен орақ тиіп, жал-жал шөп қалып жататын.

Гончаровтардың үй іші шабындық кезінде де бізбен бірге болады. Уәделі күні арба жегіп, ат жетелеп, шалғысын қайрап келіп тұрғаны.

Жаз бойы қырқа қуып, шөп шауып жүргенде, бозғылт денелері күн көзіне қақтанып күреңітіп болады. Сол сәтте бәрі ажарланып кеткендей көрінетін. Гончаровтардың шалдан өзгесі түгелдей жалаң аяқ, жалаң бас жүретін. Тек шал ғана жамаулы етігін тастамайтын. Ыстық күнде аяғын желдетпеген соң, шуаш иісі бұрқырап жүруші еді.

Гончаровтар шетінен бөз көйлек киетін. Желпінуге ыңғайланғаны ма, әйтеуір кең етек далбағай көйлекке құмарақ.

Олар арба-аяғын салдыратып асығыс келеді де, жау қуғандай құйындатып шабындыққа асығады. Шай қойып, дастарқан жаюға да мұрша бермейтін.

— Жұмыс қалып барады, Момыш. Жайбарақат жататын кез емес қой. Бесбармақты кейін жейміз,— дейтін Кузьма шал.

Әкем мен көкем ат ерттеп асыға бастайды. Мен Гончаровтардың үлкен арбасына жайғасамын.

Мұндай көлікке бұрын-соңды мінгенім осы еді. Біртүрлі қорқып отырдым. Арба орнынан қозғалғанда, мен шабағынан ұстай алдым. Жүрген сайын секіректей береді екен. Гончаровтар маған күліп жатыр.

Василийдің мақтанғысы келді ме, әлде мені батылдандыра ма, әйтеуір ешбір сескенусіз-ақ арба үстінде ары-бері жүгіріп қояды.

Алайда қалжыңбас Тишко аттарға қамшы басып, желдіре жөнеліп еді, мен жақтаудан айырылмастай жабыстым.

— Тишко мұның не?— деп айқайлайды Манька,— жаймен айдасаңшы. Әйтпесе мына қара қазақтың көзі тас төбесінен шығатын түрі бар.

Тишко маған бұрылып қарады да, қарқылдай күліп, тізгінді тартты. Ат аз ғана кідіргенде, арбадан секіріп түсіп, қаша жөнелдім. Василий қуып жетіп, арбаға қайта мінгізбек еді. Мен тырысып болмадым.

— Соны қойшы, Василь!— деп айқайлады Манька.— Өз обалы өзіне. Жаяу жүре берсін, сайтан.

Василий мені көндіре алмағанына ызаланса керек, жағымнан салып қалды да, арбаға қарай жүгірді. Мен қуып жетіп, бөз көйлегіне жармастым. Екеуміз де қайтпай төбелестік. Тишко жүгіріп келіп ажыратып жіберді.

Ашуым тарқар емес. Жерден тас алып арба соңынан атқылап келем. Бір тас Маньканың жауырынына тиіп еді,

Манька баж ете қалды. "Ой, тентек қазақ! Шайтан! Албасты!" деп кіжініп тұр. Мен әлгі сөздерді қағып алып, өзіне қайтарып айттым. Шамасы орысша сөздерім мандымаса керек. Гончаровтар іштерін басып, күлкіге кенелді де қалды... Бұл ашық күлкі біздің татуласқанымыздың алды екен. Тишко Василий екеуміздің арқамыздан итермелеп, бір-бірімізге жақындатты да, қолымызды алдырды. Сонан соң мені өзінің қатарына отырғызды.

Біздің шабындығымыз жазықтау алқап еді. Гончаровтар мұнда келісімен аттарын тұсады да, бірден жұмысқа кірісіп кетті.

Шалғылар шыңдалып, жүзіне қайрақ жүрді. Сонан соң Кузьма шал бір шалғыны алды да, жайқалып тұрған нуға сүңгітіп жіберді. Сол-ақ екен, әлгінде ғана жайқалып тұрған шалғын жапырылып түсе бастады. Шалғы сүңгіген сайын бірқалыпты сусылдақ сыбыс естілді де отырды.

Біраз жерге дейін шалғы сілтеген Кузьма ентігіп барып тоқтады, үлкен ұлына дауыстады.

— Сашко! Сен немене, орақты дұрыс саптамағансың ба? Белдемесін де дұрыс орнатпапсың. Сілтеген сайын зіл тартып омыртқанды үзе жаздайды.

Сашкосы қолына балғасын ұстап жүгіріп келді.

— Қазір, әке! Бәрін де орнына келтіреміз.

Ұстараның жүзіндей қылпытып берем. Майға салған пышақтай сусып жүре беретін болады,— деп баласы жүре сөйлеп шалғыны жөндей бастады.

— Сөйт шырағым, сөйт,— деді әкесі мейірлене сөйлеп. Сашко балғасын еппен жұмсап, шалғының мойнын біраз тықылдатты. Сонан соң сабын жөндеді.

— Белдемесін жоғарырақ жылжыт, балам.

— Өзім де сөйтіп жатырмын, әке— деді Сашко қайысты тартып тұрып.

Шалғыны жөндеп болып, ол ары-бері сілтелеп сынап көрді де, әкесіне әкеп берді.

— Енді қатып кетті, әке! Өзіңіз байқаңызшы. Шал шалғыны қолына алып, сынады да, ұлына ризашылық білдірді.

— Дұрыс бопты, шырағым.

Шал өзінің бастап қойған жеріне барды да, бал тарта берді. Енді оның тек екі қолы қимылдап тұрғандай сезілді. Орылған жердің қыртысына дейін көрініп, шалдың соңында түп-түзу ұзын жол қала берді.

Әлден соң шал соңына көз тастады да, дауыстап әмір берді.

— Ал, балалар, орақты бастаңдар!

Сол-ақ екен Сашко, Мефодий, Тишко тізбектесе тұра қалды. Алдымен Сашкосы, сонан соң он қадымнан кейін Мефодий, оған ілесе Тишко түсті. Бұлардың соңынан ала көкем шалғынға шалғы сүңгітті. Енді бір қарасам қатар тізілген бес жолақ ну көпке жарыса сүңгіп барады екен.

Шал төрт жігіттің алдын тосып, ақыл айтады.

— Сашко, сен асықпа.

— Мефодий-ау, мұның не? Тас лақтырғандай құлаштайсың ғой.

— Тегістеу ал, Тишко-жан.

— Момынқұл, сен жауырыныңа жүк артқандай құнжиып алыпсың. Бойыңды тіктеу ұстасаң, өзіңе жеңіл тиеді ғой.

Алдыңғы төртеу бір қалыпқа түскендей бірінен-бірі қалысар емес. Сайма-сай қимылдап, сап түзеп барады. Көкем қатар бұзбайын деп қанша тырысса да болмады.

Шал "таусоғар" көкемнің қолапайсыз қимылына шыдай алмай, қасына келді. Көкемнің шалғысын алып, өзі шауып көрсетті.

— Міне, осылай шапсаңшы, Момынқұл. Күшіңді босқа тауысасың ғой.

Тишко бұл сөзді көкеме аударып түсіндірді.

Бұдан кейін Гончаровтар қайтадан сап түзеп, бірқалыппен алға жылжи берді. Көкем қалыспай-ақ келеді. Бірақ терлеп пора-порасы шығыпты. Шаршағаны сонша, тіптен сілтеген шалғысы аспанда қаңғалақтап барып, тұмсығымен жер сүзеді.

Төртінші қатарға түскенде, көкемнің шалғысы жерге қадалды да, сабы морт сынды: Көкемнің өзі орақтың жүзіне құлай жаздап, жер тіреп тұрды. Дүлей күшке шыдасын ба, шалғы қақ бөлінді.

Кузьма шалдың шыдамы таусылған екен. Көкемді түтіп жіберердей төніп келіп, айғайға басты. Ел ішінде жүріп үйренген жалғыз сөзін қайталап "ахмақ" дей береді. Сонан соң, қолын оңды-солды сермеп, ұлдарына әлденені орысшалап нұқи бастады.

"Әйгілі тілмаш" Тишко әкесінің бастырмалата сөйлеген сөзін аударып үлгере алмады. Мен өзіме таныс "Сайтан! Албасты!" деген сөздерді айнытпай ұғып тұрмын. Көкем ұялғаннан басын төмен салып, бірдеме деп қазақша міңгірлеп еді, оны өзінен басқа ешкім де естіген жоқ.

— Әкем айтады,— деді әлден соң Тишко, шал аздап басылғанда, — Момынқұл сенікі үлкен ақымақ, башқа аз-маз істейді. Сенікі орақ емес, арбаны да сындырады.

Кузьма шалдың осынша күшке таңырқағанын сезген

көкем көтеріліп қалды. Күліп жіберді де, кешірім сұрады. Ертең базардан бірнеше шалғы сатып әкелмек болды. Ал Кузьма көбірек ескертпе жасаса, тезірек үйреніп кететінін айтты.

Мұны естіген Кузьма да жұмсарып, көкеме өз шалғысын ұсынды. Өзі қатарынан қалмай, көкемнің қимылын бақылап, үйретумен болды.

Әкем арбаның көлеңкесінде отырып алып, шалғыларды шыңдайды. Біз Василий екеуміз әлгінде ғана жол үстінде шекіскенімізді ұмытып, көбелек қуып мәз болып жүрміз.

Біздің міндетіміз тұсаулы аттарды бақылау. Аздан соң Василий екеуміз әңгімеге көштік. Ол шіркеудің қоңыраулары қалай соғылатынын айтып берді. Тап осы сәтте алыстағы орыс поселкасынан шіркеу қоңырауының даусы талып естіліп еді. Василий әр қоңыраудың дауысын танып, үніне қосылғандай басын изеп құптайды. Алғашында күңгірлеген жуан дауыс естіліп еді, бірте-бірте жіңішке үн молая бастады.

— Тыңдашы, тыңдашы,— дейді Василий ентелей құлақ түріп.— Мына дауыс ең кішкене қоңыраудікі. Екеуміз де кішкене қоңыраудың үнін ұнаттық. Мен Василийден:

— Ауылдарыңа барып, шіркеулеріңнен қоңырауды көруге бола ма,— деп сұрап едім, ол жолатпады.

— Жоқ, саған болмайды. Әулие атамыз мұсылмандарды шіркеуге жібермейді.

Менің лепірген көңілім басылып, кәдімгідей мұңайдым. Өйткені, шынымен-ақ орыс шіркеуін, әсіресе үнді қоңыраулардың көргім келіп еді...

Василий екеуміз қазақша жақсы түсіністік. Бірақ ол ағасы Тишкодан азырақ біледі екен. Гончаровтардың өзге адамдары, ауылдағылар айтқандай, қазақшаға келгенде "таза мылқау" еді. Өйткені олар бізбен Василий және Тишко арқылы немесе ымдап қимылмен түсінісетін.

Василий екеуміз шалғынға бауырымызды төсеп жатырмыз. Әрі бітік, әрі биік шөп бізді бүркемелеп, күн көзінен қорғағысы келгендей, қайта-қайта жапырыла тербеледі.

Көліктер ұзаққа сілтемей, маңайлап жайылып жүр. Біздің кісілер әлі шөп шабуда. Оқта-текте қайраққа жанығаң қысқа дыбыс естіледі.

Василий екеуміз қатар жатып, дүниедегі бар білгенімізді айтып тауыса алар емеспіз.

Кенет ол әлдене ойына түскендей, оқыс аунап түсті де, жан қалтасын қармана берді.

— Мә!— деп бір уыс қуырылған пістені алақаныма үйе салды.

Өзі де пістені лыпылдата шағып, қауызын түкіріп тастайды.

Мен бұрын пістені аузыма алған емес едім. Досым берген пістені аузыма құя салдым да, шайнай бердім. Әбден аузым көпіріп кеткен соң, түкіріп жіберіп едім, Василий орнынан атып тұрды. Маған аңтарылып қарап қапты. Сонан соң, іщексілесе қатып күле берді. Арасында әлденені орысшалап та, қазақшалап та айтқан болады. Бірақ құр міңгір мен күлкіден басқа еш нәрсе аңғара алмадым. Осылайша ол қарқылдап ұзақ күлді. Көзінен жас парлап кетті. Әлден соң барып күлкісін тыйды да, пістені біртіндеп таңдайына салып, қалай шағуды үйрете бастады. Қауыз бен дәнді араластыра жұтып жатып, Василий берген пістені тауыстым-ау. Ол тағы бір уыс пістені ұсынып еді, азар да безер болып алмадым. Өйткені тілімнің ұшы ойылып, зар қақсап тұр еді.

— Василь! Василь! Қайдасың?

Кузьма шалдың оқыс даусынан екеуміз де ұшып тұрдық.

— А-а-у! Мен мұндамын.

Шал ұлына дүрсе қоя берді. Сөйтсек, көліктер көк шөпке тойып алып, енді шабыңдықты жапырып аунай бастаған екен.

Екеуміз ұшқан құстай жүгіре жөнелдік. Шал артымыздан жұдырығын түйіп, ашуын тарқата алмай қала берді.

Шабындықтың тең жарымы орылып болған екен. Айнала жал-жал болып, сұлап жатқан шалғын. Тоқтап қалған толқынға ұқсайды.

Арба маңында әйелдер түстік әзірлеп жүр. Көлеңкеде әкем әлі орақ шыңдап отыр. Кузьма шал қайтып барып, орақшыларды іске жұмылдырып кетті. Түске қарай көкем әбден жаттығып, Гончаровтармен теңеліп алған еді.

— Қарашы,— деді Василий жеңімнен тартып,— Момынқұл жақсы шабатын болыпты.

Шынында да көкем енді ғана көсіле бастаған жүйріктей үдеп келеді екен. Әлгінде ғана Кузьма шалдың оны "ақымақ!" дегені есіме түсіп, күліп жібердім.

— Ха, менің әкемнің жұрттың бәрін "ақымақ" деп сөйлейтін әдеті,— деді Василий қолын сілтеп.

— Сені ұра ма?— деп сұрадым одан жаңа ғана әкесінің жұдырық түйгенін еске алып.— Аямай ұратын шығар.

— Ұрады!— деді ол миығынан күліп, менсінбей.— Ұрады. Бірақ мен зытып берем де, қашан ашуы басылғанша көзіне көрінбеймін. Содан ол ұмытып кетеді.

— Онда сен қазір жақындама. Әйтпесе соғып жүрер.

— Жоқ,— деді Василий сенімді дауыспен.— Әкем біздің аттардан көз жазып қалғанымызды әлдеқашан ұмытқан. Ал сенің әкең ұра ма?— деп сұрады ол енді менен.

— Менің әкем балаға қол көтеріп көрген емес,— дедім мен мақтанышпен.

— Әкеңнен көбірек қорқасың ба, жоқ әлде көкеңнен бе?

Мен көкемнен көбірек қорқатынымды мойындадым.

— Ал мен ағаларымнан тырнақтай да қорықпайым,— деді Василий,— егер олар тие қойса, әкем маған болысады.

Күн тас төбеге көтеріліп, айналаны қуырып барады. Тіптен шегірткенің өзі көлеңкеге тығылып қалғандай...

Кузьма шал тынығуға мұрсат берді. Орақшылар аяғын әзер сүйретіп, терге малшынып, көлеңкеге беттеп келе жатты.

Біз Гончаровтардың тамағына ортақтаспай үйге қайттық...

Гончаровтар содан шөп жинауға бір апта өткен соң оралды.

Қазақтар әдетте шөпті шөмелелеп үймей, маялап жимай, баулап болып, үй төбесіне жинастыратын. Шөптің көлемін баумен өлшейтін. "Мына үймеде мың бау шөп бар" деп есептеуші еді. Малға берілетін азықтың мөлшері де баумен өлшенетін. Көктем шығып, көкке аузы тигенше, малға қанша шөп кететінін де баумен есептейді.

...Шөп кеуіп, сарғая бастаған екен. Гончаровтар арба жегіп, пішенді арта кетуге келіпті.

— Ал, Момыш! Шөпті маялаймыз ба?— деп сұрады Кузьма.

Әкем келіскендей бас шұлғып еді, көкем қырын кетті.

— Мен өзімізше баулап жинаймын, ал сендер шөмеле сала беріңдер,— деді ол.

Тишко көкемнің сөзін әкесіне аударып еді, ол тулап ала жөнелді.

— Бұл не дегені. Тірлікке Момыш қожа ма, әлде Момынқұлы ма?— деп әкеме қарады.

Әкем Тишко арқылы Кузьмаға көкемнің үй шаруасына ие екенін түсіндірді. Сондықтан көкеме ерік беретінін айтты.

Бұл сөз Гончаровтарға ұнамаса керек. Біразға дейін өзді-өзі күңкілдесіп сөйлесіп алды. Бұл кеңеске бізден ешкім араласқан жоқ. Шал ұлдарына айғайлап, қолын онды-солды сермеп, әлек болып тұр. Өзгелері көндіргісі келіп басу айтады.

Ақыры бәрі бір тоқтамға келгендей болды. Сонда барып Тишко аудара бастады.

— Әкем біздің бау баулап жүретін уақытымыз жоқ дейді. Оның үстіне бау әр түрлі буылмай ма,— дейді.— Егер

Момынқұл өз білгенін істей беретін болса, бізбен несіне ортақтасып жүр. Әрине біз оған шөмеле сал деп күштей алмаймыз. Бірақ біз де бау түйіп, бас қатырып жүрмейміз.

— Онда біз былай бөлісейік,— деді көкем өз ойын ортаға салмақ болып.

— Тишко, мынау не деп тұр,— деді Кузьма дегбірсізденіп. Ұлы түсіндіріп еді, анау тағы тулады.

— Қалай бөлмек. Десте де әр түрлі, шөптің шығымы да бөлек.

— Ол оңай,— деді көкем сонда.— Оң жақтан бастаймыз да, екі дестені біз алып, бір дестені сендерге қалдырамыз. Үштен бір ортақ сонда тура шығады. Кімге қандай десте түссе де, өз несібесінен көрсін.

Тишко бұл ұсыныстыаударғанда, әкесі аз ойланып тұрып, қолын кесімді түрде бір-ақ сілтеді.

— Мейлі, осының-ақ айтқаны болсыншы. Бұдан кейін сенімен ортақтаспаймын енді.

Көкем бұған да келісті.

Барлығымыз шабындықтың оң қанатына шықтық. Кузьма шал екі дестені бізге қалдырып, үшінші бір қалың-дауын өзіне меншіктенді. Бірақ төртінші рет үлеске түскен дестесі мардымсыз болып шыққанда, Кузьма шал қайтадан қыңырайып шыға келді. Балаларына тиісіп дауыс көтерді. Осындай бөлістен соң, екі жақ өз тірліктеріне көшті. Гончаровтар қол тырмамен тырмалап, айырмен шөмеле салды. Біз әкем екеуміз баулық түйіп, көкеме әзірлеп тұрдық. Көкем тең-тең шөпті дөңгелетіп, лезде баулап келеді.

Біз үш күн бойы шөп бауладық. Мен баулық жұлып, көкеме тасып, қолғабыс тигіздім.

— Шүкір, біздің Бауыржан азамат болып қапты,— деп қуанды көкем.

Мен әбден сілем қатып шаршағанымды сезсем де, әкем мен көкемнің мақтауынан нәр алып қуаттана бердім.

* * *

Батыр мен балуанның өмірі кездейсоқ оқиғаға толы. Жазым болар, майып болар, наубат болар жайлар қадамын басқан сайын кездесері хақ. Қатты созған ішектей қылтылдаған қауіп-қатерге де кездеседі. Бірақ олар үнемі ерлікті аңсайды. Биікке құмартады, жеңіске құлшынады. Бұл ретте халқымның мінезі бәйгенің сәйгүлігіне, даланың дауылпаз сұңқарына ұқсайды. Әр қазақтың ат десе, алғыр құс десе, арқасы қозып тұратыны да осыдан болса керек. Астындағы аты үшін небір қияметке де көнуге бар. "Жалғыз атты кедей" деген атаққа да

мойнын ұсынады. Ол ешқашан да атсыз қалып, "қу томар" атанғысы келмейді.

"Жүйрік ат аяғынан қалады", "Сұңқар қанатынан қалады" деген мақал текке айтылмаған. Ал егер жігіт осы екеуінен де мақрұм болса, онда ол ер атаулының санатынан қалады. Халқымыз осылай намысқа тырысып өскен. Өйткені "Атсыз ер қанатсыз құспен тең", "Жаяу қалсаң — жау қолына түскенің, сан қорлықтың запыранын ішкенің".

Міне, сондықтан да әр қазақ астындағы атын өзімен тең санаған, оның желдей жүрісін жанына ем санаған. Өзін қалай күтсе, көлігін де солай мәпелей білген. Атқа ретсіз ауырлық артпаған, айылын жөнсіз тартпаған, ақ-көбік етіп атойлап босқа шаппаған, алқымын судан, қарқынын дудан сақтаған. Болыс егер жүйрік бойында шабыт шарлаған, қазақтар оның мойнына қамыт салмаған.

"Төл атыңды төреге де берме" деген сөз бар қазақта. Бұл атты ардақтаудың биік шыңы болса керек. Жүйріктің қасиетін, сәйгүліктің бағасын бұдан артық ешкім де ұға алмас. Тіптен бәйгеге қосар тұлпарға "етегі ауыр нәсіл" деп, әйел атаулыны мінгізбейтін болған. Киелі малдың құны осылай бағаланған.

Жүйрік аттан айрылған жігіт жолдасын жауға бергендей қайғыратын болған. Әйтпесе, Құлагерді ардақты Ақан әнге қосып, зарламас еді, халқымыз әлі күнге сол әнді асқақтатып шырқамас еді.

Ертегіге үңіліп, ән-күй тындасаңыз да, поэма мен эпостарға зер салсаңыз да, ат туралы айтылған жылы сөзді естімей қалған емессіз. Осы күнге дейін жақсы ат көрген жан "бір сұлудың құны бар жүйрік" екен деседі. Бұдан артық жүйрікке кім таңдана алады, кім әділ баға бере алады екен.

Дәл сол сияқты Аққұлдың "Көкшолағы" оның өміріндегі ең соңғы сәйгүлігі еді, ал өзі жүйрік үшін ең соңғы серігі еді. Жүйрік те, иесі де бірін-бірі қия алмаған дос сияқты, бір күнде көз жұмып, бұл тірлікпен бір күнде қоштасты. "Шіркін-ай, екеуі де әулие екен-ау" деп еңірегенде, елдің қабырғасы қайысқандай болған.

Аққұлдың соңғы сөзі де, соңғы өсиеті де біреу еді. Ақырғы демі атына арналды:

— Өле кетсем, денемді "Көкшолақтың" терісімен ораңдар,— деп көз жұмды ол.

Аққұл атам өзінен соң "Көкшолағының" біреуге қалатынына қайғырып көп жатыпты. Ат пен адамның шыбын жаны егіздей, ақыры екеуі де бір күнде үзілді. Енді сол жайлы аздап әңгіме қозғасам деймін.

Әжемнің тұңғышы Айша деген қыз еді. Ол менің әкемнен он жасы үлкен болатын. Осы үлкен әпкемізді Қазығұрт етегіндегі Шегір руының Жантөре деген жігітіне ұзатқан екен.

Жездемнің ауылына бару үшін, алдымен Шақпақ асуынан асатынбыз. Орыстар бұл жерді "Кремень" деп атайтын. Өйткені бұл араның жылтырақ шақпақ тасы мол болушы еді. Қараңғыда екі тасты бір-біріне үйкесең ұшқын шығатын. Содан қазақтар "Шақпақ", орыстар "Кремень" деп атап кетіпті.

Шақпақтан өткен соң, Майлықент, Түлкібас жазығын басып өтіп, Қарақшы белден асасың. Сонан соң, Машат ойпаңымен жүріп отырып, Ақсу бойын жағалайсың. Ақсу десе ақ су. Сонан тау шыңынан басталатын өзеннің бүкіл арнасы ақкөбіктеніп арқырап жатқаны.

Ақсудан өткен соң, Сайрамнан асып Ленгер арқылы Қазығұртқа жететінбіз. Ауыл мен Қазығұрттың арасы атты кісіге үш күншілік жер.

Қазығұрт жайлы айтылатын аңызды тілі шыққан баладан бастап елдің бәрі білетін.

Сөзінде бұрынғының барма жалған,
Басында Қазығұрттың кеме қалған.

Басында Қазығұрттың кеме қалған,
Болмаса ол әулие неге қалған.
Түбінде жетім бала бұғып жатып,
Жарықтық Адам ата содан қалған,

— деген өсиет өлеңді жас кезімізде әжеміздің, аталарымыздан, әкелерімізден талай естігенбіз.

Бұл аңыз адамның жанына жылы тиетін, көкейіңді сәулелендіретін аңыз еді. Еске сала кеткен артық болмас деймін.

Ертеде жер бетін топан су қаптап, тіршіліктің бәрін толқын жұтыпты. Осы сұрапыл ажалдан өмірді қорғап қалам деп, Нұқ пайғамбар арпалысқан екен. Кеме жасап, жан-жануардан тұқым алып, адамдарды отырғызып, топан суда жүзе беріпті. Су болса қырқа-қырды, жазық жапанды жұтып, биік шыңдарға өрмелепті. Нұқтың кемесі тоқтайтын жер, паналайтын ықтасын таба алмай, толқын үстінде шарлай береді, шарлай береді. Толқын болса, жалғыз кемені жапырақ та теңемей, лақтырып ойнайды.

Нұқ пайғамбар тірліктен үміт үзбейді. Дауыл басылар, топан қайтар, өмір жанданар деп сенеді. Сол сенімді нысана етіп, қалқи береді. Дауыл кездерінде кемеден жаңқаша қағылып қалған көп жан-жануар суға кетеді. Сонда да кемеге таяныш табылмайды.

Осындай қысталаң кезде тау шыңдары таласқан екен.

— Менің кеудем биік, менің асқарым айбынды. Топан су маған ғана жете алмайды, мені ғана көме алмайды. Нұқтың кемесі іліксе, менің ғана шыңыма ілігеді,— десіпті биік шыңдар.

Қазығұрт Алатаудың аласа жоны ғана ғой. Биік шыңдармен таласа алмай, үнсіз мүлги береді. Мұны көрген шыңдар мазақтап күлген екен:

— Немене, Нұқтың кемесін күте-күте шаршадың ба. Саған тоқтайтын шығар. Өйткені көп ұзамай, топан судың астында қаласың ғой, — десіпті.

— Тағдырдың жазғанын көреміз. Одан артық не бар,— деп мұңайыпты Қазығұрт.

Осылайша Нұқтың кемесі бір дауылдан өтіп, екінші бір дауылға көміліп келе жатқанда, ішіндегі жан-жануар суға кетіп, таусылуға айналған екен. Кенет кеме түбі қатты нәрсеге тиіп, сықыр ете қалғандай болады. Нұқ пайғамбар байқап қараса, кемесі бір таудың басына іліккен екен. Содан топан су толастап, қайта бастайды. Кеме ішінде жалғыз бала бұғып жатқан екен. Тіршілік қайта жанданып, осы жерден қайта өрбіпті десетін аңыз айтушылар.

Айша әпкем сол аты аңызға айналған Қазығұрттың баурайында тұратын. Біздің әулеттің қыздарының ең алысқа кеткені де осы әпкем. Сондықтан сағынысып көрісетінбіз.

Жантөре ерте үйленіп, әйелінен ерте қалған екен. Өзі он алтыға шыққанда, он бес жасар әйелі толғақ үстінде өліпті де, артында Болат деген ұлы қалыпты.

Менің атам Жантөренің әкесімен алыс-берісі бар, сыйластығы жарасқан жандар екен. Жантөренің бұрынғы әйелі де біздің рудың қызы болатын. Аққұл атамның немере әпкесі еді. Атам бұрынғы жекжаттығынан ажырасқысы келмей, Айшаны ұзатыпты. Ол кезде әпкем он жетіде екен. Осылайша қайтадан сүйек жаңғыртыпты.

Жантөрені әкесі ерте үйлендіріп, он төрт жасында-ақ күйеу бала атандырған көрінеді.

Жантөре мен Болат тетелес өскендей болыпты. Сұңғақ бойлы, шымыр денелі, ат жақты қараторы кісіні Жантөренің баласы деу қиын еді. Інісі сияқты тізе түйістіріп жүретін. Ел іші ол екеуін "тете шал" десетін. Ал айқындап ажыратқысы келсе, "әке-шал" "бала-шал" деп бөлетін. Жантөре мен Болат көнігі көкпаршылар еді. Көкпар десе, көздері жайнап шыға келетін. Аққұл атам сияқты өз аймағында атағы жер жарған шабандоз атанып жүреді екен. Тіптен нағыз додада екеуі

әкелі-балалы екенін ұмытып кетіп кәдімгі әріптес шабандоздарша сілкілесетін көрінеді. Ел мұнысына әрі қызығып, әрі қызғанып қарайды екен.

Ол күні біз төрт көзіміз түгел үйде едік. Күн екіндіге таянып қалған. Айнала албырттанып, аспанда қызыл арай молая бастаған.

Біз үй іргесінде отырғанбыз. Алыстағы қырқадан төрт аттылы көрінді. Баяу жүріспен қатарласа тізіліп келеді. Орталарында ақ жаулықты жалғыз әйел. Бәрі сол кісінің ыңғайына қарайтын сияқты.

— Бұл кім болды, екен, ә,— деп әкем елең ете қалды. Қолын мандайына апарып, тесіле қарады. Сонан соң көкеме бұрылып әмір бере бастады.— Шамасы, Айшалар, әкпемдер болу керек. Жүгір, Момынқұл, алдынан қарсы ал. Үйге киіз салсын де.— Осыны айтып, әкем тағы да жолаушылар жаққа көз тікті.

— Иә, Айшалардың өзі екен. Әне, анау Жантөре ғой. Атқа отырысынан танып тұрмын. Ер үстінде еңкіштеу отырғаны Болат. Ал анау тыпыршып келе жатқаны Асқаржан ғой. Үлкен үйге түсіріңдер. Бол-бол тез. Келіп қалады енді. Кіші үйге әпкем түспейді. Тез қамданыңдар.

Жолаушылар ат шаптырым жерге жақындап қалды. Әкемнің айтқаны рас екен. Келе жатқандар әпкемдер болып шықты. Айша жирен биені жорға бүлкілге салып келеді. Өзгелері қоршай қаумалап, майда желістен ауар емес. Әпкем астындағы ат тұяғы туған жердің топырағын, баба жерін, ел мекенін басқанына масаттанып, кәрі кеудесін маңғаз көтеріп келе жатқандай еркін отыр. Сырт қараған кісіге әлдебір тәкаппар, қатал әміршіге ұқсайды. Ал төңірегіндегі ер кісілер соның қошеметшілері сияқты.

Әкемнің жүзінде күлкі ойнап, әрең шыдап тұрды да, әлден соң елбелектеп жүгіре жөнелді. Сол күйі әпкемнің тізгініне жармасты.

Кемпір лезде босап, еміреніп кетті де, иегі кемсеңдеп, інісіне телміре қарап тұрып қалды. "Айналайындар, алтындарым" дей берді.

Әкем де тізесі қалтырап, түк сөз айта алмай, Айша әпкемді қолтықтады.

— Аттан түсіңізші, әпке. Жол соғып, қажып қалмадың ба, айналайын қамқоршым менің. Арқалап жүріп өсірген едің. Келші өзім қолтықтап түсірейін,— деді әкемнің дауысы жарғышақтанып.

Інісінің мына сөзі кемпірдің жүйкесін тіптен босатып жіберсе керек, көзіне жас алған күйі,әкемнің созған қолына

аунай берді. Әкем ол кісіні көтерген күйі жерге түсірді де, құшақтап жұбата бастады.

— Қойыңызшы, әпке. Шаршап қаласыз ғой. Шүкір, аман көрістік. Неге сонша босайсыз, үйге жүріңіз. Тыныңыңызшы.

Келте мұрын, томпақ көз, сүйір иек, жұқа ерін, ақ сұр кемпір бәсең үнмен інісіне жұбату айтып тұр:

— Алтын апамнан айырылып, жетімсіреп жүрмісің, құлыным?

Мына сөз манадан бері әрең шыдап тұрған көкемнің тығынын ағытып жіберсе керек, еңкілдей жылап, Айша әпкемнің кеудесіне басын сүйей берді.

— Қой енді, Айша. Басу айта ма десем, жасу айтып тұрғаның не?— деп сөзге екі беті нарттай, аппақ сақалды әдемі шал араласты.— Апам жарықтық жақсы адам еді ғой. Топырағы торқа болсын, кім жаман көрінгенінен өлімге қиды дейсің. Тағдырдың жазғаны сол шығар. Ағайындарыңды қайта-қайта жасыта беріп қайтесің,— деді әлгі шал бәріне тоқтау айтып. Бұл Жантөре еді.

Шетте тұрған арық шал — Болат болатын. Ол да әпкеме:

— Апа, мұныңыз не, ауылдан шығарда өзіме берік боламын деп, уәде еткеніңіз қайда,— дейді жымиып.

Жарау қара сәйгүліктің тізгінін ұстап, күлімсіреп тұрған мұрынды, қияқ қасты, қысық көз, қара торы, өрімдей көрікті жігіт Айшаның ұлы Асқар еді.

Біз сияқты бала-шағаға көңіл бөлуге кезек жетпей келгендер үлкендермен әлі шүйіркелесіп тұр. Тек амандық сұрасып, әбден жайғасқан соң ғана, әпкем айналасына көз салып еді. Әлгінде ғана әкемді жас балаша аймалап, елжіреп тұрған көңілшек кемпірдің ойына еңді түссем керек, қасына шақырып алды да, маңдайымнан сипады. Тіл-көзден сақтасын деген ырымын істеп, жан-жағына түкірінді де, әкеме тіл қатты.

— Сенің ұлың осы ма, Момыш?— деп сұрады.— Менің де тентек немерем өсіп келеді. Аллаға шүкір.

Бүкіл ауыл "әпкелеп" жапырыла күткен кемпірдің тіптен атымды да ұмытып қалғанына қатты өкпеледім. Қайта Болат көңіл жұбатар сөз айтты.

— Аманшылық болса, бұл әлі жігіттің төресі болар,— деді арқамнан қағып.

Әкем осынау қуанышты кездесудің әсерінен әлі арыла алмай отыр. Жантөре әпкем екеуінің бүгінгі қылығын мысқылдап қояды. Болат сөзге оқта-текте қосылып, әдеп сақтап отыр. Асқар әлі аузын ашқан жоқ. Көкем қонақтардың қамын ойластырып сыртта жүр.

Шай алдында Айша әпкем өзімен келген қоржынын алдырып, аузын сөкті. Бала-шаға өрік, мейізге қарық болып қалды. Әйелдерге көйлек әкеліпті. Көкем екеумізге кестелі тақия кигізді. Әкеме қаракөл құлақшын тігіп әкеліпті. Жанына отырғызып алып, жас балаша аузына өрік-мейізді тықпалай береді. Жиналғандар бұған ду күлісіп жатыр.

— Кемпір-ау, мынауың не?— дейді Жантөре кеңкілдей күліп. Онан да балаларға үлестірмеймісің,— дейді.

Әпкем жездеме:

— Алдымен Момышжанның тиесілісін өз қолыммен жегізейін. — Өзгесін кімге берсеңдер де жұмысым жоқ...

— Момекеңнен балалары тартып жер деп қорқамысыз,— деп күлді Болат.

Әкем мәз болып күлді де, әпкемнің қолынан базарлығын алды.

— Бәрін осы шырағым үшін әкелгем жоқ па,— дейді кемпір шынымен-ақ. Өз қолыммен жегізбей, көңілім тынбайды.

Осылай мәз-мейрам болып жатқанымызда, Аққұл атам келді. Меймандармен құшақтасып көріскен соң, ол Жантөрәнің қасына барып отырды.

Амандық-есендіктен соң, Аққұл аз қысылып отырды да, әпкеме қарап тіл қатты.

— Айналайын, Айша-апа, мен бұл шаңырақтың алдында айыптымын. Бетім күйіп келе алмаушы едім. Өзіңіздің хабарыңызды естіген соң, шыдай алмадым. Бет моншағымды белге түйіп, босағадан әрең аттадым. Сізге сәлем бергелі келдім, апа. Арамызда болған ыңғайсыз жайды естіген шығарсыз. Бәріне кінәлі — аппақ сақалыммен өзім болдым. Сөйтіп қас масқара болған жайым бар.

Жантөре жер шұқылап, үнсіз отыра берді. Болат ауыр күрсінді де, дастарқанның шетін уқалай берді. Асқар баяғы қалпынан ауған жоқ.

— Келгенің жақсы болды, Аққұл. Ризамын, — дей берген әкемнің сөзін бөліп жіберіп, әпкем ашумен айқайлап жіберді.

— Қайда әлгі ұя бұзған ұятсыз, шірік, — деп жұдырығын түйе сөйледі. Көкем самауыр алып келе жатқан. Табалдырықтан аттай бере, естігені қарғыс пен қарақұйын ашу болды.

— Сен шірікті біздің ұядан ұшты деп кім айтады. Бойыңды шайтан жайлаған сүмелек! О! О! Өлер шағымда естиін деген сөзім бе бұл, көрейін деген сорым ба. Шыққыр көзім кімді көріп тұр. Онан да жер жұтып кетпеді ме сені. Бір жатырдан шығып еді, бүгін келіп бетіме қара күйе жаққаның ба, жүгермек? Өлім-ай! Өлім-ай!

— Айша!— деп зілдене сөйлеген Жантөренi әпкем елеген де жоқ.

— Құдай-ау, мен енді Айша емеспін, адасып қалған бейбақпын,— деп көзіне жас алды.— Мына қарабет албастының әпкесімін ғой. Бетіме салық етіп жүрерсің. Осында қалдырып кет енді,— деп ол қатпар-қатпар әжімді қолын көкем жаққа сілтеді.— Тьфу, тьфу кәпір. Бетің күйсін, жүзіқара. Көкем аң-таң болып тұрып қапты. Кемпір онан сайын ашуланып барады.

— Құдай-ау, бүйткенше неге алмайсың мені. Кіндік кескен шаңырағымда отырып, қас масқара болғаным ба шынымен,— деп өзін-өзі жерлей сөйледі. Не жазып ем, төңірім-ау. Жоғал, жоғал көзіме көрінбей. Сен де шіріген жұмыртқасың,— деп көкемді сұқ қолымен түйрей нұсқады.

— Момынтай, бара қойшы, шырағым,— деді әкем түкке түсінбей аңырып тұрған көкеме.— Әпкем мән-жайға түсінбей жатыр. Ашуына тие бермей-ақ, далада жүре тұршы.

Көкем мойны салбырап сүйретіліп шыға берді.

Үлкенді сыйлаудың ең биік үлгісін көрсеткендей еді көкем. Мен оны қатты аядым. Соңынан еріп тысқа мен де шықтым.

Байқұс көкем аулада мең-зең болып, жүзі күңгірт тартып, ызадан жарылардай болып тұрды...

Кішінің күні осы екен ғой. Әжем Момынқұлға кеюші еді. Серкебай нағашым келген сайын қамшы үйіретін, тіптен әкем де бірде оны "ақымақ" деп ұрысқан. Ал бүгін мынау тәмпіш кемпір апшысын қуырып, алдынан қуып шықты.

Көкеме қалай да қол ұшын беріп, арқалаған ауыртпалығының, көтерген соққысының жарымын бөліскім де келеді. Бірақ көкемнің қасында мен де кішімін ғой. Бірдеме деп зекіп тастаса қайтем. Көкем сонау алыс көкжиекке мұңая қадалып, қимылсыз тұра берді. Әлден соң менің қасында тұрғанымды сезіп, жай ғана сөйледі.

— Бара ғой, Бауыржан. Ішке кір, әкеңе шай құюға көмектес... — Ішке кірсем, бәрі де үнсіз шай ішіп отыр екен. Бір-біріне қарауға да қаймыққандай, кеседен бас алар емес. Әпкемнің жүзі қуқыл тартып кетіпті. Ашу үстінде босқа балағаттағанын білген соң, іштей қиналып отыр-ау шамасы. Әйтеуір ыстық шайды үсті-үстіне өшіге ұрттайды.

— Мәселенің мән-жайын алдын ала неге түсіндіріп қоймайсың,— деп әпкем енді әкеме тиісе бастады.

— Ойбай-ау, әпке. Аузымызды ашуға мұрша бермедіңіз ғой.

— Мұның бәрі әзәзіл сөзге еріп, түсінбестікке ұрынғанның

кесірі, Айша апа,— деді Аққұл күрсініп.— Өсек сөзге еріп қалдық қой... Келінім де бірбет еді. Кешіре алмады. Бұл оқиға өтірік болмаса, мына киелі шаңырақ қа бас сұғар ма едім. Кешірім сұрағандай келіп отырмын ғой. Ал өзіме сол керек еді. Алжыған қақбаспын ғой,— деп Аққұл енді өзін кінәлай сөйледі. Келінім кетіп қалды. Артынан адам жіберіп, алдына жығылып ек: "Мені аямаған, менің ұятымды ойламаған, арымды аяққа таптаған үйге енді бас сұға алмаспын" деп қайтарыпты.

— Сендер әйел баласын аяусыз қорлапсыңдар, қатыгездікпен қаралапсындар, Аққұл,— деді Айша әпкем енді солай бұрылып.— Әйелді қорлау үшін көп ақылдың керегі жоқ. Бәріміз де өсек сөз бен әзәзіл отқа күйіп кетуіміз мүмкін. Сен кәрі төбетке не жоқ, қалайша жерге кірмей, тірі жүрсің. Өз қолыңмен келініңді қуып тынған қу томар екенсің ғой.

Әпкем Аққұлды жеп жіберердей шүйлікті. Аққұл болса тауы шағылып, маңдайы тасқа тиіп, әбден сүлесоқ болған кісідей тұнжырап отыра берді.

— Мені алжастырып жіберді ғой, Айша апа. Ашу үстінде ақылдан айырылып қалғанымды кейін білдім.

— Ал енді өз қотырыңды өзің қасып мәз болған шығарсың,— деп кемпір улы тілімен шағып алды.— Бейбақ болған баласың ғой әншейін.

Алпыстағы "бала" әпкесінің ұрысқанына ләм дей алмай, үнсіз шайын ұрттап, кесе түбін тықырлата берді.

— Бейшара Момынқұл айналайынды жерден алып, жерге салғандай ұрыстым ғой мен алжыған. Сонда да аузын ашпады ғой, мың болғыр шырағым,— деп Айша әпкем енді көкемді аяп көзіне жас алды.

— Әдеп көрген бала емес пе, алдымда қарсы тұрмады ғой. Сүт кенжеміз емес пе. Еркелетіп әлдилеудің орнына, ал кеп төпелейміз. Сонда да мыңқ етсейші, шырағым. Көзі жәудіреп, аңтарылып тұрғаннан басқа не біледі, күнім. Айша әпкем енді шындап жылай бастады.

— Шешемнің сүт кенжесін суға тиген мысықтай түртпектегенім не менің! Алжыған басым "үйден шық!" деп зекігенімде, үнсіз томпаңдап шыға берді ғой, шырағым.

— Қой, енді сонша термелеп не көрінді саған,— деп Жантөре қатқылдау айтты.— Өзің ұрысып, өзің жыладың. Ешкім бетіне келген жоқ. Енді тағы да өзіңді-өзің кінәлап, жасқа булығып отырғаның. Аздап ұялсаңшы.

— Сен өйтіп білгірсіме, былай! Мен сенің қатының емеспін!— деп ықылықтады әпкем.

— Өзімнің кіндік кескен шаңырағымда, ата-анамның құтқана мешітінде сен өйтіп қожаңдама. Төркінімде мен саған қатын емес, "қалыңдығыңмын". Соны да білмеймісің.

Осыны айтқанда үйдің іші ду күлісті. Тіпті Асқардың өзі ішін ұстап, домалап жатыр.

— Әдепті күйеу болып, жөніңе отырсаңшы,— деді әпкем тағы да елді күлдіріп.

Жантөре тізесін алақанымен салып қалды да, жинақы қозғалып, жүрелеп отыра кетті.

— Міне, ақылыңнан айналайын, кемпірім-ау, баяғыдан сөйтпеймісің,— деді де лезде даусын өзгертіп, ұялшақ жігіт болып сөйледі:

— Не деген көрікті, едіңіз. Үйдің ішін нұрландырып тұрған сіздің ажарыңыз ғой! Жұртың бәрін бұлбұл үніңізбен баурап алдыңыз. Қашанғы сайрар екенсіз, Айша?— деп әзілмен бастаған сөзін қатқыл үнмен аяқтады.— Өзіңді аямасаң да, мына жиналған ағайындарды аясаңшы.

Осы кезде үйге көкем кірген. Үйдегілердің әңгімесіне сырттан құлақ тосып тұрса керек. Қолайлы кезді күтіп тұрып, енді ішке енген сияқты. Көкемді көре сала, Айша әпкем қайтадан көзі мен сөзіне ерік берді.

— Бері келіп отыршы, құлыным. Қасыма отыршы, жаным,— деп жаулығының ұшымен көзін сүртті. Қолындағы кесені ұсынды: — Мә, Момынтай, өз қолыңмен шай құйып берші, бауырым.

Әпкесі мен інісі осылайша ұғысып, табысты.

Көкем кесені құрметпен алды да, қол қусырып қайта ұсынды.

Мұнан кейін әпкем еліне кеткенше, біздің бәрімізді бір шыбықпен айдағандай, әмір беріп отырды.

— Бұл шаңырақта дүниеге ең алғаш өзім келгем. Қуанышты ең алғаш әке-шешеме өзім бергем. Ең алғаш аялағаны да өзіммін. Сондықтан менен үлкен қайсың бар, көне,— дейтін әпкем.

Біздің үйдің адамдары бұл сөзге дәлел таба алмай, бәрі де осы тәмпіш кемпірді құрақша жапырылып күтетін.

* * *

Жантөрелер үйімізде бір түнеген соң, қолға тимей кетті. Әр шаңырақ шақырып, мал сойып, мамыражай болып күтеді. Біз меймандардың шашбауын көтерісіп, топталып ілесеміз.

Аққұл атамның немере інісі Дембай ұлды болды. Осынау жалпақ бет, үйрек тұмсық, жирен сақал, қисық аяқ,

қысқа кісі мен дүниеге келмей тұрып үйленген екен. Әйелі — ұзын бойлы, арық келген сіріңке қара кісі. Ауыл әйелдері оның бойына қарай "сырық" деп атап кеткен. Көп уақыт бала көтермей, нәресте сүймей, екеуі де әбден қайғырып жүреді екен. Құрсақ көтергеннен екеуі де құрақ ұшып, төңіріне күні-түні жалбарынып жүріп көрген жалғыз ұлы осы. Бұл қуанышты күнге жеткенше екеуі қанша толқып, қанша дегбірі кетпеді дейсің. Түн ұйқысын төрт бөліп, тілек тілеген кезеңдері де болыпты. Содан әйелі толғатып, босанар күні Дембай бүріскен торғайдай үй сыртында бір уыс болып, үнсіз отырып алыпты. Іштегі әйелдердің бірі жүгіріп шығып, "ұлды болдың, сүйінші" дегенде, Дембай әлгі әйелді қалбалақтап кеп құшақтай алыпты да, мойнына асылып емірене егіліп жылапты. Көптен күткен қуанышын ол осылай жария еткен екен. Мұны көрген өзге кісілер де шыдай алмай, қосыла жыласа керек. Дембайдың қуанышын құттықтауға да мұршасы келмей, ықыластарын шын пейілден шыққан көз жасымен көрсетіпті. Басына күтпеген жерден қона салған мұнша бақытты көтере алмай, есеңгіреп қалған Дембай далбалақтап әркімді бір құшақтайды. Әркімнен бір сұрайды:

— Шын айтасыңдар ма, жұртым-ау? Әке болдым ба, шынымен? Ұл көрдім бе? Үмітім жанғаны ма, халқым-ау! Е, айналайын жаратқан ием, көз жасымды көрген екенсің ғой. Жарылқадың ба, шынымен! Тоба! Тоба!— деп ол әркімнің кеудесіне басын сүйеп тұрып алады.

Біздің ауылға да сүйінші сұрап, елбе-делбесі шығып, бір бала жүгіріп келді. Әр сөздің аяғын жұтып, ентігіп әрең тұр. "Сү-сү-йінші! Сүйінші!" "Де-ем-б-ай кө-кө-ем ұлды болды"— деп әрең айтты. Сонан соң ол Айша әпкеме тілегін білдірді.

— Аққұл атам сізге сәлем жолдады, Айша-апа. Өзіңіз кіндік шеше, ал Жантөре жездем өкіл әке болсын деп сұранды...

Біздің үй тайлы-тұяғымен көтерілді де, Жантөре мен Айша әпкеме еріп, Аққұлдың ауылына бет алды. Ауылдың ошағынан будақтаған түтін молайыпты. Шамасы, шілдехана тойын бүгіннен бастамақ сияқты. Бір-екі жігіт үй арасында қой сүйрелеп жүр. Біз салтанатпен сабырлы келе жатқан Айша апамның қатарынан озбай әрең шыдаймыз.

Аққұл ауылының адамдары түгел жиналып бізді күтіп тұр екен.

Әйелдер абыр-сабыр болып, әр үйге жүгіріседі. Әйел қауымы қашан да осы ғой, шіркін. Қайғы болса, шын жүректен қайғыра алады, қуаныш болса, бар ықыласымен қуанады. Адам көңілінің айнасындай ғой әйел деген.

Аққұл атам аппақ түйежүн шекпенін жамылып, топ ортасында тұр екен. Шекпенінің етегі кең болғандықтан тобығына дейін бүркеп тұр. Алыстан қараған кісіге ақ тастан қашалған ата мүсіні сияқты сезіледі. Жиегі жалпақ ақ калпағы да біртүрлі сұс беріп, атамды айбарлы көрсетеді.

Біз жақындай бергенде, әлгі тас мүсіндей тапжылмай тұрған атам алға қозғалып еді, қасындағылары да бізге қарай лап қойды. Елпектеп тез жүргеннен шекпенінің етегі желбіреп келеді. Манағы көз алдыңда елестеген сұсты мүсін енді кәдімгі өзіміздің қарапайым атамызға айналғанына таңырқағандай едім.

— Армысыз, әпке,— деп Айшаға ентелей қол созды.

— Қуаныштарың құтты болсын, қарақтарым. Ұзағынан сүйіндіре көрсін, құлындарым,— деп Айша апам да елжіреп амандасты.

Бәріміз жапырласып құттықтап жатқанымызда, көрші отаудан Дембайдың өзі жүгіріп шықты. Тәттіге ұмтылған баладай арсаландап, мойны бұлғақтап келеді екен. Қисық аяғы осынау жүрісін онан сайын теңселтіп, біртүрлі қораштау көрсетеді.

— Айша апа! Айша апа-а-а-а!— деп еркелей келіп, әпкемнің құшағына енді де кетті. Әпкем оның басынан сипап, кәдімгідей жұбатып тұр. Бірақ Дембай ықылықтап болар емес.

Тұс-тұстан құтты болсын айтуға келген адамдар мол жиналды. Әйелдер дастарқан көтеріп, мәре-сәре болысып жатыр. Сол бойы олар жұртқа бауырсақтан шашу шашып, ерекше қуанысады. Елдің бәрі шашуды жерден теріп, кейбіреуі қағып алып жеп жүр. Той осылай басталып та кетті. Балаға үшінші күн толғанда Дембай көкпар берді.

Көкпар күн көзі қайтып, мамық шуағын масайрай төгіп тұрған сәтте бесін кезінде басталды.

Жантөре, Болат, Асқар және көкемдер ешкімге сенбей, аттарын өзі ерттеді. Үзеңгісін қысқартып, тартпаларын нықтап тартты. Бәрі де сәйгүліктерінің сауырын сипап, жонын қағып, мәпелеп жүр. Шабандоздар сайланып біткен.

Осы жолы маған да жеке ат тиіп жетісіп жүрмін. Құнан шығар қаражирен айғырды көкем ерттеп мінгізген болатын.

— Өзіңе абай бол. Додаға жақындап жүрме. Көкпарға әлі шамаң, жоқ,— деп әбден пысықтап алды.

Мен қызыққа шеттен ортақтасып, сырттай көз тігемін.

Жантөре мен ұлдары әбден кәнігі болған шабандоздар екен. Бір үйме-жүйме доданың ішінен әлгі сымбатты шал

суырылып, көкпар іліп шыға келді. Өзгелер іркес-тіркес соңынан қуды. Жантөре ер үстінде еңкейе жатып, көкпарды ұршықша үйіріп барады. Аққұл атам той иесі болғандықтан, бұл жолы тілеулестер тобында тұрған. Жантөренің әр қимылына риза болып желпініп қалады.

— Әй, кәрі тарланым-ай! Тізгінді қалай меңгереді десеңші. Мұндайда аттың өзі қыбырлаған қыбыңнан-ақ ыңғайынды ұға біледі,— деп төңірегіндегілерге түсіндіріп тұр.

— Атты қақпайламай, еркіне жібер. Тек қимылыңмен, тақымыңмен сездіре біл. Сонда атың өзінен-өзі үйлесіп отырады... О, сақалыңнан айналдым, Жантөре, — деді ол кенет шабандоздың тәсіліне риза болып. Жездем соңындағы қуғыншылардан құтылу үшін, оларды өзіне жақындатып алып ат басын ірке қойған екен. Екпіндеткен шабандоздар жанынан зулап өте шықты. Сол кезде Жантөре атының басын кері бұрып алды да, мәреге қарай тура тартты.

— Міне, міне, көрдіңдер ме. Ескінің көзі осындай болады. Біздің кезіміздің шабандоздарына кім теңесе алады тәйірі. Бүгінгінікі әшейін ермек қой.

Кенет шаршы топтан жирен айғыр суырылып шықты да, Жантөренің ізіне түсті. Байқасақ, Асқар екен. Ол әкесін қуып жетті де, "әке, көкпарды маған ұзатыңыз" деп дауыстады.

Жантөре шабысын ірікпей, серкені көтерген күйі баласына қарай атып жіберді. Асқар да әбден машықтанып алған ба, көкпарды допша қағып әкете берді. Қызықтаушы жұрт тағы да таңдайын қағысты.

Жантөре жанамалай шауып, ұлына әлденені нықтап үйретіп бара жатты. Осылайша әкелі-балалы екеуі қатарласа отырып, дүйім шабандоздарды ентелетті де қойды.

Қас қаққанша керемет оқиғаның куәгері болдық. Тізерлесіп шауып бара жатқан әкелі-балалы екі шабандоздың аттарына қанат біткендей қарғып барады екен. Сол күйі, екеуі де арғы бетке бірдей түсті. Құғыншылар тұмсығы тасқа тигендей аттарының басын тежеп, аңтарысып тоқтап жатыр. Сөйтсек, әлгілердің аттары тау толқыны қазып кеткен үлкен ордан қарғыған екен.

Жұрт әрі таңырқап, әрі қорқып жағаларын ұстасты. Сөйтіп тұрғанда, Жантөрелер арғы бетте тек ұлы екеуі ғана екенін аңғарған соң, ордан бері қарай қайта қарғыды. Тағы да қосарласқан сәйгүлік аспанға қас қағымда оқша атылды да қалқып келіп бергі жағаға түсті.

— Мыналар ертегінің ерлеріндей ғой. Өзім туғалы мұндай батылдықты көргенім осы,— деді топ ішінен біреу.

Әріптесін екінші қапталдан күткен Аққұл атам бұлай болар-ын сезбесе керек, ерден ауа жаздап, серкені босатып алды. Жантөре сытыла бергенде, атам қайта жармасты. Екеуі де ат басын еркіне жіберіп, тік тартысқа көшкен екен. Әрқайсысы ерден ауып, аттың өзін таяныш етіп тартысқанда жүйріктер жантайып кетеді. Серке екі жүйріктің ортасындағы көпір сияқты керіліп қалған. Сәл босаса аттар жамбастап құлайтындай. Айтқандай-ақ кенет екі ат екі жаққа қаңғалақтап барып, аяғын әзер түзеді. Үстеріндегі шабандоздар үзеңгіге ілінген денелерін меңгеріп, ер үстінде тік тұрысты. Екеуінің қолында да көкпар, екеуі де серкелі.

Жұрт аң-таң. Сөйтсек ұзақ сілкілесуге шыдамай, серке екі бөлінген екен. Намыс кернеген қос шалды осылай бітістіргендей көрінді маған.

— Не деген қайрат!

— Шал деп жүрсек, шағылмаған болат екен ғой,— десіп жұрт гулесіп кетті.

Сөйткенше болған жоқ, екеуі бірдей біз жаққа ат басын бұрды. Енді ордан қарғуға таласқан сыңайы бар. Жантөре Аққұлды қуып жетіп, ордан қарғып кеткен. Аққұл атамның да аты секіре бергенін көргенбіз. Кенет ат та, шабандоз да көрінбей кетті.

— Ох, тәңірім, жазым болмай,— деп шу ете қалды жұрт.

Бәріміз ат қойып жетіп келсек, алдымыздан жаңа ғана қопарылыс болғандай, бір шыңырау шаңытып тұр екен. Шыңырау түбінен аттың қырқыраған үні естіледі. Атам су үңгіп кеткен апанға құлаған екен.

— Тез-тез шылбырдың бәрін шешіңдер,— деді Жантөре жалма-жан оқыс дауыстап.

Сол-ақ екен, Жантөренің алдына сусыған қыл шылбырлар үйіліп қалды. Жездем дәл бір жыланның ордасында отырғандай, шылбырды жалғастыра бастады.

— Бол-бол, тезірек қимылда. Ілмек жаса,— деп қасындағы Асқарды асықтырады.

Бұл кезде апан аузындағы шаң сейіліп, түбі көріне бастаған. Кенет әлдекімнің даусы үрейлі шықты.

— Ойбай-ау, Көкшолақ жауырынымен жатыр ғой. Төрт аяғы аспанға қарап тұр.

Жантөре жалма-жан аттың төрт аяғына да тұзақ салып үлгерді:

— Тартыңдар, тек көтеріңдер!— деп дауыстады. Қалың топ Көкшолақты, қаңбақша көтеріп шыққандай болды. Денесін шаң басып, аузы көбіктеніп, тұяғы дірілдеп, басын көтере алмай, бейшара Көкшолақ теңкиіп жатты. Үлкен

бадырақ көзі төңкеріліп, әлдекімді іздегендей көрінді.

— Жарықтық, иесін іздеп жатыр!— деді біреуі.

— Эх-эх-эх-эх!— деп еңіреп жіберді Дембай.

— Ақырын қарақтарым, абайландар, алтындарым,— деп Жантөренің даусы төменнен қалтырап шықты.

Қарасам, бет-аузы қанға бөккен қыбырсыз Аққұл атамды құшақтап көтеріп келеді екен. Денем түршігіп кетті. Әлгінде ғана ат үстінде атой салып жүрген атамды дәл осылай қан жауып, шаңға көміліп жатады деп кім ойлаған.

— Үймелемей, аулақ тұрыңдар. Ауа жұтсын,— деп ақырды Жантөре.

— Ой, ой, айналайын әкетайым,— деп Жексембай зар еңіреп тұр.

— Мына жерге жайғастырайық. Көкшолақтың қасында болсын,— деді Жантөре баяу үнмен.

Суға кеткен шапқыншы да ауылдан оралды. Жантөре атамның басын сүйеп, бетіне су бүркі ті. Үлкен орамалымен қанын сүртіп, асты-үстіне түсіп отыр...

Жасыл шалғын үстінде қорқыраған Көкшолақ пен оның иесі Аққұл екеуі қыбырсыз жатыр. Қалған жұрт жандарын шүберекке түйіп, тілеу тілеп қалтырап тұр. Іштей жылап тұншығады. Көлбей түскен күн сәулесі атамның денесінен аққан қанды күлгіндеңдіріп жібергендей, біртүрлі үрей тудырады.

Аққұл әлі қыбырсыз. Жантөре басын сүйеп, кеудесіне құлағын тоса береді. Бетіне суық су бүркіп отыр.

— Аққұл! Аққұл!— дейді қайта-қайта.— Естимісің мені?! Аққұлда үн жоқ. Осылай өткен үмітсіз көп уақыттың үрейін қуып, әлден соң атамның ерні қыбырлады.

— Аққұл! Аққұл! Қалайсың!— дейді Жантөре дамылсыз дауыстап.

Аққұлдың кірпігі қимылдап, көзін әзер ашты.

— Сенбісің, шырағым? Қасымдамысың?

— Иә, Аққұл, бәріміз де қасыңдамыз.

— Ри-за-мын,— деп Аққұлдың үні бәсеңдей берді.— Су берші!

Жантөре атамның ерніне мұздай суық бастау суын тосты. Атам мандытып жұта алған жоқ. Тек көз жасындай мөлдіреген су атамның аппақ сақалын аралап, омырауына төгіле берді.

Атамның басы былқ-сылқ етіп, икемге келер емес. Күбірлеп әлденені айтқан болып еді, түсіне алмадық. Жалғыз ғана Жантөре аңғарған екен, тез әмір берді. Бір жігіт жүгіріп келіп, Көкшолақтың ерін алды да, Жантөренің жанына қойды. Терлігін төсеп, ерін жастық етіп атамды сонда жатқызды.

— Өз-өзіне келгенше, орнынан қозғамайық. Ауылға жеткізе алмаспыз,— деді Жантөре бәсең үнмен.

Бұл кезде күн еңкейіп, Шақпақ жонынан асып барады екен. Айнала өрттей қызарып, біртүрлі айбарлы алау шашып тұр.

Ымырт үйіріліп, айнала күреңіте бастаған шақта ес жинаған Аққұлды ауылға жеткізбек болып бәріміз жабырласып едік. Екі атқа керіп тартқан Көкшолақтың терісіне Аққұл атамды жатқызып лег-легімізбен баяу ғана ауылға беттедік. Ешкім үн қатқан жоқ, көңілді күлкі де естілмейді. Тек ат тұяғының тысыры ғана жүрек лүпілін жиілетіп бір түрлі қобалжып келеміз. Сол түні Аққұл өз шаңырағына түнеп шықты да, таңға жуық жарық дүниемен қоштасып еді.

* * *

Қолы бос кездерінде әкем өз бетінше оқытып, маған хат таныта бастады. Арабша еркін оқып, орысша сөз басын құрай білетін болдым. Алайда бұл екі тілдің де мәніне жете түсінбей, мағнасына жете мән бере бермейтінмін. Әйтеуір жеңіл-жеңіл есеп шығаруға құмар-ақ едім.

Биыл Гончаровтар бізбен тағы да ортақтасты. Бұл жайлы жыл еді. Ел аман-есен, малдар күйлі, егін жайлы, жұрт сыйлы еді.

Бір күні Кузьма шал келді. Әкем екеуі жерді аралап шықты. Егінжайға келгенде, ат үстінде тұрып, бірнеше масақ жұлып алды да, күс-күс алақанымен уқалап уатты. Сонан соң сапырылыстырып қауызын ұшырды. Алақанындағы моншақтай бадан дәнге қарап тұрып, таңдана бас шайқады.

— Якши, Момыш, якши,— деді ол қазақша білетін жалғыз сөзінің өзін жарытып айта алмай.

Әкем Кузьманың егін пісіпті, базар өткен соң, бүкіл үй ішімізбен келіп, бидай орамыз дегенін қимылынан түсінді. Уәде бойынша беретін қойыңды сонан соң ала кетеміз дегенін де аңғартыпты.

Әкем де Кузьмаға жалғыз сөзбен жауап берді.

— Хараша, Козьма, хараша!

Айтқандай-ақ апта өткен соң, Гончаровтар арба жегіп, екі аттық лобогрейкасын сүйретіп келіп те қалды.

Қыстаудың басынан қырман сайлап, әйелдер шөбін шапты. Сонан соң су құйып таптады. Біз Василий екеуміз арамшөптерді аулаққа апарып тастап жүрміз. Гончаровтың ересек ұлдары бұл кезде біреуі тырманы жөндеп, бірі тасты қашап, енді бірі лобогрейканың жүзін қайрап жатыр еді.

Шалдың өзі көкем екеуі қамыттарды тексерді. Әкем қол тырманы жөндеді. Осылайша кешке қарай бүкіл сауыт-сайманымызды әзірлеп үлгердік. Тишко мен Василь қойларын алып кету үшін, бізбен бірге ауылға еріп жүрді.

Біз келгенде өрістен малдар да қайтқан екен. Әр үй малдарын бөліп алып, қораларына қамап жатыр. Көгендегі қозы-лақ, арқандаулы бұзаулар енелеріне ұмтылып, азан-қазан күйге енген шақта келіппіз.

Мен қой сауған әйелдерге көмектесіп, қозыны алыстым. Василь де менімен бірге зыр жүгіріп жүр. Енелерінің желінін қақтап емген қозы, лақ, бұзаулар аздан соң емін-еркін жайылып бара жатты. Ымырт жабылғанда әкем Тишконы қораға ертіп келіп, "таңдаған қойыңды ал" деді.

Василь бізбен бірге қалмақ еді, Тишко көнбеді. "Қырман басына барып жатамыз" деп болмады. Алайда әкем сұраған соң, бір түнге қалдырып кетті.

— Ал, Вәсіл, бүгін сенен үлкен қонағымыз жоқ. Төрге шық,—деп әкем үйге алып кірді.

Төрт көзіміз түгел отырып, алдымен бауырсақпен қымыз іштік, сонан соң ет жедік...

Көрші үйдің баласы есіктен бас сұғып мені шақырды. Сөйтсем "ақсүйек" ойнамақ екен. Әкем "Василийді де апарыңдар" деген соң, бірге шықтық.

Тып-тынық қараңғы түн екен. Ауылдың балалары түгел жиналыпты. Біз келген соң, ойын да басталды. Ауылдың ересек кісісі "ақсүйекті" лақтырып жібергенде, бәріміз қараңғы түнге сүңгіп кеттік. Жер бауырлап сүйекті тінтіп жүрміз. Кенет бір бала жүгіре жөнелді. "Ақсүйек" сонда екенін бәріміз де сезіп қуа жөнелдік. Жетіп алып, үйме-жүйме бәріміз таласып жатырмыз. Ақыры бір жүйрігіміз мәреге жетті-ау.

Бұл ойын кейін байқасам, балалардың қараңғы түндегі көкпары сияқты екен ғой.

Василийге бұл ойын өте ұнады. Тіптен кезекті бір "ақсүйекті" іздеу кезінде ол ауыл балаларын алдап та үлгерді. Ақсүйекті тапқан болып Василий зыта жөнеліпті. Өзгелеріміз соңына түстік. Бірінші болып қуып жеткен бала біз барғанша Василиймен жағаласып жатыр екен. Қанша айтқанмен құрметті қонағымыз ғой. Мен араша түсіп ажыратып алдым. Сөйтсем Василий әлгі қуып жеткен баланың қолына "ақсүйектің" орнына ақ тас ұстата салыпты. Соған ыза болып төбелес шығарған екен. Бәріміз татуласып, әбден шаршап үйге қайттық.

Василий үйде қонақ болғанын, оны жақсылап күткені-

мізді, "ақсүйек" ойнағанын, төбелесте менің араша түсіп болысқанымды үй ішіне айтса керек, сол күннен бастап Гончаровтар мені іш тартып еркелете сөйлейтін болды. Бірақ әрқайсысы әр түрлі атап, атымды бүлдіріп бітті. Бірі — Бажан, бірі — Бардан, бірі — Буржан немесе Баржан деп тұрғаны. Ал аққөңіл кемпір мені тіптен баласындай бауыр тартып, Буроуржан дейтін.

Егін орағы да басталды. Бір шетінен машинамен, екінші жағынан бел орақпен орып жатырмыз. Бұрын қол орақпен оратынбыз.

Біз Василий екеуміз әйелдерге қосылып қырманды әзірледік. Алдымен су сеуіп, сабан төседік. Сонан соң ат жегіп, таспен бастырдық. Әйелдер соңынан сабанның қалдығын сыпырып тастады да, тағы да су септі. Қайтадан сабан төсеп, таспен жүргіздік. Түс кезінде орақшылар келіп көргенде, шынымен-ақ мақтады.

Екі күн қатарынан астықты орып, үшінші күні қырманға тасыдық. Үш үйме астық жиналыпты.

Бесінші күні қырман бастыруға кірістік. Василий екеуміз ат айдап, тас бастырдық. Үлкендер сабанын қағып, шетке ысырып жүр. Осылайша жұмыла еңбектеніп, үш күнде қызыл көтеруге даяр тұрдық. Қырманда тау болып үйілген алтын дәнге бәріміз де қызыға қараймыз.

Жиын-терінді көңілді аяқтап, ырысқа кенелгенімізге мал сойып, елге тараттық. Кешке Гончаровтар мен біздің үй асықпай-саспай, бажылдаспай-дауласпай емін-еркін отырып, тиесілі астықтарын бөлісіп алды. Гончаровтар бізді жексенбіге қонаққа шақырып кетті.

Жексенбі күні ертемен Евгеньевка жақтан орыс шіркеуінің қоңырау үні естілді. Ел базарға жиналып жатыр. Әкем мен көкем базарға мені де ілестіре кететін болды.

Біздің қыстаудың жанынан өтетін қара жолмен мал айдаған базаршылар шұбап барады. Біреулер ат жетектеп, біреулер қара мал қосарлап, енді бірі алдарына аша тұяқ уақ мал салып, көңілді кетіп барады. Көкем соңдай бір топқа төрт қой қосты. Біз сатпақпыз.

Базаршылар жарқын амандасып, жақсы тілек айтысады.

— Ассалаумағалейкүм, мал базарлы болсын!

— Алейкүм салам, айтқаның келсін!

— Сауданың сәтін берсін!

— Өзіңе де соны тілеймін!

— Мал пұлы бұйырсын!

— Періштенің құлағына шалынсын!

Осылайша бір-біріне игі тілек арнасып, дабырласып бара жатады.

Ол кезде қазақ үшін базар деген мал алып, мал сататын орын ғана емес, жүздесіп көрісетін, қол алысып, қошеметке бөленетін, тіптен сағынысып табысатын салтанат мекені сияқты еді. Тіптен азын-аулақ дау-дамай, ауыл арасының бітіспей жүрген кірбеңі, келелі мәселелер де осындай бас қосуда шешілетін.

Жексенбі базары Бурное станциясының орталығында болатын. Айналасы ат шаптырым үлкен алаңда адам деген құж-құж қайнайды. Алыстан көз салсаң, ала-құла сансыз доп дөңбекшіп жатқандай сезіледі. Кейде баяу толқын сияқты дамылсыз жылжып бара жатады. Құлағыңда ешкім ұғып болмайтын біртүрлі гүжілдеген үн тұрып алады.

Осынау сең ішіне бір шеттен келіп біз де араластық. Базар шеті де қызық. Әр жерде шоғыр-шоғыр болып тізгін түйістірген аттар үймелейді. Кей тұста арбалар қаптап тұр. Бір шетте есектер азынайды. Еншісі бөлек ауылдай бөлшек-бөлшек тірлік әйтеуір.

Байқасам, базарға келмейтін жан жоқ екен. Алыс болыстың қазақтары, ала шапан өзбектер, тақиялы татарлар, күнқағарын басына киген қаба сақал орыстар, әр түсті әйелдер құмырсқаның илеуіндей құжынайды. Осы аласапыран, алабажақ, астан-кестен тірліктің ішіне сүңгідік те кеттік. Топ ішіне кірген соң, бағыт іздеп, басар жерді бағдарлаймын деу бос әурешілік екен. Сең қалай қозғалса, сен де солай жүре береді екенсің. Әйтеуір бет алдыңнан бір бұйымның кездесуі анық.

Байқасам, базар аумағының өзі ойдым-ойдым болып, бұйымына қарай, сатар малына қарай жік тауып бөлінеді екен. Бір жерде қаз тізіліп, алдына бар дүние-мүлкін үйіп қойып өзбектер отыр. Бетіне қарағанның белін басып көріп саудаға шақырады. Әлеміш бұйымдарын бұлғақтатып, көзіңді қызықтырады. Онан әріректе өрік-мейіз, жаңғақ-жармаларын сапырыстырған өзбектер жалаңдайды. Бір бүйірде пияз-шөптерін бумалап орыстар отыр. Тағы бір жерде месті бүлк-бүлк қозғап қойып, қою қымызын кесеге лықытып, қияқ мұрт қазақтар отыр. Сеңмен бірге қозғалып жүре берсең, алдыңнан әңгелегін аспанға лақтырған қауыншылар шығады. Астық сатқан адамдар қабының азуын қайырып қойып, таразы мойнын тартқылайды.

Мал базары бүйірлеу тұста екен. Түліктің түріне орай, мұнда да қосақ-қосақ қой, қатарласқан жылқы, қайқы мүйіз сиырлар бөлек-бөлек. Сатушы мен алушы алақандарын сарт-

сұрт соғып, бастарын дамылсыз шұлғысады. Араларында дәнекер болып, дәм татып жүрген делдалдар қаншама!

Әкем алғашында мені адасып кетпесін деп жетелеп жүрді. Аздан соң бойым үйренгенін көріп, еркіме жіберді. Қолыма екі-үш күміс теңге де ұстатты. Тоқайласар жерімізді белгілеп, пысықтап қояды.

Мен өз билігім өзіме тиген соң, әр қатарға түсіп алып, базардың бұрыш-бұрышына дейін қоймай араладым.

Осылайша орыстар отырған қатарды аралап, таңырқап келе жатқанымда, біреу көзімді баса қойды. Мен бұлқынып босанбақ ем, оған болмады. Сөйтсем өзімнің Василий досым екен.

— Жүр,— дейді ол қолымнан тартып,— анау жерде әкем мен шешем отыр. Соған барайық.

Сөйтсем бір шетте арбасын қарбызға толтырып, білек сыбанған Гончаровтар тұр екен. Сауданың қызғаны сонша, Василийдің шешесі біздің келгенімізді аңғарған да жоқ. Біз досымыз екеуміз арбаның көлеңкесіне отырып бір қарбызды жарып жедік. Біздің қарсымызда бір топ орыс жігіттер тізерлеп отырып алып, арақ ішуге кірісіпті. Одан шеткеріректе орамалдарын шарт түйінген күлімкөз орыс қыздары сыбырласып күледі. Алдарында бұйрашаш, кестелі көйлегінің қисық жағасы жайлауға кетіп, мәз болған орыс жігіті қобызын созып ән айтады. Қыздар қылымсып, тылсым күлкілерімен арбап алғандай, әлгі жігіт айналсоқтап сол жерден шығар емес. Ақыры қыздарды биге тартып тынды-ау. Әлгі топ қыз мың құбылып, бірінен соң бірі жер тепкілеп әндетіп билей жөнелгенде, дүйім жұрт көпке дейін қызықтап тұрды. Біз осынау топтың арасынан әрең сытылып шыға бергенімізде, алдымыздан ұзындығы бір қарыс тәтті ұстаған өзбек шыға келді. Әлгінде әкем берген тиындар сол өзбекке бұйырды...

Осылай тәтті сорып, тамаша көріп келе жатқанымызда, алдымыздан Аюбай жездем шықты. Ауылдың амандығын сұрап, әкемнің қай тұста жүргенін анықтады. Мені ауылына алып кетпек еді, Василий қонаққа шақырып қойғанын айтты. Сонан соң ол екеумізді ертіп апарып, өрік әперді. Ауылға сәлем айтты да, топ ішіне кіріп сіңіп кетті.

Түс қайта базар тарқай бастайды екен. Жұрт сирепті. Мен Василиймен қоштасып, әкемдер жаққа бара жатыр едім, таныс дауыс елең еткізді. Қарасам, сонау жылдары Үбианның бетін ашқан Өтеп ақын екен. Қасында ерген екі жігіті бар.

Өтеп ат үстінде, тік тұрып жар салып келеді.

Уа, жараңдар, жараңдар,
Құлақ, сап маған қараңдар.

Қарагер атты жоғалттық,
Кім көрді, қандай адам бар!
Иесі мына ер жігіт,
Жинайтын дәйім адал мал.
Күміс жал, күржік желкелі,
Құйрығы оның келте еді.
Құлыннан қолда өсірген
Қиқу көрсе көсілген,
Жүйрікке қошқар атаймыз —
Табылса, сақтап кесірден,

— деп тақпақтап, тәпіштеп өтіп барады. Әлгі атын жоғалтқан кісі "бәрі дұрыс" дегендей бас шұлғи береді.

Бері қайтқанда, Өтеп енді сол жағындағы жігіттің өтінішін айтып жар салды. Ол жігіт әкесінің қырқын бермек екен, соған елді шақырыпты.

Әкесі жақсы кісі еді,
Жетпістен асқан мүшелі.
Иманды болсын жарықтық,
Нұр жұмақ болғай түсері.
Кісі екен жүрер көпті іздеп —
Тірлікте қалған текті із көп.
Келіңдер, қырқын өткізбек,—
Өтінді ұлы жеткіз деп.

Осыны айтып, қан базарды қақ жарып өтіп барады. Мен "базар деген хабар ошардың, жарлық пен жалпы жаңалықтың да орны екен-ау" деп ойлап ем...

Біздер базардан ол-пұл қарыштап, Евгеньевкадағы Гончаровтардың үйіне келдік.

Бұған дейін орыс қыстақтарында болған емес едім. Әйтеуір жыбырлаған үйлерге сыртынан қарап өте беретінбіз. Енді көшелерін аралап, үйіне де кірмекпін. Жол бойы біз базардан қайтқан евгеньевкалық тұрғындардың біразын басып оздық.

Жолдың бәрі барынша сәнді киінген адамдарға толып кетіпті. Екі еркек кеудесі алқам-салқам, шашы әбден ұйпаланған бір мас жігітті теңселтіп сүйреп барады. Анау болса тартыншақтап жүрмей, бар даусымен барқырап айқайлайды. Тіптен балағат сөз айтатын болуы керек, қыз-келіншектер құлағын басып зытып барады. Көкем әлгі масты таныды: "мынау бұзық Иван ғой!" деді қасынан өте беріп.

Иван да танып үлгерген екен, жетелеп келе жатқан екеудің қолынан сытылып шықты да, жерден тас алып бізге қарай лақтырды. Бұл тас көкемнің атының жамбасына тиді.

Сол-ақ екен, көкем ат басын бұрып ұмтыла берді. Бірақ әкем қатты зекіріп, тыйып тастады.

— Маспен егесіп, мас боласың ба,— деп ұрысты.

"Бұзық Иван" тағы бір кесекті атып жіберіп, біз жаққа жұдырығын түйді. Сөйтсем ол көкем екеуі ертеден бері егесіп жүреді екен.

— Бұл ит атқа мініп, қорықшы болып жүрген кезінде талай тиіскен. Сонда-ақ қамшымен сабап едім. Енді құдайға шүкір, бәріміз теңбіз ғой...

— Оттама!— деді әкем әлгі сөзді бөліп, — теңдік сендер сияқты тентектердің төбелесі үшін берілген жоқ шығар...

— Өзі тиісе берсе, жұдырығына жон тосып тұра бермекпін бе?— деп қызына сөйледі көкем.

— Сәлем, Момыш!— деді осы кезде арбада отырған ши қалпақты кәрі орыс.

— А, Тимошка, аман-аман!— деді әкем де жымиып.

— Неге қарайлап тұрсың.

— Ей-ей, мына ақымақты апарып салмасам болмас,— деді шал мастың қылығына ұялғандай қызарақтай сөйлеп.— Бір оңбаған болды ғой. Базар сайын ішіп алып, құтырынады да жүреді албасты.

— Тимофей аға,— деп айқайлап келе жатыр екен әлгі мас.— Момынқұлды ұстаңыз. Мен оның мойнын бұрап алайын.

— Ал жүре беріңдер. Мұнымен байланысып, абырой таппассыңдар,— деді Тимофей бізге масты нұсқап. Біз ілгері озып кеттік.

Түп-түзу көшесінің қос жиегін көк терек көмкерген Евгеньевка Алатаудың алақанында жатқандай көрінеді екен. Аппақ әдемі үйлерінің төбесі өркештеніп, аспанға өрлеп тұр. Сабанмен жабады екен. Әр үйдің аумағы да, ауласы да үлкен. Тор темірмен қоршап қойыпты. Тек қақпаға кіре берістен көпір жасалған. Шыны терезелер күнге шағылысып, әлемнің сәулесін молайтып жібергендей сезілді.

Әр жылғаны, бастау басын қуалап, үрке қонған біздің ауыл Евгеньевканың жанында ойыншықтай көрінді. Қатар түзеген еңселі үйлердің мысы басып, біртүрлі болып келем. Үлкен қалалар да осы сияқты шығар, бәлкім.

Біз үшінші көшені кесіп өте бергенімізде, бір үйдің қақпасының алдында тұрған Тишконы көрдік. Шамасы бізге қарайлаған болуы керек. Тани салып, қол бұлғап қарсы жүрді. Осылайша Гончаровтардың ауласын да көрдім. Балшықтан соғылған кең аула тап-таза екен. Қақ ортада тырна мойын құдық тұр.

Гончаровтың балалары біздің аттарымызды жайғастырып жатыр. Ал кемпірі мен шалы үйге бастап кірді. Аппақ етіп әктеген үлкен бөлмеде ағаш кереует тұр. Үстін қолдан тоқыған бүркеншекпен жауыпты. Бір бұрышта үлкен орыс пеші. Биік сандық, стол, екі ұзын отырғыш, үш-төрт пәкене орындықтан басқа жиһазы жоқ, жер еден үй екен.

Пеш қабырғасында ішекше созылып, ұзыннан ұзақ кенеп орамал ілулі тұр. Ішке кіргенде бұрышта қаптаған иконларға бірден назарым ауды. Көзімді алмай, қараппын да қалыппын. Суреттің жиек темірлері жалт-жұлт етеді. Мұнда қабасақал ата құдай бейнеленіпті. Оның оң жағында сәби көтерген ана құдай. Сол жағында Айса пайғамбар. Бәрінен төменіректе басы салбырап, қолы қадаға керілген біреудің суреті: жан түршігер азапқа түсіп тұрғаны жүзінен аңғарылады. Дәл соның түбінен балауыз шам жағып қойыпты. Көмескі жарық осынау күңгірт бұрышқа еміс-еміс сәуле шашады. Әр суреттің жиегін дала гүлімен көмкеріпті...

Менің шектен тыс таңырқап отырғанымды сезген әкем, егжейлеп түсіндіре бастады.

— Мұның бәрі орыс құдайларының бейнесі, — деді әкем суреттерді нұсқап.— Осы суреттерге бәрі табынады. Анау ақсақалды шалы — Ата құдай, мына сұлу әйел — Айса пайғамбардың шешесі, қолындағы көтергені пайғамбардың сәби кезі. Ал мына сол пайғамбардың есейген шағы. Төмендегісі Айсаны дінсіздердің азаптағаны ғой...— Әкем біраз ойланып отырды да, сөзін жалғады.— Әрине, орыстар жаңсақ діннің жолында жүр. Әйтпесе өздері салған суретке өздері табынар ма еді. Адамды құдай жаратты, құдайды адам жаратқан емес,— деп бітірді.

Әкем мен Кузьма шал шаруа жайын әңгімелеп отырғанда да, мен иконлардан көз алмадым. Бұл кезде дастарқан да жайылып еді. Стол шетінде ысқырынып, бүйірлі самауыр тұр. Кемпір сүлгімен шыны аяқтарды сүрте бастады. Екі келіні — Манька мен Санька, пышақ, шанышқы әкеліп, нан кесіп жатыр. Піскен картоп, қара өрік қосқан созба қойылды. Ең соңында буы бұрқырап, шөген қазан келді.

Гончаровтар құдайларының қасына барып шоқынды да, асқа келді. Кемпірі шай құйды. Шал әкемді дәмге шақырып, ишарат білдірді. Тишко бұл сөзді аударып берді.

— Әкем мына дастарқанның үстінде шошқа атаулының иісі араласқан тағам жоқ дейді. Міне нан, мынау шекер, мынау картоп, жеміс бәрімізге ортақ. Қазандағы құстың еті. Сондықтан Момыш тартынбай, жиіркенбей, сескенбей, өз үйіңдей отырып, тамақтансын,— деп отыр әкем.

Тишконың тілмаштығынан кейін шешесі күліп жіберді.

— Мыналарың не деп жатыр, Тишко?— деп сұрады көкем әлгі күлкіден қысылып.

— Бұлар Момынқұл дастарқанға күдікпен қарап отыр деп күліп жатыр,— деді Тишко бізге қарап күліп қойып.— Ал дәм алыңыздар.

Дастарқан басында бәрі де көңілді отырды. Мені Василий далаға ымдап шақырып жүр. Әкемнен рұқсат алып, сыртқа шықтым.

— Біздің бар байлығымызды көрсетсем, жалықпайсың ба?— деп сұрады Василий босағадан аттай беріп-ақ.

Алдымен құдық басына келдік. Ол құдықтың қақпағын ашты. Төмен үңіліп қарап жатырмын. Құдықтың қабырғасы таспен өрілген екен. Түбінде көздей тұнық су беті көрінеді. Василий тырнамойын иінмен қалайша су тартылатынын көрсетті. Суы әрі мөлдір, әрі мұздай екен. Сонан соң ол мені атқораға, онан соң қамбаға, содан кейін бау-бақшаға ертіп апарды. Екеуміз бәрін асықпай аралап шықтық. Мен бұлардың бар шаруасы тындырымды, тап-тұйнақтай, өте жинақы екеніне қызықтым. Біздің ауылдың тірлігі мұның қасында ретсіз дүниедей көрінді.

Мен енді шіркеулеріңді көрсетші деп едім, Василий басын сипап тұрып қалды. Сонан соң аз ойланып:

— Жарайды, тағы бір келгенінде көрсетермін. Бүгін болмайды,— деді.

* * *

Күз жаңбырлы болды да, суық ерте түсті. Айнала көктайғақ болып көңілсіз сәттер көбейген сияқты. Жазда — шаң, күзде — қақаған қара суық, қыста — алай-түлей боран әкелетін қыбыланың желі күшіне қайта еніп тұр.

Осындай күндердің бір кешінде әкем менімен кәдімгідей ақылдасты. Оқу жайлы сөз қозғап отыр.

— Сені орыс оқуына берсем ғой, өмірді жетігірек білер едің. Орыс оқуы тұрмысқа да, тұраққа да, ілімге де, білімге де жақын сияқты,— деп бастады әңгімесін әкем.— Біздің молдалар құранның екі-үш сүресін жаттаумен тынады емес пе. Ал орысша оқысаң — жаза да білесің, басқа тілде кітап оқисың, орысшаға жетік боласың. Қатарыңнан кем етпейтін де осы орыс тілі сияқты ғой.

Көкем әкеме қарсы дау айтып, күдігін білдіріп жатыр.

— Момыш жалғыз ұлын орысқа беріп, мұсылмандықтан кеткелі жүр ме деп күлмей ме еліңіз. Сол жағын ойласаңызшы,— деді.

— Жұрт сөзіне еріп қайтеміз,— деді әкем інісіне.— Олай десең, пайғамбардың да арғы тектері дінсіз болған ғой. Ал біздің Бауыржан, құдайға шүкір, мұсылманша көзі ашық емес пе. Орысша оқыдым деп, діннен безе қоймас. Казіргі заман ағымы да осы оқуды қалайтын сияқты. Анау Садықты көрмеймісің. Елдің сүйіктісі болып жүрген жоқ па. Орыспен де тіл табады, істің орайын біледі.

Түнімен ағайынды екеуі осылай айтысып отырып, ақыры ортақ мәмілеге келген сияқты. Мені орыс мектебіне беруге келісті. Ертеңіне көкем Евгеньевкаға барып қайтты. Кешкі ас үстінде ол менің Гончаровтардың үйінде жүріп оқитынымды айтты. Ол үшін мұғалімге бір пұт ұн, бір пұт жарма, бір пұт бұршақ бермек болып келісті. Ал оқу құралдары қағаз, қалам үшін бір қой сұрапты. Гончаровтар менің жүргенім үшін пәтерақы алудан бас тартты. "Әйтеуір Бауыржанның өзіне жететін ет жеткізіп берсеңдер болғаны" депті. Көкем қой апарып беретін болыпты.

Таңертеңмен көкем екеуміз жолға шықтық. Көрпе-жастық, аздаған азық-түлік алып келеміз. Жолда ауылдың бір кісісі жолығып қалып, жөн сұрады. Біз мән-жайды түсіндіріп едік, ол тулап шыға келді.

— Апырау, бұл не болып барады. Демек шоқындырғалы апара жатыр екенсің ғой. Ай-ай, масқара-ай, Момыш сияқты сыйлы ақсақалдар өзінің жалғыз ұлын орысша оқытса, өзгемізге не жоқ. Өле кетсек, құран орнына шоқынды сөзін айтқызбақ па екен?— деп соңымыздан айқайлады.

— Жоқ, Бауыржан, әлгінің сөзі рас. Бұл болмайды екен. Ауылға қайтамыз, өзге балалар не күн көрсе, соны көреміз,— деді көкем.

Мен үнсіз ілесе бердім.

Осы бір оқыс оқиға менің оқуымды бүтіндей екі айға кешіктірді. Көкем орысша оқуыма мүлдем қарсы болып, қасарысып алғаны. Аюбайдың ауылына барып, молдадан оқы деді. Бірақ оған қарсы әкем екеуміз едік. Ақыры жеңді-ау.

Сол жылы қыс қатал болды. Қар қалың жауып, аттатпайтын халге жеттік. Мал қолға қарап, жинаған шөпті жалмап бара жатқан соң, көкем бірлі-жарым малды Қаратау жаққа, туысқандарымызға айдап апарып тастады. Малдың шөбі таусылып, отыннан да жұтай бастадық. Бәрін үнемдеп жұмсамасақ, үрпиісіп отырып қалатын түріміз бар. Әсіресе малды ауылда маза жоқ.

Көкем Головочевка жақтағы қыстаудағы малдарға жиі баратын болды. Келген сайын қабағы түсіп, қайғысы мола-

йып қайтады. Бір бау шөптің өзі бір малдың құнынан асып кетіпті.

Көкем бір орыстан шөп алуға келісіп, жартылай төлеп, сенім пұлын тастайды да, өзі базарға мал айдап сатыпты. Қайтып келіп, қалған ақшасын төлеп, шөбін алайын десе әлгі орыс бас шайқап мәз болып отыр дейді.

Сөйтсе көкем алатын нарықтан да қымбаттатып өзге біреуге сатып жіберіпті. Бұған ашуланған көкем жанжал шығарып, ақыры аяғы төбелеспен тыныпты. Екеуін де бөлімше милициясы бір күн қамап, жауап алыпты. Милиция өкілі бір ауыз да қазақша білмейтін адам екен. Көкемнің сөзіне түсінбей, "бильмей" деп отырыпты. Содан не есесін ала алмай, не егжей-тегжей түсіндіре алмай, тіл білмей, қор болып келген беті екен.

— Бұл тілдің қорлығын-ай! Арызыңды айта алмай, дәлелді жауап қайтармай, мақау адамша иығынды шошаңдата береді екенсің,— деп күйіп-пісті көкем.

— Болды енді, түңіле бермей,— деп басу айтты әкем.— Қайта орыстар қабырғаңды сындырып, қаматып тастамағанына шүкір де.

— Неге өйтеді. Мен уәдеде тұрып, қалған ақшасын әкелдім ғой. Ол болса алдапты.

— Е-е, соныңды түсіндіре алсаң жақсы ғой. Осы оқиға көкемнің шымбайына қатты батса керек. Мені орыс мектебіне оқытамын деп, құлшынып шыға келеді.

Сол оқиғадан кейін көкем көп уақыт тұнжырап жүрді. Әсіресе малға қалған шөпті, тараштап шашып тұрғанда қатты қынжылатын. Мал мазасыз маңырап шулағанда, көкем еріксіз солармен сөйлесетін еді.

— Болды-болды. Мұнан артық берерім жоқ,— деп қолын қаға бастағанда, ала сиыры келіп алақанын иіскелейтін. Көкем оған да тіл қатады. Қоя ғой, әукешім. Көктем шықсын. Сонда көк шөпке тойдырмасам ба сені. Көктемге дейін сүйегіңді сүйреп шықшы әйтеуір,— деп тұмсығынан жайлап итеретін..

Қыбыладан жел үдеп, боран бұрқырап кетті. Апта бойы басылмай, аққөбігін шашып долданып тұрып алды. Үй арасына қатынаудың өзі мұң болып, ел от басында отырып қалды. Тек көкем ғана тонға оранып тысқа шығады да, мал суарып қайтады. Үйге келгенде үстіндегі қарын ұзақ қағып, тонын сілкілеп тұрғаны.

— Туу, айнала боз боран. Тіптен көршінің үйі көрінбейді,— дейді ол қолын уқалап. Төңіректің бәрі құтырынып тұр.

Біз тонға оранып алып, тамақ ішіп, ертегі тыңдаумен күн батырып жүрдік.

* * *

Көкем мені Гончаровтарға алып келді. Бұлардың үйі жыпжылы екен. Сыртта сөмкелерін қолтықтаған балалар, бірбіріне қар лақтырысып ойнайды. Араларында Василий де бар екен. Ол өзінің қарсыласын қармен қадап ұрды да, үйге қарай жүгірді. Мені көріп, қуанып айқай салды.

— А-а, Бауыржан келді!— деп құшақтай алды.

Василий мен Тишко бізді орыс "молдасына" ертіп барды. Әкемнің молда деп жүргені ұзын бойлы, ат жақты, қыр мұрынды, шашына ақ кірген, кең мандайлы орыс әйелі екен. Біз кіргенде ол қамыр илеп жатты. Бізбен қолын алжапқышына жасырып тұрып әңгімелесті. Тишко бізді таныстырды. Әңгіме өте қысқа. Ол маған еңкейіп, орысша бір-екі сұрақ берді. Мен жауап қата алмадым. Сонан ол Тишкоға әлдене деп тіл қатты. Тишко бізге аударып берді.

— Бұл кісі, Бауыржан орыс тілін білмейді екен. Түсінбеген соң, қиын болады ғой. Өзім болсам, қазақша білмеймін. Қалай үйретіп, қалай ұғынысамыз деп тұр.

— Егер Бауыржан орыс тілін білетін болса, мұнда әкеліп әуреленіп неміз бар,— деді көкем.

Мұғалім күліп жіберді. Әлден соң келісім берді.

— Жарайды, орысша оқытайық деп талап қылған екен, қала қойсын. Көреміз, бәлкім еңбегіміз жанып, үйреніп кетер. Сөйтті де Василийге бұрылып:

— Сен енді бұған көмектес. Әйтпесе оқи алмай жүрер,— деді.

— Көмектесем!

Көкем "әдепті бол, ұқыпты бол. Бұзықтармен дос болма. Сабағыңа көбірек көңіл бөл. Шошқаның етін жеп жүрме. Орыс құдайына табынып жүрме" деп пысықтады да, ауылға аттанып кетті.

Көкем кеткен соң, Гончаровтың кемпірі отыратын орнымды көрсетіп, жататын жерімізді белгіледі. Василий екеуміз пеш үстінде жататын болдық. Кемпір аз ойланып тұрды да, оқыс сұрақ қойды.

— Сенің "қойың" көп шығар?

Мен сұрақтың мағынасын аңғара алмай, үйіміздегі қойдың санын айттым. Кемпір күлді де, қойнына қолын салып, тырнағымен әлденені алған болды. Сөйтіп сығып көрсетіп жатыр:

— Міне осы сияқты "қойың" бар ма?

Не дерімді білмей, ызаға булығып, кеміткеніне шыдай алмай, көйлегімді сыпырып алып кемпірдің қолына ұстата салдым. Кемпір көйлектің бүкіл тігісін қарап шықты да, еш нәрсе таба алмай, өзіме қайтарып берді. Сұрағына ыңғайсызданды ма, кешірім өтінгендей басымнан сипады. Арқамнан қағып, көйлегімді кигізіп жатыр. Мұндай қорлыққа шыдай алмай, жылап жібердім, Шал кемпіріне бақырып ұрыса бастады. Гончаровтардың өзге мүшелері де шешесін жазғырып кіналады. Бейшара кемпір сасқалақтап, ақтала сөйлеп жатыр... Мені жұбатқысы келсе керек, Василийді ұстап алды да, қыңсылағанына қарамай, көйлегін шешіп тігістерін тексерді. Мен сонда да өзіме келе алмай, өксіп тұрдым. Бәрі де мені аймалап, осы бір өкпеден тезірек жазып алғысы келгендей құрақ ұшады. Кемпір маған мейіріммен қарайтын болды. Біраз күннен соң, мен өкпемді ұмытып кетіп едім...

Кешкі астан соң Василий сабағына отырды. Ал Тишко менің әліппемді алып, әріп үйрете бастады. Мен бұл алфавитпен таныс едім. Бірақ әкем үйреткенде Б мен В-ның, К, Г және Х әріпінің; С мен Ц-ның, Е, И, Э және Й әріптерінің айырмасы жоқ сияқты бірдей естілуші еді. Ал Ъ, Ы, Ь әріптері дегенді естіген емеспін. Гончаровтар бәрін анықтап ұзақ үйретеді. Амал қанша, жуық арада басыма қонар емес.

— Ал кәне, — Василий деп айтып көрші.

— Басиль,— деймін мен оған.

— Жоқ, Басиль емес, Василий,— дейді Тишко,— түсіндің бе, В, Ва...

— Бесиль,— деймін мен. Сөйтемін де, одан солай ма деп сұраймын.

— Жоқ, тағы да дұрыс айтпай отырсың, Бе емес, Ва, Васи-лий. Түсіндің бе?

Олар осынау қиын әріптер кездесетін орыс және қазақ сөздерін мысалға келтіреді. Бірақ миыма кіріп жатқаны шамалы.

Орыс мектебіндегі алғашқы сабағым осылай басталған еді.

* * *

Василий пеш үстіне шығады да, мені шақырады. Пеш үсті ысып тұр. Мен әкелген көрпе көлдей, әрі түйе жүні салынған еді. Василий мен келгенше кеудешесін киіп, жұқа бөз көрпе жамылады екен.

— Ал кәне,— деді ол.— Сенің көрпеңді төсеніп, менің көрпемді жамыламыз ба? Ысып кетеміз ғой.

Екеуміз келісе кеттік.

Пеш үстінде жатып көрмегендіктен бе немесе жаңа ортаға үйрене алмай жатырмын ба, әлде ертең көретін мұғалімнің алдында қалай боларын ойлаймын ба, әйтеуір дөңбекшіп ұйықтай алмадым. Василий болса рақаттанып ұйқыға кеткен. Денем күйіп кеткен соң, көрпені теуіп тастадым. Көзім ілінер емес. "Мен мына жерде ыстықтан буынып жатқанымда, ауылдағылар үй ішінде қалтырап, қабат-қабат көрпе жамылып жатыр-ау" деп ойлаймын. Бір ой мен бір ой сапырылысып, әбден қалжырағанда қалғып кетіппін.

Таңертең Василий мені тартқылап жүріп әрең оятты.

— Бауыржан, тұр-тұр. Мектепке барамыз. Мен ұйқылы ояу әлденені айтып, Василийді итеріп жіберіппін. Әбден болмаған соң, Василий аяғымнан сүйретіп еденге түсіргенде ояныппын. Ұйқымды аша алмай, сонда да жата берсем керек, Санька сөйледі:

— Сілкілесеңші оны. Көзін аша алмай жатқанын көрмей-місің. Мына "қырғыздың" ұйқысының қаттысы-ай,— деп қарқ-қарқ күледі.— Өз үйінің төрінде жатқандай жайбарақат қой өзі. Дамбалын сыпырсаң тұратын шығар, бәлкім.

— Мама, мынаны қарашы,— деді Василий шешесіне,— Санька ұйықтап қалған балаға күледі.

— Не десең ол де, Василий. Мұғалім екеуің босқа әуреленесіңдер. Қалай оқытсаңдар да, мынауың баяғы "қырғыз" күйінде қалады.

Осынау тілі қыршаңқы әйелдің ұлы сөзінің мәнін кейін түсіндім. Мен тұрып киінгенде де, Василий мен кемпір екеуін қағытып, Санька келіні әлі тиісіп жүр екен. Тіпті болмаған соң, кемпір келініне кейіп ұрысты. Сонан соң ол Василий екеумізді тамақтандырып, сөмкемізге бір-бірден созба нан салды. Василийді бұрышқа ертіп апарып шоқындырды да, маңдайынан сүйді. Менің қасыма келіп:

— Ал, Баурбуржан енді сен мұсылман болсаң да, құдай тілеуінді берсін деймін,— деп басымнан сипады.— Якши, жақсы оқы. Ал, Василь бұған бас-көз болып жүр. Байқа ауылдың тентектері тиісіп жүрмесін...

Василий екеуміз мектепке қарай жүгірдік. Тысқа шықсақ, әр үйден кітап ұстаған балалар өріп келеді екен. Бізге келіп қосылған соң, бәрі мені түртпектей бастады.

— Бұл, қай "қырғыз", Василь?

— Бұл біздің танысымыз Момыштың баласы, енді бізбен бірге оқитын болады,— деді Василий.

— Өзі орысша біле ме?

— Аздап біледі. Үйреніп кетеді ғой.

— Әліппені біле ме, жоқ па?

— Оны аздап біледі.

— Жазуын қайтеді?

— Өзің қалай үйреніп ең?— деп дүрсе қоя берді Василий.— Сен сияқты бұл да үйренеді.

— Өзі қайда тұрмақ?

— Біздің үйде, менімен бірге тұрады,— деді Василий.

Осы кезде қоңырау үні естіліп еді, балалар мектепке қарай жүгірді. Есік алдында көз нұры тайған, көнелеу тері құлақшын киген шал кішкене қоңырауды сілкілеп, безілдетіп тұр екен.

Класқа балалардың соңынан кірдім. Оқушылар шешініп, сыртқы киімдерін іліп жатыр. Оларды көріп мен де шапаным мен құлақшынымды шешіп, ең шеткі шегеге ілдім. Мұғалім келді. Барлық оқушылар орнынан тұрды. Мұғалім сәлемдесіп еді, оқушылар бәрі де бір дауыспен: "сәлеметсіз бе, Мария Ивановна" деді.

Мұғалім қабырғадағы қара тақтаның алдына тұрып алып, оқушыларға күлімсірейді. Жұмсақ шашы желкесіне түйіліпті. Ақ жағалы қара көйлегі жер сызады. Қынай буған барқыт белбеуі мықынын айқындай түседі екен. Жоғарыдан біртүрлі тәкаппар қарағандай сезілді. Осылайша ол мені көрді.

— Бері келші, балақай,— деп шақырды ол мені. Қасына бардым.— Міне, бері қараңдар, оқушылар,— деді ол өзгелеріне,— мына қазақ баласы бізде оқитын болады. Сендер зәбірлеп жүрмеңдер, араларыңдағы жалғыз қазақ қой. Өздеріңдей көріп, өгейсітпеңдер. Бұл біздің Гончаровтардың танысының ұлы.

— Бұл орысшаны аздап түсінеді,— деді Василий мен үшін жауап беріп.

— Жарайды, жақсы екен. Онда енді оқуға кірісеміз,— деп мұғалім мені көкшіл көз, шашына бантик байлаған қыздың қасына отырғызды.

Мен отыра бергенде, әлгі қыз одырая қарап, партаның екінші шетіне сырғыды.

Сабақ басталды. Мұғалім әліппені ашты да, тақтаға қасымдағы қызды шақырды. Ол үй тапсырмасын тақылдап айтып берді. Бормен қара тақтаға үлкен әріптің жазылғанын тұңғыш рет сонда көрдім. Қыз бірнеше сөз жазды да, оны өшірген соң, орнына келіп отырды. Тақтаға тағы бір бала шығып, әлгі сөздерді жазып еді, талай қате жіберіпті. Мұғаліміміз сол арада түзетіп көрсетті... Әрине мен оның көбін түсініп отырғам жоқ.

Мектебіміз мені баяғыдан қоңырау үнімен еленгетіп

жүрген шіркеудің қарсысында екен. Кәдімгі қам кірпіштен салынған еңселі үй. Күмбезденіп ойылған үлкен жиектері бар. Баспалдақтары ағаштан жасалған екен. Төбесі темірмен түнікеленіпті. Оның үстіне ағаштан соғылған үйшік бар. Үйшік толған үлкенді-кішілі қоңыраулар. Ең төбесінде айқыш темір қадалған күмбез. Шіркеудің іргесіндегі поптың үйі. Аумағы екі-үш үйдің жеріндей көсіліп жатқан шіркеу өзге үйлерге төбеден қарап тұрғандай сұсты көрінді.

Сабақ арасындағы үзіліс кезінде балалар осы шіркеудің алаңында ойнайтын.

Екінші сабақта мұғалім оқушыларға тапсырма берді де, мені шақырып алып қасына отырғызды. Әліппені ашып, жеке түсіндіре бастады.

— Көрдің бе, әліппені біледі,— деді Василий қасындағы балаға.

Мұғалім менен әліппені сұрады. Алфавиттің бәрін айтып бердім. Мұғалім ретті жерінде түзеп отыр. "Ве, Ка, Ха, Це, Ша, Ща, Че, Ю" деп ол мен дұрыс айтпаған әріптерді қайталады. Сонан соң әлгі әріптерді әдемілеп жеке жазды да:

— Міне осыларды жаттап кел. Оқу мен жазуды кейін бастармыз.

Енді ол әліппені ашты да, бір бетіндегі жазуды жаймен оқып шықты. Мағынасын түсіндірді. Оқушылардың өздеріне оқытты.

Үшінші сабақ — есеп екен. Қызықты өтті. Сабақ алдында мұғалім үйге берген тапсырманы шығардыңдар ма деп сұрады. Оқушылар шығарып келіпті. Мұғалім тақтаға есеп жазды.

— Бәрің де осылай жазып келдіңдер ме?— деп сұрады.

— Бәріміз де,— деп шу ете қалды оқушылар.

Мұғалім дәптерлерді тексеріп, қателерін көрсетті. Шығару жолдарын тақтаға жазып көрсетті. Сонан соң жаңа есеп түсіндіріп, үйге тапсырма берді. Оқушылар тақтадан тапсырма көшіріп жатқанда, мұғалім менің қасыма келді. Дәптеріме анықтап тұрып, онға дейін сандарды жазып берді.

— Один — бир, два — еки, три — үш, четыре — торть, деп, — аудармасымен түсіндіре бастады. Маған қайталатып еді, мүдірмей санап бердім. Өйткені орысша жүзге дейін мүдірмей санай алатынмын. Оқушылар мен жаққа райсыз қарап қапты. Мұғалім оларға жауап бергендей:— Иә, орысша санай біледі екен,— деді.

Мақтауға мәз болып, жиырмаға дейін санадым.

— Жақсы,— деп құптады мұғалім,— бірақ "дбанасат" емес

— "двенадцать, тринадцать" деп айт. "Шеснасат" емес, — "шестнадцать". "Дебетнасат" емес — девятнадцать". Түсіндің бе?— деп сұрады. Василийге де менің дұрыс айтуымды қадағалауды тапсырды.

Менің орыс мектебіндегі алғашқы сабағым осылай басталып еді.

Гончаровтардың көмегімен мен жаман оқығам жоқ. Кемпір мен шалдан басқасы маған қамқор болып, сабақ үйретеді. Шал мен кемпірдің өздері сауатсыз еді. Есептен жүйрік болып шықтым. Бірақ есеп жолдарын дәптерге ретімен жаза бермейтімін. Ойша шығарып, жауабын ғана жаза салам. Мұғалім бұған қиналатып. Сабақ сайын есеп жолдарын жазуды түсіндіреді. Тілді нашар білетіндіктен, мұғалімнің түсіндіргенін шала-пұла ұғушы едім. Бірақ ол үйретуден жалыққан емес.

Әліппе оқитын болдым. Дәптеріме де бірлі-жарым өрнектер түсе бастады. Көп сөзді түсінбесем де, көшіре беретінмін. Сөздің мағынасына мән бермесем де, жаттап алушы ем...

Күн сайын орыс балаларымен достасып, оқуым да жақсара берді...

Бұл өз алдына бір әңгіме. Реті келгенде кейін айтып берермін.

МУЗЕЙ АПА

Әңгіме

Көзімнің тірісінде
бастарыңды ажыратпаймын.

Балалар ат қойғыш келеді.

Мен бір жол оқалы парадтық мундирімді киіп, Құрманбектің үйіне басқа қонақтардан кешігіңкіреп бардым. Үй толы адам екен.. Осы үйдің жаңадан тілі шығып келе жатқан баласы Дәулетке әкесі қонақтарын "Аға" деп айт деп, таныстырып қойған білем. Жас сәбиге әркім-ақ мейрімі түсіп, жылы сөз айтып, жылы лебіз бідіруге тырысатыны бәрімізге мәлім. Мен Дәулетке арнап бірнеше ойыншықтар әкеліп едім. Әсіресе оған доп дөңгелетіп жүрген бұрандалы көк мысық ұнады.

— Ай, Дәулетик, саған мысықты кім берді? – деп сұрады ойнап жүрген баладан әкесі.

— Әйей аға берді, — деп жымиып күліп: — әйей аға! — деп қайталады сәби. Отырғандар ду күліп жіберді. Содан бастап мен көп жыл бойы балалар мен семьялар арасында "Әйей аға" атанып жүрдім.

Менің "Наша семья" деген кітабымды оқығандардың көбінің есінде туған апам Үбиан да болар...

Үбиан биыл алпыста. Ол кісінің шын аты ұмытылғанына жиырма шақты жыл болды. Үлкеніміз бар, кішіміз бар ол кісіні Музей апа деп атаймыз.

Оған себеп:

Менің балам Бақытжан кішкене кезінде Алматының музейіне барып, жаулық киіп, күндік орап тұрған экспонатты көреді. Үйге қайтып келсе, кең кимешек, басына үлкен күндік ораған Үбиан төрде жайбарақат шай ішіп отыр екен.

Бақытжан мамасын ас үйге шақырып алып:

— Төрде шай ішіп отырған апа жаңа ғана музейде тұр еді ғой, ол бізден бұрын үйге қайдан келіп отыр? — деп сұрапты.

— Иә, ол кісі жаңа музейде тұрғаны рас. Күні бойы балалар көрсін деп тұрып, мүлдем шаршапты. Енді біздің үйге келіп дем алып, шай ішіп отыр. Ол — сенің папаңның туған апасы. Демек сенің де апаң болады, — дейді мамасы.

— Ал мен сол Музей апаның қасына барсам, маған ұрыспай ма?

— Жоқ, ұрыспайды, барғын!

Үбиан Бақытжанды қарағым-шырағымдап, аймалап сүйіп, қарсы алып, еркелетіп қасына отырғызады, көшеде ертіп жүреді, ойыншықтар алып береді...

Содан бастап Үбиан — Музей апа атанады да кетеді.

Музей апа соғыс жылдары алты баламен жесір қалған.

Соғыс жылдары, соғыстан кейінгі алғашқы жылдар ауыртпалығының барлық азаптарын өзі де, балалары де мейлінше көрді.

Үлкені Сапарбай әскерге барып, қайтып келеді, ауылда мұғалім. Оның үш баласы бар. Одан кейінгісі Үсен де әскер қызметін атқарып қайтқан. Ол аудандағы озат механизаторлардың бірі болып есептеледі. Оның да екі баласы бар. Июньбай болса — Теміртауда горновой болып істейді, оның бір баласы бар. Басқа балалары студенттер.

Ауылдағы үлкен екі баласының түнікеліп жапқан үш-төрт бөлмелі үйі бар. Көрпе-төсектері жұмсақ, қазан-ошақтары сай, тамақтары тоқ, киімдері бүтін, төрт мүшесі түгел...

Алдыңғы екі келінін Музей апа ұлттық салтымыз бойынша түсірген.

— Көзімнің тірісінде бастарыңды ажыратпаймын, — деп балаларына енші бөлдірмей, немерелерін бағып, келіндерін жұмсап, қос үйді қатар ұстап отырған би кемпірдің бірі. Музей апа бір жеті төркініне қыдырып кетсе, балалары да, келіндері де серкесінен айрылған қойдай не істерін білмей, бір-біріне жалтақтай береді, немерелерінің күтімі де бұрынғыдай болмайды.

Музей апаның қайтып келе жатқан қарасын көре салысымен-ақ барлығы:

— Апам келеді, апам келеді! — деп шуласып алдынан шығады. Кейде балалары мен келіндері оның сөзін жүре тыңдағанын сезсе, Музей апа ішінен: "бес-алты күн жоғалып кетіп, бұларға қадірімді тағы да бір білдіріп алайыншы" деп ойлап, бір нәрсені сылтау етіп не төркіндерінің, не жекжат-жұрағаттарының аулына бір жетіге кетіп қалады.

* * *

Музей апа — сылқым, кербез кемпір. Ол кең, мол, таза киінеді. Күндігінің үстінен көпіртіп капрон орайды. Аяғына әміркен лак мәсі мен жылтырақ галош киеді. Қолына білезік, сақиналар салады. Үстінде барқыт камзол, оның белі қыналып тігілген. Кимешегінің етегі әлі де ұзын, кең. Бойы тіптік, көйлегі ұзын, қос-етек. Аспай-саспай көлбеңдеп жүреді. Қысқасы, менің Бақытжаным мына айтқан сөзі өте дұрыс:

— Біздің Музей апа орта ғасырдан қалған стилягалардың бірі.

Апамды көрген сайын Бақытжанның осы қалжың сөзі ойыма түседі. Музей апа осы заманғы стилягаларды жаратпайды.

— Әлгі албастыларше, — дейді ол кісі олардың аттарын атамастан.

Ұзын тұмсық сары ботинкам
шиқ-шиқ етеді жүргенде.
Аузымдағы алтын тісім жарқ-жұрқ етед
сылқ-сылқ етіп күлгенде,

— деген өлеңді бес жасар немересі Сәулеге үйретіп қойыпты. Сәуле оны әндетіп айтып, бұлаңдап билейді.

Постановщик-режессер — Музей апаның өзі.

Сәуле әндетіп тағы да мынадай өлеңдер айтады:

Бұл сын-сықақ өлеңдердің бір шумағы:

Колхозымда-ау мін бар ма?
Еңбек етпей-ау — күн бар ма?

— деген қайырмамен бітіп отырады. Демек "әнші" Сәуленің концертмейстрі де Музей апаның өзі.

* * *

Музей апа хат танымайды, орыс тілін білмейді. Бірақ та орыстармен сөйлесу керек болса, ол ешкімді тілмаш етпейді, өзі сөйлеседі. Бір жолы мұғалім баласы тұмауратып қалып, ауданда мұғалімдерге жалақы беретін күні Музей апа Сапарбайдан сенім қағаз алып, аудандық оқу бөлімінің алдына барып отырады. Бөлмеде кассирді күтіп отырған мұғалімдер Музей апаның киміне қарап: "осы да мұғалима ма екен?" деп, сөз қылып отырғандарын Музей апа анық түсінбесе де сезеді. Мұғалімдер әрі-бері күбірлесіп болған соң, олардың біреуі:

— Сіз мұғалимасыз ба? — деп сұрағанда, Музей апа басын изеп қана жауап қатады.

— Қай класқа сабақ бересіз?

— Семой класс, — деп жоғарыдан бір-ақ соғады.

Мұғалімдер таңданып бір-біріне қарайды да тағы да басқа сұрақтар бере бастайды. Оған Музей апа түсінбейді, бірақ та "сыр алдырмайын" деген оймен, кекірейіп отыра беріп, барлығына "нишаво" деген бір-ақ сөзбен жауап қайтарады.

Барлығы біраз үн жоқ, түн жоқ отырысады.

Бір сөйлемпаз мұғалиманың айтқанынан Музей апа: "ал сіз мұғалима болсаңыз, жетінші класқа сабақ берсеңіз мына киміңіз не? Басыңызға мұншама материалды дудыратып ораганша мына ыстық күнде біз сияқты неге шляпа киіп жүрмейсіз?.." дегенін жорамалдап түсінеді. Ішінен ол

мұғалимаға ашуланып, не деп жауап қайтаратынын білмей отырып, кассадан ақшаны алып санап болып, жаңағы мұғалимаға бұрылып қарап:

— Шляпа не работаит, голова работаит, материал не мешаит, — деп шығып жүре береді.

* * *

Музей апаға жетекшінің керегі жоқ. Ол кісі өз тізгіні өз қолында болғанын қалайды. Бір жолы Алматыға келіп, ешкімді ертпестен, магазиндер аралап жүреді. Шаршайды. Магазиндер түскі үзіліске жабылғанда, үйіне қайтқысы келеді. Сөйтіп көшеде жүріп келе жатып, әр үйге бір қарайды, бірақ ол үйлер өзі түскен үйіне ұқсамайды, "е, адасқан екенмін ғой" деп ойлайды да, милиционерге барып:

— Порман көше это да? — деп сұрайды.

— Иә, бабушка, Фурманов көшесі осы.

"Келе жатқан бетім дұрыс екен ғой" деп, тротуармен ылдилата жөнеледі. Біраз жүреді, бірақ та іздеген үйіне ешбір үй ұқсамайды. Тағы да бір милиционерден.

— Порман көше это да? — деп сұрайды.

— Иә, бабушка, Фурманов көшесі осы.

"Төмен түсіп кеткен болармын, енді жоғары қарап іздеп көрейін" деп кейін қарай бұрылады. Біраз жүріп шаршайды, үйді таба алмайды. Милиционерден тағы да сұрайды.

— Иә, Фурманов көшесі осы, — дейді милиционер.

Оған ызыланған Музей апа екі қолын екі жаққа шошайтып милиционерге тіке қарап:

— Сюда Порман, туда Порман — где Порман? — деп зекіріп тұрғанда:

— Құдаша-ау, неғып онымен салғыласып тұрсыз? — деген дауыс балконнан естіледі.

— Ойбай-ау, осында ма едіңдер? — деп сасқалақтап жалт беріп жөнеліп, тротуарға жетіп, соңына қайта бұрылып, милиционерге қарап тұрып:

— Ал товарищ — қарағым мілсия, айналайын мен изменяюсь, шырағым... айыпқа бұйыра көрмегін, — деп, қораға қарай тартады.

Жоғарыда келтірген екі мысылымыз Музей апаның орыс тілін пайдалану практикасының бірінші баспалдағы ғана. Ол кісі бұл жағынан жылдап емес, айлап емес, күндеп өсіп келе жатқан кемпірдің бірі.

* * *

Музей апа қазақтың әдеп-ғұрпын мықты ұстайды. Ол кісі жаңалыққа қарсы емес. Ескілік пен жаңалықтың жақсы

дәстүрлерін тең ұстай білу керек екенін жақсы түсінеді. Жасау беріп, жасау алуды ол өте мақұлдайды.

— Ай, осы кезде, құдайға шүкір, ел бұрынғыдан да бәкуат. Еңбек істемей жүрген бір адам жоқ. Өз дүниеңді қимасаң, қызыңның өз тапқанын өзінен аяйсың ба? Қыз балаға туған ұясынан кету оңай болып па? Той-тамаша істеп, көңілдендіріп аттандырсаңшы. Бұдан жаман кезіңде де күн көріп едің ғой, — дейді ол дүниесін қимай сараңдық еткісі келгендерге.

— Бес саусақ бірдей емес, біреуде бар, біреуде жоқ. Ағайын, туысқан, жекжат-жұрағат, жора-жолдас болғаннан кейін кісі бір-біріне қарасып, арада алыс-беріс болып тұру керек. Дүние көңіл үшін, — дейді Музей апа.

"Еңбек етпей күн бар ма?" деген нақылды ол кісі есінде мықтап ұстайды. Кішкене немерелерінің ойынын да еңбекке баулу ісіне айналдыра біледі. Жаз бойы немерелерін ертіп, огородын қолмен отап жүреді. Балалар әжесінің көрсеткен шөптерін жұлысады.

— Ал енді бәріміз де біраз жұмыс істедік, енді біраз дем алып отырайық, кәне, маған жұлған шөптеріңді әкеліп көрсетіңдерші, — деп кімнің не істегенін тексеріп те қояды.

Үйдің көлеңке жағын немерелеріне сыпырттырып, киіздің үстіне көрпе төсетіп, өзі отырып:

— Сендер бүгін өте жақсы жұмыс істедіңдер, шаршаған боларсыңдар, отырыңдар, — деп еңбеккорларын тамақтандырып қояды. Ас үйде келіндеріне тамақ дайындауға көмектесіп отырғанда: "Мынау Сәуле өсірген сәбіз көрінеді ғой" деп, турап отырған сәбіздің біреуін Сәулеге келгенде кенеттен тани қояды. Сөйтіп Музей апа өз балалар бақшасының директоры да.

* * *

Июньбай онжылдықты бітіргеннен кейін Магниткаға баруды қалады. Ол кезде Теміртауда озат горновой.

— Әр баланың жөні басқа. Сол балам көз алдымда болмағаны жаныма қатты батып жүр, — деп қояды Музей апа.

Демалыс алып, Июньбай ауылға келеді. Жолға шығардың алдында телеграмма берген екен. Станцияға семья түгел қарсы алуға барады. Поездан Июньбай екі чемоданмен түсті. Сағынған шешесі оны құшақтап, аймалап, аналық мауқын тез баса алмады. Бала анасының құшағынан босанғанша, екі минут аялдары бар поезд жүріп кетті. Анасынан кейін, аға інілері шуылдасып, Июньбайды қоршап амандасып ешкімге кезек берер емес. Екі чемодан қойған жерінде қалған, онымен ешкімнің жұмысы жоқ. Музей апаның жүрегі дауа алып, енді жалт қараса, жаңағы чемодандардың қасында, улап-шулап

тұрғандарға қарап, бір сұңғақ бойлы, сопақ бет, жасыл көзді сары орыс қызы тұр екен. Біздің тамашамызға қарап тұрған бір қыз болар деп ойлайды да Музей апа:

— Ей, болды ғой енді, жүрсеңдерші, — деп балаларының алдына түсіп, ауылға қарай тартты.

Жолда келе жатып, бір нәрсе айтайын деп бұрылса, жаңағы сары қыз Июньбаймен бір нәрсені былдырлап сөйлейді, қыз басын көтермей, оны ренжи тыңдап келеді. Июньбай оған айыпты адамдай жалпаңдай сөйлейді.

— Әй, Июньбай, қасыңдағы кім?

— Келініңіз ғой, — деп сасқалақтап Июньбай біресе шешесіне, біресе келіншегіне жалтақтап қарай береді.

— Иә, солай ма еді? — деп ыңырсып, баласының ала көзімен бір қарап, Музей апаның өңі бұзылып кетеді.

— Апа, апатай, ұрыспаңызшы!

— Нишаво! — деді дәл өзін-өзі билей алмаған Музей апа келініне қарай қарсы жүріп, жақындап барып: "Нишаво" деп қайталап тұрып, келіншектің бас-аяғына бір қарап шықты. Қысылған келіншек қызара бөртіп төмен қарады.

— Әй, сен аларыңды алып, бұл байқұсқа ең болмаса үлкен кісіге иіліп сілем беруді де үйретпепсің ғой, — деді Июньбайға.

— Артынан үйренеді ғой, апа, — деді Сапарбай.

— Нишаво! — деді Музей апа тағы да ыңырсып. Одан кейін сұқ қолымен өз көкірегін нұсқап:

— Мая Июньбай мамошка — ти пожалюста Июньбай жанке.. это хорошо.

— Ия, сөйтіп жылы сөйлесеңізші, апа.

— Это все Июньбай брат, — деді балаларын нұсқап, — әйда домой, там много мальшік, дебышка, женьщина, старик много... — деп даусы дірілдеп, бұрыла жүріп бара жатып, көзінің жасын кимешегінің етегімен бір-екі рет сүртіп алды.

* * *

— Орыстардан өнер үйреніп, оқу оқып, тамыр-таныс болып, рахат көрген едік, ал енді болса, мына Июньбай орыс қызына үйленіпті, сендер енді орыстармен жекжат-жұрағат, құда-құдағи болып, рахатын көріңдер,— деді Музей апа жиылған қайын жұрт пен абысын-ыжындарына.

— Иә, несі бар дейсің, келінің құтты болсын.

— Екі келініңді қазақтан түсіріп, немере сүйіп отырмын, бұйырса, бұдан да бір шала орыс, шала қазақ біреуді сүйермін. Әйтеуір аман болсын, бақытты болсын, бірақ та ақылдаспай, айтпай істеп, хабарсыздан-хабарсыз ертіп келгені жаныма батып отыр, — деп көзінің жасын кемпір тағы бір сығып алды.

— Бұрынырақ айтуға батпаған шығар.

— Пешенесіне жазылғаны сол шығар...

— Алдыңа алып келіп отыр ғой, енді ақ батаңды бере гөр, — десті.

Июньбай да, Зоя да ауыл жастары арасында бір аптадай көңіл көтеріп, сыйлы қонақ болып жүрді. Бір жолы Зоя келіп, күйеуін "Котик!" деп шақырды. "Киска!" деп күйеуі арсаңдай бұрылды.

— Котік дегені не, шырағым-ау?

— Мені айтқаны ғой, апа.

— Е, сенің атың бар емес пе еді?

— Өзінше атағаны ғой, апа.

— Ей Зоя, Котік ненадо, Июньбай надо, Июньбай надо, — деді Музей апа келініне, баласына қарап: — Кеска тоже ненадо, Зоя — Зейнеп надо, — деді де шығып кетті. Жастар қып-қызыл болып ұялып, үнсіз күлісіп қойды.

Қысқасы, Июньбай мен Зояны басқалардан кем көрмейін, орыс келініне теріс қарайды екен деп, елге күлкі болмайын, деген оймен Музей апа жақсылап той жасап, бір жетіден кейін баласы мен келінін Теміртауға аттандырды.

Арада жеті-сезгіз ай өтті. Зоя келініңіз ұл тапты, оның атын Асқар қойдық деген хабарды алысымен, мен құттықтау телеграмма, екі посылка: сәбиге жаялық, алма, мейіз жібірткіздім, әрине, ауылдағы Музей апаға да құттықтау хат жазып, семьямыз түгел қол қойып жібердік.

— Апыр-ай, бірінші көрген баласы еді ғой, оны қалай жөргектеп, қалай шомылдырып жүр екен? — деп, дәті шыдамай, алыс жол, қыс, аязға қарамастан, Музей апа Сәулені ертіп, сойған соғымынан сыбаға алып, жөргек, көрпе-жастық жасап, артынып-тартынып, Теміртауға қарай тартады. Бұрынғыдай жолшыбай Алматыға соқпастан, асығып тіке тартады.

* * *

Есіктің қоңырауы сылдыр ете қалды, үйде ешкім болмағандықтан, өзім барып есікті ашсам, есік алдында алқа-салқа болып Музей апа мен Сәуле тұр.

— Ау, сендер ме едіңдер, кіріңдер, кіріңдер, — деп сасқалақтап, заттарын қолдарынан алып, үйге ендірдім. Музей апаның түрі өте солғын, қабағы түсіңкі, күңдігі жөнді оралмаған, белбеуі босаң, бұрынғыдай "орта ғасырдың" тап-тұйнақтай стилягаларынан ізі де қалмапты.

"Е, мына кемпірдің өте мазасы жоқ болып қайтыпты ғой, бұған бұрынғыдай ыржақтамайын да, ұрыспаймын да" деген оймен апама "сіз, біз" деп жалпаңдай беруге кірістім. Ас үйге барып шай қойдым, ванна жақтым, кабинетімдегі қазағдарды

жинастырып, еденге қалыңдып көрпеше салдым, жантайса, шынтақтап отырсын деп, екі-үш жастық қойдым.

— Моншаға шай алдында түсесіздер ме, әлде шайдан кейін түсерсіздер ме? — дедім.

— Бір айдан бері ығы-жығымыз шығып, үсті-басымыздың не болғанын білмей кеттік. Мына пәлені қайдан ертіп барып едім, барғанда да, қайтқанда да маған масыл болды, — деді Музей апа.

— Иә, мен өз бетіммен ойнап жүрдім ғой, — деді Сәуле.

— Ой, ойнамай кет, ойнамай кеткір! — деп немересіне ұрсып алды да, маған қарап, — суыңды ағыта бер, алдымен жуынып-шайынып алайық, — деп шешінгелі кабинетке қарай беттеді. — Сен менің екі туып, бір қалғаным емессің, сен Сапарбай мен Күнтайдың қызысың, — деді.

— Апаң ашуланғанда сен үндеме, мейлі деп жүре бер, айтатын сөзіңді апаңның ашуы басылған соң айтарсың, — деп Сәулені алдыма алып, сыбырлап қойдым.

Шай үстінде Сәуле көңілді отырды, бірақ ашылып сөйлей алмай, маған да еркін еркелей алмай, тыпыршып отырды, әжесі терлеп-тепшіп шай ішіп отырғанымен, әлі де қабағы ашылар емес.

— Апа, — деді Сәуле бір кезде. — Сіздің де қызыңыз бар ма еді?

— Иә, бар еді. Оны тіл алмаған соң, өлтіріп, жерге көміп тастағанмын, — деді. Мен күліп жібердім.

— Неге күлесің, өтірік пе еді? — деді маған зекіргенсіп орнынан тұрып жатып. — Ал мен ана бөлмеге барып демалайын, мына бір пәле түнімен ұйқы бермеп еді, — деді Сәулеге бір қарап қойып, кабинеттке беттеген Музей апа.

Мен Сәулеге алдына үйдегі бар қуыршақпен ойыншықтарды жинап бердім. Ол бір бұрышта ойнап отыр. Мен газеттерді қарап отырмын. Қуыршақпен дауыстап сөйлескен Сәулеге мен:

— Ақырын сөйле, апаң оянып кетеді, — деп қоямын. Ол одан кейін ақырын "әріптестерімен" сыбырлап, күбірлеп отырып ойнады. Мен де газеттерімді оқып отыра беремін. Бір нәрсеге шұғылданып отырғанымда, Сәулеге аяғының ұшымен басып менің қасыма келіп, тіземнен тартып:

— Ата, — деді.

— Не қарағым?

— Екі туып, бір қалған деген сөз не?

— Ол өте жақын адам деген сөз.

— Онда апам неге маған: "сен менің екі туып, бір қалғаным емессің" дейді, — деп ернін бұртитқаны, мен күліп:

— Жоқ, ол сені тіл алсын деп, жақсы көргенінен айтады ғой,— дедім.

— Мен өте тіл алғышпын, апам не айтса, соны істей беремін, істей беремін, — деді Сәуле.

— Ия, апаңның айтқанын мен де істей беремін. Сапарбай да істей береді, бәріміз де істей береміз. Ол кісі үлкен кісі ғой, біз ол кісіні тыңдамағанда, кімді тыңдамақпыз.

— Мен де тыңдап жүрмін ғой, бірақ та апам оған түсінбейді. Әлгі Сапарбай көкем бетін тыржитып: "айтпай-ақ қояйық, оған апам түсінбейді" дейді, — дегенде мен тағы күліп жібердім.

— Апаң түсінеді, ол кемпір — ақыл бар кемпір, апаң көпке түсінеді.

— Ақылы бар болса, ол қызын өлтіріп, неге жерге көміп тастайды? — деді Сәуле. Мен тағы да күліп жібердім.

— Апаңның осы Сапарбайдан бұрын туған Қатира дейтін қызы болғаны рас...

— Қатира тіл алғыш жақсы қыз ба еді?

— Ия, өте әдемі, жақсы қыз болатын...

— Онда оны апам неге өлтіреді?

— Тұра тұр, мен саған әлі айтып болғам жоқ қой, — дедім мен.

— Ия, — деп күрсініп қойды Сәуле.

— Қатира әдемі, тіл алғыш қыз болатын, ол осындай қысты күні апасы жоқта киінбестен, далаға шығып ойнап, оған салқын тиіп, аурып өлген болатын.

— Апам, онда неге өзім өлтірдім деп айтады?

— Саған қалжыңдап айтқаны ғой.

— Қалжыңдап емес, мені қорқытқалы айтты.

— Оған түсінсең сенің ақылың бар екен.

— Ең алғашта шынымен-ақ қорқып кеттім.

— Ал енді сенің көшеге шыққың келсе, алдымен апаңнан рұқсат сұра, жылы киініп шығатын бол.

— Мақұл, —деп Сәуленің көңілі орнына түсіп, ойыншықтары тұрған бұрышқа кетті.

* * *

Бұрын сөзшең Музей апа тамақтанып болған соң, кабинеттінің есігін тарс жауып жатып алды.

— Мына бір гуілдеген шаңсорғыш пәленің үнін өшірші, — деді ас үйдің есігінен қарап. — Біз сыпырғышпен-ақ үйімізді тап-таза ұстаушы едік қой.. Киіз, кілемдеріңді қорадағы қардың үстіне қағып-қағып алсаңдар, түрі жап-жаңа болып өзгеріп қалмай ма?

— Енді...

— Әй, тәйірі-ай қойшы ендігіні... Ас үйіңді жасыл жалынды газ, дөңкиген кебежедей тоңазытқыш, ана бөлмеңде телеузар... немене соншама төрт мүшелерің

түгел отырып, тіпті үкіметтің мойнына мініп алыпсыңдар ғой, өздерің қолдарыңмен бір нәрсе істеп, ең болмаса үйлеріңді сыпырғышпен мұсылманша сыпырсаңдаршы... — деп бізге ұрсып, есікті тарс жапты.

— Мына кемпірдің әлі ашуы тарқар емес, үн қатпаңдар, — дедім мен қыран күлкі болып жатқан балаларға.

* * *

Кешкі тамақ үстінде біздің қолымызда жүрген Музей апаның Мартай дейтін студент баласы тықыршып отыра алмастан, төр үйден коридорға қайта-қайта шыға берді.

— Сен нағып тыным таппай жүрсің? — дегеніме, ол:

— Ваннаның отын жағып жүрмін, — деді.

— Кім түспекші суға?

— Өзім жатар алдында түсіп алайын деп едім.

— Өткен күні ғана түспеп пе едің?

— Сонда да жұмыстан келген соң...

— Сенің бабаң Майлыбайды туғанда бір рет, өлгенде бір рет жуған болатын, ал сен болсаң күніне жуынасың, — дегенімді Мартай да, басқа отырғандар да ду күліп жіберді.

— Я, сенің әкеңнің бұдан да жақсы моншасы болушы еді ғой, — деп намыстанған Музей апа мені кекетіп сөйледі. Отырғандар тағы да ду күлісті.

— Астапыралла, қыз жат елдік деуші едің, ол рас екен ғой, — деп мен жағамды ұстадым. Менің әкем — сенің де әкең ғой, өзің кімді кекетіп отырсың, — деп сұрадым апамнан.

— Намысың келсе, менің баламды да кекетпей отыр, сенің үйіңдегі мына моншаңды саған әкең тіріліп келіп салып берген жоқ, үкімет салып берді. Мартайдың қашан түскісі келсе де — түссін.

— Ойбай-ау, сенің балаңа ваннаға түспе дегем жоқ қой, бірақ та неге жиілетіп түсесің деп отырмын ғой.

— Сұрасаң, оның әке-бабасында нең бар еді?

— Естіген құлақта, көрген көзде жызық жоқ емес пе? Майлыекеңнің өмірінде екі-ақ рет жуынғаны өтірік пе, өзің айтшы? — деп қадала қалғанымда, Музей апаның өзі күліп жіберді, отырғандар да ду күлісті.

Сөйтіп Музей апаның келгелі бері бірінші рет қабағы ашылды.

* * *

Теміртауға қалай барып, қалай тұрып, қалай қайтқанының бәрін Музей апа кабинетте дем алып жатқанда Сәуле бізге айтып қойған болатын. Бірақ баланың сөзі неше айтақынмен баланың сөзі ғой. Бір күні әйелім қызметке, балалар оқуға кеткенде, Музей апа жатқан кабинетке барып:

— Ал жатқаныңа екі-үш күн болды, дем алып, әжептеуір реңің кіріп қалыпты, — деп бастадым сөзімді.

— Шүкір, қарағым, біраз тыныққанымды өзім де сезіп отырмын. Екі-үш күннен кейін қайтамын ғой, ауылдағы балалар не болып қалды екен, — деді.

— Екуіміз бір әкеден, бір шешеденбіз ғой, Теміртаудан сонша неғып сағың сынып қайтты? Соныңды айтшы, — дедім.

— Сағы сынғаны несі? Жол соғып, суық сорғаны болмаса, жақсы барып, жақсы қайттым, оның несін сұрайсың?.. — деп Музей апаның маған сыр бергісі келмеді. Тағы да біраз қылжаққа салып көріп едім, жоқ, апам оған көнер емес. "Дұрыс екен!" дедім де мен басқа бөлмеге барып газет, журналдарды қарап болып, ойымдағы бір нәрсені машинкаға басып отырғанымда, Музей апа кіріп келді. Қарасам, жақсылап киінген. Үлкен айнаның алдында тұрып кимешегі мен күндігін түзеді де маған:

— Нені лыпылдатып басып отырсың?

— Жәй, әшейін, бір керекті нәрсе еді.

— Мен саған машайтым жоқ па?

— Жоқ.

— Онда мен мына барқытыңның үстіне отырайын, — деп диванның қасындағы креслоға отырды.

— Сенің менен жасырғандарыңның бәрін кешелі бері Сәуле маған түгін қалдырмай айтып берді, — дедім мен апам жайғасып отырған соң.

— Ойбуй, тұқымың құрғыр-ай! Сөйтіп пе еді? — деп апам күліп сасқалақтап орнынан тұрды. Мен күліп:

— Отырғын, отырғын. Айтқанда да: "мұны, ата, апам ешкімге айтушы болма деген" деп қатты ескертіп еді.

— Қап, ол пәлені бекер ерткен екенмін-ау, — деп Музей апа санын бір-ақ соғып, креслоға қайта отыра кетті.

— Балалы үйдің ұрлығы жатпайды деген емес пе? — дедім.

— Иә, солай ғой. Пірім-ау, енді қайтейін, — деп Музей апа сасқалақтап күлді.

— Қайтеріңді енді өзің білесің, енді маған мешать болып отырсың, — дедім машинкаға тықылдатып басып отырып.

— Онда, қарағым, жаза бер, мен ас үйге барып тіршілік істейін, — деп апам шығып кетті.

— Июньбай жұмысынан босанып, бізді қарсы алмады, — деп бастады әңгімесін Музей апа. — Ал әлгі келін құрғыры да баласын құндақтай салып, алдымыздан шақпады, күні жүдә суық болады екен.

— Жаңадан босанған әйел қалайша осы аязда алдарыңнан шықсын.

—Ойбай-ау, тіпті өздері шақпаса да, ең болмағанда, алыстан апам артынып-тартынып келе жатыр деп, бос біреуді жұмсамай ма?

— Олар әлі де бала ғой. Оған ақылдары қайдан жетсін. Елдің бәрін өздеріндей көреді ғой.

— Бала болса үйленіп несі, бала туып несі бар, өзім шығардың алдында бес сом пұл беріп, ділгірамма соқтырдым. Әлі ұйқысын аша алмаған Сәуле иығымда, алып барған нәрселерім екі қолымда, қайда барарымды білмей тұрғанымда, анадай жерде бір қазақ жігіті маған қарап тұр. "Ей балам, бері таман келіп қарашы, маған қарайтын болсаң" деп әлгіні шақырып алдым. Ол күліп қасыма келді. "Кім болсаң да көтер мыналарды" деп заттарымды алдына қоя салдым. "Көтерейін, қайда бармақшы едіңіз, апа?" деді әлгі өркенің өскір. "Аюбаев" дедім.

— Е, сіз Июньбайдың апасы екенсіз ғой, мен білемін олардың қайда тұратынын, — деп жаңағы өркенің өскір заттарды қолына алып, ертіп апарды. Үйіне кіріп барсақ, келін алқа-салқа болып баласын емізіп отыр екен. Баласын қоя салып, орнынан ұшып тұрып: "амансыз ба, апа?" десе несі кетер еді, — деп Музей апа қамығып қалды.

— Баласын емізіп, иіп отырған ана қалай орнынан тұрмақ еді? — дедім.

— Біз иімек түгіл... отырсақ та үлкен кісілер үйге кіріп келгенде, орнымыздан ұшып тұратынбыз, әшейін көргенсіз қараңғағыр ғой, — деп Музей апа ернін бір шығарып қойды.

— Тәйт! Қартайғанда алжып, әдепсіз болма, — дедім.

— Неге алжиын? Күйгендігімнен айтып отырмын ғой, — деп кінәлі түрде күлді Музей апа. — Жаңағы өркенің өскір бала жүгімізді жерге қойды, мен оған отырып тамақ ішіп кет, шырағым, —деп едім, "жоқ апа, асығыс жұмысым бар еді" — деп кетіп қалды.

Шешініп болып қарасам, келінім әлі баласын емізіп отыр. Қасына барып "здрастый, Зоя!" дедім, ол "здрайстый, апа" деді. Тағы да жақынырақ барып: қолыма алайын дей бергенімде: "Вй сморос... рука холодно, рука холдно" — деп баласын бауырына басып, менен қызғынып шақ-шақ етеді. "Е, қараңғағыр, сенен басқа ешкім бала таппа па?" дедім де, ас үйге барып шайды қойып, Сәуленің шашын тарап отыра бердім.

Ас үйдің терезесенің текшесі де жуылмаған, аяқ-табақ қатып, нан-жуынды төгетін шелегінің іші толған тамақтың қалдығы. Е, бұлар пісірген тамақтарының жартысын ішіп,

жартысын төгеді екен ғой, обал-ай!" — деп ішім удай ашып отырғанда Июньбай кіріп келді: "Апа" деп таңреңдеп келді... "Бар ана әулиеңнің қасына" деп онымен амандаспастан, қолымды бір сілтедім. Ол шешінбестен, ішкі бөлмеге кіріп, даусын қатты шығарып, балдыр-былдыр етті де, оған келін де шажылдап, бір нәрсе деп былдырлап жауап қатып жатты.

— Бара салып екеуінің арасына от салып, шағыстырған екенсің ғой, —дедім.

— Не деп шағыстырыппын?

— Бұдан артық қандай шағыстыру болады сеніңше?

— Әдейі іздеп барып, стансада, үйінде, кухнясында мүсәпір болып отырмақпыз ба сеніңше? — деп Музей апа көзінің жасын бір іркіп алды.

— Әй, кемпір-ай, кешелі бері ғана реңің кіріп, адам қатарына қосылып келе жатыр едің, бай болғыр, осы жыламай-сықтамай айтшы айтатыныңды.

— Немене, өз дәтімді өзім зорға ұстап отырғанда, сен маған неге зекіресің тіпті... — Содан кейін Июньбай кухняға келіп, әлгі терезе текшесіндегі қатқан нандарды жинастырып, шелегіне салып, шелегін далаға апарып төгіп келіп "апа, неге шай жасамай отырсыз? " деді маған. "Біз алыстан келген қонақпыз. Үй иесі берсе бергенін ішіп-жейміз, бермесе өстіп қарап отыра береміз" дедім де, "Анау чемодандағы, дорбадағы сендерге алып келген нәрселерді мына кебежелеріңнің біреуінің ішіне жайғастыр" деп, Сәулені қолынан жетектеп ішкі бөлмесіне барсам, келін киініп, шашын тарап, айнаның алдында әлі тұр екен.

— Оның несін айып көрдің?

— Айып көрмегені не? Ол менің қызым ба еді? Келін деген үлкен кісіден именер болар, біз ата-енеміздің көзінше...

— Сіздің заман...

— Ей, осы өкіметтің "ата-енеден именбе" деген заңы бар ма?

— Ондай заң жоқ. Бірақ та бұл заманның келіншектері сен сияқты иіліп-сызылып тұрған келіншек бола алмас.

— Әтпесе, тайраңдап жүре берсін бе?

— Жөнімен тайраңдаса несі бар? Ол да біреудің баласы, ал енді білсең — ол сенің балаң.

— Июньбай дастархан жасап жүр, ал келін болса, жуынып-таранып әлі біткен жоқ. Орамалын басына тарта салып, жалма-жан қимылдап жіберсе, несі бар еді, шайға шақырып еді, келмеді, ас үйінде қазан-аяғын салдырлатып жүр...

Барған алғашқы кездесу Музей апаның өз аузымен айтқанда, осылай басталыпты, оқушылар зеріккен де шығар, ендігі әңгімені қысқарта айтайық.

Біздің елде жаңа туған баланы қырқынан шыққанша ет ширасын деп, тұзды сумен шомылдырады, одан кейін сарымаймен сылап, не түйе жүніне орап құндақтайды. Музей апаның бұл сапарындағы шаруасы немересі Асқарды да осылай етіп етін ширатып, терісін сылап жұмсартып, жылы құндақтап, қырқыннан шығарып қайту еді. Асқардың әжесі де, Июньбай да қаншама түсіндіріп айтқанымен оған Зоя келін көнбеді де, бұл сөзден кейін ешқайсысын балаға жолатпады.

Ақырында Музей апа келінінің қызғаншақтығы басылғанннан кейін, Июньбай жоқта, өзі орысшалап түсіндіре бастады. "Как? — деді, келіннің алдына барып алақанын жайып. — Малшок хорошо. Хорошай?.. Кака? Малшок плохо хорошай? Баланың жақсы болғаны жақсы ма, жоқ жаман болғаны жақсы ма? — дегеніне түсінген келін енесін мақұлдап жауап береді. — Вода соль малшок купать надо. Масло вот так надо. Шерость спит надо... Малшок хорошай-хорошай бойдет, — деген де, келін "нет, нет апа, не надо" деп Асқарды бауырына басып, қолын сілтеп ешқандай икемге келмей қойыпты.

Июньбай қызметтен келгенде, келін оны әр нәрсеге жұмсайды. Оның Июньбайға ананы алып берші, мынаны жуып іле салшы, Асқарды ұстай тұршы, кір шелекті шығардың ба? Пешті неге жақпадың, аяқ-табақты стол үстіне жинастыра берсеңші деген сөздері Музей апаның ішін тырнайды, бір нәрсе дейін десе, келінімен екеуінің арасы онсыз-ақ ит пен мысықтай, оның үстіне баласы монтаңдап келіннің айтқандарынның бәрін істеп жүр. "Өзің жатып, байыңды тұрт-тұрлама келіншекпен" беті ашылған Музей апа баласы құлдық пен қорлықта жүргендей көрінеді.

— Отырсаңшы, ас-қазанға араласа бермей, осы үйде қатын бар көрінеді ғой, ол өз ісін істер, — дегеніне:

— Барлығы осы үйдің шаруасы ғой, апа, — деп Июньбай шешесін жүре тыңдайды.

— Мен біреуіңді емізіп, біреуіңді жетектеп жүргенде де, әкеңе су тасытып, отын жаққызған емес едім. Ешуақытта оған жөргектеріңді жудырып, кір жайдырған емеспін. Ол байғұс кейде асықтырып қазан басына келгенде, осы үйдің қатыны сен бе, мен бе, деп қуып жіберуші едім. Еркектің жұмысы түздегі, әйелдің жұмысы үйдегі деген бар... — деп бастап Музей апа баласын қырық минуттай жөн-жобасымен баяндама жасап, мынауың бір жатқан масыл ғой деп бітіреді сөзін. Баласы не айтарын білмей, төмен қарап отырып қалады.

Музей апа жылы киініп, Сәулені жетектеп көшеге шықты.

Қыдырып келе жатып, толған сумканы мықшия көтерген қазақтың бір кемпіріне кездеседі.

— Армысыз, құдағи, — деді оған Музей апа.

— Бар болыңыз.

— Біз алыстан келген қонақ едік осында бір үйге. Сіз осы жердікімісіз?

— Осы жердікімін.

— Алыста тұрасыз ба?

— Осыдан үш-төрт көше жерде.

— Жүгіңіз ауырлау екен. Жер тайғақ көрінеді. Қолдасып мен сізді үйіңізге дейін шығарып салайын, —деп, Музей апа сумканың бір тұтқасын ұстады.

Жол-жөнекей екеуі жөн сұрасып, жақсы танысып алады.

— Біздің үй осы болады, жүріңіз, — деді әлгі кемпір.

— Жоқ, рахмет! Үйде біраз шаруа бар еді.

— Келіп тұрып, бас сұқпай кеткеніңіз болмас, жүріңіз, — деп Музей апаға жол береді.

Біздің елдің әйелдері тек аты-жөні, тұрақтарын сұрасқаны болмаса, бір-бірінен өз аттарын сұрамайды. Біріне-бірі "құдағи" не "құдаша" болып шығады да жүре береді. Екеуі аттарын сұрасқан жоқ, тек "құдағи сіз", "құдағи біз "деумен ғана болады.

— А-а, апа пришла, — деп қуанып кемпірдің қолындағы сумканы жалма-жан алып, Музей апамен Сәулеге жылы шыраймен қарап: "Здравствуйте, заходите пожалуйста" деді де кухняға сумканы алып кетті.

"Е-е, мұның да келіні орыс болып шықты ғой" деп ойлайды Музей апа.

Ішкі бөлмеде төр алдында сырмақ киіз төсеулі, ортада үлкен стол, орындықтар, бір қабырғада ыдыс-аяққа толған шыны қақпалы сервант-кебеже.

— Құдағи, жерге отырасыз ба, әлде мына орындыққа отырасыз ба? — деп сұрады жаңағы кемпір.

— Жерге-ақ отыралық.

— Онда мен жұмсақтау етіп орналастырайын, — деді де, үй иесі көрпе төсеп, жастық салып жатқанда, жаңағы келіншек келіп Сәулеге:

— Ой, ты как,и апая хорошая девочка, — деп оның шашынан сипап: — Как тебя зовут? А! или по-русский не понимаешь да? — деп жүресінен отырып, Сәуленің бұрымындағы қызыл ленталарын мақтап, түзеп:

— Сенин атын ким? — деп сұрады. Бұл үйдің келініне Музей апаның іші жылып кетті.

— Сәуле, — деді жатырқап тұрған Сәуле.

— Тамара қарағым, жақсылап шай жаса, — деді үй әжесі келініне.

— Я уже поставила чайник, апа.

— Сүтің бар ма еді?

— Молоко я сама принесла, апа.

— Бүркіт қашан келем деп кетіп еді?

— Он придет в три часа, апа.

— Тамақ қойдырайын ба, құдағи? — деп сұрайды үй әжесі Музей ападан.

— Өздеріңізге болмаса, біз шаймен-ақ аттанайық, құдағи, үйде шаруалар бар еді, — деді Музей апа.

— Тамара, онда шырағым шайыңды даярлап болған соң, өз тіршілігіңді істей бер, — деді үй әжесі келініне.

Тамара келін тамақтарды орын-орнына қойып, өзі етегін жинап, аласа орындыққа отырып, кеселерге шай құйып, алдымен қонақтарына, одан кейін әжесіне ұсынды.

Сәулеге жылы шырай беріп, оған тәтті ұсынып, сөйлесіп отырып, өзі де бір кесе шай ішті.

— Енді өзім құяйын, қарағым, кухняға барып тірлігіңді істей бер, — деді әжесі. Келіні орнынан тұрып шығып кетті.

Екі кемпір шай үстінде ұзақ әңгімелесті, Июньбай мен Бүркіт екеуі бірге оқып, бір цехта жұмыс істейді екен.

— Сіздің келгеніңізді Бүркіт: "Июньбайдың апасы келіпті" деп айтып еді, әні шақыртам, міне шақыртам деп жүргенде құдай айдап өзіңіз кездестіңіз, құдағи, — деді сөздің бір кезеңінде үй әжесі.

— Сәті түсіп, несіп бұйырған екен, кездесіп отырмыз ғой, құдағи, — десе де, бірнеше күннен бері шайға мейірлене сусыны қанбаған Музей апа кесесін тағы ұсынғанда, үй әжесі шәйнекті қопара төңкеріп:

— Ойбай, мынаның қызылы бітіп қалыпты ғой, — деп келінін дауыстап шақырды. Музей апа ұялғанынан шып-шып терге түсіп, сасқанынан:

— Әңгімелесіп отырып мен де шайыңызды іше беріппін ғой, — деді.

— Ішіңіз. Мен де жайбарақат отырып, аспай-саспай күніне бір-екі рет шайға қанып алмасам денем жадырамайды, — деп келіні алып келген жаңартқан шайды қонағына ұсынады.

— Байқап отырмын, келініңіз жайдарлы, жақсы көрінеді, сіз қазақша сөйлесеңіз, ол орысша жауап қайырады.

— Мен оның сөзін түсінемін, бірақ қайтарып айта алмаймын, Тамара да қазақша әжептәуір, әсіресе үйдің шаруасына түсінеді, бірақ ол да қайтарып айта алмайды. Анда-санда қазақша сөйлейін дегенсиді, бірақ та тілі құрғыр келмейді-ау, — деп үй әжесі күлді. — Әйтеуір ең алғашында қиындай соққанымен, кейін бір-бірімізге үйреніп, түсінісіп кеттік. Мен де тілімді бұра алмадым, оның да тілі бұруға келмеді, — деп тағы да күлді.

құдағиды шақырамын ба деп ем", — деп іші удай ашыған. Музей апа ішкі бөлмеге кіріп кетті.

* * *

Жалақы алған күні Июньбай өзімен бірге істейтін үш жігітті ертіп келеді. Үш бөтелке арақ, шұжық, консерві тағы да басқа тағамдарды әкеліпті. Ешқандай дайындығы жоқ Музей апа сасқалақтап кухняға шығып, қонақтарына ауылдан әкелген етінің қалғанын аса бастапты. Ана әкелген көкүр-шүкірлерімен шыныдағыларды ішіп отырғанша, мына тамақ та пісіп қалар деп ішкі бөлмеге кірсе, келіні мен баласы шажылдасып тұр екен. "Жас сәби бар үйде темекі тартуға болмайды, арақтарыңды улап-шуласпастан ішіңдер" деген Зояға ішіп алған жігіттер көнсін бе, Июньбай болса үй иесі болған соң, еркінсіп келіншегінің сөздерін доғару үшін: "Ауа керек болса, міне" деп терезені ашқанда: "балаға суық тиеді" деп Зоя бажылдапты.

— Әй, бай болғыр, шырағым, — деп келініне қарап Музей апа алақанын жайып. —Ең болмағанда қонақтарыңа маза берсейші, басқа үйде жас бала жоқ дейсің бе, ол үйлердің қонақтары да темекі тартып, арақ ішпей ме, бұлар күнде келіп, темекі тартып, арақ ішіп, басыңа ойнақтап, сені ығыр етіп пе еді? Қой шырағым, бүйректен сирақ шығара берме, — деді.

— Вот Асқар, — деп келіні жыламсырағанда:

— Асқар нишаво, ти шаво! Ти это дом жонка! — деп еденді бір теуіп, Музей апа шығып кетті.

Қонақтар кешікпей-ақ киіне бастағанда, Музей апа кухнядан шығып:

— Әй, қарақтарым-ау, қайда барасыңдар? Тамақ пісіп қалды ғой, отырсаңдаршы, шыныдағыларың бітіп қалса, өзім-ақ барып әкелейін, — деп ауыз үйде қалбақтап жүр.

— Жоқ, апа рахмет!

— Біраз отырдық қой.

— Асығыс жұмысымыз бар еді, — деп қонақтар шығып кетісті.

— Қатыны мазасыз үйден қонақ безер деген осы, сор маңдай балам, — деп Июньбайға алара бір қарап, кухняның сұқ қолын шошайта, — ана пісіп жатқан етті енді маған десең итке тастаңдар, — деді де, мұңайып төмен қарап, пейілі кең, қонаққа апыр-топыр болып жататын кең дастарханды үйім-ай! — деп көз жасын бір сығып тұрғанда, Бүркіт пен екі орыс жігіті кіріп келді.

— Ой, айналайындар-ай, — деп Музей апа оларға сыр білдірмей, — шешініңдер қарақтарым, "ниеті қалыс қонақ ас пісерде келеді" дегендейін дәл келдіңдер, шешініңдер, — деп

қуана қарсы алды. Жаңа қонақтар да ішкі бөлмеге енді.

— Моя Июньбай мамошка, моя Асқар бабошка, — деп, өзін орыс жігіттеріне таныстырып, — ал енді қалғанын өздерің айта беріңдер, мен қазанға қамыр салайын, —деп шығып кетті.

* * *

Бір күні Тамара келіп Зоямен көп сөйлесіп, күлісіп отырды. Екі келіншектің әңгімелеріне Музей апа жөнді түсіне алмады. Өзі шай жасап алып келді, келіншектер шай ішіп отырып, әңгімелеріне Музей апа жөнді түсіне алмады. Өзі шай ішіп отырып, әңгімелерін соза берді.

Шайдан кейін киініп, қоштасып, шығып бара жатқан Тамараға Музей апа: — постой, —деп еді, ол тоқтады.

— Казахский мужик хороший? —деп сұрады одан Музей апа.

— Хороший, хороший, —деп күліп жауап қатты Тамара.

— Казахский язык плахай? — деді тағы да. Тамара тағы да күліп:

— Хороший язык, апа. Но Буркут виноват, — деп біраз ойланып тұрды да: — Апа, биз отпуск аламиз. Мен ауылға барады, тил биледи, қайтады, — деді.

— О, өркенің өссін, қарағым. Құдай ниетіңе жеткізсін, — деп Музей апа тілектестігін білдірді.

— Апа, сен биз үй кель.

— Барамын, қарағым, тағы да сендердікіне барамын, — деп орнынан тұрып, Тамараны есікке дейін шығарып салды.

* * *

"Келінді ұстай білу керек" деген ойға түскен Музей апа Зоя келініне ақыл айтқысы келіп, оны шақырып алды.

— Садис пожалоста, —деп орындық көрсетті де әңгімені алыстан бастағысы келіп: — Моя Июньбай малшошка правда? — деді.

— Правда, апа, — деді келіні.

— Июньбай большой мальчик, правда?

—Правда, —деп келіні күліп жіберді.

— Моя старик, правда?

—Правда.

—Асқар маленький мальшик, правда?

— Правда.

— Зоя бойдет старик. Правда?

— Правда, —деп келіні тағы күлді.

— Молодой старик помогай, старик хорошай?, молодой хорошай, все бойдет хорошай. Правда?

— Правда.

"Сенің балаң да жігіт болады, сен де кемпір боласың, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлай білу керек..." деген ойына келінің түсінгеніне қуанған Музей апа бұған енді бала-шағамен, абысын-ажындармен, қайнағаларымен тату болып, сыйласып тұру жағын айтайын деген оймен былай дейді.

— Күнтай Сапарбай жонка, дба мальшик, один дебышка. Күлән Үсен жонка, дба мальшик. Зоя Июньбай жонка, Асқар — мальшик... Сапарбай, Үсен, Июньбай, Мартай, Марат все брат. Сәуле, Булат,Қанат, Есбол,Асқар, все брат. Күнтай, Күлән,Зоя все жонка сестра. Моя старик все мамошка, правда?

— Правда, апа.

— Вот семья, вот все хорошо, хорошо бойдет, Зоя хорошо, моя хорошо, Зоя плахай, мая нехорошо. Семья все человек хорошо надо.

— Правда? Кому же интересно быть плохим?

— Вот ти хорошай жонка надо.

— Мне хоршую жену? — Маған жақсы қатын керек пе? —деп келіні күліп жіберді.

Шамасы "сен де жақсы келін бол! дегенді түсіндіріп айта алмадым-ау, әйтпесе бұл неге күледі" деп ойлаған әжесінің:

"Зоя хорошай бойдет надо-дан" басқаға тілі жетпегеніне түсінген келіні түсін жылыта күлімсіреп:

— Я, постараюсь, апа! — деп еді, оған кемпір түсінбеді. Оны жүзінен сезген Зоя: —правда апа, правда? — деді тағы күлімсіреп.

"Ә, түсінген екен ғой, екі рет мақұлдады ғой" деп ойланған кемпір күліп "хорошалап" келінің арқасынан қақты. "Құдайға шүкір, енді икемделіп келеміз" деп, енді бұған шаруашылық жағынан біраз ақыл айтқысы келген Музей апа:

— Полтора кушать, полтора бросать ненадо,— деді

— Почему полтора? —деді түсібеген Зоя.

— Вот кухня. Клеб, мясо, масло, борщ! — деп біраз мүдіріп отырып, — полтора кушать, полтора бросать не надо, — деп қайталады.

"Жартысын жеп, жартысын тастама" дегеніне жаңа ғана түсінген келіні тағы да күліп басын изеді.

"Бұл жағын да жақсылап түсіндірдім" деп ойлады ішінен Музей апа.

— Деньги держать надо так! — деп алақанын қыса, жұдырығын мықтап түйді де, "мақұл ма", деп сұраудың орнына "правда?" деп сұрады.

Келіні тағы да басын изеді.

— Деньга язык нет. — деп әжесі тілін көрсетті де, тағы

да не десем екен дегендей, біраз дағдарып отырып.

— Деньга вода. Вот так пойдей, — деп жұдырығын жазып, саусақтырының арасынан судыратып, ымдап көрсетті.

* * *

— Ал, қарағым, құдай бетіңнен жарылқасын, — деді Музей апа баласына. — Әйтеуір аман болыңдар. Аз күннің ішінде көпті көрдік. Оны да көресің деп құдай менің пешенеме жазған шығар. Біз ертеңгі поезбен жүрелік. Билетті Алматыға дейін-ақ ал, соларға да соға кетейік.

Баласы билет алып оралғаннан кейін, түскі тамақтан соң:

— Барлық қалған ақшаңды алып, мені енді магазинге ертіп барғын, дүшпан бар, дос бар демекші, озат рябячик болып, газетке суреті шығып, киноға түсірілген баласынан Үбиан не алып қайтыпты дегендердің алдында ұялып жүрмейін, маған, мына Сәулеге нәрселер алып бер, алып берсең әшейін емес, елге көрсетіп жүретін ең қымбат тазасын алып бер, штапил-матапильдерің ауылда толып тұр ғой, — деп баласын киіндіріп, Сәулені жетектеп, Музей апа магазин аралады.

Сөйтіп Музей апа баласының қолындағы ақшасын қағып алып, оны магазиннің кассасына тастап, екі қымбат отрезді чемоданына салып, Алмытыға тартты.

* * *

— Ал оларды қалайша қаражатсыз тастап кеттің? —деген сұрағыма:

— Ақшаның қадірін біліп жатқан олар жоқ бәрібір. Тапшылықты біраз көрсін деп әдейі істедім, — деді.

— Жаңа үй, тәжірбиесіз екі жас, жарық дүниеге жаңа келген сәби, мұның өте қатал іс болған екен, — дедім.

— Мен оларды ашаршылық кезінде қызылша беріп асыраганмын, енді, оларға нанды тепкілетіп, ақшаны судай шаштыратын жайым жоқ, көрсін тапшылықты аз да болса, білсін дүниенің қадірін, — деді Музей апа.

— Енді өздеріңнің маңдай терімен тапқан табыстарын...

— Маңдай тері, маңдай тері, — қайталап мені кекете сөйледі Музей апа сөзімді бөліп. — Біздің маңдай теріміз арзан, сендердің маңдай терлерің қымбат. Әйтеуір үкімет сендерді шолжаңжатып қойған ғой.

— Біз емес, сені шолжаңдатып қойған.

— Қалайша?

— Бір балаң мұғалім, біреуі механизатор, енді бір балаң құрлысшы, мына біреуі болса, бір-екі жылдан кейін инженер-строитель болдайын деп тұр. Кенжең де аманшылық болса, бір нәрсенің басын ұстар...

— Иә, әуелі құдай, содан соң осы үкімет жарықтықтың арқасында соған жетіп отырмыз ғой, — деп менің сөзімді бөліп, біраз ойланып: — біз үкіметтен еш нәрсемізді аяғанымыз жоқ, ал үкімет жарықтық та бізден еш нәрсені аямай отырғаны рас, — деп Музей апа.

— Бұл айтқаның дұрыс, бірақ ана қарыздана бастайды ғой, —дедім мен.

— Қарызданса қарыздансын, ендігі жалақысын алғанда, мынаны қарызға берелік, мына қалғанын ептеп-септеп келесі жалақыға жеткізейік деп өздері бастарын қатырып есептеп жұмсар. Тапшылықты бастан өткізе біліп, қарызды уақтылы өтеу оңай емес — тәжірбие алу содан басталады, — деп доғарды сөзін Музей апа.

* * *

Арада бір жылдай уақыт өтті. Москвадан қайтып келе жатып, жол үстіндегі өзіміздің ауылға соқтым. Ноябрь мейрамының кештерінің бірінде Музей апаның үйінде қонақта болдым. Үлкен баласына үй салдырып, еншісін бөліп беріпті. Немерелері өсіп, балдырласып жүгіріп жүр. Екі үйінен де кең дастархан үстінде тұздықты тамақтарынан татып, кең отырыстық.

— Мына менің Асқарымды көрші, —деді Музей апа аналық мейрімімен көзі жайнап, бір суретті ұсынып тұрып.

Карточкада жас ана мен жас әкенің ортасында көзі бақырайған, дөңгелек жүзді, шашы үрпиген сәби отыр.

— Келініңнің түрі сәл солғындау екен.

— Ол шырағым өзі сұңғақ бойлы, ащаң жүз, жасы келе толығып ет біткенде байсалды сары келіншек болады ғой, аманшылық болса. Өзі сүйікті әйел, әзірінше бір-ақ баланың анасы ғой... — деп Музей апа сағынған көзімен карточкаға қарап тұрып, менің сөзімді бөлді. Ішімнен:

"Икемделген екенсің" деп ойлап, мен оған:

— Орыс келінің жақсы ма, әлде қазақ келіндерің жақсы ма? —дедім.

— Балаларым жақсы. Июньтайым болмаса, Зоя қайдан келер еді.

—Е, басқа абысындарың орыстан келін түсірмей-ақ отыр ғой, —деп мен апамды әдейі қажап, қытығына тие бердім.

— Қашан болса да, мен бастайын, — деп күліп Музей апа менің қылжағыма. — Мен қыз күнімде той бастағанмын, ал енді Июньбай мен Зоя бастап отыр.

— Мақта, өзіңді мақта!

— Е, мақтанбай несі бар.

— Жөнімен мақтан.

— Не жөнсіздгі бар, құдайға шүкір, баларым сүйгендеріне қосылып, үбірлі-шүбірлі болып отырмын.

— Былтырғыдан өзгеріп қалыпсың ғой.

— Ал тыңда, әйтпесе, — деп Музей апаға оқушыларға белгілі жоғарыдағы жазбаларды оқып бердім.

Музей апа біресе күліп, біресе бозарып, біресе қызарып, мазасыздана тыңдап отырды.

— Ай, бай болғыр, — деді маған өкпелеп, — жазатын болсаң, келінімді жамандамай жаз, жамандау керек болса, менің өзімді-ақ жамандa.

— Оныңыз дұрыс қой, апа, — дедім.

— Иә, оныңыз дұрыс, апа, —десті отырғандар да, Июнь-бай, Зоя Асқарлардың денсаулықтарына тост көтергенде.

— Иә, сөйтсеңдерші, қарақтарым, өркендерің өссін! — деп Музей апа жадырап қалды.

НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Отан үшін отқа түс — күймейсің.

Намысты нанға сатпа.

Жанын аямағанға жан сауға.

Салақтықта сақтық жоқ.

Иеніп жүріп көрген игіліктен
Қарсыласып жүріп көрген қорлық артық.

Опасызда отан жоқ,
Отанда опасызға орын жоқ.

Көп тұрған су сасиды,
Ойламаған ми сасиды.

Ел үшін аянба — ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба — жігіттігіңе сын.

Қол қашса, қолбасшының құны жоқ.

Ежелден ел тілегі — ер тілегі,
Адал ұл ер боп шықса — ел тірегі.

Бақаның бағынан
Сұңқардың соры артық.

Сын айту үшін шын айт.

Ердің туы — намыс.

Олжаға батып абырой алғанша,
Орға түсіп абырой алғын.

***

Ақыл айтар мезгілде

Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде
Шатырлаған жайжай бол.
Мейірім түсер мезгілде
Ағарып атқан таңдай бол.
Жауды бөгер кезіңде
Көлденең жатқан ордай бол.

***

Тексізден тезек артық,
Тәрбие —таза ниет атасы.
Тәрбиелі — тәртіптің құлы,
Тәртіпті —елдің ұлы.

Арсыздан айуан артық.

Арлы адам ардақты.

Ар — ардақтың анасы.

Ердің Еділ тобығынан келмейді.

Жауды өлтірсең — өлімнен құтылдың,
Өлтірмесең — өлімге тұтылдың.

Сергек ой — ер серігі.

Тіреskеннің тізісін бүктірген — ер
Белсекеннің белін сындырған — ер,
Жағаласқанның жанын жаһаннамға тапсырған — ер.

Қайратыңа әдісіңді жолдас ет,
Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.

Әдіссіздік — әлсіздік,
Ептілік те — ерлік.

Ел дегенде еміреніп,
Жұрт дегенде жүгініп
Қызмет ет.

Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп
Қызмет етуден аянбағын.

Ерлік елеусіз қалмасын,
Атақ — ерге сауға, олжа — елге сауға
Олжа елдікі — оған тимегін.
Таяқтан тайсалмасаң,
Семсерден сескенбесең,
Жеңдім дей бергін.

Сен жаудан қашсаң,
Өмір сенен қашады.

Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң,
Жауды күйрете алмайсың

Арпалысып жүріп алған абырой —
Өмірдің ең шырын рақаты.

Ой жетпейтін жер болмайды.

Орынды мысқыл — оқтан да өткір.

Көз жетпегенге — ой жетпейді,
Тіл жетпегенге — үн жетеді.

(Рамазан Елебаев "Жас қазақтың"
бірінші вариантын айтып бергенде айтқаным):

Кім кетпей ажал жетіп тағдыр болса,
Өмірге армен намыс қолқа салса.
Мәңгілік өмір жасап өлмегені —
Батырдың ел аузында аты қалса.

Ана тілін білмеген —
Ана сүтін таптаған.
Ана үшін аянба — ант ұрады,
Бала үшін аянба — бетің күйеді.

Қара бет болып қашқанша,
Қайрат көрсетіп өлген артық.

Қол көтерген дұшпаннан
Қорамсаққа қолы жетпей өлген жауды сыйла.

Тәртіпке бас иген құл болмайды,
Тәртіпсіз ер болмайды.

Үлкенді ізетте — кішіні күзетте.

Елсіз ер болмайды,
Жұртсыз жігіт болмайды.
Ерлік — елдің қасиеті,
Жүректілік —жігіттің қасиеті.

Жалғыз батыр — жалғыз жан,
Майданға тұлға бола алмас.
Азынап жалғыз арыстан
Орманды билеп ала алмас.
Жалғыз батыр болғанша,
Жалпы батыр босаңшы.

Шегініп серке болғанша,
Секіріп теке бол.

Айқаймен ала аламайсың,
Ақылмен, айламен алмасаң.

Маған деген атақты
Міндет етсең өзің ал,
Әділдікке бас ұрып,
У берсең де маған бал.

Әділдікке құл болып,
Кең толғанып, көп ойлап
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезініп тармағын.
Екі сырттан қанға батып таласса,
Қарсаққа жем болады.

Қой бастаған арыстан тобынан

Арыстан бастаған қой тобы артық.

Тіл де түлеп, өзгертіп, өсіп отырады.

Шын айтпай, сын айтушы болама.

Білмей тұрып, билік айтудан аулақ бол.

Сынаспай, сырласпа.

Командир — аға, солдат — іні.
Қол — ойдың құлы.
Ойы ұзақтың пікірі терең.
Сезімі сергек, көзі қырағы,
Жолы ұзын, өрісі кең.
Сабырлының алдында дұшпан сасады,
Сабырсыздан береке қашады.

Қарсыласқаннан дұшпан қаймығады.

Жанын аямай тиіскеннен
Жау жалт жөнеледі.

Адам танысаң — адал танығын.

Ер бақыты ел қолында,
Ел бақыты ер қолында.

Елін ер таниды,
Ерлерін ел таниды.

Өз қадірін білмеген,
Ел қадірін білмейді.
Ел қадірін білмеген,
Ер қадірін білмейді.

Жаманға бақыт қонса,
Қонғанын сезбей,
Ұшқанын бір-ақ сезеді.

Жаман солдат шілдеде шинел киіп жүріп тоңады.

Жақсы сөз жан сүйсіндіреді,
Құлаққа ұғымды, ойға қонымды келеді.

Көргеніңді көпірместен, шынын айт,
Сезгеніңді сезіміңнен сеніп айт.

Тұсыңнан тиген дұшпаныңды торға түсір
Өршеленген жаудың үнін өшір.

Олжа алма, атақ ал,
Халық алдында болған адал.

Олжа мен әйелге басқыншылар ғана құмар.

Адал болмай, азаматпын демегін.

Ойран салсаң, ойлап салғын, —
Өзіңе қайтып тимесін.
Ойсыз оқ жұмсамағын,
Әр оғыңды атап атқын.

Жарлығы жаны шыққанша жәрдем бергін,
Жазатайм кетпесін.

Бір жарлығы жәрдем беріп,
Оны аман алып қалған жауынгер
Он ұл тапқан анадан артық.

Өлім арасында жүрсең де,
Өмірден үміт үзбегін.
Үміт өрге тартады,
Үмітсіздік көрге тартады.
Үміттен де алға ұмтыл,
Үмітіңе жетесің.

Жағадан алған дұшпаннан
Етектен алған ит қауіпті.

Жауға жаныңды берсең де,

Сырыңды бермегін.
Жан-сенікі, сыр — серіктеріңдікі,
Оны да ұмытпағын.

Жаудың сырын жау білмес,
Жағдайды білсең жаңылмайсың.

ӘКЕ ӨСИЕТІ

(Сөз соңы)

Ғұмырдың ерте-кешкілігінде жадыңда көмескі тарта бастаған естеліктер аса жарқын әрі айқын көріне бастайды екен. Қараңғылық қоюланған сайын күні кешегі ғайып болып, өткен жылдар елесі еліктіре беретін сияқты. Осыған орай, әкем туралы естеліктер еске түседі, өйткені біраз уақыттан бері ол менің жеке тағдырыма айналып, жан-дүниемді билеп, өз тағлымын тоса беретін сияқты.

Десек те, менің әкем туралы бір ауыз сөз жазбақшы әрбір адамға әңгімені неден бастау оңай емес-ау. Өйткені әкей ғайыптан пайда болған жан емес, керсінше, ұрпақтары, ата-баба рухы оның жүріп өткен жолын қырағы бақылап тұр. Бір кезде біздің бойымызға қан жүгіртіп, тәнімізге ақыл-ой, сезім-түйсік қасиетті аруақтар ру тайпаның ғана емес, бүтін бір халықтың тарихын жасайды емес те!? Алайда әр ұрпақтың маңдайына жазылған өз талай-тағдыры, өмірлік тәжірибесі бар. Мұндай тағдыр таңдауы қажет-ақ, өйткені таным қанаты қатайып, жүрек сәулесі ашылмақ емес. Тамыры халықтың таусылмас рухани қазынасымен ұштаса алмаған білім ешқашан ғылымға айна алмайды. Адам жаны ұлттық арнадан барынша сусындағанда ғана, оның жүрек лүпілі халық деп соғады. Бұл лүпіл сонда ғана өзі үшін емес, халық үшін, соның тағдыры, болашағы, үміт-арманы үшін жалындайды, лаулайды.

Мұндай ой-араман аспаннан түскен жоқ, оған мені тірі кезінде әкем алып келді. Табан тіреп қасарысқан мені ол бұл жолы құлағымнан сүйреп әкеп салып, бағыт сілтеді, осы жолы кездесетін негізгі қағидалардың әліппесімен таныстырды. Оның айтқандары бірте-бірте ұмытылмас ережеге айналса да, мені әлі оның өсиеттерін түгелдей орындап шығуға пісіп жетіле қойған жоқ едім...

— Халықтың жолымен жүрсең, ешқашан адаспайсың. Халықпен бірге болсаң, ешқашан жалғызсырамайсың, — деген ең басты өсиеті жадымнан шықпайды.

Бір күні ол мені бөлмесіне шақырып алып, қарсысындағы креслоға отырғызды да:

— Сен қаланың тас кеудесінде өстің, сондықтан сенің тамырың әлсіз. Сен туғанда мен соғыста едім, шинелімнің етегі қанға малшынып, лаулағын оттың түтіні сіңген еді. Сені өзіммен бірге оқтың астына әкете алмадым, өзімнің әкелік парызымды өтеу үшін, саған келе алмадым, себебі мен Отан алдындағы перзенттік борышым жібермеді. Қиырдағы жат жерде жүріп, саған әкелік мейрімімді, әке тәрбиесін бере алмадым. Бұған менің кінәлі емес екенімді сенің түсінуің керек. Бірақ саған ұлттық рухтың дәнін себе алмаған айбымнан бас тартпаймын. Мен сенің мәңгүрт болып өскеніңе қатты күйінемін, бұған да сенің ешқандай кінәң жоқ екенін жақсы түсінемін. Дегенмен сенің айыбың сол: өзіңнің шыққан жеріңе, өз халқыңа қайта оралуға асығар түрің жоқ. Сен нағыз тас жүрек космополит болсаң да, мен сенен кете алмаймын, бірақ бұл менің жүрегімде айықпас дерт болып қалмақ. Маған бала керек, бірақ менің балам өз халқын мақтан тұтатын әрі басқа ұлттарды өгейсітпейтін қазақ болуы тиіс. Маған салса, менің балам паспорт бойынша ғана емес, ет жүрегімен де қазақ болуы керек. Адамзат үшін өз халқының жолы — оның ең дұрыс жолы, ал кез келген қыңырлық оны сөзсіз бақытсыз етеді, өйткені теріс пиғыл халықтан жырақтатады. Өз халқының өгей баласы атансаң, өзгеге де сыймайсың. Осы есіңде болсын, — деген еді.

... Күздің бір кешінде әкем маған келіп, кереуеттің шетіне отырды да, темекі тартты, ымырт үйіріле бастаған терезеге ойлана қарап, сөзін бастады:

— Өзімшілдік өкіндіреді. Ұлттық өзімшілдік тек сені ғана сансыратпайды. Бұл жағдай жаппай құлықсыздыққа бастайды. Егер елімізді отбасы деп санасақ, онда қазір біздің отбасымыздың толыққанды емес екенін аңғарту қиын емес. Мемлекетіміздің негізігі Заңы, яғни Конституция билігі бар, оны қазақтар Ата Заң дейді. Ал отбасында атамен, яғни әкемін бірге ана да бар ғой. Ендеше біздегі Ата Заңы қайда? Ана Заңы — адамгершілік заңы. Ол адам бойына ұлттық психологияны, ұлттық мінезді ұялатып, халықтың ең асыл, ғасырлар қойнауынан екшелеп өткен әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, оның дүниеге көзқарасын, мәдениеті мен рухын жаңғыртып, дамытуға жол сілтейді, бағыт-бағдар нұсқайды. Өз сәби кезінде анасының емшегін ембеген бала

басқа малдардың сүтімен ауызданады, демек ешкінің сүтін ішкен сүзеген серке, қой сүтін ішкен қой мәнзелдес болып өседі, сиыр сүтімен қоректенгендер өгіздей өкіреңдесе, мегежін сүтін ішкен доңыздай торсаңдайды.

Мен еріксіз күлдім, бірақ әкем қабағын түйіп, шорт тоқтатты:

— Мен мұның бәрін күлкі үшін айтып отырған жоқпын! Бұлар аса қажет нәрселер: сенің оларға күлгенің — өзіңе-өзің күлгенің. Сақ бол, бұл өте қауіпті. Саған қауіпті болатыны сол: егер сен киелі нәрсеге күлгеніңді қоймасаң, мен сенің тұмсығыңды бұзамын. Мен мұны мүлтіксіз орындайтынымды өзің жақсы білесің.

— Кешір, әке! Мен бәрін жақсы түсінемін, алайда мен сенің теңеулеріңді естігенде, еріксіз күлгенім ғой, — дедім мен.

— Ақымақ! Бұл салыстыру емес, сақтандыру! Күллі қазақ әлемі өзінің болашағына секемденіп қарап тұрғанын сенің түсінуің қажет, бірақ бұл туралы ой-пікірін ана тілінде айта алатын біреу табыла қояр ма екен?! Өйткені оның жан даусы мидай далада естілген жаңғырық сияқты ғана. Ана тілін баяғыда ұмытқан және бөтен тілде шүлдірлеген оның балалары оны естімейді әрі түсінбейді. Тіл дегеніміз — жүрегіңді шарпып, жаныңды жалындататын от. Мен осындай оттың өшіп бара жатқанына қиналамын. Сенен өтінетінім: — өз халқыңнан ажырама. Мұны сенен өтініп отырғаным: сен халыққа керексің, өйткені халық тіпті қажетірек, — деп әкем сөзін бітіріп, орнынан тұрды да, бөлмеден шықты.

Бір күні кабинетінің жанынан ас үйге қарай өтіп бара жатқанымды көріп, өзіне шақырып алды. Оқып отырған газетін қоя салып, қасындағы креслоны нұсқады:

— Отыр, тыңда. Сенің де қолыңа қалам алғың келіп жүргенін байқадым. Бірақ сен әлі қаламның қылыштан да қаһарлы қару екенін түсіне беремейтін сияқтысың. Әлі сенің қос қолың ерлік істерге әлсіздеу. Сондықтан сенің істеп жүргеніңнің бәрі өнер емес, майда-шүйде кәсіп қана. Оның үстіне сен сөздің қадір-қасиетін жете түсінбейтін сияқтысың. Сөйтіп сен мәңгі шәкірт күйінде қалып қоюың мүмкін. Мұғалім бола алмайтыныңды мен жақсы білем. Тым құрығанда, адал еңбеккер болсаң етті. Жұртты мезі қылған ресми саясаттың сойылын соқпа, тек өзіңнің жүрек қалауыңа ғана құлақ ас. Ал ол жалпы адамзат тілінде сөйлеуден бұрын, ана тілінде сенімді әрі нық сөйлеуі тиіс,— деді.

— Мен үнемі екіге жарылудан жалықтым, — дедім міңгірлеп.

— Халық жолы сені мұратыңа жеткізеді. Мұны неге сен түсінбейсің? Сен бұл жолға түскен кезде сенің қырқылған тамырыңа қан жүгіріп, нәрлі шырын өне бойыңды аралап, тіріле бастайсың, сөйтіп күш-қуат жинап, өзіңді еркін сезінесің, — деді әкем.

— Бұл тіпті де оңай жол емес, — дедім мен күрсініп. — Ол үшін мен адам қалпында өліп, қайта тууым керек шығар.

— Біріншіден, сен ешқандей тұлға емессің, әрі сенің ондай болуыңның өзі күмәнді, — деді әкей қарсылық танытып. — Екіншіден, қазақ жазуларын орыс тіліне тәржімалап, бұл жолда алғашқы қадам жасадың. Сенің бұл бастамаңды мен қолдаймын. Және менің "Ұшқан ұя" кітабымды оқып шыққаныңды естіп, қанаттанып отырмын. Ұл әкенің кітабын оқығаны үшін емес, керсінше мен осынау шағын хикаяда, миғұла болған мәңгүрттердің санасына халықтың даналығын, жомарттығы мен мәрттігін жеткізуге талпынған едім. Сендер халықтың рухани қазынасынан аздап сусындап, ұлттық салт-дәстүрлердің дәмін татса деген үміт қой мені бұған жетелеген. Бұл кітапты орысша жазуымның себебі сол. Әрине бұл бір ғана тамшы, біз әрқайсымыз бір-бір тамшыдан тамызсақ, телегей-теңіз болмай ма! Мен еш нәрсені тәптіштеген жоқпын, өйткені әркім өз өнген тамырына, өз жүрегінің әмірімен өз аяғымен келуге тиіс. Шайнап берген ас болмақ емес. Менің ойымша, жартылай орыстанған оқушыларым құртты жалап көргені болмаса, оны шайнап жеуге олардың әлсіз тістері өтпейді. Егер біреу оның тереңіне бойлауға әрекет етсе, туған топырақтың исі мен дәмін сөзсіз сезер еді. Сондықтан менің саған айтарым: білімнің сыртқы жылтырағанына қызықпай, өз халқыңның рухани ілімінен барынша қанып ішуге бар күшіңді сал. Сонда ғана халықтың рухы қаныңа тарап, жаныңды байыта түседі. Енді бара бер! Бүгінге осы да жетеді.

... Біз бүгіні күннің қамын ойласып, таңертеңгі шайды ішіп отырмыз. Әкем маған тұнжыраған күймен қарап:

— Сенің жаныңнан Зейнеп үнемі бір елі ажырамайды, ал ол халықтың салт-санасын көп әрі жақсы біледі. Егер менен сұрауға баталың жетпесе, одан неге сұрамайсың? Әлде әйелден үйренуге намыстанасың ба? Бұл ақылдың ісі емес. Ал уақыт шіркін саған еш нәрсе үйретпестен, сырғып өтіп жатыр. Сен жас емессің. Сен қашанғы өз халқыңа

өгей ұл болып қала бересің? Неге Зейнептің терең ілімінен үйренбейсің? Әрине саған қазақ кітаптарын оқу қиын, өйткені ана тілінде ежіктеп оқисың. Әлем жазушыларын орыс тілінде оқығаныңа мен қарсы емеспін, алайда бұл сенің әлемнің азаматы болуыңа жәрдемдеспейді. Егер сен басқа тілдегі жазушыларды үнемі оқи берсем, қазақ болам деп ойлайсың ба? Қазақ болу қазаққа емес, саған ғана керек, —деді. Біз әкемнің уытты сөздерін үнсіз тыңдадық...

Тағы бірде әкей бәрімізді кабинетіне жинады. Жарқырап атқан таң әлі есімде, бірақ аспан әлемін бүркеп алған қара бұлттай түнеріңкі әрі қатулы.

— Мен сендерге немеремді мәңгүрт жасата алмаймын, — деді ол қатал үнмен. — Бір отбасы үшін бір рухани бейшара жетіп артылады. Ержанның қазақша сөйлегеніне ризамын, бірақ қазіргі отрада бәрінің тез өзгеруі қиын емес, сол кезде орыс тілі оның ана тіліне айналады. Қаланың баласының орыс тілін білмеуі қасірет емес, ана тіленен мақұрым қалу — нағыз сорақылық. Менің байқауымша, ол орыс сөздерін араластырып сөйлейді. Қазір бұған кінәлі Бақыт сенсің, кейін кінәлілер көбейе береді. Бәке, сен сөзіңе мән бермейсің де, орысшаға қарай ауыса бересің, ал бала оныңды естіп-біліп отыр. Былық сөздерді доғарыңдар! Мұндай қылығың орыс тілінде де, қазақ тілін де пайда келтірмейді.

— Ескертпелеріңіз орынды, қабылдаймыз, —дедім мен айыбымды мойындап.

— Оныңа рақмет, — деді әкем жымиып. —Тағы бір байқағаным: сендер оңашада Ержанның болашағын ойластырып қойған сияқтысыңдар. Сендер оның ата-анасысыңдар, оған құқыларың бар. Мен оның атасымын, сондықтан менің де айтарым жоқ емес. Сондықтан Ержанды қазақ бала бақшасына берулеріңді талап етемін, балаларымен ана тілінде сөйлесіп, көпшілік ортасына үйрене берсін.

— Ал қазір қазақша бала бақшасына орналастыру өте қиын, — дедім мен қарсылық білдіріп. — Бүкіл қала бойынша екі-үш қана бақша бар, ал оған баласын бергісі келетіндерде кисап жоқ. Тіпті маңына жолатпайды.

— Сыныққа сылтау іздеме! — деді әкей ашуланып. — Сен тағы да оңай жол іздегің келеді. Айтқандарыңның бәрі бос сөз. Біз баланы халық үшін өсіруіміз керек, сондықтан оған даңғыл жол салуымыз қажет. Бұл жолда оның серігі — ана тілі ғана болмақ, басқасын мен білмеймін. Мен өмірде

өзім үшін де, балам үшін де еш нәрсе сұраған емеспін, бірақ немерем үшін ең жоғары жаққа дейін баруға дайынмын. Естеріңде болсын, бұл менің бірінші және соңғы өтінішім. Ал қазақ мектебіне өздерің апарып бересіңдер. Жоқ, әлде баланы мектепке орналастыру да қиын ба?

— Оны біз қазір білмейміз. Бірақ менің кезімде қалада жалғыз-ақ мектеп болатын, оның өзі қойшылардың балаларына арналған интернат еді, — дей бастап ем, әкей сөзімді шорт үзді:

— Уақыт ешқашан сенікі болған емес, бола алмайды да. Кеңістіктен орын таппай, уақытқа тәуелді болып жүрген сенсің.

— Солай-ақ болсын, — дедім басымды изеп. — Кейбір таныстарымыздың пікірінше, біз баламызды құр әурелеп, арам тер болып жүргендей көрінеді.

— Неге? — деді әкей таңданып.

— Олардың ойынша, қазақ мектебін бітірген бала одан әрі өрісі өспей, ешқандай мақсатқа жете алмайды, —деп, әңгімеге Зейнеп араласты.

— Бос сөз! —деді әкем ызыланып. — Бастық болу міндет емес, бірақ нағыз қазақ болу — қазақтың міндеті, содан кейін адам болу керек. Неге ұсақ-түйек нәрселермен баланың миын ашытасыңдар? Адамның таңдаған мақсаты айқын болуы керек, әйтпесе ол таққа отырса да ешқашан өспейді. Шын азамат өзінің жағдайынан гөрі, халықтың бақыты туралы көбірек ойлайды. Ел билеуге осындайлар лайық. Олай болмаған ретте, адамгершілік қасиеттері жай күн көріс тасасында қалып қоюы ғажап емес. Бұл күрес емес, бос әурешелік, өйткені жер бетінде жұрттың бәріне орын жетеді. Әрине, билік тізгіні ұзарған сайын, халық үшін көп жақсылық істелуі лазым, алайда көп адам халықтан гөрі өзінің қара басын көбірек ойлайды. Сөйтіп олар халықты да, тіпті құдайды да ұмыта бастайды. Ал құдайсыздық өз көрін өзі қазумен бірдей. Тәңірдің қаһарына ұшырап, сазайын тартады., ақырында бір жола күйреп бітеді. Себебі таяныш етер тірегінен баяғыда-ақ айырылған. Менің немеремді туған топырақтан қол үздірмеңдер деп отырғанымның түп тамыры осында жатыр. Істің себебін ізденгенше, алдағы салдарынан сақтандыру керек.

— Мені де мазалайтын осы нәрсе, — дедім мен мойындап. Әкей маған кекесінмен қадала қарап:

— Сахнада тұрып сайрағандай қандай көлгір сөз! Өзіңді қылғындырған қырсықтан түп негізінен, ана тіліне оралу ғана құтқарады,— деді.

— Бірақ мен қазақша сөйлеуге көбірек талпынып жүр емеспін бе? Әсіресе баламның көзінше, —дедім ақталып.

— Мен сенің ондай талабыңды байқаған емеспін, —деді әкей түйіліп. —Тілді үйрену үшін, ең алдымен оның өмірге қажеттігін сезіну қажет. Сондықтан өзіңнің қазақ екеніңді түн де, күндіз де ұмытпа. Тіпті түсіңде де қазақша сөйле. Сонда ғана қазақ рухы жүрегіңде ұялап, ұлттық намысыңды оятады, ұлттық сезіміңді асқақтатып, өзіңді-өзің тануыңа даңғыл жол ашады. Жұрттың күлгеніне мән бермей, қазақша үздіксіз сөйлеуден жалықпа. Айналаңдағылардың қарғысына қалғанша, сыни күлкісіне қалғаның жақсы. Өйткені, халықтың қарғысынан басқа күшті еш нәрсе жоқ. Ондайдан сені бір Алланың өзі сақтасын! Халық қарғысынан ешқайда қашып құтыла алмайсың.

— Сенен ұзақ жылдар бойы қол үзгеніме қарамастан, қазақ болу үшін мен қолымнан келгеннің бәрін істедім, — деді әкем біраз үнсіздіктен кейін. — Біздің үйде үнемі қазақша сөйлейтінбіз, өйткені Қазақстанның әр түрлі жерінен Алматыға келген қазақтың жас журналистері үшін біздің үйідің есігі әрдайым ашық еді. Менің арманым ана тілінің әуені біртіндеп сенің қаныңа сіңіп, жатырқамаса деуші едім.

Журналистердің бірсыпырасы туған баламдай болып, саған ағалық көзбен қарайтын. Және де... жыл сайын жазда сені ауылға жіберіп, жусан исі сіңген ауаны мейірлене жұтсын дегенім ғой. Ауылдың өзін сағындырып тұратын әрі адамды тау мен далаға еріксіз жетелеп әкететін бір сиқыры бар. Бұл құпия бірден сезілмейді, бірақ есейген сайын ауыл жиі-жиі есіңе түсіп, жүрегіңді сыздатады. Ауылға барған сайын, туған жердің шипалы ауасын жұтып және ата-бабаның қасиетті топырағын басып тұрып, кеудеңді кере дем аласың. Мұндай кезде тамырың тереңдеп, жаның тазарып, алысты болжайсың және түсінігің артады. Адамға қанат бітіріп, сен бір ауылдың ғана емес, күллі Қазақстанның ұлы екеніңді, оның түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан туыстарыңның бар екенін сезесің.

Бақытжан МОМЫШҰЛЫ
жазушы.

МАЗМҰНЫ

Ұшқан ұя.....3

Музей апа.....186

Нақылдар.....209

Әке өсиеті.....216

Әдеби - көркем басылым

МОМЫШҰЛЫ Бауыржан

ҰШҚАН ҰЯ

(қазақ тілінде)

Баспа директоры С. ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ
Баспаның экономика
және өндіріс жөніндегі жетекшісі К. БӨПЕТАЕВА
Редакторы С. БИДАҚЫМЕТ
Көркемдеуші редакторы Б. ИМАНАЛИЕВ
Техникалық редакторы Ф. ОВЧИННКОВА
Теріп, қаттаған А. ҚАЛИЕВА

ИБ № 4

Басуға 23.07.05. қол қойылды. Пішімі 84х108 1/32.
Офсеттік №1 қағаз. Қаріп түрі «Таймс».
Шартты баспа табағы 11,8 Есептік баспа табағы 23,0
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 656 . Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті.
ЖШС «Санат» баспасы, 480012, Алматы қаласы,
А.Байтұрсынұлы көшесі, 65 «А».

Республикалық мемлекеттік қазынашылық
кәсіпорын «Жедел басып шығару баспаханасы»
480016, Алматы қаласы, Д.Қонаев көшесі 15/1-үй.

К-813

Ұлы Отан соғысындағы Женіске 60 жыл
60 лет Победы в Великой Отечественной войне

Бауыржан Момышұлы

1910 жылы 24-желтоқсанда Жамбыл облысының Жуалы ауданында Көлбастау ауылында туған. Кеңес Одағының Батыры. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Отан соғысы басталысымен 316 атқыштар, кейіннен 8-гвардиялық дивизияның жасақталуына белсене араласып, осы дивизия құрамында майданға аттанды. Мәскеу түбіндегі кескілескен ұрыстарға қатысты. Дивизияның батальон, полк командирі болды, 1944-1945 жылдары осы дивизияны басқарды. Қолбасшы ретіндегі ерліктері, батырлығы аңызға айналды. Ол өз шығармаларын қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазды. «Офицер күнделігі», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әсерлері», «Ұшқан ұя», «Ел басына күн туса», «Адам қайраты» «Артымызда Москва», «Қанмен жазылған кітап» және т.б. кітаптары оқырмандар ықыласына бөленді. Елу төрт елде аударылды. Оның қаһармандық ерлігі туралы А.Бектің «Волоколамское шоссе» повесінде, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогиясында, сондай-ақ «Қазақфильм» киностудиясының «Ел басына күн туса» көркем фильмінде жан-жақты көрсетті.

ISBN 9965-664-20-X

9 789965 664205

Санат